

Қ. Бітібаева

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Қазақстан Республикасы Білім министрлігі
педагогикалық оқу орындарына
арналған оқулық ретінде бекіткен*



Алматы „Рауан“ 1997

Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. — Алматы: „Рауан“,
1997 — 288 бет.

ISBN 5-625-03058-8

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, республикаға еңбегі сіңген мұғалім Қанипа Бітібаеваның бұл оқулығында мектепте әдебиет пәнін оқытудың теориясы мен әдіс-тәсілдері жайында жүйелі де әсерлі баяндалады.

Әдебиетті оқытудың әдістемесі мәселелері автордың өзінің және қазіргі ТМД елдеріндегі белгілі әріптестерінің бай да бағалы тәжірибелерімен ұштастырыла сөз болады. Болашақ ұстаз-студенттер мен мектепте әдебиеттен сабақ беріп жүрген мұғалімдер бұл кітаптан әр жанрдағы көркем туындыларды оқытудың сан алуан сабақ үлгілерін табады.

Оқулық педагогикалық оқу орындарының шәкірттері мен мектеп мұғалімдеріне арналған.

4306010400-069

Б ————— 182—96

404(05)—97

ISBN 5-625-03058-8

© Бітібаева Қ., 1997

АЛҒЫ СӨЗ

Егеменді елімізде болып жатқан түбірлі жаңарулар, ізгілендірілген қоғам құруға беталыс, туған тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы мектеп, оның мұғалімі, жалпы білім беру жүйесіне де игі әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіру, бүкіл білім беру жүйесін қайта құру, ол үшін педагогикалық жаңаша ойлау, тың ізденістерге жол ашу сияқты көкейкесті мәселелерді алға тартты. „Қазақ мектептері қандай болу керек?“ деген өзекті сұрақ та өз жауабын тосуда.

Білім беру, мектеп өміріндегі жаңарулар мазмұны қай тұрғыда жүру керек деген сұрақтардың жауабы да ең алдымен демократияландыруға келіп тіреледі.

Мектепті демократияландыру деген, сайып келгенде, оның тек мемлекеттік мекеме болмауын ғана емес, сонымен бірге оның қоғам қажетін, соған қоса жеке адамдардың да сұраныс, талабын өтейтін дәрежеде еңбек ететін қоғамдық-мемлекеттік жүйе болуын білдіреді.

Мұның өзі тағы да білім беру жүйесіндегі әкімшілік, әміршілік бағыттан бас тарту, шығармашылық еркіндікті қолдап-қуаттау, мектепке де, оның ұстаздары мен шәкірттеріне де жеке бас еркіндігін беруді жүзеге асыру; жаңашылдық идеясы — тың ізденіс, эксперименттерге — білім мен тәрбие берудің жаңа формалары мен әдістемелік ізденістерге жағдай туғызу, білімді қайдағы бір қасаң, „заңға“ айналған сандармен өлшеуден, көз бояушылықтан, яғни 100% үлгерім деген жалған ұран құрсауынан босату, мектепті, мұғалімді, оқушыны үстірт бағалаудан құтқару; кеңес заманындағы бір ғана стандартқа құрылған мектептерден өз бағыты, мақсаты бар, жан-жақты шығармашылық еркіндікке негізделген жаңа үлгідегі мектептерге көшу, әр бағыттағы лицей, гимназия, колледж, белгілі бір пәндерді тереңдетіп оқытатын оқу орындарына кең жол ашу; осы мәселелердің барлығында оқушылар қабілеті, ізденіс, сұранымын ескеру, олардың қажетіне бейімделу деген сөз.

Ал білім беруді, тәрбие беруді ізгілендіру, сайып келгенде, мектепке де, оның мұғалімі, оқушысына да сеніммен қарау деген сөз. Шәкірт пен ұстаз арасындағы

ынтымақтастық, әр ұстаздың шәкіртке өзіне тәуелді, өзінен төмен орындаушы деп қарамауы, оны білім мен тәрбие алудың объектісі ретінде ғана санамауы, ең бастысы, әр шәкіртті бас бостандығы өзіндегі егеменді еліміздің болашағы, соның бір азаматы деп тәнууі деген сөз.

Қысқасы, мектеп оқушыны бұрынғыдай өз талабына ғана тәуелді ете оқытудан бас тартуы, бала қабілеті, сұранымына қарай ынтымақтастықпен жұмыс істеуі керек.

Ізгілендіру идеясы оқытудың ұтымды тәсілдері ретінде төмендегі мәселелерді ұсынады:

— білім, тәрбие беру, әрі дамыта оқытудың кешенді мақсатын жоспарлау. Оқыту мақсатын нақтылау;

— берілетін білім мазмұнының логикалық жүйесін сақтай отырып, ең негізгі, түйінді дәнді бөліп ала білу, негізгі ұғымдарды анықтау, соны оқушыға игертудің жолдарын іздеу;

— сабақ құрылымының да нақты жағдайға байланысты ең тиімді деген кезеңдерін таңдап ала білу;

— әдіс-тәсілдердің тиімділерін, нақты жағдайға байланысты нәтижелі деген түрлерін таңдап алу (мысалы, әр тақырып, әр сабақ, әр сынып бойынша, тіпті параллель сыныптарға да);

— жалпы сыныптық, топтық, жұптық, жеке оқу түрлерін үйлестіре пайдалану, нақты жағдайға байланысты саралап ала білу;

— тиімді, қолайлы оқу жағдайын туғызу;

— оқу қарқынын таңдап алу (тез, орташа, баяу);

— жіберілетін уақыт пен оқыту нәтижесін талдау (яғни уақытын, тиімділігін анықтау: мұғалім тарапынан пайдаланылған уақыт пен баланың оны қабылдау мүмкіндігіне барлау).

Сонымен, жоғары және арнаулы орта білім беретін педагогикалық оқу орындарының болашақ әдебиетші ұстаздарына арналған бұл оқулықты автор қазіргі педагогикалық жаңаша ойлау үрдістеріне (білім мен тәрбие берудегі ізгілендіру, жариялық, педагогикалық ынтымақтастық), ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жазуға талпынды. Бұл орайда автор өзінің мектепте ширек ғасырдан астам үздіксіз әдебиетші ұстаз болып еңбек етіп, Шығыс Қазақстан университетінде әдебиетті оқыту әдістемелері бойыншы дәріс оқуы барысында жинақтаған тәжірибесін пайдаланды.

I. Оқулықта әдебиетті оқыту әдістемелерінің мына мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді:

1) Педагогика ғылымының соны жетістіктері сапынан орын алып келе жатқан тиімділік (оптимизация) идеялары негізінде сабақ мақсаттарын бірлікте қарастыру.

2) Әдіс-тәсілдер мен оқу жүйелерінің тиімді деген түрлерін сұрыптап алу, әрі ұтымды пайдалана білу.

3) Берілетін білімнің ішінен ең негізгі мәйегін, түйінін нақты бір жағдай, нақты білім беру кезеңдеріне орай сұрыптап, бөліп алу, негізгі ұғымдарды анықтау, оларды оқушыға жеткізудің нәтижелі жолдарын іздестіру.

4) Оқушыларды даралап, әрі саралап оқыту әдістемелері (дифференциалдап оқытуды басшылыққа ала отырып).

5) Әдебиетті оқытуда, тәрбие беруде сабақ түрлері мен үлгілерін іздестіру.

6) Интеграциялап оқыту, оны әдебиетті оқыту мәселелерінде тиімді пайдалану.

7) Әдебиетті тереңдете оқыту жолдары.

8) Проблемалап оқыту және әдебиет сабақтары.

9) Оқулықпен, кітаппен жұмыс істеудің, пайдаланудың тиімді жолдары.

10) Оқушы біліміне тақырыптық есеп жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері.

11) Дидактикалық материалдарды нәтижелі пайдалану жолдары (үлестірме-көмек, үлестірме-нұсқаулар, т.с.с.).

12) Топтық, жұптық және жеке жұмыстар, оқушыларды танымдық-іздендіруші, зерттеу бағытындағы жұмыстарға, ғылыми сипаттағы жұмыстарға баулу әдістемелері.

13) Оқушының білім мен іскерлік дағдыларын жетілдіру жолдары.

II. 1). Оқулықта әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық ұғымдарымен қатар, оларды тәжірибеде пайдаланудың тиімді жолдары нақты мысалдармен беріліп отырды. Мысалы, „Ақын-жазушылардың өмірбаянын оқыту“ тарауында теориялық ұғыммен қатар М.О.Әуезов өмірбаянын (11-сынып) оқытудың тиімді әдістемесі берілді т.с.с.

2). Мұндай тәсілдің пайдасы не?

Әрине, оқулықта әдебиетті оқытудың ғылыми тұрғыдағы өзіндік заңдылықтары, теориялық мәселелері кеңінен сөз етілуі керек. Дегенмен, студенттермен

жұмыс істеу тәжірибемізде әлі ұстаздық жолын бастамаған оларға тек теориялық білім берудің жеткіліксіз болатынына көзіміз жетіп жүр. Сондықтан теорияға қоса, оның тәжірибедегі көрінісін сөз етуді дұрыс деп санадық.

Оқулық студенттер қауымына, мұғалімдерге арналған себепті, оларға практикалық көмек берудің де артығы жоқ деп есептедік.

3). Мүмкіндігінше әдебиетті жанрлық жағынан оқытудың әдістемелерін саралап беріп отырдық. Эпикалық, лирикалық, драмалық жанрдағы шығармаларды оқыту жолдарының өзіндік қадау-қадау ерекшелік, айырмашылықтары бар екені түсінікті. (Методологиялық ортақ принциптерімен қоса.)

4). Соның ішінде, мысалы, эпикалық жанрды алайық. Оған роман, хикаят (повесть), эпопея, мысал, әңгіме, батырлар жыры, поэмалар жатады. Оқулықта оларды оқыту әдістері жеке-жеке сөз етіледі (нақты мысалдар арқылы). Мұндағы басты мақсат – теориялық біліммен қоса, нақты көмек, үлгі, нұсқау беру, оқыту мақсатын қалай жүзеге асырудың жолын көрсету. Публицистикалық, эпистолярлық жанрдағы шығармаларды оқыту әдістемелері де нақты мысалдармен жазылды.

5). „Ғылыми, сын-зерттеу еңбектерін оқыту“ тарауында, әсіресе, оларды меңгертудің жеңіл жолдары, оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу тәсілдері, әр түрлі іздендіру сипатындағы тапсырмалар жүйесі нақты мысалдармен дәлелдене берілді.

Әдебиетші ұстаздар дайындауда, әрі мектепте әдебиет пәнінен сабақ бергенде, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев сынды ғалымдардың „Әдебиетті оқыту методикасы“ атты оқулықтары үлкен көмек беруде. Осыларға қоса ұсынылып отырған бұл оқулық та студенттер қауымы мен мұғалімдердің кәдесіне жарап жатса, автордың еңбегі мен мақсатының ақталғаны.

МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТТЕН БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫ

а). Білімділік жағынан:

1. Әдебиеттің адамзат қауымы ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі екендігі, өнер болғанда сөз өнері екендігі туралы ұғымдарын қалыптастыру; әдебиет пәнінің өзіндік ерекшелігі де сол өнер пәні болғандығы, „Өнер алды – қызыл тіл“ деп, халық даналығы айтқандай, әдебиеттің сөз, тіл өнері екендігі туралы білімдерін қалыптастыру.

2. Сөз өнері – әдебиеттің өзіндік заңдылықтары, ерекшеліктері жайында білім бере отырып, оның басқа өнер түрлерінен айырмашылықтарын айыра білуге үйрету.

3. Әдебиеттің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, жалғаспалық, әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы жайындағы білімдерін қалыптастыру.

4. Өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты, мәдениетті оқырман дайындау (өз беттерімен оқи алатын да). Ауызша да, жазбаша да еркін, шешен, көркем сөйлеуге, жаза білуге үйрету, осы мәселелердегі машықтарын дамыту.

5. Көркем туындыны оқи отырып, эстетикалық талғамдарын дамыта отырып, оны әдеби тұрғыдан сауатты талдай білуге дағдыландыру.

6. Туған әдебиеттің өзіндік ерекшелігі, оның адамзат әдебиеті мен мәдениетіндегі орны туралы ұғымдарын толықтыру, жетілдіру.

7. Әдебиеттану ғылымы, сыны, оның мақсаты, міндеті, әдебиеттегі – білім берудегі маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

8. Тәрбиешілік мақсат.

Эстетикалық сезімдерін, талғамдарын тәрбиелеу, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке – адамдық барлық жақсы қасиеттерге баулу. Туған халқының тілі, оның әдебиетіне деген ұлттық сезімдерін тәрбиелей отырып, бүкіл адамзат қауымының тілі, әдебиетіне деген қызығушылығына әсер ету.

Мектепте әдеби білім беру оқытудың, білім берудің жүйелі, жалғаспалы, бірізділік принциптерін басшылыққа ала отырып, жүргізілуі керек.

Ол мынандай кезеңдерден тұрады:

1-кезең: 1—4-сыныптар,

2-кезең: 5—8-сыныптар,
3-кезең: 9—11-сыныптар.

1. Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты, міндеті оқуға, жаза білуге, мазмұндауға үйретуімен, көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болуымен айқындалады.

2. Екінші кезеңде көркем сөздің көркем туынды, көркем шығармалардағы рөлі, маңызын танып-білу жұмыстары жүргізіледі. Көркем туындыдағы авторлық көзқарасты танып-білу үйретіледі. (Көркем образ, сол арқылы автор мұратына (идея) болжам жасау.) Оқу бағдарламасында оқуға, талдауға ұсынылатын шығармалар жанрлық жағынан қамтылуы тиіс. Оқушылардың көркем шығармалардың әр жанрдан тұратынын түсініп білуі осы кезеңнен басталады. Көркем туынды туралы өз пікірлерін, ойларын айта білуге дағдыландыру (алған әсерлерді, не ұнады, не ұнамады), шағын әдеби айтысқа жетелеу, сөйтіп, әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру да осы кезеңнің негізгі міндеті болмақ.

3. Үшінші кезеңде әдебиетті оқыту ауыз әдебиетінен басталып, әдебиет тарихымен жалғастырылады. Оқушыларды өз беттерімен көркем туындыны оқытуға, талдауға баулу, әдебиет тарихы сынып әдебиеттік ғылымнан білім беру көркем шығарманың, өмір шындығы, ақын-жазушы стилі, тілі, әдеби әдістер т.б. Көркем туындыны талдауға әдебиеттану ғылымы басшылыққа алынады. Оқушылардың оқырман ретінде оқитын туындыларын өздері таңдап алу қабілеттері жетілдіріледі. Мағлұматтар тереңдетіліп беріледі. Көркем туындыға олардың сын көзбен қарауы (төменгі сыныптағыдай тартымды, сюжетті шығармаларды оқуға қызығушылығы т.б.) қалыптасады.

Ресейлік жаңашыл ұстаз Е.Ильин айтқандай, көркем туындының ішкі, сыртқы қасиетін, табиғатын тереңдете түсінуге көмек жасау, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулу, олардың алдына өз беттерімен шешуді талап ететін әр түрлі проблемалар қою, әрі оның жауабын тапқыза білуге жетелеу, сондай-ақ әдебиеттану ғылымы мен сыныптан тыс қалған, тың мәселелердің жауабын іздетуге баулу да осы кезеңнің міндеті.

Әдебиеттану ғылымынсыз, яғни әдебиет туралы

ғылымсыз әдебиетші мұғалімдер әдебиетті ғылымның, әрі өнердің бір саласы ретінде оқытуы мүмкін емес. Әдебиеттен білім беру әрі әдебиет ғылымынан, әрі сөз өнерінен білім беру дегенге саяды. Бұл пәнді оқытудың күрделілігі де, қызықтығы да осыдан келіп туындайды. Білім беру жүйесінде „Шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаз” деген анықтама бар. Әдебиеттің шынайы ұстазына, нағыз ұстазға бұл баға аздық етеді деп ойлаймыз. Оған „өнерпаздықпен жұмыс істейтін” деген анықтама дұрыс сияқты.

Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

5 МЕКТЕПТЕГІ ӘДЕБИЕТ ПӘНІ, ОНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

„Әдебиет — сөз өнері”. Ол — өнердің бір саласы. Әдебиет пәні де өнер пәні. Әдебиетті ұлағатты адамдар „адамтану құралы” десе, әдебиет пәнін „адам тәрбиелеу құралы” деп едік. Ол жасөспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы — жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Әдебиет пәнінің әр сабағын адам бойындағы асқақ арман, әдемі сенім, әсемдік пен сұлулыққа құштарлық тәрізді ең мөлдір сезімдер мен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйоден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы жасөспірімдер алдында еліміздің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, солар арқылы халық арманы, қиялы, болашақтан күтер үміті, ақ сенімі көрінеді.

Сонымен, әдебиетті оқытудың басты мақсаты — оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы — әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа т.б.

тәрбиелеу. Әдебиет пәнінің ауқымы да, мүмкіндігі де, маңызы да ерекше болып келеді. Мектепте оқытылатын қай пән болмасын, олардың білім мен дағды, тәрбие беруде өзіндік орны, атқарар маңызы бар. Дегенмен де әдебиет пәні барлық пәннің анасындай қызмет атқарады. Математиканы меңгеру үшін де сауатты оқи білу керек, оқығанын түсіну, ұғу, айта білу қажет (тарих, география пәндерін былай қойғанда). Әдебиет пәні барлық пәндермен, әсіресе, гуманитарлық, эстетикалық, циклдағы пәндермен өте тығыз байланыста болып келеді. Соның ішінде, өзі де өнер пәні болып саналатын себепті, ол бейнелеу өнері, музыка пәндерімен ерекше гармониялық үндестікте жүріп отыруы керек. Сондай-ақ тарих пәні әдебиеттің ең туыстас, бауырлас пәні болып табылады. Бағдарлама мен оқулыққа назар аударған адам бірден осы туыстықты аңғарар еді. Себебі, ақын-жазушы шығармашылығына тоқталмас бұрын, ол өмір сүрген тарихи кезеңнің сипаттамасы, келбеті беріледі. Қай суреткер болмасын, өз заманының жемісі. Ол, ең алдымен, өз заманын жыр етеді, соның келбетін кескіндейді, бейнелейді, шығармашылығы заманына байланысты туады. Оның шығармасы сол өз заманының айнасы болып келеді. Қазақ тілі пәнімен ерекше бауырластығы дәлелдеуді қажет етпейді. Егер әдебиетті көркем бір ғимарат, ғажайып мүсін десек, соны құрайтын заттар — тіл, тіл байлығы; сондықтан бұл екі пәнді бір-бірінен бөліп алып қарастыру дұрыс емес. (Әрине, екеуінің өзіндік мақсат, міндеттері туралы бұл жерде сөз жоқ.)

Соңғы кездерде туыстас пәндерді бір арнада біріктіре оқыту тәжірибеге жиі еніп келеді. Сондай-ақ интегративтік оқытудың бір тәсілі — дуэт сабақтар, трио, гармония сабақтары да кең етек алуда. Әдебиет пәні тақырып ерекшелігіне байланысты кейде тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, география пәндерімен дуэт, трио сабағы ретінде өтіліп келе жатыр. Әдебиет пәнінің тағы бір ерекшелігі — оның ойлы, ізденімпаз, өзіндік эстетикалық көзқарасы бар оқырман дайындауында (бұл жерде барлық оқушыны осылай бір бағытта дайындайды деген ұғым тумауы керек). Бұл — үлкен, қасиетті міндет. Мәдениетті, білімді адамның қай-қайсысы болмасын, оқырман. Атақты физик, математик, геолог, медик, тіпті ғарышкер болмасын, барлығы да оқырман. Оған дәлел — олардың ғылым төріне, биігіне шыға білуі, яғни оқу арқылы, кітап арқылы оқырман бола білуі. Осындай ұлы

адамдар естелігін оқып отырғандағы көз жететін бір нәрсе — олардың көпшілігінің білім, ғылымға аяқ басуына әдеби кітап, соған деген ынта да әсер еткен. Бұл жерде оқырман деген ұғымды кең көлемде түсінген жөн. Әдеби шығармаларды оқушыларды, әдебиетшілерді ғана „оқырман“ деудің аясы тар. Бірақ сол „оқырмандықтың“ алғашқы баспалдағы мектептен, әдебиет сабағынан басталатындығында сөз жоқ.

Әдебиет пәні — өнер пәні, адамтану пәні дедік. Сонымен қатар, әдебиет пәні — жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Ең бастысы, әдебиеттің басқа пәннен айырмашылығы — онда дәлелденген ешқандай заң жүйесінің, формулалардың, элементтердің, бұлжымас, айнымас ережелердің жоқтығы. Орыс әдебиетінде бір ғана Пушкиннің „Евгений Онегиніне“ қаншама сын-зерттеулер, монографиялар жазылды. Әр зерттеуші оны әр қырынан қарастырады, өзіндік пікір айтады, себебі, зерттеуші ғылыми еңбек жазып отырса да, онда, сөз жоқ, өзінің оқырман ретіндегі қабылдауына, сезіміне де орын береді. Қазақ әдебиетіндегі Абай шығармашылығына байланысты Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиевтер еңбектерін былай қойғанда, бүгінгі әдебиетшілер де зерттеулер жазуда. Бұдан шығатын қорытынды не? Қорытынды әдебиеттің өзіндік ерекшелігінде жатыр. Ол — өнер туындысы.

Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе — өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауды, не соны қаз-қалпында мазмұндатуды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабытттану, қиялдау, армандау, еліктеу, әр түрлі психологиялық рең осы пәнде ерекше көрінеді. Әдебиет — жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі — адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатса керек.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ – ҒЫЛЫМ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС Оқыту әдістері

Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Әдіс-тәсілдер деген не? Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі – әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері – кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиетті оқытуда **сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс** немесе **репродуктивтік әдіс, эвристикалық** (ішінара іздендіруші) **әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше**.

Академик Ю.Н.Бабанский өзінің „Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру“ деген еңбегінде (1982 ж., „Просвещение“, 177-бет) әдістерді мынадай үлкен үш топқа жинақтайды.

1. Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері (методы организации учебно-познавательной деятельности).

2. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері (методы стимулирования учебно-познавательной деятельности).

3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері (методы контроля за эффективностью учебно-познавательной деятельности).

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, 1-топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, лекция, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндер), практикалық (поэтикалық талдау, көркем

мәтінмен жұмыстар) әдістер жатады. Сондай-ақ, репродуктивтік, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі, ерекшелігі болады. Төмендегі кесте арқылы кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталайық.

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Практикалық әдістер	Зерттеу әдісі
Берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді. Сөздік әдіс, әсіресе, әдебиет пәнінің күре тамыры деуге де болатындай.	Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандару мәселелерінде де маңызы зор.	Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда өте тиімді.	Берілетін білімнің ғылымиғын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді болып келеді. Әдебиетті өнер деп танытуда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдатуда, сөз қасиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда бұл әдіс алғашқы баспалдақ, яғни көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден-ақ тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алуда. Бұл әдістің негізгі тәсілдері мұғалімнің

мәнерлеп оқуы, көркем сөз шеберлерінің оқуы, күйтабақты, ұнтаспаны тыңдауы т.с.с. болып табылады. Мұғалімнің мәтінді әрі мәнерлей, әрі түсінік бере оқуы, оқушыларды осы жұмысқа баулуы, мәтінге жуық әңгімелету, жоспар жасату, негізгі оқиғаларға ат қойғызу, жинақтау т.б. шығармашылық жұмыстар да осы әдістің негізгі тәсілдері. Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану (қабілетіне қарай өнерін шығару), сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу (көркем киноны, пьесаларды т.б.) тиімді тәсіл ретінде оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлеріне де жатады. Мұғалім осы жұмыстың басы-қасында, оны ойластырушы да, орындаушы, орындатушы да болып қызмет атқарады.

Әдебиет сабақтарында әдіс-тәсілдерді таңдап алу жолдары

Ұтқырлық мұраты, мұғалімдерден сабақтың мақсатын жинақты түрде айқындап, белгілеп алғаннан кейін, сол мақсатты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін де таңдап ала білуді талап етеді. Ол үшін әр мұғалім оқыту әдістемесін жете біліп, әрі оны сабақ мақсатына қарай іріктеп алып, шебер пайдалануы керек. Бұл аса маңызды, мұғалімнен шығармашылық ізденісті, жүйелі, тиянақты жұмысты талап ететін мәселе болып табылады. Мұғалім әр әдіс-тәсілдің өзіндік ерекшелігін, мүмкіндіктерін де жете білуі қажет. Көпшілік жағдайда мұғалімнің өзінің төселген, дағдыланған әдіс-тәсілі болады. Мұндай мұғалімдер қай тақырып болмасын, оны қай сыныпта өткізбесін, сабақтың негізгі мақсатын да еске алмастан, „дағдыға“ айналған әдіс-тәсілмен сабақ жүргізе береді. Бұндай сабақтар тиімді өтеді, ол оқушыларға өз дәрежесінде білім бере алады деп айту қиын-ақ. Оқу-тәрбие жұмыстарының барлық саласын бір өзі шешіп тастайтын әдіс-тәсіл жоқ. Сол себептен де мұғалім әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп қоймай, оларды қай жағдайда, қалай пайдалануға болады, — соны да ерекше ойлануы керек. Мысалы, тәжірибе көрсетіп жүргендей, бір жағдайда тиімді болған, пайдалы деп танылған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда кейде тиімді, пайдалы бола бермейді. Неге олай, себебі не? Оқушылардың таным белсенділігін,

ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Оқытудың бұл түрі арқылы мұғалім оқушы алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыратын танымдық-іздендіруші, шығармашылық сипаттағы зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмалар береді және оны орындата алады. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Сондай-ақ белсенділігі, білім дәрежесі орташа, не ортадан төмен сынып ұжымына проблемалық оқыту әр уақытта да жемісті болады деуге болмайды. Бұл әдіс-тәсілдер оның үстіне уақытты да көп талап етеді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі оқушылар дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді болады. Түсіндірмелі-репродуктивтік әдістің де өзіндік ерекшелігі, мүмкіншілігі бар. Бұл әдіс-тәсілдің ең тиімді жағы мұғалім білімді қысқа мерзім ішінде, барлық оқушыларды қамти отырып, береді. Оқу материалын ақпараттық сипатта, әңгімелеу, түсіндіру сипатында жеткізеді. Оқушылар да өз мүмкіндіктерінше ол білімді қабылдап алады. Бірақ репродуктивтік-түсіндірмелі әдісте оқушының дербес ойлауы арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсіз болып келеді. Сондай-ақ әдебиетті оқытуда тиімділігі ерекше, көрнекілік әдісінің де мүмкіндіктері әр түрлі. Көрнекілік оқушылардың пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттырады. Дегенмен, оны үнемі пайдалану оқушылардың дерексіз түрде ойлауын тежейді, көркем тілінің дамуына кедергі жасайды. Міне, сондықтан тиімділік идеялары да сабақта мұғалімнің өзі төселген бір әдіс-тәсілмен жұмыс істеуін, немесе өзі білетін барлық әдісті бір сабаққа үйіп-төгуін жоққа шығарады, әрі бір сұрлеу, бір ізбен жұмыс істеудің тиімсіздігін дәлелдейді. Тиімділік идеялары оқыту әдістерін үйлесімді түрде, сол сабақтағы оқу-тәрбие мақсаты, тақырып ерекшелігі, сабақ өткелі отырған сыныптың жеке-даралық, жағдайларын ескере отырып, таңдап, сұрыптап ала білуді талап етеді. Белгілі, нақтылы жағдайға байланысты тиімді, пайдалы деп сұрыпталынып алынған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда тиімді болуы да мүмкін. Сол себепті әдіс-тәсілдерді үнемі бірлікте, үйлестіре пайдаланған дұрыс болады. Өзіндік әдісін көрнекілікпен, практикалық

жұмыстармен астастырып немесе зерттеу әдісін түсіндірмелі әдіспен үйлестіре пайдаланудың маңызы зор болмақ (әрине, қай әдістерді қалай пайдалану сабақ мақсатына байланысты туындайды). Ал кейде практикалық, танымдық-іздендіруші әдістерді көрнекілік әдіспен үйлестіре пайдалануға болады. Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану — оқушылар еңбегін ғылыми, тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды бір саласы. Бұндай сабақтардан оқушылар жалықпайды, әрі пәнге деген қызығушылығы, белсенділігі артады. Сабаққа әзірлік үстінде өтетін тақырыпқа зер сала отырып, оны қандай әдіс-тәсілдер арқылы түсіндіргенде ғана оқушыға берік те тиянақты білім беруге болатынын әбден ойластыру қажет. Ал өзі таңдап алған әдіс-тәсілдердің нәтижелі болуы ол мұғалімнің қаншалықты дәрежеде оқыту әдістерін жете біліп, жете меңгеруіне байланысты. Егер мұғалім сөздік әдісінің теориялық білім берудегі тиімділігін ескермесе немесе оқушылардың теориялық білімдерін өмірге пайдалана білу үшін, оны практикалық әдістермен үйлестіргенде, нәтижесі болатынын білмесе, әрине, онда мұғалім таңдап алған әдіс-тәсілдер жүйесінің нәтижелілігі туралы сөз қозғаудың да қажеті жоқ.

9 Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру

Мектептегі оқу мен тәрбие, сыныптан тыс жұмыстардың барлығы да оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясына байланысты ұйымдастырылады. Сондай-ақ, балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту, одан білім берудің аса маңызды, әрі күрделі жұмыстарының бірі болып табылады. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Тиімділік идеялары, саралап-даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оқу еңбегін оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақтылы, белгілі бір уақыттарда нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтер, мұғалімдер зерттеулері, пікірлер бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады.

1. Кіші жастағыларға 5—7-сыныптардағы 10—12-дегі жасөспірімдер.

2. Ересек жастағыларға 8—9-сыныптардағы 13—14-дегі жасөспірімдер.

3. Үлкен жастағыларға 9—11-сыныптардағы 15—17-дегі жастар жатқызылды. Балаларды топқа бөлу, әрине, қатып қалған дүние емес. Қабілеті, дарыны, ынтасы, еске ұстауы, алғырлығы, ойлылығы жағынан бір сыныптағы бір жастағы балалардың өзі әр түрлі болып келетіні тәжірибеден белгілі.

Кіші жастағылар — психологиясы, мінез-құлқы, физиологиялық жағынан балалықтан кетсе де, әлі де қалыптасып, толысып жетпегендер. Олар — қимыл-қозғалысы жағынан шапшаң, өте әсершіл, әрі не нәрсеге де сенгіш, барлығын шындық деп қабылдайтын, жақсылыққа да, жамандыққа да құлай берілетіндер. Бұл жастағыларды ертегілер әлі қызықтырады, фантастикалық, қиял-ғажайып оқиғалары бар шығармаларды беріле оқиды. Кино, көгілдір экран алдынан кетпейтіндер де осылар. Қиялдары ұшқыр, қабылдаулары алғыр болып келеді. Дегенмен, алаңғасырлық, тез қабылдап, тез ұмыту да осыларда жиі кездеседі. Мектепте көп шулайтындар да, тез қимылдап, тез шешім қабылдайтындар да 10—12 жастағылар. Әдеби шығармаларды оқу, қабылдау ерекшеліктеріне келсек, поэзиядан, драмалық туындылардан гөрі әңгімелерді, қарасөзбен жазған шығармаларды оқуға ынталы болып келеді. Әсіресе, оларды соғыс, шпиондар, қылмыскерлер жайындағы шығармалар ерекше қызықтырады. Оқыған шығармаларының мазмұнына қарай әр түрлі эмоциялық көңіл күйді бастарынан кешіріп, соны ұмыта алмай, делсалдыққа түсушілік, алаңдаушылық оларда өте жиі кездеседі. Жалпы осы үш топтағы оқушылар ішінен кітапты көп оқитындар да, ондағы бас кейіпкерлерге, әсіресе, барлаушыларға, батырларға еліктеушілер де осы жастағылар. Олар оқып отырған кітаптарына, ондағы оқиғаларға толық сенеді, дегенмен, „шіркін, ол неге былай істеледі екен, әттең, олай істегенде“ деген сияқты өз қиял-ойларына да ерік беріп, толғанып жүреді, бірақ ол толғаныстары уақытша болады, тез ұмытады, себебі келесі кітапты оқығанда, ол басқаша толғанысқа тап болады. Әрине, 10—12 жастағылар оқығандарының барлығын, одан алған әсерлерінің барлығын тез ұмытып кетеді деуден аулақпыз. Оқыған дүниелерін, әсерлерін

2—3 айдан кейін қайта сұрағанда, олар басыңқы дауыспен, байыпты баяндай бастайды. Кейіпкерлер тағдырына да мойынсұнушылықпен қарауды сезуге болады. Бұның барлығы, яғни, сондай „тұрақсыздық“ — баланың жас ерекшелігі, психологиясынан туып отырған дүниелер. М.Мағауиннің „Бір атаның балалары“ деген шығармасынан б-сыныпта үзінді беріледі. Осы әңгімеде, әсіресе, оқушылардың эмоциясына әсер ететін екі үлкен жағдаят бар.

Бірінші, Ертай мен Нартайдың бір-бірін жібермей, бөлек кеткісі келмегендері (балаларды үй-үйге бөліп жатқанда), сонан соң ата-аналарын іздеп, үсіп өлулері. „Ертай мен Нартайды бірге асырап алу керек еді, бөлмеу керек еді, солай болғанда, олар өлмес еді“ деп, балалар бір ауыздан осындай пікір айтып, шулап жатады. Балалар өліміне келіскісі келмейді. „Жазушы болсам, өзің қалай аяқтар едің әңгімені“ деген сұраққа олар түгелдей қатысып, бір-ақ шешімге келеді. Яғни тірі қалдыру. Біреуі өз қиялына ерік беріп, оларды ауыл адамдары құтқарып қалады десе, екіншілері үлкендер сезіп қап, оларды жолға шығармай қояды дегендей, өз аңсауларынан туған „солай болса екен“ деген пікірлерін айтып жатады. Олар осы кезде сезімге беріліп, балалар өліміне шынында да кім кінәлы екенін ажырата алмайды, әңгіме негізіндегі идеяны да, авторлық шешімді де аңғара алмайды. Оқушылардың осы шығарманы қабылдауларын, шығарма әсерін, оқырмандық дүниетанымын байқау мақсатында оларға шағын шығарма — толғаныс жаздырылды. Жұмысты тексеру барысында барлығы да Ертай мен Нартай өліміне қайғырғандарын жазады, қыздар „жылағымыз келді“, не „жыладық“ дейді. Ал олардың қайғылы тағдырларына кім кінәлы екенін ашып жаза алмаған. Көпшілігі, жоғарыда айтып кеттік, балалардың өздерін кінәлайды, асырап алған адамдарды кінәлайды т.с.с. Бұдан шығатын қорытынды не? Қорытынды: 10—12 жастағы балалар көркем туынды негізінде идея жататынын, ол авторға байланысты болатынын ойлана бермейді. Тіпті, оның көркем туынды екенінде де шаруасы жоқ. Олар оқып отырған дүниесін өмірдің өзі деп қабылдайды және өз түсінігі, өз сезімімен қабылдайды. Сонымен осы жастағы балаларды кітап оқуға баулуда, оқырмандық мәдениетін қалыптастыруда мына мәселелерді басшылыққа алған жөн.

1. Кітапты қалай оқу керек, оқып отырып, неге на-

зар аудару керек, яғни оқырмандық мәдениетін дамыту мақсатында үнемі басшылық жасау, ақыл-кеңес беру. Төмендегі үлгіде көмекші-нұсқау жазып, оны кабинетке іліп қою (үлестірме қағаз түрінде де қолдарына беруге болады).

Мына мәселелерге көңіл бөл

— Кітапты ұқыпты, асықпай-саспай, жыртпай, кірлетпей оқы, бүктеме, белгілеме.

— Басты кейіпкерлерін, оқиғаларын ұмытпау үшін дәптеріңе жазып ал.

— Оқып отырғаның көркем шығарма екенін, оны белгілі бір адам жазғанын ұмытпа.

— Шығарма не айтпақшы, нені үлгі етпекші, жазушы оны жазуда нені мақсат еткен, соны үнемі ойла. Өзің қандай үлгі алдың? Жолдастарың қандай үлгі алады деп ойлайсың?

— Әр оқыған кітабыңның тек қызықты оқиғасын, қуанышты, қайғылы жерлерін, не кейіпкердің басынан өткендерін ғана еске сақтамай, ең бастысы, кітап саған ұнады ма, ұнамады ма, соған ой жүгірт. Неге ұнады, неге ұнамады, дәлелдеуге тырыс. Жазушы осы кітапта оқырмандарға не айтпақшы болған, соған үңіл.

Е с к е р т у: Кабинетке „Оқырмандар мүйісі“ деген бөлім ұйымдастырып, сонда жазып қоюға болады. Сон-дай-ақ әр туынды бойынша (сыныпта оқып жатқан немесе сыныптан тыс оқып жатқан) нақты көмек-нұсқау жазылған үлестірме қағаз таратуға болады.

2. Ересек, 13—14 жастағы жасөспірімдердің психологиясы, физиологиялық даму барысында өзіндік ерекшеліктер бар. Олар айналаға, соның ішінде өнер туындыларына өз көзқарастарымен қарай бастайды. Балалық, „шалалық“ немесе ұшып-қонып тұрған көңіл, мінезден, байқағандарын, оқығандарын тек сезім жетегінде, байыбына бармай, айта салушылық, „бірбеттілік“, „қайтпастық“ мінездерден арыла бастайды. Бірақ осы жастағы балалардың қай жағынан болсын, әлі қалыптасып болмағанын, сынаптай толқып тұрған шақтарын естен шығаруға болмайды. Бұл шақ, психолог ғалымдардың айтуы бойынша, өте жауапты, маңызды шақ. Балалықтан кету, үлкендікке жету арасындағы нәзік көпір. Білім беру, тәрбие істерінде де бұл жасқа

ынтамен, ерекше қараған дұрыс. Төменгі, кіші сыныптардағы „мен айтам“, „мен оқимын“ деген самсаған қолдардың сынып жоғарылаған сайын, сиреп кету себебі не? Немесе оқыған кітаптары туралы даурығысып, таласып жатқан балаларды олар өскен сайын, неге аз кездестіреміз? Қай жерде, қай мезгілде лепіріп тұрған, кемерінен асып-төгіліп тұрған бала көңілінің, ынтасының нәзік қолын үзіп аламыз? (Әдеби шығармаларды оқытпас бұрын, оның тұрақты оқырмандарын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстардан бұрын, осы мәселеге әр ұстаз аса абай болғаны жөн. Балаларға әдеби шығармаларды жүйелі түрде оқыту, ынтасы, қызығушы-лығын арттырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолдарын іздестіру керек. Бұл жұмысқа мектеп кітапханасы, бүкіл мұғалімдер қауымы, тәрбиешілер жұмыла кіріскені дұрыс. Тарих, география, тіпті математика пәндерінен де қызықты, әдеби кітаптар беріп, оны оқытып отыру, баланың сол пәнге деген ынтасын арттыру үшін, аса маңызды болып табылады. Бірақ мұндай жұмыстар аса сақтықпен істелінуі керек. Баланы көп шаршатпау, басы артық тапсырмалар беріп, уақытын алмауды ойластырған дұрыс. Ол үшін барлығына да әдебиетші мұғалім бағыт-бағдар береді. 13—14 жастағы балалар 10—12 жастағы балаларға қарағанда көркем шығармаға басқаша көзбен қарай бастайды. Тек оқиғасын қызықтап оқу, соған бар жан-тәнімен сену, кітаптағы дүниенің барлығын өмір шындығы деп қабылдау, барлығына күйіну, қуану бұл балаларда да болғанымен, ол басқадай сипат алады. Көркем туындыны оқып отырып, жүрегіне жақын нәрселерді еркін қабылдайды, әдеби талдау кезінде өз пікірлеріне көбірек жүгінеді. Кітаптағының барлығына бірдей сене бермейді, барлығына бірдей қуана да, қайғыра да бермейді. Авторға келіспеушіліктерін білдіреді, „дұрыс емес, былай болу керек қой“ деген сөздерді олардан жиі естуге тура келеді. Мысалы, 8-сыныпта М.Әуезовтің „Қараш-Қараш“ оқиғасы атты шығармасынан үзінді беріледі. Талдау кезінде оқушылардың көбі Бақтығұлдың мына іс әрекетіне келіспейді:

а) Биені ұрлап алып, оны жасыра тұрмай, ұсталып қалуы.

ә) Жарасбайға барып, айтқанына жүре беруі, ұрлыққа түсуі.

б) Жуандар арасында өзін Жарасбайдың ұрлыққа жібергенін ашып айтпауы.

в) Болысты жасырып өлтірмей, өзінің өлтіргенін білдіріп қоюы.

Оқушылар неге Бақтығұлды осы мәселелерде ұнатпайды? Оның бір себебі, олар оқыған дүниелеріне көз салады, дұрыс па, бұрыс па — ойланады, бұрынғыдай тек сезімге беріле бермейді, талдау жасап, саралап оқиды. Екіншіден, бұрынғы оқыған шығармалары, көрген киноларында бас кейіпкер жеңіп шығады, алданбайды, әсіресе, барлаушылар туралы шығармаларда. Бұған бұрын оқыған шығармалары, кинолары да әсер етуі мүмкін. Бірақ бұған қарап 12—14 жастағыларға көркем туындыны өз беттерімен толық оқитын оқырмандар деп қарауға болмайды. Көркем туындыны өнердің бір саласы деп толық түсіну, оның тақырыбы, идеясы, көтерген проблемасы, тіл ерекшелігімен қоса, тұтас дүние деп қабылдау оларға әлі де ерте. Осы кезде, әсіресе, оларға мұғалім көмегі, ақыл-кеңесі ерекше қажет. Себебі, осы „тұрақсыз“ жастағылардың ішінен көркем туындыға „салқындау“ қарап, одан бой тарту жиі кездеседі. Оның себептері көп. Бір себебі, бұл жастағыларда кітаптан басқа да қызықтыратын дүниелер пайда болады. Біреуі спортқа ден қоюы мүмкін, екіншісі әнге, не басқаға бой ұрады. Мұғалім оны да түсініп, баланың не себепті кітапқа салқындауын зерттеуі керек. Оқушының қызығатын дүниелеріне тоқтау салу — кешірілмес күнә. Олар осылай толқып жүргенде, әсіресе, сыныптан тыс оқитын кітаптар жайында жиі тексеру, жазалау педагогикалық әдепке, білімділікке сәйкес келмейді. Керісінше, шыдамдылық көрсетіп, көркем әдебиетті оқудың бала айналысып жүрген дүниелерге кедергі келтірмейтінін, әр түрлі кәсіп, өнер саласындағы ұлы адамдардың барлығы әдебиетті сүйгендеріне, өйткені әдебиет рухани азық, көл-көсір байлық, білім көзі екендігіне сендіре білу керек.

1. Бұл жастағы балалармен жұмыстың ең бір маңызды түрі — әдеби, көркем тілдерін жетілдіру: „жазбаша, ауызша“.

2. Оқыған шығармаларын талдай білуге баулу.

3. Жоғары сыныптарда оқушылардың көркем туындыны қабылдаулары да жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Бұл жастағылар өзін еркін сезінеді. Көп нәрсені өз беттерімен шешкенді ұнатады, „бас бостандықтарын“ сүйеді, әрі оны қызғыштай қоруга дайын тұрады. Өмірге, айналаға өзіндік көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұл

шақ, психолог тілімен айтқанда, адам болып қалыптасудың гүл атқан шағы, жастық шағының бастауы. Романтика, қиял, мұрат іздеу, алғашқы махаббат — бәрі-бәрі, әсіресе, осы шақта құлпыра түседі. Күш жағынан болсын, ақыл жағынан болсын, сезім жағынан болсын, оларда жетілу, гүлдеу басталады. Бұл жаста көркем туындыға деген олардың көзқарасында да даму айқын көрінеді. Әр баланың өз сүйетін жанры, тақырыбы айқындалады. Мұғалім жетелеуінсіз-ақ, өзі сүйетін тақырыптағы шығармаларды өз беттерімен оқи береді. Төменгі сыныптардағыдай, бар оқығандарына сеніп, қабылдай бермейді, қиял-ғажайып оқиғаларды қумайды, өзіндік талғамы, эстетикалық сезімі қалыптасқан оқырманға айнала бастайды. Оқығандарына сынмен қарайды, көркем туындыны тұтастай алып қарастырады. Оны өмірді түсінудің бір құралы деп қарайды, сондықтан одан „жоғын“ іздейді. Міне, осындай жастағылармен мұғалім қандай жұмыс жүргізуі керек?

1. Әдеби шығармаларды талдауда, ең алдымен, оқушылардың өз пікірін, ойын, әсерін білу.

2. „Сенің пікірің, ойың қате“ деп, кесіп айтудан сақтану, керісінше, талдау барысында олардың пікіріне ден қоя отырып, сенімді, дәлелді түрде, шындыққа жетелеу.

3. Әдеби шығармалар айналасында жиі-жиі пікір таласын өткізу, тілдерін дамыта отырып, пікірлерін қорғай білуге де баулу.

4. Бұл жастағы оқушыларға „алдындағы бала“ деп қарамай, оқырман ретінде қарым-қатынас жасау, тең дәрежеде әңгімелесу, өз пікірін, не оқулық пікірін тықпаламау. Өздеріне қорытынды жасатуға жағдай туғызу. Ол үшін қосымша материалдардағы жазылған дүниелерді, ғалымдар пікірін, оқулықтағы мәселелерді ортаға салу. Осылар арқылы шындықтың, құбылыстың бетін ашуға еңбектендіру.

5. Өнерге, сөз өнеріне деген оқушылардың шынайы сезімін, талабын жетілдіру үшін, әр мұғалімнің өзі жоғары мәдениетті, әдебиетті терең білетін, әдістемесі шебер, білімі жан-жақты, әр баланың шынайы досы, пікірлесі болуы керек.

Көркем шығармаларды оқып-үйренудің әдіс-тәсілдері

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Біреуге қатты ұнаған шығарма екіншісіне ұнамауы мүмкін. Оқушы көркем туындыны өз дүниетанымы, сезімі, білім дәрежесіне байланысты қабылдайды. Әдеби талдаудың басты мақсаты — оқушылардың өзіндік қабылдауларын, пікірін — әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады. Көпшілік ұстаздар талдауды бастамас бұрын, оқушылармен сол туынды жайында арнаулы әңгіме, пікірлесу өткізеді, тіпті шағын әдеби айтысқа да жетелейді. Оның тиімділігі сол, мұғалім оқушының көркем туындыны қалай қабылдағанын аңғарады, талдауда қандай мәселелерге ерекше назар аудару керек, соған бағыт-бағдар алады. Ең басты мәселе, оқушыларды өз беттерімен талдауға жетелейді, тілін дамытады, көркем шығарманы қабылдай білу, әрі оған пікір айта білу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылармен пікірлеспей, алдын ала олардың көркем туынды туралы (талданатын) ойлары, сезімдерін білмей, ескермей, талдау жасау балаларды жаттандылыққа, мұғалім мен оқулық пікірлерін қайталап айтушылыққа ұрындырады. Әдебиетші мұғалім алдындағы оқушыға оқырман деп қарап, оны оқырман ретінде тәрбиелеуі керек. Әр бала — жеке тұлға. Ол — психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білімі жағынан болсын, бір-біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне, сол „жеке адамның“ жеке пікіріне де сүйене жүргізілуі тиіс. Әдебиеттану ғылымы әдеби талдауда ең басты мына мәселелерге көңіл аудартады (ғылыми талдаудың негізгі принциптері мынадай):

а) Көркем туындыдағы авторлық көзқарас.

ә) Көркем туындыдағы мазмұн мен форма бірлігі.

б) Суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланысты ашу.

Әдеби талдауда осы принциптерді басшылыққа алу оқылып жатқан көркем туынды туралы, оның авторы туралы үстірт пікірлер мен жалған бағалардан сақтандырады. Әдеби талдаудың қай дәрежеде болуы мұғалімнің талдау әдіс-тәсілдерін қалай меңгергеніне де байланысты болып келеді. Әрине, сөз жоқ, мұғалімнің терең әдеби

білімі, кең ой-өрісі, көркем туындыны объективті түрде бар бітім-болмысымен қабылдай білуі де талдауға әсер етеді. Талдауда композиция, сюжет, жазушы стилі, көркем туынды негізінде жатқан идея, оның көтерген мәселесі ерекше назарға алынады.

Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері, бағыттары

1. Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірту. Тарихи, әлеуметтік жағдайлар, болған оқиғалардың қоғамдық, саяси сипаттары туралы түсінік беру (көркем туындыда сөз етілген). Әдеби талдау үшін, ең алдымен, сол көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне ерекше назар аудару керек. Сондай-ақ суреткер осы шығармасын не себепті, қандай жағдайларға байланысты жазған, оны жазуға не итермелеген, сол туралы балаға мол мағлұмат беруді мақсат ету керек. Мысалы, Абайдың көп өлеңдерін, соның ішіндегі „Қалың елім, қазағым“ өлеңін жазуға әсер еткен, мәжбүр еткен ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ қауымының, қоғамының әлеуметтік жайы болған. Немесе Бұқар жырау толғауларының бәрі өз заманының тарихи айнасындай. Оның толғауларын сол өз заманындағы тарихи-әлеуметтік оқиғалар туғызған. Ел бірлігі, достық, Отан қорғау тақырыбы Бұқарға аспаннан түспеген. Шығарманың жазылу тарихы, оның негізінде жатқан тарихи-қоғамдық мәселелерді түсіндіру сол шығарма, туынды астарында жатқан суреткер ойын, мақсатын ашуға бастар бірден-бір жол болады. Тағы бір тәсіл – сол туынды туралы ғылыми еңбектер, мақалалардан үзінділер оқып, түсінік беру болып табылады. Мысалы, Махамбет Өтемісұлы шығармаларын, не оның Исатай туралы өлеңдерін талдау алдында сол кездегі тарихи жағдайлар, көтерілістің шығу себебі, оның ұлт-азаттық сипаты, Исатай туралы тарихи деректерден тұжырымды түрде түсінік беріп, Махамбеттің осы өлеңдері туралы әдебиетшілер пікірін (мысалы, Қ.Жұмалиев т.с.с.) айта кетудің маңызы зор. Бұл – тиімді тәсілдердің бірі. Кейінгі кезде интеграциялық сабақтар тәжірибеде көп қолданылуда. Мысалы, осы мәселелерді тарих пәні мұғалімімен сабақ-дуэт өткізуге болады.

2. Көркем туынды композициясын талдау тәсіліне бас

кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру; негізгі оқиғаларды сұрыптау; портрет, суреттеулердің көркем туындыдағы орнына тоқталу жатады. Мысалы, „Қорғансыздың күні“ (М.Әуезов) әңгімесінің басында жолаушылар суреттеледі. Әсіресе, Ақан портреті оның нәпсіқұмар жан екенін аңғартады, әңгімедегі негізгі сұмдық оқиғаларды осы портреттеу алдын ала болжатқандай болады. Боранның соға бастауы да көп нәрсені аңғартады. Табиғаттың дүлей бораны мен адам жауыздығы қатар қойылады. Боран ызғары оқырманға бір сұмдықтың болатынын алдын ала сездіреді.

3. Жазушы стиліне талдау жасаудың маңызы сол, ол туынды негізінде жатқан авторлық көзқарас, идеяны ашуға көмек жасайды. Жазушы стилі дегенде, ең алдымен, оның көркем тілі, поэтикалық бейнелер жасауы („кәрі құда“, немесе „сұр бұлт“, т.б.), жалпы халық тілін меңгеруі, сол арқылы әдеби тіл жасауын айтуға болады. Мысалы, Абай „Аттың сынында“ халықтың күнделікті сөйлеу тілінде бар „шоқпар“ сөзімен „шоқпардай“ деген теңеу жасаған, әрі бұл теңеу жүйрік ат сынын суреттеуде өзіндік орын алып тұр. Немесе қысты „кәрі құда“ деп алып, тамаша метафора жасаған. Ашулы қысты „кәрі құдаға“ балап сипаттау өлеңдегі ақын ойын айшықтап көрсетіп тұр. „Болыс болдым, мінеки“ өлеңінде Абай „бұрқырап“, „тарқылдап“, „аңқылдап“, „шапқылап“ деген көсемшелерді ерекше көп пайдаланады. Бұлар арқылы болыстың жексұрын бейнесін суреттейді. Солар арқылы көз алдымызға қорқақ (*бас изеймін шыбындап*), мақтаншақ, (*мақтанамын кісімсін*), екі жүзді, (*қайраттансып, қамқорсып*), аяр (*тарқылдап, қарқылдап*) болысты келтіреміз. Жазушы стиліне талдау жолдары әр алуан. Төменгі сыныптарда оны ойын элементі бар сабақтар арқылы өткізуге болады. Мысалы, „Күз“ сипатындағы эпитеттердің синонимін табуға әрекеттендіру, т.б. Ал жоғары сыныптарда салыстыру, зерттеу, іздендіру бағытындағы тапсырмалар арқылы жүзеге асыру тиімді. Айталық, Илияс Жансүгіровтің поэтикалық тілін талдау барысында „Құлагердегі“ Көкше суреті мен Сәкендегі Көкше суретін, Қасым Аманжолов „Көкшесін“ салыстыру арқылы бірнеше жұмыстар атқаруға болады. Сондай-ақ кейіпкер тілін, авторлық баяндаулар ерекшелігін, жалпы суреткердің жазу мәнерін талдау әдеби талдаудың маңызды бір жағы екенін естен шығармаған жөн. Мысалы, С.Көбеевтің „Қалың мал“ ро-

маны бойынша мына үлгідегі жұмыстар жүргізуге болады.

Кейіпкер тілін талдау (үлгі)

Тұрлығұл, оның айнала-сындағылардың сөйлеу тілі	Қай оқиғада айтылады?	Жазушы стилі, шығарманың идеясын ашудағы рөлі
„Кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырар, байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар“.	Тұрлығұлдың бәйбішесі Файша қайтыс болғанда айтқандары. Әрі байға әйел ал деп, үгіттеу үшін айтылады.	Жазушы халық мақал-мәтелдерін көп пайдаланады. Әр кейіпкердің іс-әрекетіне сай оларды сұрыптап беріп отырады. Бұл мақал-мәтелдер Тұрлығұл сияқты жуандардың әйел теңсіздігін аяққа таптанғанын, мал арқылы төсектерін жаңғырта беретінін білдіреді. Роман негізіндегі идея да әйел теңсіздігі. Бұл мақал соны аңғартуға көмек болып тұр.

Ескерту: Бағандарды оқушы толтырады. Әрине, мұғалім көмек-нұсқау береді.

4. Көркем туындыны оның негізінде жатқан тарихи шындықтармен салыстыра қарастыру, кейіпкерлер прототипі туралы мәліметтерден хабардар ету автор ойы, шығарма идеясын ашудың негізгі жолдары, тәсілдері болып табылады.

М.Әуезовтің „Еңлік – Кебек“ трагедиясы өмір шындығынан алынған. Ондағы бас кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған, тағдырлары да, трагедияда берілгендей, солай аяқталған. Дегенмен, Нысан, Абыз, Жапал бейнелері жазушының өз қиялы, мақсатынан туған. Абыз арқылы жазушы халық даналығын, махаббат, достық, қорғаушысын, даланың Кеңгірбай сияқты жауыздарына қарсы мейірбандық жаршысын бейнелеген. Әзілдік деп, халық деп, оның өрімдей жас „ұрпақтары“ деп соққан ұлы жүректі, мадақтаған. Жапал күші-тәні малайға айналып кетсе де, жүрегі, пиғылы, жан дүниесі, рухы малайлыққа айналмаған қарапайым кедей ұлы бейнесінде

алынады. Трагедияның соңғы көрінісіне назар аударайықшы. „Бөрілер“ далаға тастап кеткен кінәсіз сәбиді алдына алып тұрған Абыз Кеңгірбайларға қарғыс айтса, Жапалға аманат айтады, кінәсіз сәбиді тапсырады. Трагедияның осы бөлімі оқушылардың да, көрермендердің де үміт отын жағады. Махаббат мәңгі, оны ешкім өлтіре алмайды, замананы заманаға жалғастыратын – ұрпақ. Ұрпақ өлмейді. Шығарманың осы тарихи негізі, кейіпкерлер прототипі туралы сөз қозғай отырып, мұғалім әр көркем шығармада үлкен проблема жататынын, суреткер ойы, идеясы жататынын аңғартады. Әрі осы проблема, шығарма идеясын ашуда кейіпкерлер көтеретін жүктің ауқымы, маңызы туралы оқушыға хабар береді. Сондай-ақ қандай тарихи шығарма болсын, ол өмірдің көшірмесі, фотосуреті емес, онда ең алдымен автор мақсаты, ойы жататынын, сол мақсат биігінен көріну үшін, жазушының өз қиялы, ойына, яғни көркем шабытына да жол беретіндігін көрсетеді.

Жапал (айналып көріп, баланы көрсетіп). *Көрші, көрші міне, қамкөңіл ата! Мынаны өлсін деп, шибөріге тастаған. Осы ма егі ел деген? Көріп пе егің аямасты, ататай?*

Абыз. *Ата... Атамын, мен аңыраған! Мен ата, сен немере! Бауырындағы шаранасы кеппестен шырылдап қалған шөбере. Бауырым өрт, үнім зар! Бауырым өрт, бетім жас... Ата, немере, шөбереміз – үш зарлық! Ел олар емес, ел бізбіз, ұлым, жан балам! Қара тастай қатал күндер ішінде туар, келер біздегі толқып-толқып ата, бала, немере... алып кетсін, жазықсыздар аттарын сақтап өтсін... ақтап өтсін, арыстарым, арманым...*

„Жадында тұт, жасыма! Жадында тұт, „жасыма“ де, ес кіргенде (баланы нұсқап) бауырыңа... Бүгін мен өсиет еткендей, өсиет ет сен оған, шағың жетіп өлерде! Жадында тұт, жасыма десін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім, шермендем!

Жазушы қиялынан туған Абыз бен Жапал бейнелері – трагедияның негізгі ойы, мақсаты осылай беріледі.

Мысалы, М.Әуезовтің „Оқыған азамат“, „Қорғансыздың күні“, „Қараш-Қараш оқиғасы“, „Көксерек“ әңгімелері тарихи шындықтан, яғни өмірде болған жайлардан алынған.

„Оқыған азаматтағы“ Жұмағұл – Смағұл Әмзеұлы,

Ақтай – Ахмет Әуезов, Мейірхан – Мұхтар Әуезовтің өзі, ал „Абай жолындағы“ барлық оқиға, кейіпкерлер өмірде болған. Бұл мәселелер туралы сөз қозғау, ең алдымен, оқушыға көркем туынды – өмір шындығының айнасы екенін дәлелдесе, екінші өмір шындығын, көркем шындық деген не, суреткер оларды қалай табыстыра білген, осы жайында да танымдарын арттырады, жалпы көркем шығармалар жөніндегі түсініктерін кеңейтеді. Мысалы, „Абай жолын“ талдау барысында мұғалім әр кейіпкер негізінде қандай тарихи шындық жатыр, жазушы сол шындықтарды кейіпкер бейнесін жасауда қалай пайдалана білген? Сол туралы сөз қозғауы керек. Ол үшін қосымша материалдарды ұсына отырып, оқушыға қысқаша хабарламалар жасатуға, өзінің де хабарлауына болады. Л.М.Әуезованың „М.Әуезов шығармаларындағы Қазақстан тарихының проблемалары“ деген еңбегінде жазушы шығармаларының, соның ішінде „Абай жолының“ негізінде жатқан тарихи шындық көп сөз етіледі. Осы еңбекте Құнанбай туралы жасалған бір хабарламаның үлгісін берейік:

„Құнанбай Өскенбаев өмірде болған адам. Ол тобықты руының бетке ұстар мықты жуандарының бірі екен. Л.М.Әуезова өзінің еңбегінде: „Эпопеяның бірінші кітабында 1849—1854 жылға дейін аға сұлтан болған Құнанбай Өскенбаевтың төңірегінде, тобықты руының өз ішінде қым-қиғаш жүріп жатқан феодалдық қырқыстар мен тартыстар қандай болғанын көрсетуге көп көңіл бөліп, мол орын берілген“, – дейді.

Автордың зерттеуі бойынша эпопеяда көрсетілген мына төмендегі оқиғалардың өмір шындығынан алынғанына көзіміз жетті.

I. „Қайтқанда“ бөлімі. Қодар мен Қамқаны өлтіртуі (эпопеядағы суреттегідей, 40 рулы елге тас лақтыртып).

II. Қодардың жерін өзінің иеленіп алуы.

III. Бөжеймен араздығы. Бөжей аулын шабуы (1846 ж.). Сондай-ақ қаралы көшті шабуы (Бөжей өлген соң).

IV. Құнанбайды Дәркембайдың (шын аты Әлжан) атпақ болғаны.

V. Қарқаралыда мешіт салдыруы, Бөжеймен бітісу кезінде Кәмшаттың берілуі, артынан қайтыс болуы.

VI. Құнанбайдың үстінен түскен арыздар, Майырдың қағаздарын өртеп жіберуі.

VII. Меккеге бару.

VIII. Абайдың әке ісімен келісе алмауы.

5. Талданған шығарманың әр түрлі нұсқасы туралы сөз қозғау да сол туынды негізінде жатқан проблема-идеяны ашудағы бір тәсіл болып келеді. Мұнда жазушы қолжазбаларының барлығын емес, ең басты-басты деген мәселелерге орай салыстыру жұмыстарын жүргізген жөн.

б. Суреткердің бір шығармасын басқа шығармаларымен салыстыру да тиімді тәсілдердің бірі. Мысалы, Абайдың табиғат лирикаларын алайық. „Жаз“ өлеңінде ақын көшпелі елге жадыраған жаз айының соншама қуаныш, қызық әкелетінін, адамдарды былай қойып, тіршілік әлемінің барлығы да жайнап кететінін суреттейді. Ал „Күзді“ алайықшы. Айналаның барлығы „дымқыл тұман басқан“, „сұп-сұр түске енген“. Адаммен бірге табиғат та жүдеп тұр („дымқыл тұман“ т.с.с.). Оның себебі не? Көшпелі елге, кедей ауылға, әсіресе, кедейлерге күз соншама қолайсыз, соншама көңілсіз. Абай табиғат арқылы әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді. Ол осы жерде Пушкин жырлаған „Алтын күзді“ де мысалға алып, салыстыруға болады.

Күз табиғатын жырлаған екі ақында неге күз екі түрлі суреттелінеді? Абай „Күзінен“ дірілдеп, тоңып, сұр түске боялып шықсаң, Пушкин күзінен неге алтын нұрға оранып шығасың? Оның негізі екі халық өмір сүріп отырған қоғам сипаты, халықтың әлеуметтік жағдайы, еңбегі, тұрмыс жайында жатыр. Отырықшы ел егінін басып, жеміс-жидегін жинап, „кәрі құда“ – қысты қорықпай қарсы алса, көшпелі халық, әсіресе, оның кедейі, қыс болмай жатып-ақ, „жалаңаштана“ түседі. Осы салыстырулар Абайдың табиғат лирикасының негізінде жатқан ойын, көзқарасын анықтауға жетелейді, ақынның қазақ поэзиясына әкелген үлкен жаңалығын танып-білуге жол ашады. Сондай-ақ жазушылар туындысы өмір шындығынан алынатынын, сол шындыққа байланысты бір тақырыптың өзі әр түрлі жырланатынын байқатады. Ең бастысы, суреткердің жазу стилі, өзіне тән мәнеріне де ой жүгіртеді.

7. Бірнеше ақын-жазушы шығармаларын салыстыру да әдеби талдаудың тиімді тәсілі. Мысалы, „XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, ондағы әйелдер теңсіздігінің көрінуі“ деген проблемалық сұрақ айналасында М.Дулатовтың „Бақытсыз Жамалы“, С.Көбеевтің „Қалыңмалы“, С.Торайғыровтың „Қамар сұлуы“, С.Дөнентаевтың „Жәмилә“, „Еріксіз Айша“ шығармаларын салыстыруға

болады. Тақырып біреу болғанмен, әр суреткер оны өзіндік стиль, мәнермен көрсетеді, шешімдері де авторлық көзқарасы, идеяларына байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, Көбеев Ғайшаны бақытқа жеткізеді, себебі, роман идеясы – жастарды бостандыққа, теңдікке шақыру, сол үшін бас кейіпкерлерін үлгі етеді. Торайғыровтың Қамары көктей солады, қанша күрессе де, Нұрымдар әлеміне, ескі әдет-салтқа шамасы жетпейді. Жазушы мақсаты – сыншыл реализм арқылы қазақтың тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын, әдет-салтын сынау, шындықты көрсету. Осы суреткерлер шығармаларындағы бас кейіпкерлер – қыздардың барлығы бостандықты аңсайды, махаббатқа, теңдікке қол созады. Бұл – ұқсастық жақтары. Ал олардың тағдырларын жазушылар әр түрлі шешеді, яғни шығармадағы мақсаты, нысанасына байланысты. Бұл талдауда да оқушылар көркем шығарма табиғатын, оның негізіндегі автор идеясы, нысанасын, соған байланысты кейіпкерлер тағдырының әр түрлі шешілуін, әр суреткердің өзіндік стилін түсінеді, әрі оқушыларды көркем туындыны ғылыми түрде, әдебиеттану ғылымының талаптары тұрғысынан талдай білуге дағдыландырады, ой-өрісі, іскерлігін жетілдіреді.

Мұғалім әдеби талдау арқылы оқушылардың әр түрлі реңдегі эмоциясына, сезіміне әсер етеді, ойларына ой, пікірлеріне пікір қосып, бүкіл жан дүниесін оятады. Осы мәселелерде, әсіресе, мәнерлеп оқу, көркемдеп оқудың маңызы ерекше. Мәнерлеп оқу көркем туындыны қабылдай білу, түсіне білу, әрі талдай білуге жетелейтін маңызды бір тәсіл десек, артық айтпаймыз. Кейде, әсіресе, лирикалық өлеңдерді екі түрлі мәнерлеп оқып, қайсысы лирика негізіндегі идея, проблеманы ашуға жақын екендігін оқушыны қатыстыра отырып, анықтауға да болады. Мәнерлеп оқу, ең алдымен, оқушыларды көркем туындыны барлық бітім-болмысымен толық түсіне білуге алып келеді. Ал көркем туындыны толық түсіне білу, сөз – жоқ, әдеби талдауды жеңілдетеді. Көркем шығарма бойына „қан жүгіртіп, жан бітіретін“ мәнерлеп оқу болып табылады. Әдеби талдау барысында мұғалім үнемі мәнерлеп оқуға көңіл бөліп отыруы керек. Әсіресе, кейіпкерлерге мінездеме бергенде, жазушы стилі, көркем тілі айналасында сөз болғанда, қорыта айтқанда, бір мәселеге ерекше көңіл бөле талдағанда, оны мәнерлеп оқусыз жүзеге асыру өз

дәрежесінде болмайды. Мысалы, М.Шахановтың „Отырар дастаны“ өлеңін рөлге бөліп, мәнерлеп оқу сол шығарма негізінде жатқан автор ойын, нысанасын аңғарта білуге көмек жасайды. Асқақ, паң Шыңғыстың сөзі ірі, әрі ашулы, 6 ай бойы қайдағы бір Отырарды ала алмау не сұмдық?! Оның сөзі құр айғай емес, зілді, мығым, паң, асқақ шығуы керек. Баласына зымиян айла үйретіп жатқан сөздерінде жымысқы, аярлық үн басым. Қайыр хан үнінде „жеңілгендік“ сазы емес, қайта ерлік сазы, сенім сазы басым жатыр (оны солай оқу керек). Өкініш те, болашаққа сенім де бар. Көркем туындыны мәнерлей оқудың көркем туындыны талдауда маңызы зор, ең бастысы, олар оқу оқушының жан-жүрегін оятады, сезімін селт еткізеді. Ал бұл іс-әрекеттердің барлығы көркем туындыны түсіну, оны қабылдауда ерекше роль атқарады.

Көркем туындыны терең түсіну, талдауда әңгімелеудің де маңызы ерекше. Әңгімелесу әдісі, әсіресе, V-VIII сыныптарда жиі қолданылады. Оның тәжірибеде қолданылып жүрген мынадай түрлері бар:

1. *Мәтінге жуық әңгімелесу.* Мұнда негізгі мәселелердің барлығы көркем туынды ізімен әңгімеленеді.

2. *Ішінара теріп, сұрыптап әңгімелеу.* Мұғалім сұрақ қоя отырып, оқушының өзіне ұнаған эпизодын немесе бір оқиғасы туралы әңгімелетеді, әсерін айтқызады.

3. *Еркін әңгімелесу немесе шығармашылық жолмен әңгімелесу.* Бұл әңгімелеу автор немесе кейіпкерлер атынан, немесе әңгімелеуші атынан жүргізіледі. Мысалы, „Бандыны қуған Хамит“ әңгімесіндегі банды мен Хамиттің айқасын екі бала қатар тұрып, біреуі банды, біреуі Хамит атынан баяндайды. Әңгімелеудің бұл түрі өте қызық, оқушының белсенділігін, әрі қабілетін, ізденісін де дамытуға көп ықпал жасайды. Әңгімелеудің қай түрі болсын, оған мынадай талаптар қойылады:

1. Мәнерлеп, көркемдеп айту;
2. Анық, айқын, түсінікті етіп айту;
3. Тілі жатық болу, әрі әдеби тілде айта білу;
4. Қыстырма сөздер, сөз қайталаушылықтың болмауы;
5. Асықпау, даңғырламау немесе өте ақырын, баяу айтпау. Керісінше, ширақтылық, жинақтылықты талап ету;
6. Мазмұн жүйесін сақтау.

Ауызша суреттемелер, бейнелемелер, кескіндемелер жасату

Бұл жұмыс оқушыларды әдеби талдау жасауға жетектейтін, әрі шығармашылық қабілеттерін ұштайтын тәсілдердің ең күрделі, әрі маңызды түрі болып табылады. Ауызша суреттемелер жасату үшін, кез келген көрініс, не бейнелерді ала салуға болмайды. Көркем туынды негізіндегі идеяны немесе кейіпкер бейнесін ашатын жерлерді таңдап алып, суреткер стилін, бай поэтикалық тілін талдау мақсаттарында осындай шығармашылық жұмыстар жүргізуге болады. Бұл тәсіл төменгі сыныптарда да, жоғары сыныптарда да пайдаланылады. Оқушыларға тапсырма бермес бұрын, мұғалім өзі ондай жұмыстарды орындап, көмек-бағдар беру керек. Мысалы, „Абай жолы“ эпопеясының „Абай аға“ бөлімі бойынша „Жастар Еңлік – Кебек қабірі басында“ деген тақырыпқа мынандай ауызша сурет „салғызуды“ болады. (Яғни ауызша иллюстрациялар.)

1. Жастар Еңлік – Кебек қабірінің басында. Орталағында Абай сыр шертіп тұр. Дәрменнің қабағы қатулы, ескіліктің қатал салтына лағнет айтып тұрғандай...

2. Киіз үй. Ортада аласа дөңгелек үстел. Үстінде Чернышевский, Герценнің кітаптары. Әбіш пен Абай әңгіме үстінде. Абайдың қолында кітап.

3. Дәрмен „Еңлік – Кебек“ поэмасын оқуда. Жастар және Абай ұйып тыңдауда. Шұбар ашулы, жүзін теріс қаратып алған.

4. Абай қабірі. Дәрмен шығып келе жатқан күнге қол созып тұр. Қабір үсті қызыл шапаққа бөленген.

Ауызша кескіндеме (портрет) немесе мүсіндеме (скульптура) жасату арқылы да оқушылардың көркем образды қалай қабылдағанын, әрі оны қаншалықты түсіне білгенін байқауға болады. Мұндай жұмыстардың барлығы оқушылардың тек сол көркем туындыға талдау жасай білулері үшін ғана емес, ең алдымен, көркем қиялы, қабілетін дамыту үшін де, көркем туындыны (өнердің басқа салалары сияқты) өнер деп қабылдаулары үшін де керек. Ауызша портрет (кескіндеме) жасатумен қатар, мүсіндеме жасау да (ескерткіш орнату) тәжірибеге молынан енген. Төменде бір мысал келтірейік:

Оқушы 3-ның жұмысы:

„Мен данышпан М.Әуезов басына, Вучетич сияқты

мүсінші болсам, мынадай ескерткіш қояр едім. Ескерткішті Мұхтар дүниеге келген Шыңғыс тауының басына орнатар едім. Тас басында биік те алып шынар өсіп тұр. Оған сүйеніп, ақ желең Мұхтар тұр. Бұйра шашы желмен толқыған, ашық та ақылға толы маңдайы жарқырап, одан нұр тарағандай. Ойлы да отты жанары күнмен шағылысып, ұшқын шашып тұрғандай, ол алысқа, болашаққа қадалған. Халық арасында мәңгі өмір сүріп келе жатқан өзін көріп тұрғандай. Жазушының аппақ мүсінін тізеге дейін жұпар иісті гүлдер қоршап алған, жазушы гүл арасынан шығып келе жатқандай. Сол қолы жүрек тұсында, халқын, елін, Отанын сүйген жүрегін күзетіп тұрғандай. Оң қолында қаламы, кітабы. Сол қалпымен: *„Мен өлгем жоқ, әлі қаламым қолымда, айтарым да, жазарым да көп, бірақ асыл мұрамды сендер оқып жатқанда, мен де еліммен, Отаныммен, ұрпағыммен мәңгі біргемін“* дегендей...

Инсценировка, киносценарийлер құрастыру

Киносценарий, инсценировкалар құрастырту әдеби талдаудың тиімді тәсілдерінің бірінен саналады. Бұл жұмыстар оқушылардың көркем мәтінді терең, әрі шығармашылық жолмен түсінуіне игі ықпалын тигізеді. Сонымен қатар кино, сахна өнерлеріне деген қызығушылығын да арттырады. Оны төменгі сыныптарда да, жоғары сыныптарда да орындатуға болады. Сынып ерекшелігіне байланысты орындалатын жұмыс мазмұны да түрлі дәрежеде болып келеді. Мысалы, 5-сыныпта М.Шахановтың „Отырар дастаны...“ бойынша киносценарий де, инсценировка да құрастыруға болады. Төменгі сыныптарда мұғалім ондай жұмыстарды қалай орындаудың үлгісін өзі көрсетеді. Тіпті бір кинодан фрагменттер көрсетіп жіберудің маңызы зор болмақ. Киносценарий, инсценировкалар жасату сондай-ақ көркем мәтінді ыждағатпен, оймен оқуға, көркем мәтінді көз алдына келтіріп, бейнелі түрде қабылдауларына да әсерін тигізеді. Киносценарий құрастыру үшін, бір оқиға, бір көріністі ғана таңдап алуға болады (шағын шығармаларды тұтастай алуға да болады.) Мысалы, „Отырар дастаны...“ бойынша төмендегідей киносценарий жасауға болады:

І көрініс: Отырардағы соғыс. Қамал жаумен қоршалған. Жау өрмелеп қамалға шықпақшы болады.

Бірақ төбеден жауған тас, лақтырған әр түрлі заттар бет қаратпайды. Қамалдың әрбір тұсына өрт қойылған. „Беріліңдер!“, – деген сөз жиі естіледі. Азалы саз үні.

II көрініс: Хан сарайы. Алтын тақ үстінде асқақтай отырған Шыңғыс хан. Қабағы қатулы, қолы қылышында. Айналасындағы нөкерлер басын төмен иіп тұр. Ұлы Шағатай екпіндегі кіріп, хан алдына сылқ етіп отыра кетеді.

Шыңғыс:

– Даңқың қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен, алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау,

Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау —

Ойы — дауыл,

Сезімі — аспан,

Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба.

Намысыма сызат түсті мына сенің арқаңда, — деп, —

Шыңғыс хан Шағатайға оқты көзін қадады.

Шағатай:

– Осы өкініш мені де өртеп барады,

Отырардың бақытына орнаған

Болар, бәлкім,

Алдырмай тұр зор қамал.

Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,

Қанша үмітім желге ұшты,

Қанша әскерім жер құшты.

Дала жатыр қызыл қанға боялып,

Егер бүкпей баяндасам шындықты,

Рухы — өр,

Тәні — бекем

Бұл бір қайсар халық екен

Тірліктен де артық қойған бірлікті.

Шыңғыс:

– Шалалаусың,

...Қай кезде де айла кескен нарықты

Жақын барып үңілместен жауыңа,

Шығам деме, ұлым, жеңіс тауына,

Адам аз ба күшке сеніп адасқан?

Жауың мықты,

Бұған, сірә, таласпан.

Әр мықтының осал жері болмай ма?

Болса қайсы?

Оған бастар жол қайда?

Ал бұл сұрақ бар кезде сенің жүру керек басыңда,

Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында.

Көңілінен күрт серпіліп наласы,

– Ұқтым, әке! — деп жымыды баласы.

III көрініс. Жасырын қақпа ашылады. Жау қамалға лап қояды. Қара жамылған сатқын бетін буркеп, шегіне береді. Жаудың масайраған даусы. Қамалдағылардың қарғысы. У-шу...

IV көрініс. Тағы да Шыңғыс хан сарайы. Оны қоршағандар, Шағатайлар жүзінде қуаныш, асқақтай қарайды. Шыңғыс алдында қанға боялып, азапталған Отырар ханы, халық батыры — Қайырхан. Денесі жеңілсе де, рухы жеңілмеген. Еңсесін түсірмей, тік тұр. Шыңғысқа оқты көзімен тура қарайды. Оның жанында бук түсіп, Қарашоқы отыр. Жүзін көтере алмайды.

Шыңғыс:

– Иә, Қайырхан, — деді сосын жай ғана —

Рух елдің өзегі ғой қайда да,

Ең әрісі

Жеңілістің өзін де

Шешкің келіп тұр өзіңнің пайдаңа.

Жігіттерім рухыңа қармақты

Салмақ болып, тәніңді әбден қорлапты.

Қорлапты әбден

Құлағыңды құнтитып,

Мұрныңды да кесіп апты шұнтитып,

Батырлықтан бағың бірақ жанған, ә.

Маған қарап күліп тұрсың сонда да.

Олар сенің жеңгенімен тәніңді,

Амал нешік,

Жеңе алмапты жаныңды.

Мысқыл күлкің салды маған қаншама ой!

Шіркін, сендей бес қолбасшыым болса ғой,

Қалың қолым ұқсап дүлей тасқынға,

Бөлеп дарқан күйге мені,

Бүкіл әлем билер еді

Аяғымның астыңда!

Ха-ха-ха! Ал мына бір сатқынды

Құдай саған қайдан ғана тап қылды?
 Ха-ха-ха-ха-ха!
 Қайғылы әрі күлкілі,
 Қайран аңқау, дара тұлға,
 Аңғармапсың қанатыңа жасырынған тұлкіні.
 Өрлігіңе осы болсын сыйлығым,
 Саған қидым бұл сатқынның билігін.

Қ а р а ш о қ ы:

– Ұлы ханым,
 Әділдік пе, мұныңыз?
 Өле-өлгенше
 боп өтейін құлыңыз.
 Отырарды
 Мен қол ұшын бермесем,
 Оңай жаулап алар ма еді ұлыңыз?

Ш ы ң ғ ы с:

– Оған дау жоқ,
 Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік?
 Қастерлінің бәрін жыққан табанға
 Азған сен бе,
 Әлде мына заман ба?
 Тым құрыса
 Қасиетті бір сезім
 Қалу керек емес пе әрбір адамда?...
 Опасыздық жасадың ба еліңе,
 Ертең саған мені сату түк емес!...
 Кәне, қылыш ұстатыңдар
 Қайсар батыр Қайырханның қолына!

Қ а й ы р х а н:

– Тоқта, Шыңғыс!
 Бұл баланың әкесі бір нар текті
 Адам еді елге сыйлы, зиялы,
 Адам еді адал, ұшқыр қиялы.
 Әкесі үшін перзентіне сеніп ем,
 Сатқын болып шықты мына тұяғы.
 Оны ойласам, от жүрегім қан болар,
 Сеніміме содан түскен таңба бар.
 Мақұл көрсең,
 Әкесін бұл сатқынның
 Осы араға алдырғаның жөн болар.

Қ а р и я:

– Сыйлы басым қуарды,
 Жария етіп жалғанымды,
 Менің қыран болғанымды
 Заман бүгін өтірікке шығарды...
 Қағу үшін сенің қайсар басыңды,
 Асығып тұр мынау залым Шыңғыс та!

Ш ы ң ғ ы с:

– Өкінгенмен болмайды,
 Ешкімге де берілмейді бас сауға,
 Бұйрық еттім түгел қырып тастауға,
 Отырарда еркек кіндік қалмайды.

Ү көрініс. „Қайырханды жаулар дарға әкеле жатады. Ол Отырарға ұзақ қарап, көзіне жас толып, елімен, жерімен қоштасып тұрады.

Киносценарийлер мына үлгіде жасалады:

Оқиға орны	Көріністер	Музыка

Инсценировкалар да негізгі бір оқиға айналасында құрастырылады. Ол үшін оның эпизодтары назарға алынады. Өздері құрастырған инсценировкалар мәтіні бойынша оқушылар оны сахнаға әзірлейді, кейде инсценировкалы сабақтар өтеді. Инсценировкада да кейіпкер сөздеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ең маңыздысы, шығармада ерекше орын алатындарын теріп алуға болады.

Әдебиет – өнер пәні. Сондықтан да оны көркем-өнердің басқа да салаларымен байланыстыра, салыстыра өтудің маңызы ерекше зор. Мысалы, (әдеби мәтіндерді олардың басқа туындыларымен салыстыру), табиғат лирикаларын өтуде жыл мезгілдерін бейнелейтін бейнелеу өнерінің туындыларына жүгіну, ән тындаудың тиімділігі ерекше болады. Мәселен, Левитанның „Күзі“ – әлемдік туынды. Көз алдыға сурет емес, күздің жанды көрінісі қаз-қалпында келе қалады. Оны көріп отырған оқушы өзі білетін күздерін еске түсіреді. Енді ақын суреттеген „Күзді“ тыңдай отырып, ойша салыстырады, ұқсастық

тапқысы келеді, әрі саз арқылы жасалған күз бен суреттегі бояулар арқылы жасалған күз көз алдарында қатар тұрады. Бұл әдіс те оқушының көркем туындыны қабылдауына, түсінуіне, әрі одан эстетикалық ләззат алуына зор ықпалын тигізеді. Талдауда мұғалім өнердің осы екі туындысын салыстырады, ол туралы оқушы қабылдауына, эмоциясына, түсінігіне ден қояды. Қай күз (суреттегі ме, әлде өлеңдегі ме) оқушыға жақын, қайсысы күздің бейнесін айқын, дәл суреттеген деген сияқты іздендіргіш сұрақтар ойландырып қана қоймайды, талдауға да жетелеп әкеледі. Әдебиет сабағында музыканың да (күйдің, әннің) орны ерекше. Мысалы, Қ.Аманжоловтың „Туған жер“ өлеңін талдау барысында әнін тыңдатып, „Ән сазы өлең негізіндегі ойға, өлең идеясына, ондағы сөздерге үндес келе ме?“ немесе Абайдың „Желсіз түнде жарық ай“ өлеңін талдау барысында оның әнін тыңдатып: „Қалай ойлайсыңдар, осы ән — өлеңдегі сұлу табиғат көрінісі бір-біріне асыққан аппақ махаббатты, аппақ айды, тіршілік пен табиғат арасындағы осынау бір ғажап үндестікті (гармонияны) ашып бере ала ма?“ деген сияқты сұрақтар қоя отырып, салыстыру арқылы өлең негізіндегі ойға, ақынның поэтикалық тілі мен стиліне бағдар жасауға болады.

Көркем мәтінді күйтабақтардан тыңдау, драмалық шығармаларды сахнадан, не кинодан көру (кинодан басқа да шығармаларды көруге болады. Мысалы, „Көксерек“, „Қараш-Қараш аңызы“, „Қозы Көрпеш — Баян сұлу“), көркем шығармалар негізінде жасалынған суреттерді тамашалау — бәрі де тиімді, орынды пайдаланғанда, сөз жоқ, оқушыларды сөз өнерін түсінуге, әрі оны талдай білуге жетелейді. Сонымен көркем мәтінді талдау әдіс-тәсілдерін мектеп тәжірибесінде үлкен екі топқа бөлуге болады:

1. Автор идеясын, нысанасын әдебиеттану ғылымының талаптарына сай талдау әдіс-тәсілдері;

2. Талдауға оқырманды қатыстырып, белсендіру бағытындағы әдіс-тәсілдер, яғни мектептегі әдеби талдаудың арнаулы әдіс-тәсілдері.

Көркем шығармалармен жұмыстың негізгі кезеңдері, басты бағыттары

К і р і с п е ж ұ м ы с т а р. Мұғалімнің алдына қойған оқу-тәрбие мақсаты, көркем шығарманың өзіне тән ерекшелігіне қарай кіріспе жұмыстары әр түрлі болып келеді. Оған кеткен уақыт мөлшері де соған байланысты болады. Кіріспе жұмыстары өтілгелі отырған тақырыпқа оқушыны қызықтыру, эмоцияларына әсер ету мақсатында жүргізіледі. Оны әңгімелеу, сол тақырыпқа байланысты қызықты қосымша материалдарды, көрнекіліктерді пайдалану арқылы немесе кинофрагменттерді көрсету, күйтабақ тыңдау т.б. жұмыстар негізінде ұйымдастыруға болады (әрине, мұғалімнің қолында бар материалдар негізінде). Мысалы, М.Әуезовтің „Қараш-Қараш оқиғасы“ бойынша кіріспе жұмыстарда мұғалім оның жазылу тарихы, бас кейіпкер Бақтығұл тағдыры, атақты қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі — Рысқұл тағдырынан алынғаны, жазушы Шерхан Мұртазаның „Қызыл жебе“ романы туралы шағын әңгіме, Рысқұлдың, Тұрардың суреттері, қырғыз фильмі („На перевале Караш“) туралы деректер пайдалануға болады. Бұндай эпизодтар, сөз жоқ, оқушыны елең еткізіп, өтіліп отырған шығармаға деген қызығушылықты, ынтаны туғызады. Көркем туынды, оның авторы арқылы да осындай жұмыс жүргізудің маңызы зор. Автор туралы өлеңдер, оған берілген бағалар, өтілгелі отырған шығарманың әдебиет тарихындағы алатын орны жөнінде де көптеген жұмыстар жүргізудің тиімділігі зор болады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов шығармаларын бастамас бұрын, XI сынып оқушыларына төмендегідей мазмұндағы сауалнама таратылып беріледі.

1. Ғ.Мүсірепов туралы не білесің?

2. Қандай шығармаларын төменгі сыныптарда оқыдыңдар?

3. Өз бетіңмен не оқыдың?

4. Ғ.Мүсірепов шығармасы өзіңе ұнай ма, ұнаса, неге ұнайды?

V сыныпта М.Шахановтың „Отырар дастаны“ балладасы беріледі. Өлеңді оқымас бұрын, автор туралы кіріспе әңгіме жасап, оның тек тамаша ақын ғана емес, халқымыздың азамат ұлдарының бірі екендігін әңгімелеу, сондай-ақ Отырар тарихынан қысқаша сыр шерту, қосымша материалдар, сурет пайдалану керек.

Көркем туындының жазылу тарихына, шығарма негізінде жатқан тарихи шындыққа, тарихи мәселелерге назар аудару да кіріспе жұмыстардың ұтымды тәсілі болып келеді. Отырар қорғаушыларының жан беріспес ерлігі, Отаншылдығы, Қайырханның атының тұяғы бүкіл әлемді балшықша илеген Шыңғыс ханға берілмей, ақтық деміне дейін халықпен бірге болуын тарихи деректермен баяндау, әңгімелеу оқушы сезіміне әсер етіп, өлеңге деген қызығушылығына ғана әсер етпей, өлеңді қабылдау, өз мәнінде түсіне білулеріне де жол ашады. Кіріспе жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізудің әдіс-тәсілі, мүмкіншілігі мол. Ол мұғалімнің ізденісі, білімі, іскерлік-шеберлігіне байланысты болып келеді. Мысалы, осы „Отырар дастанын“ интегративтік оқыту негізінде дуэт сабақ ретінде өтіп, кіріспеде тарих мұғаліміне сөз беруге болады. VII сыныпта Софы Сматаевтың „Есіл Біржан“ атты шығармасы беріледі. Кіріспеде Біржан өлеңдерін, яғни әндерін күйтабақтан тыңдату („Теміртас“, „Жанбота“ сияқты), сондай-ақ Қ.Аманжоловтың „Туған жер“ өлеңін талдау алында әнін тыңдату – сол көп жолдардың бірі. Мұғалім кіріспеде қандай жұмыстарды өткізсе де, тиімді деген қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланса да, бәрі нақты тақырыпты дөп басып, оның мән-мағынасы, қадір-құдіретіне оқушы қызығушылығын арттыратындай дәрежеде болуы керек. Ең бастысы, сынып, тақырып ерекшелігін ескере отырып, алдында тұрған оқу-тәрбие мақсатын шешетіндей дәрежеде жүргізілуі тиіс. VII сыныпта Қ.Аманжоловтың „Көкшетау“ өлеңі беріледі. Кіріспеде мұғалім Көкшетауға сырттай саяхат өткізуге болады. Эпипроектордан Көкше баурайының түрлі түсті суреттерін (открытка, картина т.б.) көрсету. Сәкеннің атақты „Көкшетау“ поэмасындағы Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас, Көкше бейнелерін суреттейтін жерлерді мәнерлеп оқу, оқу үстінде суреттерін көрсетіп, түсінік берудің тиімділігі сол, бұл тәсіл әрі балалардың сезіміне әсер етеді, әрі білімін, дүниетанымын кеңейтеді, әрі туған елі, оның сұлу табиғатына деген махаббатына, сезіміне әсер етеді. Бұл кіріспе жұмыс тіпті артынан өлеңді талдап болғаннан кейін де (Қасымның) іздендіру бағытындағы салыстыру жұмыстарын жүргізуде нәтижелі болып келеді („Көкшені жырлаған қай ақын Көкшенің бейнесін нағыз суреткер ақын ретінде дөп басып бейнелеп берген?“ немесе „Өзіңе қай ақынның Көкшесі ұнады?“ деген сұрақтар арқылы).

Табиғат лирикаларын өтпес бұрын, оқушыларға суреттер (пейзаж) беріп, сол арқылы немесе өздерінің білім тануы, бақылауы бойынша табиғат көріністеріне алдын ала шағын шығарма-суреттеме беру де пайдалы. V-VIII сыныптар оқулығында ақын-жазушылар өмірі берілмейді. Мұғалім кіріспеде олардың өмірі жайында, халық алдындағы еңбегі жайында қызықты деректер айтып, оқушылар ынтасын шығарма авторына аударады. Әсіресе, бұндай деректер, әңгімелер сол өтілгелі отырған көркем туындыға қатысты болса тіптен тиімді болмақ. Мысалы, VIII сыныпта Абайдың Әбішке арналған өлеңдері беріледі. Кіріспеде мұғалім балалардың ұлы ақын туралы бұрынғы білімдерін пысықтап, толықтыра отырып, баласы Әбіш жайына тоқталады. М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясын да пайдаланудың артықтығы жоқ. Әбіштен ұлы ақынның зор үміт күтуін, „халыққа қызмет атқаруын“ армандауын, Әбіш ауруы мен қазасы осы өлеңдерді туғызғандығын әңгімелеу, эпопеядан үзінділерді мәнерлеп оқу – тиімді жолдардың бірі. IX, X, XI сыныптардағы кіріспе жұмыстар өзінің ғылымилығы, күрделілігімен ерекшелінеді. Мұнда ғылыми материалдар, деректер, құжаттар, күнделік-хаттарды молынан пайдалану керек (әрине тақырыпқа сай болса). Мысалы, XI сыныпта М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерін өткенде, Т.Жұртбаевтың „Бесігінді түзе“ атты портрет-эссесі бойынша әңгімелердің тарихи негізін дәлелдеу немесе „Абай жолының“ жазылу тарихы туралы жазушының „Мен Абай туралы қалай жаздым?“ атты мақаласын пайдалану – кіріспе жұмыстардың тиімді, нәтижелі түрі. Жоғары сыныптардағы кіріспе жұмыстар оқушылардың сезімі, қызығушылығын арттыру мақсатында ғана емес, ең бастысы, өтілгелі отырған тақырып, көркем туынды жайындағы білімдерін кеңейту, дүниетанымын арттыру мақсатында да жүргізіледі.

Көркем туындыны оқу – әдебиетті оқытудың ең негізгі мәселесі

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Көркем туындыны жай оқып шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті ме, соны білу – мұғалім үшін маңызды

мәселе. V-VIII сыныптарда әдеби шығармаларды оқу көбіне сыныпта жүргізіледі. Түсіндірмелі (комментарий) оқу арқылы шығарманың алғашқы бөлімдері оқылады, тәжірибеде осы тәсіл жиі кезігеді, себебі мұғалім ол арқылы шығарманы оқуды ұйымдастырады, оқушыларға бағыт-бағдар береді. Түсіндірмелі оқу, әсіресе, күрделі шығармаларды оқу кезінде тиімді болады. Көркем шығарманы оқу үйде, сыныпта жүргізіледі. Бірақ екеуі бір-бірімен тығыз байланыста іске асып отырады. Мысалы, көркем туындыны түгелдей сыныпта оқуға уақыт жетіспейді, сондықтан мұғалім қалауы бойынша ең негізгі, маңызды бөлімдер сыныпта оқытылып, қалған бөлімдері үй тапсырмасы ретінде беріледі. Көркем туындыны оқуда мәнерлеп оқу, әр сөзді айқын, түсінікті оқу, жинақы оқу, дауыс естілімінің де ашық болуы талап етіледі. Сыныпта дауыстап оқығанда, бұлар айқын көрінеді. Дауыстап оқу мен іштей оқуды алмастырып отырған жөн. Төменгі сынып оқушылары көбіне дауыстап оқығанды ұнатады, жоғары сынып оқушылары іштей оқығанды қалайды. Көркем туындыны оқу жоғары сыныптарда үйде жүзеге асады. Себебі, көркем туындыларды былай қойып, қысқа әңгімелерді сыныпта оқуға уақыт жетпейді. Жоғары сыныптарда өтілетін роман, хикаят сияқты көлемді туындыларды оқу тек үй жұмысы арқылы жүзеге асатыны ұстаздар қауымына бұрыннан-ақ белгілі жай. Әр мұғалім бала көркем туындыны оқыды ма, оқыса, одан қандай әсер алды, соны біліп отырғаны жөн. Мұғалім сыныптағы үйге берілген туындыны оқушылардың қалай оқып жатқанын назардан тыс қалдырмауы керек, үнемі ол туралы хабардар болып, біліп отырғаны жөн. Оқып біткен мерзімде мынадай жұмыстар жүргізуге болады (бақылау ретінде):

1. Ауызша, жазбаша сұрақтар арқылы кейде мұғалім әр оқушыға әр түрлі мазмұндағы тапсырмалар бере отырып та тексереді. Мысалы (жазбаша тапсырмалар):

а) өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндату, не сол эпизодтың мазмұнының тезисін жасату;

ә) негізгі кейіпкерлерді жинақтату. Бір кейіпкердің іс-әрекетінен мысалдар келтіру (қай кейіпкер екенін мұғалім өзі көрсетеді);

б) жазбаша викторина жүргізу. Мұғалім ең негізгі деген жерлерден үзінді жазып, „Ол қай оқиғадан алынды, кімнің сөзі, қайда айтылған сөз?“ деген сияқты сұрақтар қойып, жауап алады (ауызша жүргізуге де болады);

в) сынақ үлгісіндегі ауызша сұрақ-жауап арқылы тексеру;

г) бүкіл сыныпқа ортақ тапсырма — көркем туындыдан алған әсерін қысқаша баяндап беру (жазбаша 13—16 минут ішінде орындауға болады);

д) әдеби „көкпар ойыны“ арқылы тексеру. Бұл жұмыста „көкпарға“ екі баладан шығады. Көкпарға „тартылатын“ көркем туындылардан құрастырылған сұрақтар жазылған үлестірме қағаздар болады. Жауап өте тез уақытта айтылуы керек, ойлануға көп уақыт берілмейді, тез жауап берген бала „жеңімпаз“ атанады. Әрине, оқушылардан көркем туындыны оқу жайында мәліметтер алудың, бақылау жасаудың жолдары көп. Әр мұғалімнің бұл мәселеде өз тәсілі болады, қай баланы қалай тексереді — ол мұғалімнің өз еркі. Бірақ, бір ерекше есте ұстайтын мәселе, мұғалім оның тек мазмұны ғана емес, оқушыға әсері, оқушылардың сезімі, қабылдай білу жағдайларына да назар аударуы керек. Талдау барысында мұғалім бұның бәрін есепке алып отырады (егер оқушы сезіміне әсер етпесе, жан-жүрегімен қабылдай алмаса, мұғалім тексеріс барысында осы жағына ерекше назар аударуы керек). Төменгі сыныптарда „Әдеби қонақжайда“ атты пікірлесу өткізуге болады. „Қонаққа“ оқылған шығарманың бас кейіпкерлері келеді. Қонақжай күтушілерімен олардың әңгімесі сол оқылған шығарма айналасында өтеді. Қонақтар кім, қай кейіпкер екенін үй ішіндегілер бірден білмейді, кейіпкерлер өздерін көркем шығармадан үзінді келтіре отырып, таныстырады жүргізеді. Яғни кейіпкер сөзінен, не іс-әрекетінен мысал келтіреді. „Үй иелері“: „О, мырзам, Сіз, қателеспесем, Хамит екенсіз ғой, Сәкен ағаның „Бандыны қуған Хамитындағы“, иә, есімде. Сізді мен орманда бандымен жанталас күрес үстінде көрген едім“ дегендей сөздермен қарсы алуы керек. Әрине, кейіпкерді таныса, таба білсе. Танысу осылай жүрген соң, ары қарай шай ұсыну да шығармадағы оқиға, сөздерге құрылады. Енді „үй иелері“ сұрақ қояды: мысалы, Хамит аға, сол жылдары бандыға қалай тап болдыңыз?, немесе, өзіңізбен алысқан банды туралы не айтасыз? дегендей. Бұл тәсіл төменгі сыныпта тиімді болмақ. Үнемі бақылау, тексеру, әсіресе, төменгі сынып оқушыларын, сөз жоқ, қажытады, сондықтан ойын элементін пайдалану әрі қызықты, әрі жемісті болып келеді. Бала шаршамайды, ынтамен қатысады. Мұғалім алдын

ала туындыны оқуға ұсынған кезде балаларға ескерту жасаса (яғни оқып болған соң, „Әдеби қонақжай“ өткіземіз деп), сөз жоқ, балалар туындыны түгел оқуға тырысады. „Әдеби қонақжайды“ бір шығарма емес, бірнеше шығармаға негіздеп өткізуге де болады (әсіресе, сыныптан тыс оқу сабағында). Көркем туындыны оқуды ұйымдастыру, әрі бақылау жасауда баланы жалықтырмау, қажытпау керек. Ол үшін мұғалім қызықты, тиімді жолдар ізденгені дұрыс.

Көркем мәтінді оқып-үйрену және талдау жұмыстары

Көркем мәтінді оқу барысында оқушыларды, сөз жоқ, ең алдымен, оқиға желісі, кейіпкерлер тағдыры қызықтырады. Соған байланысты олар қуана, қайғыра біледі. Тіпті, сезімтал балалар сол кейіпкерге ұқсағысы келеді, өзіне ұнаған кітабы мен кейіпкерлерін бүкіл өмір жолында жүрегіне сақтап, оны тұмардай қастерлеу де жиі кезігеді. Бұндай мәселелер — жаңалық емес, өмір тәжірибесінде анықталған дүниелер. Міне, осы көркем туындыны өз беттерімен оқу кезеңдерінде ең басты мәселе оқушылар назарынан тыс қалады, яғни шығарма авторы, оның осы туындыны жазған кездегі ойы, мақсаты оқиғалар мен кейіпкерлер іс-әрекетінің көлеңкесінде қалып қояды. Мұғалім мақсаты — талдау кезінде шығарма негізінде жатқан проблема, оның басты ойы, тілі сияқты сол көркем туындыны құрып тұрған көркем компоненттер туралы сөз қозғау болып табылады. Көркем туынды оқу сияқты, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Көркем туындыны талдау, әрине, мұғалім басшылығымен жүргізіледі, ең басты қызмет те мұғалімдікі. Дегенмен, талдау оқушылардан да көп нәрселерді талдау дағдыларын, іскерлігі, машықтарын талап етеді. Мұғалім талдау барысында ең негізгі екі түрлі қызмет атқарады: 1. Көркем туынды көтерген проблемалар, автор ойы, оның көркем компоненттері туралы, яғни талдау нені талап етеді, соны орындату. 2. Оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби талдауды үйрету қызметін атқарады. Әдеби талдауға баулу жүйелі де сабырлы еңбекті талап етеді. Мұғалімнің талдауға қандай әдіс-

тәсілдер қолданып, оны қалай тиімді ұйымдастырғаны ғана шешуші рөл атқарып қоймайды, сонымен қатар баланың көркем туындыны оқу кезіндегі қабылдауы, алғашқы әсері де үлкен рөл атқарады. Көркем туындыны талдаудың күрделілігі, қиындығы да осында. Қорыта келгенде, талдау мұғалімге байланысты дүние ғана емес, оның алдындағы оқушыларға да тікелей байланысты (көркем туындыны қабылдауы, дүниетанымы мен ой өрісі, сезім дүниесіне де байланысты).

Талдау барысында мұғалім сондай-ақ, оқушыларды көркем туындыға байланысты алғашқы әсерлерін толықтыруға, көркем сөз құдіретін түсіне білуге, әр шығарма негізінде үлкен ой, үлкен мәселе жататынын аңғара білуге баулиды.

Көркем мәтінді талдау жолдары

Көркем мәтінді талдау арқылы мұғалім баланың көркем сөзді түсіне білуіне, оған деген ынтасына да әсер етеді. Бірте-бірте оқушы өмірді түсіне бастайды, өзіндік көзқарасы қалыптасады, тұжырымдап айтқанда, көркем шығарма оқушының жеке басының қалыптасуына да ерекше әсер етеді. Көркем туындыдан ләззат алу, оған бойлау оны талдай білуге де байланысты. Талдаудың тиімді әдіс-тәсілі ретінде тәжірибеде кеңінен пайдаланылып жүрген бір түрі — жан жақты талдау.

Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Әсіресе, бұл талдау кейде мәтіндік талдау деп те аталады. Жан-жақты талдау уақытты көп алады, дегенмен, оның тиімділігі көркем туындыны жаңды бір организмдей тұтас қарастырады. Шешуші бір эпизодтар, не суреттеу, баяндау, кейіпкер монологі, сөйлеу тілдері негізге алынады. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, ол үнемі мәтінге жүгініп отырады. Сондықтан мұғалім көркем туынды идеясын ашатын оқиға, эпизодтар, кейіпкерлер сөзі, іс-әрекеті, оны ашатын мәселелерді назарға алып отырады. Мысалы, М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясындағы Құнанбай бейнесін, оның негізінде жатқан басты проблемаларға барар жолды айқындайтын алтын кілт ретінде мына бір көріністі алуға болады:

Байдалы:

„... Әне бір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар,

барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы: "Жә, өзіміз көргенде мырза кім?" дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп, сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ-ты. "Мырза кім?" дегенге Қаратай жауап беріп: "Мырза – Құнанбай", – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: "Шешен кім?", – деді. Тағы Қаратай жауап беріп: "Шешен – Құнанбай", – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: "Жақсы кім?" десті. Әлгі Қаратай жауап беріп: "Жақсы – Құнанбай" – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп, "Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің?" – деп, Қаратайға қадала түсіп: – Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен", – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: "Уай, тәйірі-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып, алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ "не қылайыны" жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?" – деді." (Эпопеядан үзінді.)

Әрине, Құнанбайды ашатын эпизодтар көп. "Қодар мен Қамқа өлімі" немесе "Әмірді жазалау" сияқты үлкен оқиғалар-ақ Құнанбайды ашып бере алады. Дегенмен, М.Әуезов сомдаған ақылды, шешен, әрі талмас-таймас бір бет Құнанбайды, қу, әккі Құнанбайды, жақсы қасиеті мен жамандығы астасып келіп жатқан Құнанбайды ашатын негізгі кілт осы эпизодта сияқты. Ал эпопеядағы ескі мен жаңаның, прогресс пен құрып, бітіп бара жатқан феодалдық заманның күресін, оның негізіндегі автордың идеясын ашатын бір эпизодқа "Қияда" бөліміндегі Абай мен Құнанбай диалогін, сондай-ақ "Еңісте" бөліміндегі Әмірді өлімнен құтқарған кездегі Абай — Құнанбай арасындағы қақтығыстарды жатқызуға болады:

Абай

Құнанбай

<p>Тоқтат! Өлтіртпеймін! Алла, шеңгелінде қан. Тағы қан! Бұларды шарифат та қосады. Бір кезек, сол шарифат жолы деп, бір нақақ қан төгіп ең... Болсын солай!</p>	<p>Аузыңда азғын! Аздырарсың, сен бе! Аздырарсың! Сенен, бәрі сенен! Ә-ә, солай дедің бе, жеттің бе соған?! Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда...</p>	<p>– Арам! Шық, жоғал көзімнен, – Аздырарсың, сен бе! Аздырарсың! Сенен, бәрі сенен! – Ә-ә, солай дедің бе, жеттің бе соған?! Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда...</p>
--	---	---

Менен! Неге өлмейсің тыны – Айттым, аталық қарғысым-шыңмен сен! Заман сенікі ды... (II кітап, 609-бет). емес, менікі! Нең бар?

Бұл диалогте Абайдың „Заман сенікі емес, менікі!“ деген бір ауыз сөзі шығарма негізінде жатқан авторлық идея, көзқарасты ашып тұрғаны – даусыз мәселе.

Мәтіндік талдаулардың күрделілігі сол: мұғалім осындай „жайды“, сөздерді, эпизодтарды дөп таба білуі қажет. Эпопеядағы Абай бейнесі арқылы жазушы XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ даласы, онда басталған прогресс дәнін, халық даналығын, халық ақылын, халық гуманизмін, өнерін — „атаның емес, адам ұлы бола білуді“ көрсетуді мақсат еткен. Автор идеясын ашатын эпизодтардан алынған бұл мысалдар осы мәселелерді нақты көрсетіп тұр. Мәтіндік талдауда оқушылардың шығармашылық жұмыстарына ерекше көңіл бөлу керек. Оған мәтін бойынша инсценировка жасату, суреттер салғызу, сценарийлер жазғызу т.б. жұмыстар жатады. Мысалы, Қодар мен Қамқа өлімін суреттейтін эпизодтар бойынша сценарий жазғызуға, Әмірді арашалауға инсценировка жасатуға болады. Қай шығармада қандай тапсырма беруді мұғалім өзі ойластырады. Сынып ерекшелігіне, балалардың қабілетіне байланысты тапсырма түрі де өзгеріп отырады.

Талдаудың келесі бір түрі – шолу бағытындағы талдаулар. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, мұғалім көркем туындыны жалпылама, шолу бағытында қарастырады. Проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды. Көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қамтылады. Оқушылар көркем мәтінмен емін-еркін жұмыс істей алады. ✓

Талдаудың тағы бір түрі — белгілі бір мақсат, бағытты алдына қойып, соны айқындау үшін жүргізілетін сұрыптап талдаулар (сұрыптап талдау деуге болады). Бұл талдау көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады. Мұғалім шығарма негізіндегі ең басты проблемаларды сұрыптай отырып, талдауды соны шешуге бағыттайды. Мысалы, „Қараш-Қараш оқиғасы“ бойынша „Бақтығұлдың ең басты қателігі неде?“ немесе „Отырар дастаны“ (М.Шаханов, 5-сынып) өлеңі бойынша „Шыңғыс пен оның әулетінің Отырарды 6 ай бойы ала алмау себебінің негізін қалай түсіндіруге болады?“ деген проблемалық сұрақтарға жа-

уап беру үшін, оны ашатын эпизодтар, оқиғалар сұрыпталып алынады. Сондай-ақ, М.Мағауиннің „Бір атаның балалары“ әңгімесін талдауда „Ертай мен Нартай өлімінің басты қылмыскері кім?“ деген проблемалық сұраққа уәж айту үшін, әңгіме ішіндегі бір эпизод, бір оқиғаға ғана сүйенбей, бірнеше мәселелерге назар аудару керек. Соғыс, балалардың жетім қалуы, асырап алғандардың оларды, яғни ес білген балаларды егіздігіне қарамай, бөліп алуы, үлкендердің өтірік айтуы (біздің баламыз-сыңдар деп), барлығы да бірігіп келіп, осы сұраққа жауап беруге жетелейді. Талдауды осылай топтау, шынына келгенде, шартты нәрсе. Тәжірибеде көркем туындыны талдау барысында олар бірігіп, араласып келіп жатады. Төменгі сыныптарда шағын бір әңгімеге бірнеше сағаттар бөлінеді де, мұғалім мәтінмен жұмыстың алуан түрін жүргізе алады (мәнерлеп оқу, мазмұндау, пікірлесу, т.с.с.). Ал жоғары сыныптарда әдебиеттің ірі тұлғасының шығармасының өзіне арнаулы ғана сағаттар бөлінеді. Мысалы, М.Әуезовтей ірі тұлға шығармашылығына 12 сағат бөлінген. Шындап келгенде, сол 12 сағат „Абай жолын“ талдауға да жетпейді. Міне, осындай жағдайларда мұғалім талдаудың барлық түрлеріне де жүгінеді. Мәселен, кейіпкерлерді сөз ету барысында, әсіресе, мәтіндік талдаулар үлкен рөл атқарады. Мысалы, жастар бейнесінің басында тұратын Абай екен гуманизм, өнер дәнінің мұрагері, болашақ сәулетті заманның бас өкілі ретінде сомдалған Дәрмен бейнесін ашуда мынадай жұмыстар жүргізіледі:

Бірінші топқа:

Мына үлгіні пайдалана отырып, Әбіш, Дәрмен бейнесіне әдеби талдау жасауға талаптан.

Екінші топқа:

Әбіш, Дәрмен туралы Абайдың пікірі мен көзқарасы	Әбіш, Дәрмен туралы достарының пікірі	Әбіш, Дәрмен туралы үстем тап өкілдерінің пікірі	Әбіш, Дәрмен туралы өз пікірің
--	---------------------------------------	--	--------------------------------

Мына үлгіні басшылыққа алып, Әбіш пен Дәрменнің саяси өресі, өмір, қоғам, өз ортасы жайындағы дуниетанымдарын бағдарлау (мәтіннен үзінді ала отырып).

1. Өмірдегі мақсат-мұраттары.

2. Халық, кедейлер туралы көзқарастары, қарым-қатынастары.

3. Өнер, білім, болашақ туралы пікірлері.

Әбіш

Дәрмен

Е с к е р т у: Бағандар эпопеядан алынған нақты мысалдармен толтырылады.

Көркем шығармаларды оқып-үйрену жұмыстары оқушыларға көркем туынды жайында ғана мәліметтер, яғни білім бермейді, ең бастысы, олардың дағдысы, оқу машықтары, іскерліктерін қалыптастырып, дамытады. Мұғалім проблемалық сұрақ қоя отырып, оқушыларды оны шеше білуге жетектейді, оқушылар мәтінге жүгінеді, өз ойларын, болжамын айта білуге дағдыланады. Немесе инсценировка, сценарийлер арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға әсер етеді. Проблемалық сұрақтар оқушыларды өз беттерімен ізденуге жұмылдырады, салыстыру, қорытынды жасай білу дағдыларын жетілдіреді. Әдеби талдауда мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілді пайдаланады. Мысалы, төменгі сыныптарда мазмұндау, әңгімелеу, пікірлесу сияқты сөздік әдістеріне мұғалім жиі жүгінеді. Сол арқылы оқушыларды мәнерлеп оқуға, мазмұндатуға, оқығандарын әңгімелеп, баяндап беруге жетектейді. Сұрақтар қоя отырып, дәл, нақты жауаптар бере білуге, т.с.с. жұмыстарға да баулиды. Қорыта айтқанда, мұғалім талдауда қандай бір әдіс-тәсілдерге жүгінсе де, ол солар арқылы оқушыларға білім беру процесін ғана жүзеге асырмайды, ең бастысы, біліммен қоса, іскерлік дағдыларының қалыптасып, дамуына да зор әсерін тигізеді.

Көркем шығармалармен жұмыстың қорытынды кезеңдері

Көркем шығарманы талдауға берілген сағаттарды мұғалім қай талдау түрімен жүргізбесін, қандай әдіс-тәсіл пайдаланбасын, соның ішінде қорытынды жұмысқа арнайы сағат бөліп, қорытынды сабақтарды өткізудің маңызына ерекше көңіл бөлуі керек. Қорытынды

жұмыстарда оқушылар мәтінді қайталап оқып, не болмаса уақыттың бәрін оны талдауға жұмсайды. Балалар оқыған дүниелеріне қайта айналып соғады. Хамиттің жеңіліп қалғанына өкінеді (С.Сейфуллин. „Бандыны қуған Хамит“). Сатқын Қарашоқыға кіжінеді, Қайырханның ерлігіне сүйсінеді (М.Шаханов. „Отырар дастаны“). Оқушы санасында бәрі қайта жаңғырады. Әрине, сезімдері, әсерлері алғашқыдай, алғашқы табысудай болмаса да, бала қорытындыда шығармамен қайта табысқандай болады. Қорытынды жұмыстарда оқыған көркем туындының мазмұны емес, оның идеясы, тақырыбы, көркем тілі, маңызы туралы мұғаліммен бірге отырып, бір тұжырым, қорытындыға келеді. Қорытынды оқушылардың бұрынғы білімін жаңғыртып, эмоциясына қайта әсер етумен шектеліп қана қоймай, оларды тың мәселелерге де жетелейді. Мысалы, 7-сыныптағы Ғ.Мүсіреповтің „Ананың арашасы“ әңгімесіндегі қорытынды жұмыстарды мына мазмұнда жүргізуге болады:

1. Оқушылардың эмоциясына, сезім қылына әсер ету, әрі осы әңгіме негізінде жатқан негізгі идея, тақырыпқа алдын ала назар аударту мақсатында М.Горькийдің „Мақтасақ, әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді, әйел — ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?!“ — деген сөздерін көркем етіп жазып қою, сондай-ақ сабақ алдында (үзіліс кезінде, оқушылар кабинетке келіп жатқан мерзімді пайдаланып) күйтабақтан „Ана“ туралы әндер тыңдау.

2. Ең басты оқиға, негізгі эпизод (идеяны ашатын) — Антоновтың Нағима ананы жазалауынан шағын инсценировка дайындау, соны көрсету. Әсіресе, Нағима ананың: „Бәріңнің де шешелерің бар шығар, тек біреуіңнің де шешелерің мынандай ақ топалаңның қолына түсе көрмесін деп, тілеп өлем. Мен үш ауыз құрметті сөз естіп, өлгелі тұрмын... Ана... Азамат... Жолдас... бұл сөздер үшін өкінбей-ақ өлуге болады“ деген монологіне ерекше назар аудару керек.

3. Әдеби айтыс, пікір таласына жетелейтін сұрақтар әзірлеу, оны пайдалану (негізгі мақсатты сол арқылы жүзеге асыру).

а) Әңгіме неге „Ананың арашасы“ деп аталады? „Нағиманың арашасы“, „Әйел арашасы“ деп атауға да болады ғой! „Ананың арашасы“ деп ат қойғандағы жазушы мақсаты не?

ә) Антонов әскерлерінің Ананы өлтірмеу себебін қалай түсіндірер едің? Қанға тоймайтын „ақ топалаңдар“ Нағима ана алдында неге әлсіз?

б) Антоновтың өлімі туралы не айтар едіңдер?

в) Нағима ана жеңісінің мәні, себебін ойлан.

4. Сабақтың соңғы кезеңдерінде жазушының М.Горькийден аударған „Ана кесімі айнымайды“ әңгімесі бойынша сөз қозғап, сатқын баласын Ананың өз қолымен өлім жазасына кесуін әңгімелеу. Соңғы сөзді оқып, осы екі әңгімедегі Ана бейнелері туралы пікірлесуге шақыру. „Барлық елде, әр заманда, барлық қанішерлер үшін! Барлық қанішерлер барлық елден, барлық анадан осы кесімді ғана күте алады!“ (новелладан үзінді).

Пікірлесу сұрақтары:

1. Қай ананың іс-әрекеті сені қатты толқытты?

2. Қайсының іс-әрекеті әрі ауыр, әрі әділ?

3. Қай анаға бас иесің? Пікіріңді мәтіннен үзінді ала отырып, дәлелді түрде білдір.

4. Екі әңгімедегі автор идеясында үндестік бар ма?

5. Соңғы әңгімедегі ана шешіміне қосыласың ба?

Бұл жұмыстар салыстыру, өз беттерімен іздендіруге, әрі оқыған шығармаларын талдай білуге жетелейді, әрі бір тақырыпқа жазылған екі әңгімедегі екі жазушының көтерген проблемасына, шешіміне ой жүгірткізе отырып, әрбір туынды негізінде жататын авторлық ой, олардың көтерер жүгі, айтар мәселесі туралы оқушыға ой тастауға, көркем туынды туралы түсінігін кеңейтуге жәрдемдеседі. Осы қорытындыда Ғ.Мүсіреповтің ана туралы әңгімелеріне берілген сыншы, әдебиет зерттеушілерінің бағасы оқылса (не жазылып қойса), ол да тиімді болған болар еді. Оқушылар талдау негізінде алған білімдерін ғылыми пікірлермен толықтырар еді, жазушыға, оның шығармашылығына деген қызығушылығы беки түсер еді. Жоғары сыныптарда қорытынды жұмыстар онда атқарылатын мәселелерімен күрделене түседі. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің „Кездеспей кеткен бір бейнесін“ неге поэма деп атаймыз? Ол қарасөзбен жазылған ғой. Автор неге бұл туындысын поэма деп атаған? Әдебиет тарихында қарасөзбен жазылған шығармаларын поэма деп атағандар бар ма? деген сияқты сұрақтар біршама ізденуді талап етеді де, әңгіме негізіндегі автордың идеясы, эстетикасы, шешімі, танымы айналасында оқушыларды қорытынды жасауға әрекеттендіреді. М.Әуезовтің

драмаларын, соның ішінде „Қарагөз“, „Еңлік — Кебегін“ қорытындылау кезінде мұғалім қосымша материалдарды пайдаланады. Мысалы, Т.Жұртбаевтың „Бесігіңді түзе“ атты портрет-эссесіндегі бұл шығармалардың тарихи негізі туралы жазғандарын, жазылу тарихын сөз ету, „Еңлік — Кебек“ туралы Х сыныпта өтіп кеткен Шәкәрім дастанын, „Абай жолы“ эпопеясының „Абай аға“ бөлімі бойынша жастарды мола басына алып барып, Абайдың „Еңлік — Кебек“ тарихын сөз етуін (осы жерді эпопеядан оқу керек) осы қорытынды сабақта пайдаланудың маңызы зор. Мынандай топтық жұмыстар беріледі (алдын ала берілетін тапсырмалар).

I топ:

1. С.Ордалиев, Р.Нұрғалиевтің („Трагедия табиғаты“) М.Әуезов драмалары туралы, соның ішінде „Еңлік — Кебек“, „Қарагөзі“ туралы пікірлерін жинақтап, сол бойынша мынандай жұмыс орындаңдар:

а) Кімнің пікірі өзіңе жақын? Не себепті жақын, соны дәлелде?

б) Бір тақырыпқа жазылған екі туындының үндестігі, басты айырмашылығы, автор шешімі туралы сыншылар қандай пікір айтады? Сол бойынша өз ойларыңды, пікірлеріңді жинақтаңдар.

б) Трагедия жанры туралы әдеби-теориялық ұғым оларда қалай берілген?

в) Сабақтан өз беттеріңмен осы тапсырмаға қайта оралып, оқулықта не айтады, мұғалім түсінігі не дейді, оларды сыншылар пікірлерімен салыстырыңдар да, өз беттеріңмен қорытынды жасаңдар (кім қандай мәселеге тоқталады, сеніңше қайсысының пікірі тереңірек).

II топ:

Т.Жұртбаевтың „Бесігіңді түзе“ атты портрет-эссесі бойынша М.Әуезов трагедияларының тарихи негізі туралы сөз қозғау.

а) Тарихи оқиғалар сол қалпында алынған ба? Әлде қандай мәселелерге ғана назар аударылған?

ә) Автор қиялынан туған бейнелер, оқиғалар бар ма? Олардың негізіндегі автор ойы, идеясы туралы қандай болжам айтар едің?

б) Тарихи шындықты жазушы көркем шындыққа қалай жеткізген?

III топ:

„Еңлік — Кебек“ трагедиясын Шәкәрімнің „Еңлік — Кебек“ дастаны мен М.Әуезовтің „Абай жолындағы“

бұл оқиғалар туралы жастарға айтқан Абай әңгімесімен салыстыру.

а) Ортақ ұқсастықты табу.

ә) Өзіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғау.

б) Қайсысы тарихи шындыққа жақын? Оның себебін дәлелдеу (болжам жасау).

Жоғары сыныптарда осындай жұмыстар арқылы қорытынды сабақ өткізудің тиімділігі неде?

1. Оқушылар оқып кеткен шығармасына қайта үңіледі, оған басқа мақсат, басқа көзқараспен қарай бастайды.

2. Өз беттерімен іздену жұмысына кіріседі, проблемаларды шешуге бұрынғы білімдерін, икем-дағдыларын жұмылдырады, оны жаңа біліммен ұштастырады. Жаңа білімдерін проблемаларды шешуге жұмсайды.

3. Мұғалім оқушылардың алған білімдерін жаңа, тың мәселелер көтере отырып, толықтырады, байытады, әрі сол білімді өз ізденісі, шығармашылық жұмысы арқылы алуды ұйымдастырады.

4. Оқушылардың икем-дағдысы, іскерлігін арттыру жұмыстары жүреді.

5. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік, ғылымилық принципі тоғыса келіп, оқушыларға терең білім беру жүзеге асады.

Қорытынды сабақтарды қалай ұйымдастыру әр мұғалімнің ізденісі, шеберлігіне де байланысты болмақ. Көркем мәтінді талдау жұмыстарын тиімді жүргізе білу, оның тиімді әдіс-тәсілдерін іздене білу әдебиетті оқытудың ең басты мәселелерінің кілтін таба білумен барабар болмақ.

5. Ақынның көңіл-күйіне өзінше бағдар жаса (өлеңде қуаныш, шаттық бар ма, немесе көңілсіздік басым ба?).

Жаңа сабақ бастар алдында осы сұрақтар негізінде оқушымен пікірлесіп, әңгіме жүргізіп, ең алдымен өздері не ойлайды екен, алған әсері қандай, міне, осы мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн. Осындай жүйелі жұмыстар оқушыларды еріксіз көркем шығарманы оқуға итермелейді, одан алған әсерін, ол туралы ойын да айта білуге дағдыландырады. Көркем мәтінді оқу баланың сол шығармамен, оның авторымен жеке сырласуы, кездесуі болып табылады. Оқу алдында балаға шығарма авторы туралы қызықты мәліметтер айту, бар болса, фильмнен фрагменттер көрсету немесе күйтабақтан даусын тыңдап, суреттер көрсету баланың шығарманы оқуға де-

ген ынта, ықыласына, сөз жоқ, әсер етеді. Көпшілік мұғалімдер балалардың, әсіресе, лирикалық шығармаларды оқуға деген ықыласына әсер ету үшін, сабақ алдында... „поэзиялық 5 минуттықтар“ өткізеді. Бұл “5 минуттықтар” ірі қаламгердің мерейтойы кезінде (мысалы, Абайдың 150 жылдығы т.с.с.) ұйымдастырған тіпті тиімді болмақ. Немесе, сабақтың бір кезеңінен екінші кезеңіне өту барысында „ай..., толғаныс, тебіре-ніс“ атымен поэзиялық тыныс алу сәттерін өткізуге болады. Бұл жұмыстар өтіп жатқан тақырыппен үндесіп келсе, тіпті тиімді болмақ (мысалы, Ұлы Отан соғысы кезіндегі әдебиет тақырыбын өту кезеңінде соғыс туралы соңғы кездерде жазылған ақындар өлеңін оқу, не әнімен орындатқызу т.с.с.). Баланың көркем мәтінді оқуға деген ынтасын арттыру, оны оқырман етіп тәрбиелеу әр мұғалімнен шығармашылық еңбекті талап етеді, сондықтан да бұл мәселені әр мұғалім өзінің ізденісі, шеберлігі арқылы әр түрлі жолдармен шеше алады.

Әдеби шығармаларды, көркем мәтінді оқыту, талдау жолдары

Көркем мәтінді оқу жұмыстарын ұйымдастыру.

Мектепте әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем мәтінді оқу мен талдау жұмыстары болып табылады. Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу — әдебиет мұғалімінің де ең негізгі қызмет, мақсаты. Оқу мен талдау — бір ананың егіз баласындай, жанды бір организмдей туыстас, әрі бірліктегі мәселе. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу әр оқушының өз еңбегіне, оны қабылдай білу, түсіне білуіне, яғни әр баланың қабілеті, дарыны, ой-өрісіне байланысты жүреді. Көркем туындыны кім қалай қабылдайды, ол туралы қандай пікірде болады — ол әр оқушының өзіне байланысты жүзеге асады. Әдебиет мұғалімінің әдебиетті оқыту әдісінің ең қайнар бұлағы осы көркем туындыны оқуға деген оқушы ынтасы, қызығушылығын арттыру, әрі оқырман тәрбиелеу болып табылады. Оның ең бір тиімді жолы — үнемі бала пікірін, ойын тыңдау, онымен есептесіп отыру, жаңа өтілетін тақырыпты сол сабақ үстінде ғана хабарлап, таныстыру емес, алдын ала жүйелі сабақтар, тапсырмалар бере отырып, оқыту болып табылады. Бұл жұмыс төменгі сыныптан, яғни V сыныптан басталып, жүйелі жүріп отыруы керек. Мысалы, V сы-

ныпта Абайдың „Күзін“ сыныпта талдап, оқу алдында оны үйден оқып келу тапсырылады. Лирикалық шығармаларды оқу, қабылдау әрі ол туралы пікірі, ойын айту — аса күрделі мәселе (әсіресе, төменгі сынып оқушылары үшін). Жалпы бұл жерде айта кететін жағдай — қай шығарма болсын, мұғалім бар баланың ол туралы ойын біліп үлгере алмайды. Сондай-ақ бар бала да өзі оқыған туынды туралы сезімі, әсерін сол қалпында жеткізеді деу де қиын дүние. „Күз“ өлеңін өз бетімен оқу үшін, мынадай көмек-нұсқау үлестірмесін ұсынуға болады (сабаққа дейінгі тапсырмалар):

1. Өлеңді асықпай, әр сөзіне назар аударып отырып, оқып шық, бірнеше рет оқысаң, тіпті жақсы.
2. Күз суреті берілетін сөздерге назар аудару.
3. „Күздегі“ адамдар іс-әрекеті, әсіресе, кедейлер тірлігін еске сақта.
4. Өлеңді оқи отырып, қандай көңіл күйде болғаныңды айтып беруге тырыс.

Көркем шығарманы талдау сынып ұжымының қатысуы арқылы жүргізіледі. Талдауда мұғалім көпшілік балалардың пікірімен, ойымен танысуға мүмкіндік алады. Әрі бұл жұмыста мұғалімнің басшылық — „көсемдік“ орны да ерекше. Оқу баланың тікелей өз еңбегі, өз ісімен жүзеге асса, талдау мұғалім арқылы, оның ұйымдастыруы, ойластыруы арқылы іске асады. Талдауда оқушының жеке жұмысы ұжымдық жұмыспен үндеседі, байланысады да, бір мақсатты көздейді. Ол қандай мақсат? Біріншіден, оқушының көркем туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын танып-білу, оларды дамыту мақсаты. Екіншіден, көркем шығармаға деген эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, көркем туындыны өнер туындысы ретінде түсінуіне әсер ету.

Үшіншіден, талдау арқылы оқушының танымын, қабілетін, қорыта айтқанда, оның ойлау белсенділігін, бүкіл іс-әрекетін дамыту. Сондай-ақ ең басты мақсат — көркем туындыны талдау жолдарын меңгерту, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі, оның көтерген тақырыбы, образды жүйесін т.б. бірлікте, кешенді түрде қарастыра отырып, талдауға баулу.

Талдау кезінде оқушылардың сол көркем туынды туралы сезіміне, жүрек лүпілі, ойына мұғалім біршама ене алады. Ол үшін қойылатын сұрақ, тапсырма мазмұны нақты, әрі басты мақсатты ашатындай берілуі тиіс. Талдау арқылы оқушы қабылдауын, пікірін ашудың бір жо-

лы – жазбаша жұмыстар жүргізу. Соның ішінде **шығарма-талдау, шығарма-сырласу, шығарма-пікірлердің** маңызы зор. Мысалы, М.Мағауиннің „Бір атаның балалары“ атты еңбегін оқып болған соң, шағын ғана **шығарма-толғаныс** жаздыруға болады (талдауға дейін). „Маған Ертай мен Нартайдың қазасы қалай әсер етті?“ немесе „Балалар қазасы. Ол туралы ойлансаң...“ т.с.с. Оқушы шығармасын тілге тиек ете отырып, талдауды осыдан да бастауға болады. Мұғалім әрі баланың сезіміне бойлай алады. Әрі сол сезімдер арқылы, оқушы қабылдауы арқылы оларды әдеби талдауға жұмылдырады, белсенділіктеріне де ықпал жасайды (талдау белсенділігі). Бұдан шығатын қорытынды: әдеби талдауды мұғалім ең алдымен оқушы сезімі, сол шығарманы қабылдау барысымен таныса отырып, соның негізінде жүргізулері керек. Яғни көркем туындыны оқушының қабылдауы мен оған әдеби талдау жасау бірлікте ұйымдастырылғаны жөн. Жоғарыда сөз болған „Күз“ өлеңіне әдеби талдауды мына сұрақтармен жүргізуге болады. Сезімі, қабылдауына байланысты сұрақтар жоғарыда берілген, сол бойынша әңгімелесіп алғаннан кейін, мына сұрақтар қойылады:

1. Неге „Күз“ суреттері өздерің айтып жатқандай, „түсі суық сұр бұлт“, „дымқыл тұман“... „жапырағынан айырылған қурайлар“ арқылы беріледі?

2. Қалай ойлайсың, „Күзді“ сипаттау үшін, кедей өмірі неге суреттелінген?

3. Өлең неге жабырқаңқы көңіл күймен, ақынның көңілсіз үнімен жазылған? Осы арқылы өлеңдегі ақын мақсатын, ойын ашып бере аласың ба?

Кей жағдайларда оқушы әсері, сезім-күйін байқау сұрақтары мен талдау сұрақтары ұштастырылып беріледі (жоғарыда екеуінің бөлек құрастырылған үлгісі берілді). Бірақ мақсат – біреу. Екі сұрақ бір-бірінен туындап, бір-бірін толықтырып отыр. Оқытудың ілеспелі (последовательность), жүйелік принциптері әдеби шығармаларды оқу, талдауда ерекше орын алады. Мысал ретінде осы 5-сыныптағы Ә.Сәрсенбаевтың „Алтын күз“ өлеңін талдау, сұрақ-тапсырмаларының үлгісін берейік (оқушы сезімін байқау, әрі талдау мәселелері бірге қарастырылып отыр).

1. Күзді сипаттайтын бейнелі сөздер, сөз тіркестеріне назар аударыңдар. Абайдың „Күз“ өлеңіндегі бейнелі сөздері мен Әбу ақынның күзді суреттейтін сөздерін мына үлгіде теріп жазыңдар:

Абай

Әбу

- | | |
|---|--------------------------|
| 1. Сұр бұлт, түсі суық... | Алтын күз, сұрғылт |
| 2. Адамдар, жан-жануарлар іс-әрекетін де салыстырыңдар: | тартқан, жасыл барқыт... |

Абай

Әбу

- | | | |
|----------------------------------|---------|------------------------------------|
| „Жастар жүгірмес, бала шулай...“ | күлмес, | „Байлықтың жасаушысы мен еңбекші“. |
| | | „Майға бөгіп өрісте мал“ |

Е с к е р т у: Талдау осы үлгіде жүргізіледі, өздері толтырады.

3. Екі өлеңдегі екі ақынның көңіл күйін, сондай-ақ өз көңіл күйіңді де саралап көр.

Мына үлгіні басшылыққа ал:

Ақындар	Ақын көңіл күйі	Өлеңдегі адамдар көңіл күйі	Өз көңіл күйің
1. Абай	Көңілсіз, жабырқаңқы кедейлерге жаны ашиды.	Тіршілік иесінің бәрі бүрсең қағып, пана іздейді, сұрықсыз, көңілсіз күйде.	Жаның ашиды, кәрілерді аяйсың, өзін де тоңғандай әсер аласың.
2. Әбу	Көңілді, шаттық, қуаныш, мақтаныш бар.	Адамдардың бәрі де бақытты, қуанышты.	Көңіл күйің көтеріңкі, алтын күздің ішінде сайран салғандай, сен де тойынғандай боласың.

Е с к е р т у: Бұл сұрақтардың бәріне жауапты жазбаша беру міндетті түрде емес, үлгісін көрсете отырып, ауызша жүргізуге де болады.

Оқушының көркем туындыны қабылдауын, талдауын, пікірін айта білу дағдыларын дамытуда қосымша материал пайдаланудың маңызы зор. Мысалы, М.Әуезовтің „Көксерек“ әңгімесін оқуға беру алдында Джек Лондон-

ның „Ақазуы“ туралы әңгіме қозғау, немесе ХІ сыныпта жазушының алғашқы әңгімелерін оқуға ұсыну алдында Т.Жұртбаевтың „Бесігінді түзе“ портрет-эссесіндегі материалдарды (яғни „Қорғансыздың күні“, „Оқыған азамат“ әңгімелерінің өмір шындығынан алынғандығы) қосымша оқуға беру, ол туралы арнайы әңгіме қозғаудың маңызы ерекше. Сын-зерттеу еңбектерінен көркем туынды туралы жақсы пікірлерді оқып беріп (көрнекілік ретінде жазып қоюға болады, немесе оқуға берілгелі отырған шығарманы күйтабақтан тыңдату, бар болса) немесе ол туралы салынған сурет, иллюстрациялармен таныстыру да тиімді болмақ. Бұлардың барлығы оқушылардың сезіміне әсер етіп, ой туғызады, оқушы сезіміне әсер етіп, көркем туындыны қабылдау процесіне, сөз жоқ, игі ықпал етеді. Сондай-ақ қарама-қарсы пікірлер, не эпизодтарды, оқиғаларды да сәтті пайдалана білудің тиімділігі бар. Мысалы „Абай жолы“ эпопеясындағы әйелдер бейнесін оқу, талдау барысында осындай тәсілдерді көп пайдалануға болады. Бөжей бейнесіне талдау жасау барысында оқушыларға оның да рулық-патриархалдық қоғамның бір өкілі екенін дәлелдеу үшін, сол туралы оқушыларға ой салу мақсатында Бөжейге қатысты Абайдың бірнеше пікірін мысалға келтірген дұрыс.

1. „Бөжейді іштей жоқтап, оған іштей тілектес болып жүрген Абай оны халық ұлы деп жоқтай ма, әлде әкесінен жапа шегуші деп қана жоқтай ма? — деген оқушыны ойлантатын сұрақ-жауапқа жетелеу үшін, Бөжейдің Кәмшат өлімі туралы мына сөзін мысалға келтіруге болады. *“Сыныққа сылтау таба алмай отырған Құнанбай ғой. Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті берсем де, басым сырықтан арылар ма еді?”* Кінәләса, құн тілесін енді менен. Бірақ тек әлі жетсе алып көрсін! — деп, Бөжей бір-ақ томырылды”. (Эпопеядан үзінді. 1-кітап.) Құнанбайдың Кәмшат жайын естіп-біліп, Абай наразылығына байланысты айтылған: *„Менің балам адамзат шаласы емес, өштескен қасқырдың күшігіндей көрінгені ғой. Көрге бірге кететін жаулық десеңші мынаны, аузына осы тірі жүрген ұрпағымнан қайсысы түссе де, шайнап тастағаны, көзге шұқып, жоқ еткелі тұр ғой мынау: Жалғыз-ақ тәуекел тостым, күттім артын”,* — деген сөздері мен Ұлжанның Бөжей туралы мына пікірлерін қатар алып қарастыру — тиімді тәсіл. Қарқаралыға атта-

нып бара жатқан Абайға анасы былай дейді: „Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін... „Күндестің күлі күндес“ дегендей, сен білмей-ақ қой. Бөжейді көрген жерде сәлемінді түзу бер. Кім тентек, кім мақұл, қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол!”. Немесе, әйелдер бейнесін оқу барысында: „Қалай ойлайсыңдар, Ұлжан бақытты ана ма?” деген сұрақ қоя отырып, оның да феодалдық қоғамдағы әйелдер теңсіздігін басынан мол кешкен әйел екендігін дәлелдеу мақсатында әрі оқушының ол туралы ойына қозғау салу үшін Ұлжанның өз сөздерін мысалға алуға болады. Мысалы, 1-кітапта сақаға таласқан Смағұлға ара түсіп, шаптыға келген Айғызды Абай жаратпай, сол жайында апасына тіл қатқанда, Ұлжан: „Балам-ай, күндестің аты — күндес те! Қу жараны жалап жазған боламыз да. Әйтпесе, менің де қай сырымды біліпсің!” — дейді. „Тайғақта” бөлімінде қажыға аттанып бара жатқан Құнанбаймен қоштаса отырып, оған деген өкпе-назын жасырып қалады. Ол эпопеяда былай беріледі: „Мырза, мынадай сапарыңа кіна түгіл, наз ертсем, оным білместік болар еді. Әйел еркекке ене бауырындағы құлындай жарасып жүріп те, не шеттеп, тайталасып жүріп те сүйеніп өседі. Ерден әйел жамандық та алады, қасиет те алады. Мінім болсын, өзгем болсын, бір жағы өзіңнен еді, ұзақ дәурен кешіп келіп, бүгін сен ырзалық айтып аттансаң болады. Сенімен енді кеп кінәласам ба, мырза!” — деді. Ұзақ өмірде күйеуінен кешкен көп реніші есінде тұрса да, ашпады. „Ділдә қандай кейіпкер, ол туралы пікірің?” — деген сұраққа оқушылар бірден оның кемшіліктерін теріп ала жөнеліп, „ұнамсыз” топқа жатқызады. Сол кезде мұғалім Әбіштің анасы Ділдә туралы мына бір ойын кітаптан оқып, оқушыларды жауапқа жетелегені дұрыс болып табылады. Петербордан келген Әбіш қайтыс болған әжесі Ұлжанға құран оқыта барады. Сол кезде Ділдә ананы жоқтап, ұзақ жылайды. „Ділдәнің зарына Әбіштей сезімтал бала үшін, өмірдің көп реніші, күйініші де танылады. Ол әділетсіз тірлікте үнемі жазықсыз жапа шеккен жандай көрінеді” — дейді автор (156-бет, III кітап). Міне, осындай бір-біріне кереғар оқиғалардан мысалдар ала отырып, оқушы ойына қозғау салып, дұрыс бағыт беруге болады. Осындай жұмыстардан кейін оқушының Ділдә туралы бір жақты пікірі өзгеріп, оны „ұнамсыз” бейне деп қатал айыптағаннан гөрі, Ділдәнің сол „ұнамсыздығына” кінәлы — өз ортасы,

қалыңмал, бас бостандықтың жоқтығы екендігін аңғарады. Оқушылардың оқырман ретіндегі пікірін, ойын айта білуге жетелеудің жолы көп, оны жоғарыда да ескерттік. Сондай тиімді жолдардың бірі – көркем туынды туралы бірнеше ғалымдар пікірін қатар қоя отырып, ойландыру. Абайдың табиғат лирикасы туралы (Х сынып), М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев т.б. ғалымдар пікірін келтіріп: „Осы пікірдің қайсысы өзіңе ерекше ұнады, қайсысы бағалы деп ойлайсың?!... деген сұрақ қоя отырып, оқушылардың ойлау белсенділіктеріне әсер етудің тиімділігі бар. Бұл жұмысты мына үлгіде жүргізуге болады (жазбаша да, ауызша да, мұғалім қалауы бойынша):

М.Әуезов. „Абай Құнанбаев“	Қ.Жұмалиев. „XIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті“ (Абай бөлімі)	Х.Сүйіншәлиев. „Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңі“ (Абай бөлімі)	Кімнің пікірі, қай пікірі ерекше ұнайды?	Өз пікірің туралы сөз қозға
----------------------------	---	---	--	-----------------------------

Е с к е р т у: Ғалымдар пікірін мұғалім өзі оқып береді немесе жазып, алдарына тастайды. Қалған екі бағанды оқушы өзі толтырады (не ауызша, не жазбаша, мұғалім қалауы бойынша).

Осындай тәсілдер оқушылардың көркем туындыны қабылдау, түсіну, талдау қабілеттерін дамытады. Әсіресе, өзіндік ойы, пікірін жетілдіруде де өте тиімді болып келеді. Көркем шығарманы талдау жолдары, ең алдымен сол шығарманың өзіндік ерекшелігіне, мұғалімнің алдына қойған оқу, тәрбие мақсатына, оқушылардың ой өрісі, таағамы, білік-дағдысы, біліміне байланысты болып келеді. Оқушылардың өзіндік қабылдауы, пікірлерін бір арнаға бұрады, оны ғылыми негізге икемдеуге талдаудың, әрі сол талдаудың тиімді жолдарын ізденудің маңызы ерекше. Әдеби талдау суреткердің сол көркем шығарма негізіндегі идеяның проблематикасынан, көтерген мәселесінен туындауы керек. Мысалы, Абайдың табиғат лирикаларына жазған өлеңдері көп. Барлығында да бір мәселе — табиғат, адам тіршілігі, немесе ұлы жазушы М.О.Әуезовтің „Еңлік — Кебек“, „Қарагөз“ трагедияларындағы басты мәселе — махаббат, жастар бостандығы, ескі әдет-салт құрсауы. Талдауды осы мәселелерді ашу айналасында жүргізе отырып, шығарманың басқа да компоненттеріне назар аударған жөн. Мысалы, „Абай жолы“

эпопеясындағы Айғыз ұнамсыз бейне деп талданады. Ал шындығында Айғыз көп тоқалдың — „жас иістің“ бірі емес пе? Кей-кейде бауырындағы Кәмшатын қарсыласқанына қарамай, Бөжей аулына жөнелтіп жатқанда, „сұлу“ да „айбынды“, кей-кейде Құнанбайды арқа тұта, тіпті Ұлжанды да місе тұтпай кететін сол Айғыз жер бауырлап жатып қалмады ма?! Сондықтан Айғыздың ұнамсыз іс-әрекеттерін ғана теріп талдап, осы эпизодтан аттап өтуге бола ма? Бұдан шығатын қорытынды — көркем шығарманы талдаудың аса маңызды, әрі күрделі процесс екендігінде. Талдау әрі жүйелі, әрі тұтастай, көркем шығарманың барлық нәрі, дәнін аша алатындай, нанымды да ғылыми мазмұнда жүргізілуі керек. Әр нәрсенің басын шолу, тіл көркемдігін талдаймын деп, ұзақ туындылар (әсіресе, романдар) ішінен эпитет, теңеу іздестіру пайдалы ма, жоқ па, мұғалім соны ойластырғаны жөн. Талдау жұмысы ұзын-сонар ежіктеу, шығарманың әр бетінен, немесе әр жерінен үзіп-жұлып мысалдар келтіру емес, тұжырымды түрде, нақты сұрақтар арқылы, негізгі мәселелер айналасында тұтастай, әрі нақты мысалдармен дәлелдене отырып, жүргізілуі керек. Мектепте әдеби талдаудың үш жолы бұрыннан-ақ тәжірибеде кеңінен пайдаланып келеді. Олар: а) автор ізімен талдау, бұны тұтастай, толық талдау дейді; б) кейіпкерлерге талдау жасау және тақырыпты проблемалық талдау. Көпшілік мұғалімдер аралас талдауды (осы үш талдау элементі түйіскен) тиімді деп табады. Дегенмен, осы талдаулардың қайсысына сүйенеді, қайсысын тиімді деп табады, оны мұғалім шешеді. Мұғалім өзі талдағалы отырған көркем шығарма ерекшелігіне, көлеміне, жанрына, оқушыларына байланысты талдау түрлерін таңдап алады. Бір шығарманы автор ізімен талдаса, екінші шығарманы образды талдау түрімен жүргізеді. Немесе көлемді шығармаларға аралас талдауды қолдануы мүмкін. Талдаудың қай түрі болмасын, ол ең алдымен балаға қонымды, қиындық келтірмейтіндей дәрежеде жүргізілуі керек. Бұл жерде мұғалім даралап оқыту талаптарын ұмытпағаны жөн.

Автор ізімен талдау, оның негізгі мақсаттары

Бұл талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма

жүйесін сақтай отырып, талдауға ерекше назар аударады. Бірақ еске алатын бір мәселе, талдаудың бұл түрін түсіндірмелі оқуға айналдырып жіберуге болмайды. Мұғалім оқушыларын кейіпкер іс-әрекеті арқылы мінездеме жасатуға, оқиғалар арқылы шығарманың негізгі проблемаларын аңдатуға алып келуі керек. V-VII сыныптар оқушылары көркем туындының ең қызықты, ең шиеленісті оқиғаларына ерекше назар аударады. Автордың идеясына, шығармадағы көтерген негізгі мәселеге зер сала қоймайды, өйткені бұл жастағы оқушыларда оқиға қуалаушылық басым болып келеді. Автор ізімен талдау бұл сыныптарда өте тиімді, себебі, балалар көркем туындының мазмұнымен таныса отырып, мұғалім көмегімен оның көтерген мәселесіне, автордың көзқарасына, кейіпкерлер іс-әрекеті мен туынды көркемдігіне бойлай бастайды. Мысалы, 7-сыныпта М.Әуезовтің „Көксерек“ әңгімесі беріледі. Сөз жоқ, оқушылар ең алдымен оның оқиға желісін қызықтайды. Әсіресе, бұл әңгіме ер балаларды ерекше елең еткізеді. Оларды Құрмаш пен Көксерек арасы қатты қызықтырады. Құрмаштың өлімі толқытады. Көксерекке деген ашу-ызалары өршиді. Ал әңгіме негізіндегі авторлық көзқарас, авторлық проблематика көмескі қалады. Әңгіме оқушылардың сезім күйі, эмоциясын жаулап алады да, оның негізіндегі басты мәселелер соның қалтарысында қалып қояды. Адамдар әлемі мен қасқырлар әлемі қатар алынып, адамдардың сол қасқырлардан да қатал, тағы екенін көрсету – әңгіменің басты мәселесі. Көксеректі жауыздыққа итермелегенде, Құрмашқа ауыз салдырған да сол адамдардан көрген жәбір-жапасы. Бәлкім, қасқыр інін бұзып, табиғат заңына қарсы келген адам тағылығы болар... Міне, бұл басты проблемаларды ұғыну үшін, әңгіменің алғашқы беттерін оқығаннан-ақ, балаларды оған жетелеп отыру керек. Басты оқиғаларды ашатын сұрақтармен қоса, әңгіме идеясына да бірте-бірте жақындата түсетін сұрақтардан іздеген дұрыс. Бірінші бөлімді оқып болған соң, балалармен бірге отырып, оған „Қасқырлар мекені“, „Қасқырлар ойнағы“, „Сорлы қозы тағдыры“, немесе „Тағылар ұрпақ қамында“ деген ат қойып, мұғалім енді талдауды мына сұрақтармен жүргізеді:

— Қасқырлар тіршілігі қалай суреттелген?

— Арлан қасқыр мен қаншық қасқыр іс-әрекетін баянда.

— Тіршілік үшін күрес, сол жолдағы қаталдық, қалай берілген?

Шағын болса да әңгіме идеясын ашуда ерекше орын алатын II-бөлімге де ат қою керек. Балаларға көмек беру, әрі әңгіме идеясына жақындату мақсатында мұғалім бірнеше тақырып ұсынады. Мысалы, „Адамдар ойнағы“, „Адамдар тағылығы“, „Табиғатқа шабуыл“ т.с.с. Тақырыпты тыңдап алғаннан кейін, мынадай сұрақтар қойылады:

— Қасқырлар ұясын адамдар неге талқандады?

— Бөлтіріктерге істегендеріне қалай қарайсың?

— Адамдардың іс-әрекеті дұрыс па? Өзің оны қолдайсың ба?

— Бірінші бөлімдегі қасқырлар іс-әрекеті мен осы бөлімдегі адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?

III бөлімге мынадай тақырыптар ұсынылады: „Көксерек пен Құрмаш“, „Көксеректің ұрлығы“, „Адамдар және Көксерек“ т.с.с.

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы :

— Ауыл иттерінен Көксерек қандай зәбір көрді? Оның себебі не?

— Ауыл адамдары неге оны жек көрді, жазалады? Осы жазаға өзің қалай қарайсың?

— Неге Көксерек адамдар арасына үйреніп кете алмады?

IV бөлімге „Арлан“, „Айқас“, „Ұяласымен табысу“ т.с.с. ат қойылады.

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы :

— Көксеректің Құрмаш ықыласына мойынсұнбау себебі неде деп ойлайсың?

— Табиғатпен айқасына назар аудар.

— Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты?

— Көксеректің ауылдан кету себебін ойла.

V бөлімге „Шабуыл“, „Қараадыр еліндегі мазасыздық“, „Қасқыр қашанда қасқыр“, т.с.с. тақырыптар беруге болады.

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы :

— Қос қасқырдың Қараадыр еліне істеген жауыздықтарын сарапта. Әсіресе, Көксерек қаталдығы, тағылығын қалай түсіндірер едің?

— Қасқырлар іс-әрекеті, ойынына назар аудар... Табиғаттағы тағылар тіршілігі әңгімеде қалай берілген?

— Адамдар шабуылы, Көксеректің жалғыз қалуы.

VI бөлімге „Құтырған Көксерек“, „Тағы да шабуыл“, „Бітіспес өшпенділік“, „Жауыздық“, „Құрмаштың өлімі“ деген аттар қоюға болады.

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы:

— Көксеректің ауылға үздіксіз шабуылын әңгімеле.

— Құрмаш Көксерекке қалай тап болды?

— Мына бір сөздің мағынасын қалай түсінесің: „Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық бар, жойқындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан — екі аяқтыдан дегендей, жығылып, домалап жатқан балаға тап берді“ (144-бет).

— Ауыл адамдары ала алмаған Көксеректі Аққасқаның жеңу себебі не? Қалай ойлайсың, жазушы осы арқылы не айтпақ болған?

— Өзің сонша бағып, мәпелеген Құрмашты танымай, Көксеректің жауыздық істеген себебін қалай түсіндірер едің? Жазушы ойы не?

Бұл сұрақтар әңгіме мазмұнын, әрі әңгіменің көтерген басты-басты проблемасын ашу мақсатында қойылады. Әңгіменің алғашқы бетінен-ақ жазушы көтерген мәселелерге оқушылар назарын осылай аударта отырып, қорытынды пікір, қорытынды талдауды мынандай сұрақтармен жүргізуге болады:

1. Жазушы әңгімені неге „Көксерек“ деп атаған? Жазушы ойын қалай түсіндірер едің?

2. Қалай ойлайсың, әңгіме негізіндегі басты ойды ашатын ең негізгі оқиғалар қайсы?

3. Әңгімедегі бас кейіпкерлер кімдер? Құрмаш па, ауыл адамдары ма? Әлде Көксерек, Аққасқалар ма?

4. Көксеректі жауыздыққа, соншама өшпенділікке баулыған нәрсе не? Әлде табиғаттың қатаң заңы, қасқырлар әлемінің тіршілік заңы солай ма?

Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдау жолдары

Образдар жүйесіне талдау талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі болып табылады. V-VIII сыныптар оқушылары көркем туындыдағы бас кейіпкерлерге толық талдау жасай алмаса да, олардың іс-әрекеттерін назардан тыс қалдыра алмайды. Мысалы, „Бақтығұл Жарасбайдың тілін алмауы ке-

рек еді“, „Ұрлыққа барғаны дұрыс емес“ немесе „Хамит бандыны байқау керек еді, аңғалданып жүріп, қолға түсе жаздады“ дегендей, кейіпкердің ұнаған, ұнамаған іс-әрекеттеріне назар аударады. Образды талдау олардың осындай эмоциялық қабылдауларын бір арнаға, жүйеге бұрады. Автордың идеялық проблематикасы, көркем шығарма негізіндегі терең ойы көбіне осы кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы берілетінін түсіндіреді. Дегенмен, образдық талдауда тәжірибеде кемшіліктер де орын алып отыр. Кейіпкерді ұнамсыз, ұнамды (жағымды, жағымсыз деп те жүрміз) топтарға бөліп талдау оншалықты тиімді емес. Мысалы (жоғарыда сөз еттік), „Абай жолындағы“ Құнанбайды алайықшы. Ол — ұнамсыз тип. Бірақ талдау кезінде Құнанбайдың жағымсыз іс-әрекетін үнемі тере беру дұрыс па? Оның ұстамдылығы, ақылы, керек десеңіз, қайсарлығы туралы неге дұрыс пікір айтпасқа? Эпопеяда Құнанбай жан-жақты суреттелінеді, оны ұмытуға бола ма? Немесе, Бөжейді алайық, балалар оны көбіне ұнамдылар қатарына қосады, дәлел ретінде Құнанбайлардан көрген зәбірін, Абайдың оны іш тартатынын, Ұлжанның „жақсының көзі“ деп есептейтінін мысалға келтіреді. Ал шынында сол Бөжей күллі халық үшін, не өнер-білім үшін атқа мініп жүр ме?.. Құнанбай айтқандай, „аяқтағы суға ағып өлетін“ іс-қылықтың да адамы емес пе? Сәби Кәмшатты күтімсіздікпен өлтіртуде оның кінәсы жоқ па?“ Сондай-ақ Ділдә, Айғыздарды да оқушылар бірден ұнамсыздарға қосады. Ал тереңірек қарастырсақ, осы екі әйелде заман трагедиясы, заман әділетсіздігі, әйел халқына деген сахараның қатал заңының қарғыс таңбасы жатыр емес пе? Екеуі де қандай өр, қандай кеуделі, „текті“ жерден шықса да, көп әйелдің, көп күндестің бірі емес пе?! Бұдан шығатын қорытынды: кейіпкерлерді „ұнамды“, „ұнамсыз“ деп, бөліп тастап, талдамай, кейіпкерлердің бүкіл бітім-болмысын тұтастай қарастырып, әділ баға бере білу керек.

Ең бастысы, авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема — образдық талдауда ерекше назарға алатын мәселелер, болып табылады. Мысалы, Құнанбай бейнесі арқылы автор XIX ғасырдың II жартысындағы феодалдық қоғамды, оның бас өкілін сомдайды. Бұл образды жасаудағы автор мақсаты да сол. Құнанбай іс-әрекеттері, оның әр түрлі қылықтары сол қоғам сипаты дәрежесінде көрсетіледі. Олай болса, талдауда осы мәселелер еске алынуы керек. Образдық талдау жүйесінде

де мұғалім көркем шығарманы тұтастай қарастырып, оның барлық компоненттерін (тақырып, идеясы, образдар жүйесі, идеялық-эстетикалық табысын) бірлікте ала отырып, талдауды басшылыққа алады. Бірақ соның барлығы образдар жүйесін талдау арқылы жүзеге асады. Мысалы, XI сыныпта М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясын образдық талдау жүйесі төмендегідей болып келеді:

1-с а б а қ. „Абай жолы“ эпопеясының жазылу тарихы, „Абай жолы“ деп аталу себебі. Эпопея туралы әдеби-теориялық түсінік.

2-с а б а қ. „Шыңға шыққан жас шынар“. I-II кітаптар бойынша Абай бейнесі. Абай және феодалдық қоғам. Феодалдық қоғаммен бетпе-бет. Сахарада, оның қатал заңымен күресе отырып, көктеп келе жатқан прогрестің көрінуі.

3-с а б а қ. „Атаның емес, Адам ұлымын!“ III-IV кітаптар бойынша Абай бейнесі. Абай, халық және феодалдық қоғам. Абай жолы — халық жолы, халыққа қызмет істейтін жол. Ол жол — адалдық, имандылық, өнер-білім, жаңалық, бостандық, гуманизм жолы. Абай бейнесін жасаудағы жазушының идеялық, эстетикалық табысы.

4-с а б а қ. „Адамның емес, Ата ұлдары“. Құнанбайлар әлемі. Феодалдық қоғам — Абай және Құнанбайлар. Әкелер мен балалар проблемасы. Құнанбай және XIX ғ. II жартысындағы феодалдық қоғам, оның басты өкілі Құнанбай бейнесімен қоса, Оразбай, Тәкежан, Майбасарларды сөз ету. Бір Құнанбай емес, оның тобын, әлемін сөз ету, оларды Абай айналасында қарастыру. Құнанбайлар әлемін жасаудағы жазушы шеберлігі, табысы.

5-с а б а қ. „Атасының қорлығы қосқандар“. Феодалдық қоғам, Абай және Дәркембайлар...

а) Кедей жатақ көсемдері: Дәркембай, Дәндібайлар.

ә) Бай есігіндегі құл-құтан, малшы-жалшылар: Иса, Байтұяқтар.

б) Дала қырандары: Базаралы, Балағаздар.

в) Қала кедейлері — ер жігіттер: Сейіт, Сейілдер. Абай және халық. Кедейлер бейнесі арқылы жазушының халық бейнесін жасауы, халық тұрмысын көрсетуі. Абай — демократ.

6-с а б а қ. „Көзімнің қарасы“. Феодалдық қоғам және әйелдер.

а) „Қарашығым — қоңыр қозым“. Абайдың аналары: Зере мен Ұлжан.

ә) „Айттым сәлем, Қаламқас“. Абайдың сүйіктілері: Тоғжан, Әйгерім бейнелері.

б) „Сертім сол, сенсіз өмір маған жоқ...“ Мәкен, Мағрипа, Еркежандар...

в) „Қапастағы еркелер"... Салтанат, Еркежандар.

г) „Жолыңа жаным құрбан"... Керімбала, Үмітейлер.

д) „Күндестің оты да күндес". Ділдә, Айғыздар.

ж) „...Кедейін сендей жарылқаған бәйбіше көрсем, көзім шықсын...“ Қаражан, Мәнікелер.

Әйелдер бейнесі арқылы гуманист Абайдың көрінуі. Эпопеяда әйелдер теңсіздігінің берілуі. Аналар мен балалар проблемасы. Әйелдер бейнесін берудегі жазушының идеялық, эстетикалық нысанасы, көркем тілі.

7-с а б а қ. „... Гүлдерім, дәндерімнен ұрпақ, нәсіл қонар ма?“

Абай, феодалдық қоғам және жас қауым.

а) „... Бақытым осы балам"... Әбіш, Мағауия бейнесі.

ә) „Жаңа дәуірдің жаңа жыршысы...“ Шұбарлар әлемі.

Жастар бейнесі арқылы жазушы сахараға Абай сепкен өнер-білім, гуманизм ұрығының көктей өсіп келе жатқандығын, Абай ақындығының үлгісін, тәрбиелі шәкірттерінің пайда бола бастауын, кең сахарада болашақ бақытты заман ұрпағының кең қанат жайып, жайқалып келе жатқанын көрсетеді. Абай — аға, ұстаз, жастар қамқоры, тәрбиешісі.

8-с а б а қ. „Өмірге көзімді ашқан"... Абайдың орыс достары: Михайлов, Павловтар бейнесі. Абай — интернационалист. Абайдың орыс достары — қазақ халқының да достары. Мәдениетті, білімді, ізгі ниетті достар. Олардың бойында орыс халқының ең тамаша деген мінез-құлқы, қасиеттерінің жинақталуы.

Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары

Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне мол кірген талдаудың түрі — проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап

етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек. Кез келген „Неге?“ деген сұрақтарды проблемалық сұрақтармен шатыстыру мектеп тәжірибесінде кездесіп жатады. Проблемалық сұрақ негізінде оқушыға „бейтаныс“, шешуді керек ететін мәселе, проблема болады. Проблемалық жағдаят проблемалық сұрақтар, сол көркем туынды негізінде жатқан, көркем туынды көтерген проблемалар арқылы туындайды. Мысалы, жай сұрақтар мен проблемалық сұрақтар арасындағы айырмашылықты төмендегі баған арқылы көруге болады (М.Әуезов. „Қараш-қараш оқиғасы“, Бақтығұл бейнесі бойынша).

Жай сұрақтар:

Проблемалық сипаттағы сұрақтар:

1. Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па?
2. Бақтығұл Жарасбайды неге өлтіреді?
3. Ұрлыққа, барымтаға бару себебін түсіндіріңдер. Оны мұндай әрекетке кім жұмсайды?
4. Бақтығұлдың іс-әрекетін түсіндіріңдер. Ұрлық жасауы, кісі өлтіруі дұрыс па?
5. Бақтығұлдың Сәлменнен кетіп, Жарасбайдан пана іздеуі дұрыс па?
6. Бақтығұл арқылы жазушы не айтпақ болған? Ол Бақтығұлды жақтай ма, жоқ па?

1. Қалай ойлайсыңдар, Бақтығұл кім? Ол Сәлменмен Жарасбайдың „құрбаны“ ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма?
2. Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?
3. Жаратылысында ары таза Бақтығұл соншама азғындап, ұрлық жолына неге түседі? Кінәлы кім?
4. Бақтығұлдың іс-әрекеті, мақсатты саналы іс-әрекет пе, әлде кектен, өш алудан туған іс-әрекет пе?
5. Қалай ойлайсыңдар, Бақтығұлдың ең басты қателігі, адасуы деп, нені айтар едіңдер?
6. Бақтығұл бейнесінің негізінде жатқан проблема туралы не айтар едің? Автордың оған көзқарасы туралы қандай ойдасың?

Проблемалық сұрақтар қызықты, әрі әдеби айтыс туғызатындай дәрежеде қойылады. Сондай-ақ бұл сұрақтардың басты ерекшелігі — олар бір ғана шектеулі мәселеге құрылмай, көркем туындыны кеңірек, тереңірек қамтитын мазмұнда құрастырылады. Проблемалық сұрақ қоямын деп, „қолдан“ проблема жасаудың түк те керегі жоқ. Тағы да қайталап айтамын, проблемалық сұрақтар көркем туынды негізінде жатқан, шешуді талап ететін проблема айналасын қамтиды. Мысалы, жоғарыдағы екі баған бойынша сұрақтар мазмұнына назар аударсақ, бірінші графадағы сұрақтарда проблемадан гөрі, басы ашық мәселелер қамтылған, сұрақ та солай қойылған. „Бақтығұл қандай кейіпкер?“ деген дәстүрлі сұраққа олар дәстүрлі жауап береді. Яғни „ұнамды, не ұнамсыз“ дегендей, ары қарай түсінік береді. Ал „Бақтығұл кім, құрбан ба, кек алушы ма?“ деген сұрақ түбінде оқушыға, „бейтаныс“ шешуді керек ететін мәселе жатыр. Бұл сұраққа „иә“ немесе „жоқ“ деп, жауап бере салу мүмкін емес. Сұрақ жазушының осы бейнені жасаудағы мақсаты, соның негізінде жатқан проблеманы қамтып тұр. Бақтығұл арқылы жазушы қорғансыздар проблемасын көтереді. Қорғансыз күйін түсінген Бақтығұл қорған іздеп, Жарасбайды паналайды, ол жолда қатты адасады. Ары да, қолы да таза Бақтығұл белшесінен қылмысқа батады. Тәні де, жаны да сау, еңбекқор Бақтығұл Сәлмен, Жарасбай сияқты дала жауыздарының құрбанына айналғанымен, әңгіменің аяғында ол құрсауды тас-талқан етеді. Ары, ұяты, кегі оянған Бақтығұл өзіне сонша қиянат жасаған, сезімі, сенімін алдаған Жарасбайға өлім үкімін шығарады. Ез, қор құрбан емес, жаулары күшін таптағанмен, ары, жанын толық таптай алмағандарын ісімен көрсетеді. Сөйтіп, Бақтығұл екі жүзді, іші тар, сатқын, мал соңында мал болып кеткен жауызға өз қолымен үкім шығарады. Екінші бағандағы қай сұрақ болмасын, оның негізінде „Шешуді“ тілеп жатқан (айтуды, мазмұндауды емес) проблема бар. Айтыс туғызатын сұрақтардың барлығын немесе оқушыларды ойландыруға, іздендіруге негізделген сұрақтардың барлығын проблемалық сұрақтар деу де қате. Мысалы, М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясындағы әйелдер бейнесін өту барысында: „Салтанат қандай кейіпкер?“, „Абаймен екеуінің ара-қатынасында достық басым ба, махаббат басым ба?“ деген мазмұндағы сұрақтар — оқушыларды ойландыратын, іздендіретін, әрі

айтыс та тудыратын сұрақтар. Дегенмен, бұл сұрақта проблема жоқ. Оның себебі, эпопеяда Салтанат пен Абайдың таза достығы ашық жазылған, айқын айтылған. Көркем туындыны проблемалық талдау ең алдымен оқушылар алдында проблемалық жағдаят (ситуация) тудыру арқылы жүзеге асады. Ал проблемалық жағдаят деген не? Проблемалық жағдаят деген – шешуді талап ететін, іздендіретін, ойландыратын күрделі жағдайдың тууы. Ол оқушылардың ойлауына, ізденуіне ғана әсер етпейді, оларды болжам жасауға, өздерінше қорытынды жасауға да жетектейді. Проблемалық жағдаятты туғызу бар да, оны шешуге, болжам жасатуға жетелеу тағы бар. Мысалы, „Абай жолы“ эпопеясын оқыту барысында оқушылар алдына эпопея көтерген „Әкелер мен балалар“, „Аналар мен балалар“ проблемалары бойынша проблемалық жағдаят туады. Мұғалім жағдаятты шешуге жетелеу үшін, мынадай жұмыстар жүргізеді (салыстырмалы жұмыс):

Абай – Құнанбай (Әмір – Үмітей оқиғасына байланысты)

Абай:

Құнанбай:

Тоқтат! Өлтіртпеймін! Арам! Шық, жоғал
Аузыңда алла, шеңгелінде қан. көзімнен, азғын! Аздырарсың,
Тағы қан! Бұларды шарифат та сен бе! Аздырарсың! Сенен,
қосады. Бір кезек, сол шарифат бәрі сенен!
жолы деп, бір нақақ қан төгіп Ә-ә, солай дедің бе, жеттің
ең... бе соған?! Қызарып атқан

Болсын солай! Менімен! таңда, мынау зауал таңда...
Неге, өлмейсің тынышыңмен Айттым аталық қарғысымды...
сен! Заман сенікі емес, менікі! (II кітап, 609-бет)
Нең бар?

Абай – Әбіш (екеуінің әңгімесінен)

Әбіш:

Абай:

Ниетім, өзіңіз білесіз, поли-
техникалық институт еді, өзге
оқуды, осыны тамам етіп алып,
ескермекпін. „Баламды медре-
сеге біл“ деп бердім. Қызмет
қылсын, шен алсын деп бер-
медім“ дегеніңіз есімде, аға (III
кітап, 50-бет)

Ғылымның жаманы жоқ.
Халқыңа басшы болар талап
соңына түссең, офицер болып
жүріп жетесің бе, бәрібір. Қай
тұрғысына барсаң да, еліңнің
мұңы мен мұқтажы мың бат-
пан. (III кітап, 151-бет)

Е с к е р т у: Бұл мәселелер карточка-көмек ретінде жазылып беріледі. Басқа мысалдарды оқушылар осы үлгіге қарай отырып, өздері іздестіреді. Проблемалық жағдаятты шешкізу үшін, мұғалім эпопеядан нақты мысалдар алып, жазушының Абай мен Құнанбай арасы арқылы не айтпақшы болғанын, сондай-ақ Әбіш – Абай арасы арқылы қандай проблема көтергенін аңғартуға жетелейді. Бірінші мысалда бетпе-бет келіп тұрған әке мен бала – мүлде бір-біріне қарама-қарсы адамдар. Олар жай әке мен бала емес. Екі заманның, ескі мен жаңаның бетпе-бет келуі, солардың қарама-қарсы келуі. „Заман сенікі емес, менікі“. „Неге өлмейсің сен, тынышыңмен“ – дейді бала. Бұл – жаңа заманның, жаңа ұрпақтың ескі заманға айтқан үкімі. Екінші мысалдағы әке мен бала мүлде бөлек. Екеуі де халық қамын ойлаған, бір-бірін түсінетін, мақсаты, болашағы бір, халық адамдары. Осы мәселенің барлығын, яғни оқушы алдында тұрған жағдаятты шешу үшін, ойлы сұрақтар қоя отырып, жетелеу керек.

Ж е т е л е у с ұ р а қ т а р ы:

1. 1-бағандағы Абай – Құнанбай диалогтеріне назар аударыңдар. Қалай ойлайсыңдар, Абай сөзі әкеге ашудан ашылғаны, баланың беттен алуы ғана ма?!

2. Құнанбай сөзі ше?! „Аздырарсың, сен бе! Аздырарсың!“ – деген сөз мәніне назар аудару. Осы сөз әкенің балаға ашудан ғана туған сөзі ме?

3. 2-бағандағы Абай – Әбіш диалогінің мәніне ой салыңдар. Абай – Құнанбай диалогімен салыстырыңдар.

4. Жазушы Абай – Әбіш, Құнанбай – Абай арқылы қандай мәселе көтерген деп ойлайсыңдар? Проблемалық жағдаяттарды шешуде қарама-қарсы қайшылықты мәселелерді салыстыру, қатар қою, сондай-ақ тың, қосымша деректерді алдарына жайып салу, әр түрлі пікірлерді мысалға келтіру сияқты тәсілдердің маңызы зор. М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінің проблемалық талдау арқылы қысқаша үлгісі. Мұғалім сұрыптауы бойынша, талдауға „Қорғансыздың күні“, „Жетім“, „Оқыған азаматты“ алуға болады. Үшеуінде де бір проблема, яғни қорғансыздар проблемасы бар. Проблемалық жағдаят мына мәселе айналасында туады: М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінің негізгі проблематикасы. Жазушының идеялық-эстетикалық табысы. Жазушы қорғансыздарды қалай қорғайды?

а) „Қорғансыздың күні“ әңгімесі. Проблемалық сипаттағы талдау сұрақтары:

1. Қалай ойлайсындар, әңгіме аты неге „Қорғансыздың күні“ деп аталады? Әңгімедегі қорғансыздар кімдер?

2. Пейзаж, портрет, суреттеулердің әңгіме идеясын ашуда маңызы бар ма? Әсіресе, осы әңгімедегі „боранның“ орны қандай? (Әңгіме басындағы ақ түтек боран әңгіме соңында басылған, күн шайдай ашылған.)

3. Жазушы бас кейіпкерінің тағдырын дұрыс шешкен бе? Ол шешімге қосыласың ба?

4. Қабірді құшақтай өліп қалған Ғазизаны сипаттайтын жерді оқы. „Мен тазамын, менде жазық жоқ!“ дегендей болып жатқан Ғазиза арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастайды? Әңгіме идеясын ашуда эпизодтың маңызы қандай?

5. Жазушы қорғансыздарына қалай қарайды, оларды қорғай ма, әлде кінәлай ма?

ә) „Оқыған азамат“ әңгімесі:

1. Әңгіме неге „Оқыған азамат“ деп аталған? Әрі оның тырнақшаға алынған себебі не?

2. Әңгіме негізіндегі авторлық идея, проблеманы қалай түсінесің? Әңгімедегі „оқыған азаматтар“ кімдер? Олардың бір-бірінен айырмашылығы неде?”

3. Осы әңгімеде қорғансыздар проблемасы бар ма? Бар болса, олардың тағдыры қалай шешіледі? Ол шешімге қосыласың ба?

4. Қалай ойлайсындар, қоғамға, өмірге қайсысы қауіпті, „Қорғансыздың күніндегі“ Ақан мен Қалтай ма, әлде осы әңгімедегі „оқығандар“ – Жұмағұл, Ақтай, Қадишалар ма?

5. Екі әңгімедегі шынайы бейшара, сорлы, қорғансыздар кімдер? Ғазиза мен кемпір ме, Әлде Ақан мен Қалтай, Жұмағұлдар ма?

6. Жазушы осы сұрақтарға қалай жауап берген? Сен не айтпақ едің?

б) „Жетім“ әңгімесі.

1. Әңгіменің алғашқы әңгімелермен үндестігі бар ма? Қандай мәселе көтерілген?

2. Бұл әңгімедегі қорғансыз, панасыз кім?

3. Оның тағдыры қалай шешіледі?

4. Жауыздық, қаталдық жеңіске жетеді, нәзіктік, мейірімділік, мөлдір жастық, ар-ұят табанға тапталады, ана жүрегі қан жұтады. Жетім жер жастанады. Осыншама ауыр трагедияны көрсетуде автор нені мақсат еткен?

5. Ол трагедиялардың негізгі көзі, бастауы, себебі неде жатыр?

6. Жазушы осы сұрақтарға қалай жауап берген?

Проблемалық талдауда мұғалім оқушыларға шығармашылық жұмыстар істетеді, шағын пікірталас, танымдық-іздендіруші, зерттеу бағытындағы тапсырмаларды орындатады, қорыта айтқанда, білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерінің бәрін де пайдаланады. Бұдан шығатын қорытынды: біз сөз ететін талдау түрлерін мүлде бір-бірінен ажыратып тастауға болмайды. Кей жағдайда ол талдаулар араласып та жатады. Енді проблемалап оқуға негізделген бір сабақтың үлгісін берейік. (Осы еңбек авторының іс-тәжірибесінен.)

„Абай жолындағы“

Абай бейнесін проблемалап оқыту

Тек ТМД елдерінде ғана емес, құдіреті мен маңызын бүкіл дүние жүзі мойындаған „Абай жолы“ эпопеясын бағдарламада көрсетілген санаулы сағат ішінде оқушы жүрегіне өзінің шыққан биігі, құндылығы, кереметімен тұтас жеткізе білудің қаншалықты күрделі де қиын екені – мектеп мұғалімдеріне мәлім мәселе.

Абай арқылы жазушы ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы, яғни елу жыл ішіндегі бүкіл қазақ қоғамының ұлы картинасын жасаған. Ол арқылы қазақ даласындағы демократиялық, прогрессивтік, гуманистік ой ағымдарды, ескі мен жаңаның күресін, қазақ даласы үшін жаңа кезең басталар алдындағы, яғни ояну кезеңін шынайы тұрғыда көрсете білген. Сол себептен де Абай бейнесін талдауды тек жеке-дара алып қарастырмай, бір жүйеде алып қарастырған жөн. Абай бейнесін талдауға 2 сағат уақыт бердік. Бірінші сағатта 1-2 томдағы – Абай объектіге алынса, екінші сағатта 3-4 томдағы Абай бейнесі талданды. Оқушылар бірінші сағаттағы Абай бейнесіне „Тасқа шыққан шынар“ атты эпиграф алса, ал екінші сағаттағы Абай бейнесіне „Жайқалған бәйтерек“ атты эпиграф алды.

Абай бейнесін талдау алдында оқушылар „Абай бейнесінен алған әсерім“ атты шағын шығарма жазды. Проблемалап оқытуда мұндай жұмыстардың тек оқушы ғана емес, мұғалім үшін де практикалық маңызы ерекше мол деп ойлаймыз.

Себебі, мұғалім алдың ала талқыланғалы отырған тақырыпты оқушылардың қай деңгейде меңгере білге-

нінен хабардар болады, жаңа сабақта қандай мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек екенін анықтайды, оқушылар алдарында тұрған проблемалы жағдаяттарды шешуге, қорытынды жасауға, олардың қай дәрежеде дайын екеніне талдау жасай біледі. Тіпті мұндай тапсырмалар сабақта мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді де ұтымды түрде таңдай білуіне, оларды тиімді пайдалана білуіне көп көмек етеді.

Енді оқушылар жауабына үңілейік. Оқушы С... жауабынан үзінді: „Абай маған эпопеяның алғашқы „Қайтқанда” бөлімінен-ақ ұнады. Небары 13 жастағы Абайдың үлкен, ақылы толған адамдарды өзінің тапқырлығымен шебер алдап, оларды шошыта білуі оқырманды еріксіз сүйсіндіреді. Сондай-ақ әке тапсырмасымен елдің әр түрлі ісіне араласып, „сәлем” жеткізуші Абай да жүрегіме жылы. Ол әкесінің ғана сәлеміне құл болмай, оны іштей сарапқа салып жүреді, әкесінің ісі дұрыс емес екенін болжайды. Бірте-бірте бұл іштей ойланудың кейін үлкен, әділет күшіне айналып, сыртқа шыққанының куәсі боламыз. Өз ойымша, 24 жастағы Абайдың әкесінің өзіне қойған үш мініне қайтарған жауабы осыны дәлелдейді.

Ал кейінгі кітаптарда жатақтардың жан досы, әйелдер теңсіздігінің қорғаны, феодалдық қауымның айыптаушысы, соған қарсы күрескер Абаймен танысамыз. Абай мен Михаэлис, Павлов арасындағы қарым-қатынас және оның Ербол, Базаралы, Дәркембай, Салтанат қыз арасындағы достығы — кейінгіге үлгі, нағыз достықтың шын бейнесі. Осы достық та маған қатты әсер етті”.

Оқушы Д... жауабынан үзінді:

„... Мен таныған Абай — нәзік жанды, биязы, сезімтал. Ал осы қасиеттердің оның асыл аналарынан қалыптасқаны эпопеяда қандай үлкен сезіммен берілген десеңізші!

Қодар мен Қамқа өлімі үстінде ауырып келген Абайға Зере бар жан-тәнімен аналық бата бермей ме! Кәрі ананың батасы қабыл болып, біз эпопеяның өн бойынан мейірімді, ізгілікті, асыл жан Абаймен сырлас болмаймыз ба? Ұлы ақынның алғашқы махаббаты қандай нәзік берілген десеңізші! Маған сонымен қатар, Абайдың Тәкежан, Оразбайлармен, қазақ даласын отаршылдықта ұстаған Ресей чиновниктері, жандаралдарымен күресі де қатты әсер етті. Ол халықтың шын ұлы, болашаққа, ізгі

жолға бастаушы ұлы ретінде тамаша суреттелген деп ойлаймын”.

Міне, оқушылардың осы жауабынан олардың Абай бейнесінен алған алғашқы әсерлерін, тіпті өз беттерінше ой топшылауларын да көреміз. Сонымен қатар, оқушылар образды жасаудағы, оны ашудағы жазушының идеялық-эстетикалық мұрат-мүддесіне тоқталмаған, жазушы табысын сөз етпеген, әдеби терең талдаудан гөрі, эмоциялық әсерлеріне кең орын берген. Абай бейнесін ашуда біз негізгі проблеманы „Абай және феодалдық қоғам проблемасы. Оны көрсетудегі Мұхтардың философиялық-эстетикалық табысы” айналасында қарастырдық. Тақырыпты төмендегі жоспар бойынша проблемалы баяндадық.

1. Абайдың феодалдық қоғаммен бетпе-бет кездесуі. Заман шындығын түсінуі. Мұхтардың оны көрсетудегі жазушылық шеберлігі.

2. Әке мен бала. Абайдың әке жолынан бөлек кетуі. Оның негізгі объективті себептері. Осы мәселедегі Мұхтардың философиялық-идеялық мұраты.

3. Абай және кедей-жатақтар проблемасы. Абай — халық қамқоры.

4. Абай және орыс достары. Білімге бас қою. Михайловқа дейінгі Абай көзқарасы мен Михайловтан кейінгі саяси көзқарасы. Салыстыру, дәлелдеу.

5. Абай және әйелдер тағдыры. Абай — гуманист.

6. Абай — халық деп жырлай бастаған сыншыл, реалист ақын. Қалай ойлайсындар, кітаптар неге осылай аяқталған? Жазушының негізгі көздеген мұраты нені меңзейді?

7. „Биікте” бөлімі және Абай жеткен биіктік. Сол биіктікке Абайды алып келген не? Ол эпопеяда қалай шешілген?

Бірінші сұрақ бойынша оқушылар мәтінді пайдалана отырып, әке мен бала (Абай мен Құнанбай) арасына байланысты іс-әрекеттерді жинақтап, өздерінше пікір айтады. Анау қаладан қайтқандағы Абайдың әке алдына барып сәлемдесуіндегі әке мен бала арасындағы салқындық. Қодар мен Қамқа өліміне байланысты Абайдың әкесіне деген сезімі. Кәмшаттың трагедиялық өмірі. Құнанбайдың Бөжейлерге, халыққа жасап отырған озбырлығы, бірінші кітаптың аяғындағы әке мен бала диалогі, Қарқаралыдағы Құнанбай, Шөженің мысқыл өлеңі. Әмірді ажалдан құтқару, Құнанбайдың қарғысы — осы-

ның бәрі Абайдың өз әкесінен мүлде бөлек кетуіне, оның басқа жол, басқа өріс іздеуіне әкелген оқиғалар екенін оқушылар жақсы әңгімелеп берді. Ал әке мен бала проблемасының эпопеядағы философиялық түйіні оқушыларды ойландырды. Осы жерде мұғалім көмегімен әке мен бала арасы эпопеяда ескі мен жаңаның күресін, феодалдық қоғам мен болашақ жаңа заманның арақатынасын бейнелейтіні ашылады. Тақырыпты осы жоспар негізінде проблемалы баяндай отырып, алдарындағы проблемалы жағдаятты шешу мақсатындағы оқушыларға төмендегідей проблемалы сұрақтар бердік.

1. Эпопеядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас арқылы жазушы нені аңғартады? Әке мен бала проблемасының эпопеядағы философиялық түйіні неде?

2. Қалай ойлайсындар, „Қайтқанда“ бөліміндегі Құнанбай портреті, оның айналасындағылардың сипаты, үй іші неге Абай арқылы, оның ішкі сезімі арқылы беріледі?

3. „Жолда“, „Өрде“, „Қияда“ бөлімдеріндегі Абайдың іс-әрекетін сарала. Қалай ойлайсындар, бөлімге жазушы неге осылай ат қойған? Осы бөлімдердегі әке мен бала арасындағы қайшылық, келіспеушілік. Оның объективті себебін жазушы қалай көрсеткен?

4. Абайдың Михайловпен кездескенге дейінгі көзқарасы, саяси сана-сезіміндегі қайшылық. Ол қайшылықтың негізгі себептері неде деп ойлайсындар?

5. Абай мен халық арасы. Бұл проблема эпопеяда қандай көрініс тапқан? Дәлелде.

6. I-II кітаптың аяғындағы ең ақырғы абзацтарды тауып оқындар. Осы абзацтар арқылы бірінші кітаптағы Абай мен екінші кітаптағы Абай жеткен биікті межелендер.

Үшінші сұрақ бойынша оқушылар „Жолда“, „Өрде“, „Қияда“ бөлімдеріндегі Абайдың іс-әрекетіне тоқталып, бөлімдердің неге осылай аталғандығы туралы өз пікірлерін ортаға салды. Оқушылармен бірлесе отырып, бұл бөлімдер Абайдың қияға қарай өрлеп келе жатқан бетін, яғни жолдан гөрі қияның биік екенін өздері қорытындылады. Әсіресе, оқушылар назарын Абайды биікке көтеру сатыларын Мұхтардың ерекше шындықпен көрсете білгеніне, Мұхтар шеберлігіне аудардық. Осы мәселені өз беттерінше шеше білулеріне көңіл бөлдік. Оқушылардың өз бетінше ойлауын, ізденуін, танымын арттыруды мақсат ете отырып, үйге төмендегідей

Эпопеядағы образдар галереясын оқыту барысында Омарды жеке дара қарастырмай, бас кейіпкер, эпопеяның алтын тұғыры — Абай мен оның заманы — феодалдық қоғаммен байланыстыра талдау шығарманың негізгі мәні, қасиеті, құдіретін сақтай отырып, түсіндіруге жол ашады. Талдауға былай келудің басты себебі, эпопеяда сөз болатын барлық мәселелер Абайға келіп тіреледі, барлығы Абай айналасында, олар өмір сүріп отырған замана қайнауында жүріп жатады.

Әдеби талдауды:

Абай, феодалдық қоғам және Құнанбайлар.

Абай, феодалдық қоғам және Дәркембайлар, т.с.с., деп жүргізудің, білімділік, танымдық жағынан болса да, маңызы зор болмақ. Себебі не? Біріншіден, „Абай“ — тарихи роман. Бас кейіпкер — тарихи тұлға. Оның сомдалуы, ұлы ақын, демократ, гуманист, ағартушы дәрежесіне жетуі сол өзі өмір сүрген қоғаммен, оның өкілдерімен күресте қалыптасады, күресте толысады, „Ей, қу заман, жүрегімді көрші, міне...“ — деп, басталатын Абай монологі осы мәселенің шындығын дәлелдемей ме? („Жұтта“ бөлімі). Тіпті Әйгерім бейнесін алайықшы, Абайдай ұлы жары бар, сүйіктісі бар, ол неге „қапастағы бұлбұл?“ Ұлжан ана ше? Іші-сырты жиһазға, қазы-қарта, жал-жаяға толы үйде, ұлдары мен қыздары, Зередей енесінің, Абайдай дана ұрпағының ортасындағы Ұлжанда қайғы-мұң, қасірет жоқ па? Бар болғанда қандай?! Себебі, Әйгерім де, Ұлжан да, Ділдә да феодалдық қоғам, оның әйелге, анаға қарсы салт-санасының құрбандары. Басқа да кейіпкерлер туралы осындай дәлелдеулер жүргізуге болады. Кейіпкерлерді замана келбеті, заман шындығымен байланыстыра талдау — тарихи роман, эпопеяларды талдаудың тиімді тәсілдерінің бірі. Мұғалім роман, эпопеяларды талдағанда, жоғарыда айтылғандай, бар мәні, қасиетін сақтай отырып, оқытуға талаптанып, соның оқушыға қонымды, тиімді жеңіл жолдарын іздеулері керек. Ол қандай жолдар?”

1. Эпопеяның әр кітабындағы негізгі оқиғаларды теріп жазып, көмекші-нұсқау жасап (кесте-плакат етіп), сабақтарға пайдалану. Оның тиімділігі: төрт кітаптың негізгі-негізгі оқиғаларынан хабардар ету, естеріне түсіру, әсіресе, кейіпкерді талдау барысында оның көмегі зор болмақ.

Ү л г і:

М.Әуезов. „Абай жолы“, II кітап:

Бөлімдер	Негізгі оқиғалар	Абайдың іс-әрекеті
„Абай аға“	1. Абай жастар арасында 2. Еңлік – Кебек қабірінің басында	Абай — ұстаз, тәрбиеші, ақылшы. Замана шындығынан сыр шертіп, дала тағыларының сұмдығын жастар алдына ашып тастайды.

2. Өтілгелі отырған кейіпкердің бет бейнесін ашатын олардың іс-әрекетін және басты-басты оқиғаларды топтап, оларды талдауға пайдалану.

Ү л г і:

Абай бейнесі (III-IV кітаптар бойынша)

Бөлімі	Басты оқиғалары
„Тайғақта“	1. Құнанбайдың Меккеге аттануы. 2. Дәрменді ертіп келіп, Дәркембайдың бала қарызын талап етуі. 3. Абайдың Дәркембайды арашалауы, т.с.с.

Е с к е р т у: үзінді ғана көрсетіліп отыр.

Осындай көмекші-нұсқаулармен қатар, карточка-көмектердің де маңызы ерекше болмақ. Карточка-көмектер кейіпкерлерді мәтін арқылы дәлелдей отырып, талдау, әрі оқушыға да осындай талап қою да таптырмайтын құрал. Бұл тәсіл оқушыларды тәжірибеде өте жиі кезігетін құрғақ баяндау, құрғақ мінездеулерден сақтандырады, негізгі оқиғалар, оған байланысты кейіпкер іс-әрекеті арқылы дәлелді талдау жасалады, мәтінмен кітаппен жұмыс бірінші кезекке қойылады.

Ү л г і:

Карточка-көмек

Феодалдық қоғам және кедей-жатақтар бейнесі.

I. Эпопеядағы халық өмірі, жатақ тіршілігінің шынайы тұрғыда суреттелуіне назар аудар.

II. Жатақ кедейі — Дәркембай бейнесіне тоқтал. Оның типтік бейне екенін, кедей халықтың жиынтық бейнесі екенін дәлелде.

Мына мәселелерді басшылыққа ал:

1. „Қат-қабатта“ бөлімі: Дәркембайдың Құнанбайды атпақ болуы.

2. „Тайғақта“: Құнанбайдың Қодар жерін даулауы (...Қүнеке), 381—393-беттер.

3. „Қияда“ бөлімі: Жұт кезінде кедей-жатаққа деген Абай қамқорлығы.

4. „Кек жолында“: Айдаудан келген Базаралыға дем беріп, Тәкежан аулын шаптыруы.

5. „Еңісте“: Базаралының ұлық шабармандарын сабауы, каталашқадағы Абайды арашалап алуы. Әсіресе, бұл оқиғада мына сөзге көңіл бөл: („...Жолдасын таптаған ер азады...“ 547-бет // „...Шіркін, Базаралы...“, 527-бет. Құнанбай сөзіне қара).

6. „Қоршауда“: Абайды ақтап, ұлық төреге келуі.

7. „Кек жолында“: а) Тәкежандардан Базаралының өш алуына назар аудар.

ә) Иса, Байсүгір сияқты есіктегі кедей адамдардың ауыр тұрмысы тағдырына тоқтал.

8. „Қақтығыста“: а) Кедейлердің орыс кедейлерімен достасуына ерекше көңіл бөл.

ә) Романның III-IV кітаптары бойынша затон кедейлеріне және жаңа қалыптасып келе жатқан жұмысшылар бейнесіне назар аудар (Әбді, Сейіл, Сейіт).

9. „Құз-қияда“: IV кітап. Затон жұмысшыларының Мәкен мен Дәрменді, Оразбай мен Дайырларды арашалауы.

10. „Шайқаста“: а) Сақ-Тоғалақ кедейлерінің Оразбай аулын шабуы („... Елмісің, жоқ ел қорымысың...“ 693—697-беттер).

ә) Кедейлер мен Абай достығы. Абай жолы — халық жолы. Абайдың халықпен достығына ерекше көңіл бөл.

Мұндай карточкалардың тағы бір тиімділігі сол, оқушы кейіпкерлер туралы сөз қозғағанда, 4-томды аударып-төңкеріп жатпайды, уақытын кетірмейді, жұмысы күрделенбейді, берілген жерлерді тауып, ой жүгіртіп, саралап, пікір жинақтауға жағдай туғызылады. Карточкада көрсетілмеген мысалдар алғысы келсе де, толықтырғысы келсе де, өз еркінде. Өте күрделі, көлемді шығармаларды оқытуда осындай дидактикалық материалдардың көмегі ұшан-теңіз.

Романдарды, эпопеялық шығармаларды оқыту барысында кейіпкерлерді талдау жұмысына ерекше көңіл бөлу керек. Мысалы, осы „Абай жолы“ эпопеясында феодалдық қоғамның қатал сақшысы, ірі тұлғасы ретінде Құнанбай бейнесі беріледі. Бірақ сол қоғамның өкілі тек Құнанбай ма, Оразбайлар, Әзімбайлар жауыздығы одан да асып түсіп, халықты қан қақсатып жатады, әрі Құнанбай эпопеяның I-II кітаптарында ғана көрінеді. Міне, осы себептен де үстемдер, феодалдар бейнесін тек Құнанбайды талқылаумен шектелу жетімсіз болған болар еді. Кейіпкерлерді шығармадағы орны, маңызы, іс-әрекеті, мінездері бойынша белгілі бір проблемалар айналасында топтап, жинақтап өту өте дұрыс. Мысалы, Оразбайға, Әзімбайға, Дайырға, Тәкежандарға жеке-жеке тоқтап, талдау жасауды уақыт көтермейді (бағдарламадағы сағаттар саны). Мұхтар феодалдық қоғамның барлық мінез-құлқын Құнанбай бейнесіне жинақтаған, сол себептен де авторлық проблематиканы негізге ала, Құнанбай бейнесін сөз ете отырып, оның айналасына ізбасарларын топтай, жинақтай отырып, талдау жүргізудің тиімділігі зор. Мысалы, „Абай, феодалдық қоғам және Құнанбайлар...“ деп.

Сондай-ақ эпопеяда қаншама әйелдер бейнесі берілген, әрі барлығының өзіндік орны бар, барлығының негізінде өзіндік проблема бар. Міне, осы әйелдер бейнесін өзінің негізінде жатқа проблема айналасына топтап, жинақтап өту керек.

1. Абай аналары — Зере, Ұлжан („Қарашығым, қоңыр қозым...“).

2. Абай сүйген арулар — Тоғжан, Әйгерім („Жарқ етпес қара көңілім“...).

3. Абай заманының шерменделері — Керімбала, Үмітей („Жолыңа жаным құрбан“).

4. Абайдың сырласы — Салтанат, ер мінезді Нұрғаным („...Қапастағы еркелер...“).

5. Махаббат, бостандық аңсаушылар — Мәкен, Мағрипа („Сертім сол, сенсіз өмір маған жоқ!“).

6. Абай жақындары, күндестік бұғауындағылар — Айғыз, Ділдә („Күндестің аты күндес те“).

7. Абай аулының адуын бәйбішелері — Қаражан, Мәніке („Кедейін сендей жарылқаған бәйбіше көрсем, көзім шықсын“).

8. Байлар есігіндегі күндер — Иіс, Баян, Есбикелер („... Босағада шіріп кеттің-ау!...“).

Осылай топтаған әйелдер бейнесін „Абай, феодалдық қоғам және әйелдер, оны көрсетудегі жазушының идеялық-эстетикалық мұраты“ проблемасының айналасында (жоғарыдағыдай топтай өтуді басшылыққа ала отырып) талдау тиімді болмақ. Бұлай топтаудың (жазып, іліп қою дұрыс) ең маңыздысы, тіпті барлығын талдауға уақыт жетпегеннің өзінде, оқушылар эпопеяда қаншама әйелдер бейнесі бар, олардың негізінде қандай проблемалар көтерілген, міне, осыларды көз алдарына елестетіп, оқиғаларын еске түсіріп, өзіндік ой-толғамға да ерік берер еді.

Мысалы, эпопеядағы кедейлер бейнесін оқытуды тек Дәркембаймен шектеуге бола ма? Оларды былай топтауға болады:

— Кедей-жатақтар, олардың көсемі — Дәркембай, Дәндібайлар.

— Базарлы — Балағаз бейнелері.

— Малшы, жалшы, бай малайлары: Иса, Байтұяқ, т.б.

— Қала кедейлері: Сейіт, Сейіл, Әбен.

Осындай топтау жастар бейнесін оқытуда да пайдаланылады. Оларды былай топтауға болады:

— Абайдың прогресшіл, ақындық мектебінің шәкірттері — Дәрмен, Мағауия („Жаңа дәуірдің жаңа жыршысы“).

— Абайдың сүйікті ұлы — Әбіш бейнесі („Бақытым — осы балам...“).

— Шұбарлар әлемі („Шіріген жұмыртқа“).

Эпикалық шығармаларды талдаудың тиімді бір жолы — образды талдау. Ал образды талдау топтаумен ғана шектелмейді, ең бастысы, кейіпкерлер характерін, іс-әрекетін ашатын жұмыс түрлерімен жүзеге асырылады. Ол жұмыс түрлеріне не жатады?

— Проблемалық сұрақтар, тапсырмалар.

— Танымдық іздендіруші, зерттеу әдісіне негізделген тапсырмалар (топтық, жалпы сыныптық, даралық).

— Шығармашылық дарынын, қабілетін дамытатын жұмыстар (инсценировка, иллюстрация, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, жазба жұмыстарының түрлері, т.с.с.).

— Мәтінмен, кітаппен жұмыс түрлері (практикалық тапсырмалар).

— Ғылыми еңбектермен жұмыс.

Мысалы, осы жастар бейнесін оқыту барысында мәтінмен мынандай жұмыстар жүргізуге болады:

а) Салыстырмалы жұмыс: Әбіш, Дәрмен бейнелеріне.

Әбіш пен Дәрмен туралы

Абай пікірі	Билеушілер пікірі, оларды жақтаушылар ойы	Достарының тілеулестерінің, халықтың пікірі	Өз пікірің
<p>Мен ескінің арты боп, сендер жаңаның алды болсаңдар екен..."</p> <p>... қараңғы сахарасына жарық-сәуле әкелер алғашқы адал бұрын сен болармысың..."</p>	<p>Шұбар: (Дәрмен туралы) „Мынау өнер емес қой! Таратпай тыю керек мұндай сөзді!“</p>	<p>Дәркембай (Дәрмен туралы): „...Өзі де Абайдың ізінде, жолында сияқты. Сонысына ішім жылиды!“</p>	

Е с к е р т у: Беріліп отырған үлгі — қысқаша үзінді.

а) Оқушылар қорытындысы, ой-пікіріне негізделетін тапсырмалар үлгісі:

Әбіш — Дәрмен

Тапсырма мазмұны	Әбіш	Дәрмен
<p>1. Өмірдегі мақсат, мұраты.</p> <p>2. Халық, кедейлерге көзқарастары. Саяси көзқарастары.</p> <p>3. Өнер, білім туралы, болашақ туралы пікірлері.</p>	<p>Халқына қызмет ету. Қараңғы сахараға жарық-сәуле әкелу.</p> <p>Революционер-демократтарды жақтайды. Абайға: „Халық үшін қолға сойыл алыңыз“, — дейді.</p> <p>Болашаққа сенеді, заман өзгереді деп сенеді.</p>	<p>Ақын болып, халықтың мұңын, зарын жырлау. Абай тәрбиесін, асыл сөзін сақтап, келешекке жеткізу.</p> <p>Дәрмен кедейлерді, өзі шыққан топты құрметтейді. Саяси көзқарасы қалыптаспаған.</p> <p>Абайдан жақсы заман туады деп естиді, бірақ оны білмейді.</p>

ә) Абайдың іс-әрекетін жинақтап, сол арқылы Абайдың гуманист, философ, демократ, терең ойшыл, оптимист екенін дәлелдеу.

Үлгі:

Абай — терең ойшыл, оптимист.
(дәйексөз — дәлелдеме)

Бөлімі	дәйексөз — мысал
„Қоршауда“ III кітап	<p>„... Енді сол біреу — осы Дәрмен бе?... Мен жетпегенге жетіп, мен көкसेгендей ортаны көксеп ұшармысың алысқа! Жетермісің жақсы жайылымға. Мен ұшқаннан арыға ұшар болшы“ (412-бет).</p>

Жоғарыда айтылғандай, оқушылар орындайтын үй тапсырмаларын шығармашылық сипатта беру, қабілеттеріне қарай беру эпопеяны меңгертудің тиімді жолы болмақ. Топтық жұмыстың бір үлгісі:

Б і р і н ш і т о п қ а:

Мына кестені пайдалана отырып, Абай жолының феодалдық қоғамға қарсы жол екенін дәлелде. (Дәйексөзді-дәлелдеме талдау.) „Абай аға“, „Қоршауда“, „Қақтығыста“ бөлімдерін басшылыққа ал.

Бөлімдер	Оқиғалар	Абайдың іс-әрекеті	Қорытынды дәлелдеме
„Абай аға“	<p>Тәкежан: „Онда атамның ұлы емеспін“, Құнанбай баласы емеспін, елдің жаман-жәутігімен табыстым десеңші“ (Базаралыны Тәкежан қайта айдатпақ болған кездегі диалогтер).</p>	<p>Абай: „Ата жолы көпке зорлық, қастық болған соң, мен ата баласы болмай, халық досы боламын дегенмін. Азды десең, азғаным сол Құнанбайлықтан!“</p>	

Е с к е р т у: Мұндай үлгі-кестені әр топқа беріп отырмыз. Толтырылған үлгісі қабілеті „орташадан төмен“ оқушыларға беріледі. Қалғанын өзі толтырады.

Е к і н ш і т о п қ а:

Абай жолының өнер жолы, халық үшін, әділет, шындық үшін күрес жолы екенін дәлелде (дәйексөзді дәлелдеме-талдау). „Абай аға“, „Қоршауда“, „Қақтығыста“ бөлімдерін басшылыққа ал.

Е с к е р т у: Аталған бөлімдердегі оқиғаларды ғана емес, өз беттерімен де мысалдар алуларына болады.

Үшінші топқа:

Абай жолы — прогресс жолы, ізгі ниеттілермен достық жолы екенін дәлелде (дәйексөзді дәлелдеме — талдау). „Қоршауда“, „Қақтығыста“, „Түн-түнекте“ бөлімдерін басшылыққа ал.

Төртінші топқа:

Абай жолының жаңа заман, жаңа қауым жолы екенін дәлелде (дәйексөзді-дәлелдеме талдау жасау). „Абай аға“, „Қақтығыста“, „Жұтта“ бөлімдерін басшылыққа ал.

Ескерту: Көрсетілген беттер (үлгі-кесте) мен аталған оқиғалардан басқа да мысалдар алуға болады.

Бесінші топқа:

Абай бейнесін жасаудағы жазушы шеберлігі айнала-сында ойланыңдар (ғылыми материалдар негізінде).

Тапсырманы мына үлгіде орындаңдар.

Ғалымдар пікірі	Достарыңның пікірі	Өз пікірің
Г. М. Қаратаев „Қазақтың тұңғыш эпопеясы“		

Ескерту: Бұл мәселеде, әдетте, ғалымдар еңбегі ұсынылады (оқушы басшылыққа алатын жерлерді белгілеп береміз, көбіне өздері бұрыннан, яғни 1-сабақтан бастап оқыған, жұмыс істеп жүрген еңбектерді ұсынамыз). „Достарының пікірі“ деген бағанды толтыру үшін, өзінің парталас досының пікірін, не өзіне ұнаған пікірлерді негізге алуына болады немесе өзі келіспейтін пікірлерді де алуға рұқсат. Сондай-ақ өздеріне ұсынылған авторлардың қайсысының пікірінен үзінді алу өз еркінде. Әдебиетке бейімі бар оқушыларды (көп ретте өзі жұмыс істеп отырған еңбекке пікір-сын айтуға талаптандырып) өзіне ғалымның қай пікірі ұнады, қандай пікіріне дау айта алады, тапсырманы осы тұрғыда орындауға да жетелейміз.

Көлемді шығармалардың қай мәселесін талқыламасын, мұғалім осы мол дүниенің ең басты, мәнді дәнін, мәйегін даралап бөліп алып, оны оқушыға

тұжырымды, терең мәнде жеткізудің тиімді әдіс-тәсілін іздеу керек. Жоғарыда аталған кейіпкерлерді оқытуда, оларды эпопеядан тек топтап жинақтап алуда ғана емес, сол белгілі бір кейіпкердің өзін қай жағынан оқыту керек, оның қай мәселесін негізге алу керек, осы кейіпкер бейнесін ашатын штрих, детальдар қайсы деген мәселелер мұғалімдерді көп іздендіреді. Нұсқау, үлгі ретінде Құнанбайлар бейнесін қалай оқытуға болады, ол бейненің өзін қандай проблемалармен талдау керек? Төмендегі кесте осы мәселелерді сөз етеді.

Сабақтың мазмұны, негізгі элементтері	Әдіс-тәсілдер	Оқу-жабдығы
Кіріспе	1. Сауалнама сұрақтарына жауап. 2. Баяндау-әңгімелеу.	Кесте-плакат
Құнанбайлар — феодалдық қоғамның қатал сақшылары.	1. Проблемалық жағдаят, проблемалық сұрақтар. 2. Түсіндірмелі әдіс. 3. Инсценировка.	1. Көмекші-үлестірме тапсырмалар, 35 2. Иллюстрациялар.
Құнанбайлар және рулық-патриархалдық тартыс.	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға негізделген шағын пікірталас.	1. Плакат. 2. Иллюстрациялар.
Құнанбайлар және кедей-жатақтар.	1. Диалогиялық әңгіме. 2. Пікірлесу. 3. Проблемалық сұрақтар. 4. Кітаппен жұмыс.	Инсценировка (ұналғыдан).
Құнанбайлар және Абай бастаған прогресс. Ескі мен жаңа арасындағы тартыс (әкелер мен балалар проблемасы). Қорытынды.	1. Проблемалық жағдаят. 2. Инсценировка. 3. Салыстырмалы жұмыс. 1. Практикалық жұмыс. 2. Әңгімелеу-баяндау. 3. Танымдық-ізденуші топтық тапсырмалар.	1. Сызба кесте. 2. Ұналғы. 3. Кодоскоп. 4. Сызбалар.

Тақырыптың негізгі элементі көрнекі етіп жазылып қойылады.

Кіріспе: Сауалнама сұрақтары тексерілді. Төменде оқушылардың қалай орындағандарының үлгісін ұсынып отырмыз.

Сауалнама сұрақтары	Жауаптары
1. Құнанбай типтестерге (типтерге) кімдерді жатқызасың?	Оразбай, Тәкежан, Әзімбай, Дайырбайлар.
2. Не себепті оларды Құнанбай типтестерге қосасың?	1. Барлығы да үстем тап өкілдері. 2. Барлығы да жаңалыққа, прогреске, Абайға қарсы.
3. Құнанбай бейнесін ашатын ең негізгі оқиғалар қайсы? Олар қай бөлімде?	1. „Қайтқанда“ бөлімінде Қодар мен Қамқаны өлтіреді. 2. „Оқапта“ бөлімінде Әмірді өлтірмек болады.
4. Оразбайдың бейнесін ашатын оқиғалар қайсы?	1. „Өкініште“ бөлімінде Сейітті тірідей жерге көмеді. 2. „Қастықта“ бөлімінде Абайға қастық ұйымдастырады.

Сауалнама арқылы оқушылардың тақырып туралы ұғымдарын, түсініктерін білгеннен кейін, „Феодалдық замана және Құнанбайлар әлемін көрсетудегі, жазушының идеялық-философиялық шешімі“ айналасындағы проблемалық жағдаятты талқыладық. Енді оқушылар жауабынан мысалдар келтірейік:

— (С.) Құнанбайлар арқылы жазушы үстем топтарды, олар өмір сүрген заманды көрсетеді. Жазушы мақсатын мен осылай түсінем.

— (Ө.) Абай эпопеяда „Адам ұлы“ дәрежесінде беріледі. Ол дәрежеге ақын Құнанбайлардан бөлініп, жаңа жыртықштармен күресе отырып жетті.

Ал, біздің мақсатымыз оқушыларды жазушының, философиялық шешімі, эстетикалық табысы айналасында ойландыру, іздендіру еді. Сондықтан ары қарай олардың назарын Құнанбайлардың іс-әрекеті жинақталған кесте, плакат пен алдарындағы нұсқау-үлестірме жұмыстарға аударта отырып, алға қойылған мәселені шешуге жетеледік. Сол арқылы Құнанбайлардың феодалдық қоғам сақшылары екенін дәлелдеуге, түсіндіруге талаптандық. (Оқушыларға төмендегі кесте арқылы Құнанбайлар бейнесін, ең негізгі оқиғаларды айқындап, ойларын дәлелдеу ұсынылды.)

Үналғыдан Құнанбай — Қодар („Қайтқанда“ бөлімі), Оразбай — Сейіт („Өкініште“ бөлімі) арасындағы диалогтен инсценировка тыңдадық (оқушылар өздері дайындаған). Иллюстрациялар арқылы Құнанбайлардың

Эпопеяның негізгі бөлімдері	Құнанбайдың іс-әрекеті
„Қайтқанда“	а) Қодар мен Қамқаны өлім жазасына кесу. ә) Қарашоқыда үкімді орындату.
„Қат-қабатта“	а) Құнанбайдың аталас руларға өктемдігі. ә) Бөкенші, Борсақ қыстауына кіріп алуы. б) Атшабарлары жазаланғаннан кейін, Үркімбай аулын жігіттерімен келіп шабуы, Бөжейді дүрелеуі.) в) Жігітек, Бөжей аулын шабуы.
„Жолда“	а) Қарқаралыда мешіт салдыруы. ә) Бөжейлердің Құнанбаймен татуласуы. Кәмшат трагедиясы.
„Шытырманда“	а) Абайды Құлыншаққа жіберуі (Ақпердіге — Бетқұдықтың жайылымын шауып алу жөнінде). ә) Кәмшат жайын Абайдан естуі. б) Өз мойнына кінә алуы.
„Бел-белесте“	а) Бөжей қыздарының Құнанбайды өлең арқылы жазалауы. ә) Құнанбайдың Майбасар мен Құдайбердіні жазалаған жігітек аулын шабуға жиналуы. б) Қаралы көшке шабуылы. в) „Мұсағұл соғысы“. г) Құнанбайдың шегінуі (Құнанбайды ұлықтардың тергеуге алуы).
„Өрде“	а) Құнанбайдың Байсал қыстауына таласуы. ә) Құнанбай жылқыларының ұрлануы. б) Балағазды, оның жанындағы он жігітті ұстатып, айдатуы. в) Құнанбайдың Базаралыны жат көрмеуі, оны бағалай, түсіне білуі. г) Абайға таққан үш кінә.
„Тайғақта“	а) Құнанбайдың қажыға аттануы. б) Дәркембайдың Дәрмен қарызын сұрай келуі.
„Оқапта“	а) Өз немересі Әмірді өлтірмек болуы. ә) Әмірді Абайдың қорғауы. б) Ақшоқыда туған Абай әнінің Құнанбайға жат естілуі, әнге тыйым салуы.

қаталдық, жаны ашымастық іс-әрекеттерін көз алдарына елестеттік.

Енді оқушылар назарын төмендегі проблемалық сұрақтарға жұмылдырдық.

— Қодар мен Қамқа өлімінің басты себебі неде?

— (З.) Құнанбай оларды өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін өлтірді. Өсекті сылтау етеді.

— Осы пікірге келісуге бола ма? Құнанбай Қодарды өлтіртпей-ақ, жерін тартып алуға шамасы келмей ме?

— (Н.) Әрине, шамасы келеді, меніңше, бір жағы Құнанбай — діншіл, сол заманның салтын берік ұстаушы. Сол дінді сылтау етіп, „кәпірлерді“ құрбандыққа шалады. Феодалдар, діндарлар үшін оның ісі — заңды, дұрыс. Ол жер үшін ғана Қодарды өлтіртпейді. Өз заңын, дінін, салтын қорғайды.

— Ал енді, балалар, осы сұрақтың нақты жауабына эпопеяның өзінен, мәтіннен үзінді ала отырып, кім дәлел айта алады? Қане, мына кестеге қарап (көрнекі етіп ілінген), естеріңе түсіріңдерші, „Қат-қабатта“ бөлімінде Құнанбайлардың қандай әрекеттері жазылған?

— Оқушы (С.). Құнанбайлар Бөкенші, Борсақ жеріне, яғни қыстауларына өктемдік етіп кіріп алады.

— Дұрыс. Енді 77-бетті ашып, ақырғы абзацқа қараңдаршы, қане, кім оқып жібереді?

— (Ж.оқиды). „Ойпырай, не дейсің?“ Әттең, аузыңнан айналайын Бөжей-ай. Қодар өлгенде: „Бұл шылбыр Қодардың мойнына ғана түскен жоқ. Бұйырса, Бөкенші, Борсақ, сенің мойыңа да түскен шылбыр болар деп едің...“ Арманда кетіпсің ғой, есіл ерім, Қодар-ай! — деп, үні өшіп, атының жалын құшып, бүгіліп тұрып қалды.

— Өзің осы үзіндіден қандай қорытынды шығара аласың?

— (Н.) Менің ойымша, Құнанбай Қодарды өлтіру арқылы Бөкенші, Борсықты да ауыздарын аштырмай, өзіне бағындырып, кіріптар етуді мақсат еткен, мына үзінді соны дәлелдейді.

— (О.) Бөжей Құнанбайдың мақсатын қалай дұрыс болжаған. Бірақ ара түсе алмаған соң, одан пайда не?! Ал енді осы үзінді Қодар өлімінің нақты себебін дәлелдеп тұр деп есептеймін. Құнанбайдың түпкі мақсаты — жер иемдену, байлығын асыра беру, өктемдігін тоқтатпау. Мына үзінді соны сөзсіз дәлелдеп тұр.

Оқушылар пікірі мен болжамын толықтырып, ары қарай тағы да проблемалық сұрақтар арқылы талдауды жалғастырдық.

— Ал енді, балалар, мына бір сұрақтың айналасында ойланайық. Құнанбай көпе-көрнеу өз баласын, яғни

Кәмшатты неге арашалап алмайды? Тіпті оның күтімсіз, аянышты өмірін естігенде де, әрекет жасамай, өлімге қиғандай болады. Бұл туралы не айта аласыңдар?

— (О.) Құнанбай ақылсыз адам емес, өз қатесін, яғни Бөжейлерге істеген өктемдігін түсінеді. Сондықтан да араша болмайды.

Осы кезде үйірме мүшелерімен алдын ала дайындаған инсценировка көрсетіледі (1-томның, 177-бетіндегі Абай, Ділдә, Құнанбай, Айғыз, Ұлжан диалогтері бойынша). Кәмшаттың ауыр тағдырын көріп келген Абай Айғыздың өтінуімен бар шындықты өз туыстарына айтып береді. Сонда Құнанбай: „Құтқар анау қаршадай жетімегімді“ деген Зере бұйрығына: „Қайтейін? ... Мен қайтейін? ...Кешегісі Арғынның игі жақсылары бұйырды!“ — деп, лажсыздық кейіп көрсетеді. Инсценировка ны тыңдаған оқушылармен бірге Құнанбайдың әдет-салт, ата жолын өзі де мықтап ұстағанын, сол себептен де „игі жақсылар“ шешіміне қарсы келе алмағанын дәлелдедік. Яғни Құнанбайдың феодалдық салттың қатал сақшысы екендігіне көзімізді жеткіздік.

Оқушылар болжамы мен жауабын негізге ала отырып, әсіресе, жазушының эстетикалық табысына көбірек тоқтадық. Құнанбай тек қатал сақшы емес, оның ақылды әрі айлалы, әрі терең, қайсар, қайратты бейнесіне талдау жасай отырып, Құнанбайды осылай жан-жақты етіп көрсетудегі жазушының шеберлігі мен табысына тоқталдық.

Оқушылар кітапты, алдарында жатқан үлестірме жұмыстарды (Құнанбай бейнесін ашатын үзінділер жазылған) пайдаланып, Құнанбайдың әр алуан сипатта көрсетілетінін дәлелдеді. Осы практикалық жұмысты жүргізу арқылы оқушыларды жазушының Құнанбай бейнесін жасаудағы шеберлігін байқауға жетеледік. Мысал келтірейік: „ — Қаратай жүйрік қой, жер таниды. Айтқаны шын болса керек. Бірақ өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады. Мен өмірде ұстаған нәрсемді табандылығында деп білемін. Соның түбінен мін шығатын кез де болады!“ — деп, үндемей отырып қалды. Дау айтқан жоқ.

— Адам пенде ғой. Пенденің жоқ-жітігі толған ба? — деді.

Бұл кезде Абайға әкесі жадағай көрінбеді. Ол шешендіктен гөрі, басқарақ түкпірі бар жан сияқты. Оңай жан емес. Қабат-қабат шың сияқты. (170-бет, 1-кітап)“.

Міне, осы үзінді жазылған үлестірмені оқушылар ең алдымен өздері оқып, сонан соң бір-бірімен (кейде қатар отырған екі бала немесе екі партадағы төрт бала бірігіп) сыбырлай пікірлесіп, ойларын бөліседі. Осы үзінді қай оқиғаға байланысты екендігіне де тоқталып, Құнанбай характерін Абай ойы, Абай бағасы арқылы дәлелдеді.

Е с к е р т у: Құнанбай және рулық-патриархалдық тартыс мәселесіндегі ең жетекші әдіс — проблемалық сұрақтарға негізделген шағын әдеби пікірталас болды. Оны әңгіме және мәнерлеп оқумен ұштастырдық. Плакат түрінде ілулі тұрған пікірталас сұрақтары мынандай болды:

1. Бөжей мен Байсалдар қандай кейіпкерлер? Оларды Құнанбай типтестерге жатқызуға бола ма?

2. Абай оларға неге іш тартады? Әлде оларды „Халық ұлы“ деп түсінгендіктен бе?

3. Дәркембай — Құнанбайлар арасындағы тартыс пен айырмашылығын, әлеуметтік мәнін қалай түсінесің?

Пікірталас сұрақтары бойынша мынадай мәселелер айналасында пікір таластырды.

— (Қ.) Бөжей — ұнамды кейіпкер. Оны Құнанбайлар типіне қоспаймын.

— (Т.) Бұл пікіріңді немен дәлелдейсің? Мысалы, мен сенің осы ойыңды дұрыс дей алмаймын.

— (Қ.) Бөжей Құнанбайлардан үнемі зәбір көрмей ме, тіпті таяқ та жейді. Әуелі оның өліміне де сол Құнанбайлар себеп болды емес пе? Бөжейді қайғы, құса өз ажалынан бұрын әкетті ғой!

— (Ә.) Мен де сенің пікіріңе қосыламын. Ойымды дәлелдеп көрейін. Естеріңде ме, Қарқаралыға мешіт салдырып жатқан әкесімен бірге аттанып бара жатқан Абайға анасы Ұлжан не деуші еді? *„Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола береді. Бөжекеңді көрген жерге сәлеміңді түзу бер. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әгіл бол!“* — демеі ме? (Оқушы бұл сөздерді кітаптан оқиды.) Егер Бөжей ұнамсыз адам болса, Ұлжандай ақылды ана осындай пікір айта ма? Абай Бөжейді қолдап жүреді.

— (Л.) Мен бұл пікірлерді дұрыс емес деп ойлаймын. Бөжей қалай ұнамды кейіпкер? Кәмшаттың өлімінде оның кінәсы жоқ па?

Міне, осындай пікірлерден соң, оқушылар назарын төмендегі кестеге жазылған (Кәмшат оқиғасына байланысты теріп салынған) сөздерге аудардық.

Оқушылар іштей оқып, ойланып болған соң, осы мәтіндерді салыстыра отырып, Бөжейдің де үстем тап өкілі екендігін, бірақ Құнанбайлар мықты ру болса, Бөжейлердің одан әлсіз ру екенін, бұлардың арасындағы дау, тартыс рулық-патриархалдық заман сипаты екенін ашып, қорытындыладық. Мұндай мәтін арқылы салыстырмалы жұмыс жүргізу кейіпкер характерін ашуда, оған нақты, дәлелді түрде мінездеме беруде өте тиімді әдіс болып табылады. Сондай-ақ әдебиет сабағының нағыз өзегі — көркем мәтінмен жұмыс десек, өз тәжірибемізде оны басқа да жұмыс түрлерімен ұштастырып отырудың тиімді әрі ғылыми негізде болуын үнемі қарастырып, мүмкіндігінше іске асырып келеміз.

Талас пікірлер, әсіресе, 3-сұрақ айналасында көбірек өрбіді. Кейбір оқушылардың топтар арасындағы қайшылық пен феодалдар арасындағы рулық тартысты шатастырып жүргені анықталды. Дұрыс ойлар айтқан оқушылардың пікірлерін басшылыққа алып, Бөжейлер де үстем тап өкілдері екеніне, олардың арасындағы тартыстың топтық мәні жоқ, жерге, байлыққа таласу, күшті рудың өзінен әлсіздеу руға істеп отырған қысасы екеніне оқушылардың көзін жеткіздік.

Сонымен қатар Дәркембай, Базаралылар сөзінен

Абай	Құнанбай	Бөжей
„Адамшылық рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, на-дан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше, жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты? (1-кітап, 179-бет).	„Тіпті жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой“ (1-кітап, 179-бет).	„Құнанбай жаққан өртке менің арым өртенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде. Әлде өзгелер үйелменімен өртенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдірмесін ағайын“ (179-бет). „Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем?! Тіпті берсем, де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен“ (1-кітап, 181-бет).

алынған үзінділерді мәнерлеп оқыдық. Базаралының „Көл жолындағы“ өзін айыптаушыларға айтқан сөзін ұналғыдан тыңдадық (2-кітап, 137-б.). Осыдан кейін барып сұрақтарды талқылауға кірістік. Оқушылардың Базаралы, оның іс-әрекеті туралы пікірі әр түрлі екеніне көзіміз жетті. Әңгіменің баяндау әдісімен Дәркембай, Базаралылар істерінде тап күресінің сипаты бар екенін түсіндірдік. Әрине, олардың санасы жан-жақты өскен, шынайы күрескер емес екеніне, оған себеп, сол заманғы қоғамдық орта екеніне, бірақ солардың іс-әрекеті арқылы жазушы даладағы тап жігінің тереңдеп бара жатқанын көрсеткеніне баса назар аудардық.

Ескі мен жаңа арасындағы тартысты проблемалық жағдаят, практикалық жұмыстар арқылы талқылады. Оқушылар төмендегідей проблемалық жағдаят айналасында ізденді: „Эпопеядағы әкелер мен балалар мәселесі“.

Енді оқушылар назарын Әбіш пен Абай арасына аудардық. Оқушылардың Әбіш — Абай арасының Абай — Құнанбай арасынан өзгешелігі, айырмашылығы туралы пікірлерін тыңдадық. Ең алдымен Әбіш — Абай диалогтерінен („Өкініште“, 189—190-б., „Қақтығыста“ 394-б.) үзінділер оқыдық. Әбіш жайлы Абайдың арманы мен үмітін („Қақтығыста“, 306-б.) мәнерлеп оқып, оны Құнанбайдың Абайға айтқан қарғысымен салыстырдық.

Осы үлгідегі үлестірме-нұсқаулар Абай — Мағаш, Тәкежан — Әзімбайлар арасындағы проблемаларды түсіндіруде де пайдаланылады. Осындай нақты мысалдарға жүгіну оқушыларды кітаппен жұмысқа, көркем туындыны ғылыми түрде талдай білуге, оның негізгі проблематикаларын саралай білуге жетелейді. Құрғақ, дәлелсіз болжам жасаудан, үстірт пікірлерден сақтандырады.)

Эпопеядағы әкелер мен балалар проблемасы туралы сөз еткенімізде, жоғарыдағы үзінді-материалдар жақсы нәтиже берді. Енді Абай мен Құнанбай, Әбіш пен Абай арасындағы мәселелер төңірегінде оқушылар жауабынан бірер үлгілік үзінділер бере кетейік:

— (Б.) Абай — орыс мәдениетін қазақ даласына таратушы, артынан Дәрмен сияқты жастарды ертуші, прогресс басшысы. Ал, Құнанбай — ескі заманның, феодалдық қоғамның қатал сақшысы. Олай болса, жазушы тек әке мен баласының проблемасы емес, замана проблемасын берген.

— (Қ.) Менің ойымша, Әбіш — Абай арасы да тек әке мен бала арасы емес, одан тереңірек мәселені қамтитын сияқты. Әбіш — Абай армандаған жаңа заманның басы, өзі сепкен прогресс дәнін ілгері апарушы. Тіпті Әбіш арқылы жазушы революциялық- демократиялық ағымның қазақ даласына тарап келе жатқанын көрсететін сияқты.

Оқушылар пікіріне үңіле отырып, жазушының ескі мен жаңа, әкелер мен балалар проблемасын көрсетудегі мақсатын түсіндірдік. Тақырыпты бүгінгі өмірмен байланыстырдық. Абай ұрпақтары Абай армандаған заманда өмір сүріп жатқанына тоқталдық.

Ары қарай сабақ кіріспесінде талқылаған сауалнама сұрақтарына қайта оралып, Құнанбай типтестерге тағы кімдерді жатқызуға болатынын сұрадық.

— (З.) Құнанбайлар типіне Оразбай, Дайыр, Тәкежан, Сәмен, Майбасар, Әзімбайлар жатады.

— Енді осы пікірлеріңді дәлелдеу үшін, мына кесте-плакатты (эпопеяның негізгі оқиғалары қысқа ғана көрсетілген көрнекілік) басшылыққа алыңдар.

— (Л.) Оразбайдың іс-әрекеті арқылы оның үстем тап өкілі, Құнанбай ісін жалғастырушы екенін дәлелдеп көрейік. Біріншіден, „Қастықта“ бөліміндегі Абайды масқара жазаға ұшыратушының ең кінәлыларының бірі осы — Оразбай. Екіншіден, „Шайқаста“ бөлімінде Абай өлеңін айттың деп, затон жұмысшысы Сейітті тірідей көміп тастаған кім? Ол да Оразбай...

— (Т.) Меніңше, осы Құнанбай типтестер ішінде Сәменнен өткен ұнамсызы жоқ қой деймін. Ол туралы IV кітаптың 275-бетінде былай делінген: „Сәмен жастау, ызасы қатты буып жүрген, Оразбайдың анық қанды көйлек, қарашоқпар сыңары болатын“. Міне, осы сұм ақыры Абайға қол жұмсайды.

Оқушылар пікірін негізге ала отырып, Құнанбайдың „шымалдық артында“ қалған өмірінің жалғасы — Оразбай, Әзімбайлар, олардың тіпті Құнанбайлардан да өткен жауыз екеніне, ұлы Абайдың басына түскен небір қиындықтың, халық басына түскен небір ауыртпалықтың бірден-бір кінәлылары осылар екеніне тоқталдық. Бүкіл өмірін осындай топас, әрі жауыз топқа қарсы күреспен өткізген Абай тағдырын еске түсірдік.

Кесте-плакатты пайдаланып, Абайдың үстем таптармен болған күресін, ол қай оқиғада, қай бөлімде көрсетілетінін саралап, жинақтадық. Қорытындыда прак-

тикалық жұмыстарға орын бердік. Кодоскоптан төмендегі сызба (схема) көрсетілді. Оқушылар төмендегі сызбаны ауызша толтырды. Ең алдымен өткен сабақта қорытындылаған Абай жолын көрсеттік. Оқушылар салыстыра отырып, Құнанбай жолын былай саралады:

- Құнанбай жолы —
1. Қаталдық жолы.
 2. Әділетсіздік жолы.
 3. Бітіп бара жатқан ескі жол.
 4. Ата ұлының, феодалдық қоғамның жолы.
 5. Өзімшілдік жолы.
 6. Дін жолы.
 7. Шымылдық артындағы өріссіз жол.

Оқушылар өткен сабақтағы пікір, болжамдарын еске түсірді. Оны жаңа сабақтан алған білімдерімен байланыстырып, Құнанбай жолын осылай қорытындылады.

Үйге тапсырма: Үй тапсырмасы саралап оқытуды басшылыққа алуға негізделіп берілді.

Әңгіме жанрын оқыту

М.Әуезовтің 8-сыныпта берілген „Қараш-Қараш оқиғасы“ хикаясын оқыту алдында оқушылардың қызығуы, ынтасы, таным белсенділігін арттыру мақсатында, әңгімедегі оқиғалар өмір шындығынан алынғанын, Бақтығұл — өмірдегі Рысқұлдың прототипі екенін (әрине, прототипке түсінік беру қажет) қосымша материалдарды пайдалана отырып, әңгімелеу қажет. Яғни, Тұрар Рысқұлов жайында деректер, қуғын-сүргінге ұшырауы, т.б. туралы. Жалпы шығарманың көтерген проблемасы феодалдық замандағы қорғансыздар, кедейлер тағдыры, әділетсіздік, жауыздық, ел ішіндегі барымта, ұрлық, күндестік сияқты сахара өмірінің небір шындық картинасын көрсету, әділдік іздеу, шындық іздеу, сол жолдағы адасу, кек қайтару сияқты бас қаһарманның жанталасқан іс-әрекеті, психологиялық күй-жағдайлары повестің негізгі өзегі, қазығы болып табылады. Әңгімені оқытуда тек мазмұны ғана емес, ең бастысы, оның негізгі проблематикасы, жазушының идеялық-эстетикалық мұраты, сол жолдағы табысы сөз етілуі керек. Сюжет, композиция тұтастығы, тіл көркемдігі,

характерлердің жасалу жолдары айналасындағы еңбек те ең негізгі мәселелер. Әдеби-теориялық ұғымдарын тереңдету, хикая, прототип, кейіпкерлердің психологиялық күй-жайы, сюжет, композиция, суреттеу, портреттеу, баяндаулар туралы да түсінік беру сабақтың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Повесті талдау ең алдымен мазмұнын меңгеруден басталмақ. „Қараш-Қараш оқиғасы“ көлемі жағынан көлемді, көтерген проблемасы жағынан салмақты болғандықтан, бағдарламада берілген санаулы сағаттардың ішінде оны талдау да күрделі мәселе. Сондықтан мұғалім ең тиімді деген әдіс-тәсілдер іздеуі керек. Мазмұнын сыныпта, әрі үйде меңгерту жөн. Шығарманың ұзақтығын ескеріп, әрі оқушының тез оқуы, қызығуын ұйымдастыру мақсатында, тарауларына тақырып қойып, ол талдаулардағы басты оқиғаларды көрсетіп, жоғарыдағы үлгіде көрнекі етіп жазып, пайдаланып отырудың маңызы зор.

Бөлімдер	Тақырып	Басты оқиғалар
I	Іште кеткен кек	1. Тектіғұлдың ауруы, ауыр тағдыры. 2. Аянышты өлім.
II	Кек жолындағы жортуыл	1. Бақтығұлдың өш алу жолындағы Сәлмен жылқысына барымтаға аттануы. 2. Биені ұрлап әкетуі.
III	Қуғыншылар	1. Биені әкеп, сойып алуы. 2. Қуғыншылар үстінен дөп түседі. 3. Масқара соққыға ұшырауы. 4. Намыс, ар, қорлану.
IV	Пана іздеу	1. Арқар атуы. 2. Жарасбай аулына оны тарту етуі. 3. Жарасбайға айтқан өтініші, тілегі.
V	Адасу	1. Жарасбайдың сенімді серігі. 2. Бақтығұлдың ақ жолдан таюы. 3. Барымтаның жиілеуі. 4. Әділет іздеп, әділетсіздікке еріксіз баруы.
VI	Екі жүзді аярлық	1. Ел ішіндегі тартыстың ұлғаюы. 2. Жарасбайдың сатқындығы. 3. Билер соты, үкім.
VII	Қуғын	1. Қашып құтылуы. 2. Қуғын.
VIII	Өш алу	1. Тау-тасқа жасырыну. 2. Жарасбайды атып өлтіріп, өш алуы.

Мазмұнын сыныпта оқыған кезде мұғалім оқылып жатқан бөлімдердің басты-басты эпизодтарын ашатын сұрақтар қойып, тұжырымдап отырады. Ал үйге берер алдында сол бөлімдердің мазмұнын қысқа түрде өзі айтып беріп, өз беттерімен оқуды тиімді ұйымдастыру үшін сұрақтар беріп, соған жауап дайындауды талап етеді. Мысалы, IV бөлімді үйге өз беттерімен оқып келу тапсырылса, мынадай сұрақтар, тапсырмалар жүйесін ұсынуға болады:

1. Соққыдан оңалған Бақтығұл қандай шешімге келеді?
2. Арқар ату себебі не?
3. Оны Жарасбайға неге сыйға тартады?
4. Жарасбайға қандай тілек, өтініш айтады?
5. Жарасбай ол өтінішке қалай қарайды?

Мәтінмен жұмыс кезінде мұғалім, әсіресе, оқиғалармен қабаттаса келіп отыратын суреттеу, портреттеулерге ерекше көңіл бөлуі керек. Сол себептен де осы үйге берілген бөлімді сұрақтар арқылы талқылай отырып, кітаппен жұмыс, яғни практикалық жұмыс арқылы портреттеу, суреттеулерді таптырып, олар қандай тілмен берілген, оның шығармадағы орны, маңызына да тоқталып отыру тиімді болмақ. Әңгіме-хикаяны оқытуды қандай әдіс-тәсілдермен жүзеге асыру керек, ол солардың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, осы „Қараш-Қараш оқиғасында“ практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі, тілі де күрделі (сөйлеулердің ұзақ, құрмалас сөйлемдерге құрылуы, пейзажды беруде бейнелі, образды суреттеулердің молынан кезігуі, диалогтер мағынасының астарлы ойларының тереңдігі, т.б.)/Тіпті, мазмұнын меңгерту де, яғни мазмұндату да мұғалімге оңайға түспейді. Мысалы, оқулықтың 108-бетіндегі Бақтығұл келе жатқан Талғар сайының көрінісін суреттейтін жерді балалардың айтып беруі — мүмкін емес нәрсе. Мұғалімнің өзіне де сол қалпында суреттеп беру қиындыққа түсер еді. Сондықтан да мазмұнын айтқызу кезінде ондай суреттерді кітаптан оқи отырып айтқызу тиімді болмақ. Әсіресе, бұл шығарманы оқу барысындағы ең тиімді әдістердің бірі — мәтінге жуық мазмұндату, портреттеу, көріністер, диалогтегі ұтымды сөздер, көркемдегіш айшықты сөздерді сақтай отырып,

мазмұндату болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, шығармадағы суреттеулер, портреттеулерді жинақтап, ұналғыға мәнерлеп оқу арқылы жаздырып, тыңдатып, сөйтіп, құлақтарына сіңісті ете отырып, сол арқылы ойша көз алдарына сол сурет, көріністерді келтіріп отырудың да маңызы ерекше. Мазмұнын меңгерту жұмысынан кейін идеялық-эстетикалық мәніне әдеби талдауды проблемалық сипаттағы, пікірталас тудыратын, іздендіру сұрақтары арқылы жүзеге асыруға болады. Әңгімелеу, пікірлесу, әдеби шағын пікірталастар бұл сабақтарда да жетекші әдіс болмақ.

Сұрақтар:

1. Тектіғұл өлімінің негізінде қандай саяси-әлеуметтік мән жатыр? Ол өлімнің шығармадағы орны?
2. Бақтығұлдың барымтаға аттануы, ұрлық жасауына қалай қарайсың? Ақтайсың ба, қаралайсың ба?
 - а) Қуғыншылар ізге қалай түсті? Бақтығұл неге ұсталып қалды?
3. Жарасбай болысқа баруын құптайсың ба, жоқ па?
4. Бақтығұлдың басты-басты қателіктерін, адасуларын ата.
5. Ол адасуларға тек Сәлмен, Жарасбайлар ғана кінәлы ма? Өзіне кінә қояр ма едің?
 - а) Жарасбай мен Сәлменге салыстырмалы мінездеме бер.
6. Жарасбайды өлтіру қылмыс па? ("Ия" десең де, „жоқ" десең де, ойыңды дәлелдеуге тырыс.)
7. Билер алдындағы „Неде болса да ақпын“, „Менде айып жоқ" деген ойынан бастап, Бақтығұл монологін қайта оқып шық. Осы монологтің маңызы неде деп ойлайсың?
8. Сол билер алдындағы „Егер осы Қоқыш сөзіндей Жарасбайдың айтқаны шын болса, ...“ деп басталатын Бақтығұл сөзінің мәнін түсіндір. Осы абзацтың Бақтығұл бейнесін ашуда маңызы бар ма?
9. Ақылды, әрі күшті рухы бар Бақтығұл неге қол шоқпар, барымташы, сорлы малайға айналады?
10. „Қараш-Қараш оқиғасы" арқылы жазушы қандай мәселелерді көтерген? Шығарма неге „Қараш-Қараш оқиғасы" деп аталған?
11. Автордың бас кейіпкері Бақтығұлға деген сезімі, қарым-қатынасы қалай? (Мәтіннен үзінді оқи отырып дәлелдеу.)
12. Қазақ даласындағы партия, съезд, қақтығыс, күншілдік, бақталас, ырду-дырду шығармада қалай берілген? Олардың бас кейіпкер тағдырындағы орны бар ма?

Шығармадағы Бақтығұл, болыстар, жуандар бейнесі туралы сөз қозғағанда, тағы да мынадай тапсырмалар орындатуға болады:

— Бақтығұлдың монологтерін тауып оқы. Ол монологтердің Бақтығұл бейнесін, іс-әрекетін, жан дүниесі, психологиясын көрсетудегі рөлін ашуға тырыс.

— Шығармада осы монологтерге неге көп орын берілген? Жазушының осы көркемдік тәсілінің маңызын қалай түсіндірер едің?

Сабаққа Бақтығұл бейнесін ашатын, оның адасып-адасып келіп, кек алуын, сол жолдағы азапты да аянышты тағдырын тұжырымды түрде көрсететін көрнекілік — сызба (схема) пайдалануға болады.

Ү л г і:

„Кек жолында“

— Тектіғұлдың өлімі. Сәлмен қолындағы ит тірлік.

— Сәтсіз барымта.

— Пана іздеу.

— Жарасбай жанында.

— Бақтығұл — ұры, барымташы, Жарасбайдың қол шоқпары.

— Сатқындық. Бақтығұл — күндестік құрбаны.

— Бақтығұл — қашқын.

— Өш алу. Әділ жаза.

Мұғалім оқушыларға партия, съезд жайында, оның қазақ даласындағы сұмдық ылаңы туралы да осы шығармамен байланыстыра отырып түсіндіруі керек. Кейбір күрделі, қазіргі балалар түсінбейтін, бүгінгі күнде күнделікті тіршілікте пайдаланылмайтын сөздерге де түсінік жүргізіледі, яғни түсіндірме сөздік жұмысына да орын беру керек. Сөздік жұмыстары жалпы әдебиеттің қай жанрын оқытқанда да, міндетті түрде жүріп отыруы керек. Оқушылардың түсінбеген сөздеріне, *историзм*, *архаизм* сөздерге үнемі түсіндірме жұмысын жүргізу ләзім. Бұндай жұмыстар тіл байлығын дамытады, танымын арттырады, шешен де оралымды сөйлеуге баулиды. Әдебиетті оқытудағы мақсаттың өзі де осы.

Әңгіме жанрын жоғары сыныптарда оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Төменгі сыныптарда әңгімелер монографиялық жолмен оқытылса, ал жоғары сыныптарда өтілгелі отырған ақын, не жазушының бірнеше әңгімелері көтерген тақырыбы, ортақ мәселелері бойын-

ша қатарынан топтап беріледі. Мысалы, ұлы жазушы М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен „Қорғансыздың күні“, „Жетім“, „Барымта“, „Ескілік көлеңкесінде“, „Жуандық“, т.б. әңгімелері оқуға берілген (ХІ сынып, шолу дәрежесінде олар оқулықта талданған). Бұл әңгімелер — жиырмасыншы жылдардағы әңгімелері. Оқытқанда, оларды тақырыбы, идеясы, көтерген проблемаларының үндестігіне қарай топтап алып, талдау керек. Мысалы, алғашқы әңгімелерінің ішінен „Қорғансыздың күні“, „Жетім“, „Оқыған азаматта“ көтерген проблемалары негізінде „М.Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі қорғансыздар проблемасы, жазушы қорғансыздарын қалай қорғайды“ деген ортақ сұрақпен талдауға болады.

Сыныпты талданғалы отырған шығармалардың санына байланысты топ-топқа бөліп, берілген әңгімелерді өз беттерімен оқып келу, талдауға жұмылдыру керек. Жазушының алғашқы әңгімелері қысқа, оқиғасы қызықты болып келетіндіктен, өз беттерімен талдауға ұсынудың күрделілігі жоқ. Жоғары сыныптарда көркем шығармаларды өз беттерімен талдауға көп көңіл бөлу дұрыс.

Осы үш әңгіме бойынша ортақ мәселе — қорғансыз тағдыры. С.Мұқанов айтқандай: „М.Әуезов өзінің алғашқы әңгімелерімен-ақ қазақ прозасын еуропалық дәрежеге жеткізді“. Еуропалық прозаның әлемдік алыптары: Бальзак, Мопассан шығармаларында ақша, тек қана ақша билеп тұрған буржуазиялық қоғамда махаббат та, ар да, отбасылық қарым-қатынас та, әке мен баланың махаббаты да — бәрі-бәріне ақша үстемдік ететіні айдай шындықпен көрсетіледі. Жалғыз қызы үшін бәрінен айырылып, ешкімге керексіз боп, пансионатта жалғыз қалған Горио әкей (Бальзак), тағдыр жезөкше етсе де, адамдық рухынан, мейірімділіктен ада болмаған Пышка, т.б. (Мопассан) — бәрі-бәрі де қорғансыздар. М.Әуезов қорғансыздары да сахара тағылары, жауыздарының құрбаны болып көрсетіледі. 13-тегі сәби, қорғансыз Ғазиза, жалғыз ұлдан айырылып, тас бауырлар түбіне жеткен бейшара ана, жетім Қасым тағдырлары — жеке адамдар, жеке қорғансыздар тағдырлары емес, ол өркениет пен гуманизм дәні көктемей жатқан, мал, байлыққа деген аш көздік жайлаған сахара, дала, оның қорғансыздарының тағдыры. Әңгімелер негізіндегі осындай басты-басты проблемаларды дөп тауып, тұжырымды, нақты ғана талдау жасау — жоғары сыныптарда әңгіме жанрын өтудің ең бір өзекті

мәселесі. Проблеманы шешу төмендегідей сұрақтармен жүзеге асырылмақ.

— Қалай ойлайсындар, осы үш әңгімеде де қорғансыздар тағдыры сөз болады деп жатырмыз. Жазушының оларға көзқарасы қандай? Қорғансыздарын қорғай ма, қорғаса, қалай қорғайды?

— Үш әңгімеде де бас кейіпкерлер тағдыры трагедиямен аяқталады. Авторлық осы шешімге қосыласындар ма?

— Жазушы шеберлігі, стилі туралы не айтар едіңдер? Деталь, штрихтердің әңгіме идеясын ашудағы маңызы бар ма? (дәлелде).

Е с к е р т у: Барлық жауап шығармалардан нақты мысалдар ала отырып, берілуі керек.

Ғылыми еңбектер, сыншы, әдебиетшілер пікірлеріне иек арту, сол арқылы тақырыптың ғылыми жағына назар аударып, білімді тереңдете беру де жоғары сыныптарда әңгіме жанрын өтудің бір маңызды жағы. Салыстыру, өз беттерімен қорытынды жасау, пікір айтыстыра білуде де мұндай жұмыстардың маңызы зор. Мысалы, осы сабақта ғылыми еңбектер, әдеби пікірлерді ұсына отырып, реферат, пікір жаздыруға болады.

Тақырыптар: 1. „Имандылық, адамгершілік проблемасы — М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерінде“.

2. Алғашқы әңгімелеріндегі жазушы шеберлігі, әңгімелердің тарихи негізі.

Енді оқушыларға берілген тапсырмалар үлгісімен таныстырайық (сабаққа алдын ала берілетін тапсырмалар).

1-нұсқа: 1. „Қорғансыздың күні“ әңгімесі бойынша тұжырымды, қысқа ғана аннотация, талдау жазу. Сол бойынша әңгіме оқиғасының ең өзекті, түйінді мәселелерінен хабарлама жасауға дайындалу. Келесі беттегі үлгіні басшылыққа алу.

Е с к е р т у: Тапсырма осы мазмұнда орындалады. Берілген бағандарды оқушылардың өзі толтырады.

2. Әңгіме бойынша өз пікірлері мен ойларын жинақтап келу (ауызша): а) Әңгімеде боранның суреттелуі. Оның әңгіме идеясын ашуда маңызы бар ма?

Портреттеуге назар аудар. Оның маңызы, яғни кейіпкерлер іс-әрекетін, жан дүниесін ашудағы маңызы.

б) Жазушы әңгіме кейіпкерлерінің тағдырын дұрыс шешкен бе? Ол шешімге өзің қосыласың ба?

2-нұсқа: 1. „Оқыған азамат“ әңгімесіне аннотация-талдау жасау (1-нұсқа үлгісімен).

Әңгіменің құрылысы, негізгі оқиғасы	Кейіпкерлер тағдыры	Жазушының көркемдік әдісі мен тәсілі
1. Жолаушылар. Боран. 2. Жолаушылар кәріптер үйінде.	Ақан мен Қалтай қонатын жер іздейді. 13 жасар Ғазиза, оның соқыр анасы, кәрі әжесі. Сорлы кәріп қорғансыздар.	Баяндау, суреттеу, портреттеу. Портреттеу, баяндау.
Кәрі кемпірдің мұңын шағуы.	Жалғыз ұлы өлген. Туыстардан қайыр жоқ. Келіні су қараңғы, немересі жас. Жетім, жесір, қорғансыз күйін айтып, жылайды.	Әңгімелеу, лирикалық шегініс.
Шөп қорадағы хайуандық.	Қорғансыз Ғазизаның аянышты халі.	Баяндау, сипаттау.
Азаптан құтылу. Боранның ашылуы.	Арының тапталуы. Ғазизаның өлімі.	Суреттеу, баяндау.

2. Мына сұрақтар айналасында пікірлерін жинақтап келу:

а) Әңгіме неге „Оқыған азамат“ деп аталған? Әңгімедегі жазушының мақсаты мен мұратын қалай түсінесің?

ә) Осы әңгімедегі қорғансыздар кімдер? Олардың тағдырын көрсетудегі авторлық шешімге қалай қарайсың?

Жеке-даралап тапсырмалар беруге болады.

1. „Қорғансыздың күні“ әңгімесі бойынша портреттеу, пейзаж және суреттеулерді үлестірме қағазға жазып келу.

2. „Оқыған азамат“ әңгімесіндегі пейзаж, портреттеу және мақал-мәтелдерді үлестірме қағазға жазып келу.

3. А.Әуезовтің „Бала Мұхтар“ кітапшасы бойынша „Қорғансыздың күні“, „Көксерек“ әңгімелерінің жазылу тарихы туралы деректер жинау.

Үлгі-нұсқау:

М.Әуезов. „Қорғансыздың күні“. Пейзаж.	Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей боялып тұр.
--	---

Мысал жанрын оқыту

Мысал — аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, өсімдік, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемеж, мысқыл да осы мысал жанрында. Әдебиетті оқу бағдарламасында мысалдар көбінесе оқытудың бастауыш буынында беріледі. Ең алдымен, мысал жанры, оның өзіндік ерекшелігі туралы әдеби-теориялық ұғымнан мағлұмат, түсінік берген жөн. Яғни мысалда ойдың ашық, айқын берілмейтіні, жорамал, меңзеу астарлы түрде берілетіні, кекесін, мысқыл, әжуа, юмор, ащы сатира оның негізі көркемдік тәсілі екендігін оқушыларға әңгімелеу, баяндау әдісімен жеткізген дұрыс. Мысалдарды оқу, талдау барысында бұл түсініктерге қайта оралып, осы ұғымдарды оқушылардың өзіне аңдатып, түйіндетіп отыру керек. Алдымен, әдеби-теориялық ұғым беру, оқушыларды оқығалы отырған көркем шығарма ерекшелігін аңдауларына, ары қарай оны талдау белсенділіктерін арттыруға жетелейді. Оқығалы отырған мысалды алдын ала үйде оқып келу тапсырылса, оның тиімділігі тіпті зор болмақ (мұғалім мысал жанры туралы кіріспе түсінікті сол тапсырманы беру алдында айтуы керек). Мұғалім ол үшін оқушыларға мынадай үлестірмекөмек нұсқау таратып, өз беттерімен оқу, түсіну, талдау жасауға жетелейді. Мысалы, 5-сыныптағы И.Крыловтың „Есек пен бұлбұл“ мысалын алайық (Абай аудармасы).

— Есек пен бұлбұл туралы не білесіңдер? Есек қандай хайуан, бұлбұл қандай құс?

(Өздеріңе арнап көгілдір экраннан беріліп жүрген әр түрлі хабарларды, өздерің оқыған ертегілерді еске түсіріңдер).

— Есектің өтініші, яғни бұлбұлға ән салып бер деуіне көңіл қой.

— Бұлбұл әнінің „мың түрлі күйге салған“ құдіреті сипатталатын шумақтарды тап. Адам, жан-жануар, табиғаттың сол кездегі қалпын көңіліңе тоқы.

— Есектің бұлбұл әніне берген бағасы, сыны айтылатын шумақты тауып, назар аудар.

— „Әтештен үйрену керек“ деген ақылға қосыласың ба? Қосылмасаң, себебін дәлелдеуге тырыс.

— Ең соңғы шумақтың мазмұнына ой жүгірт:

а) Қалай ойлайсың, неге ақын „Мұндай сыншыдан құдайым бізді сақтасын“ деп, қорытындылайды.

ә) Өзің осы қорытындыға келісесің бе?

б) Қорытындыға автордың көңіл күйі туралы не айтар едің?

— Осы мысалда есек, бұлбұл, әтештер арқылы ақын не айтпақшы болған деп ойлайсың? Қандай астарлы ой бар?

— Өзің сабақта осылардың қайсысының сөзін мәнерлеп оқып едің?

Мысалдарды талдаудың ең тиімді әдісі — рөлге бөліп оқу, инсценировка-көрініс жасау болып табылады. Көрнекіліктің де маңызы зор. Оқушылардағы сурет бойынша немесе басқадай ойластырып, қарапайым ғана қатты қағаздан макеттер жасап (оған бұлбұл, есек, әтеш мүсіні), мысал оқу барысында оқиға көз алдында өтіп жатқандай көрініс берілсе, оқушылардың ынтасы, қызығушылығы артар еді.

Сабақтың кіріспе бөлімінде мұғалім мысал жанры туралы тағы да қайталап, өздері үйден танысып келген „Есек пен бұлбұлды“ жазған орыс жазушысы И.Крылов, оны аударған Абай аталары туралы шағын әңгіме, дерек береді. Мысал алдын ала оқуға тапсырылғаны себепті, мына сұрақтармен оқушыларды пікірлесу, әңгімелесуге шақыруға болады.

— Балалар, „мысал“ деген не, кім айтып береді?

— Өздерің оқыған мысалдың мазмұнын, болған оқиғасын қайсың әңгімелер едің?

— Бұл мысалдағы кейіпкерлер кімдер? Олар арқылы ақын нені, кімдерді сөз етпек болған. Мысал жанрына тән „Есек пен бұлбұлда“ қандай астарлы ой бар деп ойлайсың?

— Өзің кімді құптайсың, ақын кімді құптайды деп ойлайсың? Ойыңды мысалдан үзінді ала отырып, дәлелдеуге тырыс.

Осы мазмұнда әңгімелесу оқушылардың мысалды қай дәрежеде оқып, меңгергенін білдіреді, әрі өз пікірлерін айта білу, өз беттерімен көркем мәтінді талдау, сөйлей білу, тілін дамытуға игі ықпалын тигізеді. Алдын ала осындай шағын пікірлесу арқылы балалардың қаншалықты өз беттерімен оқып, меңгергенін білгеннен кейін, мысалды мұғалім мәнерлеп оқып (мұғалім оқып тұрғанда, макетті көркемділіктерден көрініс берілсе), оқушыларды рөлге бөлгізіп оқытып, мәтінмен жұмыс істетуі керек. Түсініксіз сөздерге түсіндірме жасау да аса

қажетті мәселелердің бірі. Мәтінмен жұмыстан соң мұғалім өзі сұрақ қоя, әрі жауап бере отырып, әрі оқушылар пікірін толықтыра отырып, мысалға талдау жасайды.

— Балалар, „Есек пен бұлбұл“ мысалы арқылы ақын нендей мәселелер көтерген? Мысалдың негізінде қандай астарлы ой айтылған? Ең алдымен кімдерді тыңдағың келеді?

— Неге осы мысалда бас кейіпкерлер етіп есек, бұлбұл, әтеш алынған?

— Олар арқылы қандай адамдар, нелер айтылмақ болған?

— Мысалдағы негізгі ойды беру үшін, ақын қандай әдіс-тәсіл пайдаланған?

— „Есек пен бұлбұлда“ мысал жанрына тән әжуә, мысқыл, ащы сын, сатира, келемеж бар ма?

Сабақты қызықты етіп өту үшін, жоғары сыныптың қабілетті оқушыларымен мысалды инсценировкалап, талдау алдында көрініс беріп, әншілердің айтуындағы „Бұлбұл әнін“ де пайдаланса, артық емес. Бұндай сабақтарды әдеби-композициялық сабақтар деп атайды.

а) Жалпы, қай әдеби жанрда жазылған шығармаларды талдамасын, мұғалім сабақ өткелі отырған тақырып ерекшелігі, сынып ерекшелігіне назар аударып, сонан соң барып, пайдаланылатын көрнекілік, т.б. оқу жабдықтарын, әдіс-тәсілдерді, сабақ түрлерін үйлестіре, тиімді дегендерін сұрыптап ала білу керек. „Есек пен бұлбұл“ сияқты барлық мысалдар көлемі жағынан тұжырымды, қысқа, айтар ойы жағынан қомақты, салмақты болып келеді, әрі жоғарыда айтқанымыздай, айтылмақ ой жасырын жатады. Оқуға жеңіл, әрі қысқа осындай мысалдар тез оқылады, ал, түп негізіндегі салмақты мәселелерді тез аңғару оңай емес. Мысалдың осы бір ерекшелігін ескере отырып, мұғалім оны сыныпта оқып, балаларға оқытып, практикалық тапсырмалар да беруге болады. „Есек пен бұлбұлды“ мынадай бөлімдерге бөлуге болады:

I бөлім. „Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы“ (Есектің бұлбұлға кездесуі).

II бөлім. „...бір сайрап берсең...“ (есектің өтініші).

III бөлім. „Өнерге салды бұлбұл...“ (Бұлбұл әні).

IV бөлім. „... сен біраз әтеш әнін үйрен...“ (есектің ақылы).

V бөлім. Авторлық қорытынды: „... құдайым бізді сақтасын...“.

Осындай жұмыстарды алғашқы сабақтарда балалармен бірге орындап, оларға басшылық жасап, келесі мысалдарды оқушылардың тек өздігінен, жеке дара, мұғалім көмегінен талдауына ұсынуға болады. Ақын стилі, көркемдік тәсілін талдауға да мысалдарды оқытуда ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін әр бөлімдегі (жоғарыда көрсетілген) ақын тәсіліне назар аударған жөн.

Мысалы:

I бөлімде — авторлық баяндау, суреттеу;

II бөлімде — диалог, сұрақ;

III бөлімде — баяндау, суреттеу;

IV бөлімде — диалог, ақыл;

V бөлімде авторлық қорытынды, шешім, ақыл-нақылдардың орын алатынын дәлелдеу дұрыс болып саналады.

Үйге тапсырма балалардың сабақты қалай меңгергеніне байланысты беріледі. Жалпы қабілеттеріне әсер ету, білім дағдыларын жетілдіру мақсатында рөлге бөліп, жатқа мәнерлеп оқу, көрініс көрсету сияқты шығармашылық сипаттағы тапсырмалар беру аса тиімді болып келеді.

ә) Әдебиет сабағы ақыл-өнегеге, ғибратқа, даналыққа, имандылыққа, адамгершілік үлгілерге толы болу керек десек, мысал туындыларынан осының бәрін кездестіруге болады. Сондықтан осы „Есек пен бұлбұл“ арқылы әділдікті, өнерді, кішіпейілділікті үлгі ете отырып, әділетсіздік, тұрпайылық, топастықтан жирендіру жұмыстарын жүргізу керек. /

Мысал жанрын оқытуда да оқушылардың таным белсенділігін арттыратын, әсіресе, әдеби тартысқа жетелейтін, іздендіру, зерттеу жұмыстарына баулитын әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді болмақ. 5-сынып бағдарламасы бойынша Асқар Тоқмағамбетовтың „Бидай мен қаңбақ“ мысалын оқытуда осы әдіс-тәсілдерді қалай пайдалануға болады, соған тоқталайық. Екі мысалды салыстыру арқылы пікірлесу, айтыс нышаны бар әңгімелесуге жұмылдыру.

Сұрақ-тапсырмалар:

— Балалар, қай мысалда диалог көп пайдаланылған?

— Диалогтің атқарып тұрған маңызы туралы не айтар едің?

— Екі мысалдың соңындағы авторлық қорытындыға назар аударыңдар. Қай мысалда автордың өз пікірі ай-

қын берілген? Қайсысында ол оқырман назарына сілтенген?

— Осы екі мысалдағы өзіңе ұнағандар кімдер? Ойыңды мәтіннен үзінді ала отырып, дәлелде. Олардың жақсы қасиеттерін салыстыр.

— Өзіңе ұнағандар туралы да пікір айт. Ұнамсыз қасиеттерін салыстыр.

Е с к е р т у: Әрине, мұндай жұмыстарда мұғалім балаларды жетелеп, пікірлесуге, әңгімелесуге ынталандырып отыруы қажет. Бағдарламада берілген мысалдарды оқып болған соң, қорытынды сабақ өтудің тиімділігі зор. Қорытынды сабақты композициялық сабақ түрінде де, немесе „Мысал кейіпкерлері бізде қонақта“ тақырыбында кездесу сабағы түрінде де өтуге болады. Сабақ-композицияда оқушылар күшімен инсценировкалар көрсетіп, өздері оқыған мысалдарды көріністер арқылы еске түсіріп, қайталау жұмыстары жүрсе, кездесу сабағында есек, бұлбұл, арыстан, түлкімен, т.б. (кейіпкерлер ролінде балалар болады, әрине), яғни мысалдардың бас кейіпкерлерімен кездесу өтеді. Оларға оқырмандар (сынып оқушылары) сұрақ қояды, жауапты олар мысалдан алып, жатқа айтулары керек.

Мысалы, „Шегіртке мен құмырсқа“ ертегісі бойынша мынадай сұрақ қоюға болады.

Шегіртке: „Қарағым, жылыт, тамақ бер,

Жаз шыққанша асыра!

— Құмырсқа не деуші еді?

Құмырсқа: Мұның, жаным, сөз емес,

Жаз өтерін білмеп пе ең?..

Осындай сабаққа биология, орыс әдебиеті мұғалімдерін шақыруға болады. Себебі, биология мұғалімі мысалда көздесетін жануарлар, жәндіктер туралы қысқаша хабарлама жасаса, ал орыс әдебиеті мұғалімі қай елдің ертегісінде болмасын „қасқыр“, „арыстан“ — әділетсіздіктің, „қара күштің“; түлкі — қулық, зұлымдықтың; қоян — қорқақтықтың иесі болып суреттелінетінін әңгімелейді. Мысал жанрын оқытудың тиімді жолдарын іздену де әр мұғалімнің білімі, шеберлігіне байланысты.

✓ Ертегілерді оқыту

Оқулықтарда ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар, өлеңмен жазылған түрлері де берілген.

Ертегілер 5—9-сыныптарда оқытылады. Қай жанрда жазылған ертегі болмасын, балалар оны ерекше қызығушылықпен оқиды. Балаларды тартатын — оның қиялға жайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттері. Оқиға қызығымен кететін балаларға ертегі арқылы қандай білім беруге болады, икем-дағдысына қандай талаптар қою керек? Міне, бұл мәселелер әр мұғалімді толғантуы, ойландыруы тиіс. **Ертегілерді оқытуда ең басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек.**

— **Ертегілердің жанрлық ерекшелігін таныту.** Яғни әдеби-теориялық ұғымдар беру;

— **Сюжет пен композициясындағы жымдастық, тұтастық, өзіндік ерекшеліктерді білдіру;**

— **Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуі, баяндау, суреттеу, портреттеу шеберлігі, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтығы, жатықтығы.** Ертегінің бай тілі — халқымыздың ғасырдан-ғасырға келе жатқан байырғы, тарихи тілі екендігі.

— **Ертегі негізінде халқымыздың асыл арманы, ұшқыр қиялы, гуманизмі, адамдық биік мінез-құлқының, тыныс-тіршілігінің айнымай көрінуі.** Қай ертегі болмасын, халық арманына, тілегіне сай, тек жақсылықпен, бақытқа жетумен аяқталады.

Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер, оқу формалары, сабақ типтері тиімді саналады?

Ең алдымен, оқушыларға ертегіні оқыту, мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, мазмұны тұтас сақталынған толық жоспар, ең басты оқиғаларға негізделген тұжырымды жоспар, эпизодтарға бөлу, әр эпизодқа ат қою, сұрақтар, тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың қабілеті, икем-дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана қамтып, мазмұндату мәселелерін ойластыру. Ертегілерді оқыту жолдарын „Керқұла атты Кендебай“ ертегісі (5-сынып) арқылы қарастырайық.

Ертегі мазмұнын толық меңгерту, мәтінді оқыту мақсатында, әрі мұның оқушылар оқығалы отырған

тұңғыш көлемді ертегі екенін ескеріп, мұғалім оны эпизодтарға бөліп, көрнекі етіп жазып қояды. Оқу, талдау барысында сол бөліктерге оқушыларға ат қойғызады. Ертегіні мына эпизодтарға бөлуге болады:

I. Кендебайдың тууы және Керқұла құлын тарихы.

II. Мергенбай батырдың баласы, оның басынан өткен жайлар.

III. Кендебайдың Мергенбайды іздеп, сапарға аттануы, Керқұланың көмегі.

IV. Кендебайдың малшы болуы.

V. Алтын құйрықты құлын тарихы. Оны Кендебайдың тауып, хан қолына табыс етуі.

VI. Ханның жаңа шарты, Кендебайдың оны да орындауы.

VII. Ата-анасына қосылып, баланың бақытқа жетуі. Кендебай батырдың елі.

Ертегіні оқу барысында мұғалім: „Балалар, қазір мына эпизодты оқимыз, онда қандай оқиғалар болады екен, кәне, тыңдап отырайық“, — деп, олардың назарын үнемі негізгі эпизодтарға аударып отыру керек. Эпизодты оқып болған соң, сұрақтар арқылы қолма-қол мазмұндатудың маңызы зор болмақ.

Сұрақтар: Мысалы, 1-эпизодқа

1. Ертегі қандай сөздермен басталды?

2. Қазанқап кедейдің іс-әрекеті, кәсібі туралы не айтылған?

3. Кендебай дүниеге қалай келді? Оның сипатын, мергенділігін айтып бер.

4. Кендебай Керқұла құлынға қалай ие болды? Құлын қалай өсті?

Мазмұндап болған соң, эпизодқа тақырып қою жұмысын жүргізу керек. Онда да балалардың өз пікіріне жол ашқан жөн. Балалармен бірге отырып, „Кендебай және Керқұла құлын тарихы“ деген тақырып қоюға болады. Мұғалім эпизодқа тақырып қоюдың негізгі шарттарын балаларға түсіндіреді, яғни тақырып сол эпизодтың ең басты, негізгі оқиғасы айналасында қойылатынын ескертеді.

Ертегі мәтінін оқу да бірнеше әдіс-тәсілмен жүргізіледі. Мұғалім өзі мәнерлеп оқып, балаларды да қатыстырып отыруы керек. Бүкіл сынып болып, кезектесе оқуға немесе жекелеген балаларға оқытуға да болады. Соңғысында балалар мәтінді үнемі іштей ілесе оқып отырады, мәнерлеп оқуға дағдыланады, мұғаліммен бірге бәрі де мәтінмен жұмыла жұмыс істейді. Сондай-ақ эпи-

зод бойынша кезектесе оқудың да тиімділігі бар (тақтадағы көрнекілікті негізге алып). Ертегі мазмұнын меңгерту кезеңінде қызықты эпизодтарынан инсценировка көрсетуге болады (үйірме мүшелерінің көмегі, жоғары сыныптың қабілетті оқушыларымен). Онда кездесетін архаизм сөздерге түсінік беріп, сөздік жұмысын жүргізу — басты тәсілдердің бірі.

Содан кейін ертегі мәтінін мазмұндату жұмыстары басталады. Мазмұндату да бірнеше әдіс-тәсілдермен жүргізіледі. Мысалы:

а) мәтінге жуық толық мазмұндау;

ә) эпизодтарға байланысты басты оқиғаларын теріп мазмұндау;

б) өздеріне ұнаған оқиғаларды ғана мазмұндау;

в) мұғалім сұрағына жауап-мазмұндау. Мазмұнын толық меңгерткеннен кейін, ертегіге әдеби талдау жүргізіледі. Әдеби талдауды түсіндірмелі әдіс, проблемалық баяндау, сұрақ-жауап, практикалық тапсырмалар (проблемалық сипаттардағы сұрақ, тапсырмалар берудің тиімділігі зор), әңгімелесу, пікірлесу, т.б. әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өзін қатыстыра отырып, жүргізген дұрыс.

Әдеби талдауды төмендегі үлгіден көруге болады.

Мұғалім баяндауының үлгі-жоспары. Әдіс-тәсілдер.

Жоспар:	Әдіс-тәсілдер
— Ертегі — ауыз әдебиетінің бір саласы. Өзіндік ерекшеліктері.	Әңгімелеу, баяндау
— „Керқұла атты Кендебай“ ертегісі, оның қиял-ғажайып сипаттары.	Баяндау, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс (кейбір қиял-ғажайып оқиғаларды балаға тапқызу).
— Ертегі негізінде жатқан басты мәселелер.	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелесу.
— Басты кейіпкерлер. Кендебай бейнесі. Кендебайға мінездеме.	Сұрақ-жауап, иллюстрациялар. Оқулықпен жұмыс. Мұғалім баяндауы. Оқушының ауызша суреттеуі.
— Жетім бала.	Сұрақ-жауап. Әңгімелесу.
— Хандарға мінездеме.	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелесу. Салыстырмалы мінездеме.
— Керқұла ат туралы.	Оқулықпен жұмыс, оқушы әңгімесі.
— Ертегінің көркем тілі, халықтың тілі, құрылысы, маңызы.	Практикалық жұмыс, баяндау, сұрақ-жауап.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар проблемалық сипатта (іздендіру әдісінің элементтері бар) болуы керек, себебі ол оқушылардың ойлау белсенділіктерін арттырады, білімді өз ынталарымен алуға жағдай жасайды.

Сұрақтар, тапсырмалар (сыныпта, үй тапсырмасында қолданылады).

1. „Керқұла атты Кендебай“ ертегісі неге қиялға жайып ертегісіне жатады?

2. Ертегі арқылы халық нені айтпақ болған?

3. Халық арманын қай жерден көруге болады?

4. Өзіңе Кендебай ұнай ма? Әсіресе, қандай мінездері, іс-әрекеттері ұнайды?

5. Кендебай арқылы халық нені армандаған, соны айтуға тырыс.

6. Қалай ойлайсың, Керқұла ат болмаса, Кендебай Мерген батырды құтқара алар ма еді?

7. Керқұла ат арқылы халық не айтпақшы болған?

8. Екі ханға салыстырмалы мінездеме бер. Өзіңше қайсысы өте ұнамсыз, әділетсіз?

9. Жетім баланың ертегідегі орны туралы әңгімеле. Қалай ойлайсың, егер ол бала Кендебайға кезікпесе, ертегі дәл қазіргідей қызықты болар ма еді?

10. Ертегіні өзің ары қарай қалай жалғар едің?

11. Кендебайға ұқсағыларың келе ме? Келсе, әсіресе, қай қасиетіне ұқсағың келеді?

12. Ертегіден ұйқасты сөз тіркестерін тап. Өзіңе ұнаған жақсы сөз болса, дәптеріңе жазып ал.

5-сынып оқулығында бірнеше ертегі беріледі. Оларды оқып, талдап болған соң, қорытынды сабақ ретінде салыстыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Бұндай жұмыс оқушылардың ертегілерді жанрлық жағынан бір-бірінен ажырата білулерін, ортақ, ұқсас мәселелерін, үндестіктерін, өзіндік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге көмегін тигізеді. Мұндай сабақты „Ертегіде қонақта“ (сабақ үлгісін композициялық сабақ ретінде алуға болады) немесе „Ертегі кейіпкерлері сыр шертеді“ деген тақырыптармен өткізуге болады. Бірнеше ертегіден шағын көріністер көрсету (оқушылар өзі дайындайды), ертегіні ертекшіге бастату (оның рөлінде де оқушылар болады), ертегілер бойынша суреттер салғызып (қабілеттеріне қарай), сабақта оны пайдалану балалардың әдебиетті сүйу, халық туындыларына деген құрметін, қызығушылығын арттырады.

Халық ертегілерімен қоса, оқулықта әдеби ер-

тегілерге де орын берілген. Әдеби ертегілерді оқытқанда, мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

— Әдеби ертегінің халық ертегісінен басты-басты айырмашылығы (авторының бар екені, кейде халық арасына тараған аңызға құрылатыны);

— Ұқсастық, үндестік жақтары;

— Көтеретін негізгі мәселелері;

— Көркем поэтикалық тілі;

— Ертегінің маңызы, тәрбиелік мәні.

5-сыныпта ақын Ә.Тәжібаевтың „Толағай“ ертегісі берілген. Ертегінің оқиғасы қызықты, оқуға жеңіл жазылған. Сол себептен де балаларға бағыт бере отырып, оны үйден оқуға тапсыруға болады. Балаларға ұсынылатын үлестірмен ұсқау көмектері:

I бөлім	
— Ертегінің ел аузындағы аңызға жазылуы.	I-шумақты қара: „Бір әңгіме есімде бар“... II-IV шумақтар
— Ертiс жағасындағы жұбайлар. Саржан мен Айсұлу. Ұл туу.	V-VI-VII-VIII шумақтарды оқы
— Жас бөбек Толағай. Оның сипаттары. Жеті жасқа дейінгі өсуі, алыптар қатарына жетуі.	IX-X-XI шумақтар. XII шумақ. XIII-XIV шумақтар.
— Толағай аңда.	XV-XVI-XVII шумақтар
— Жем іздеген жолбарыс.	XVIII-XIX-XX шумақтар
— Жолбарыстың Саржандарға тап болуы.	
— Саржанның Толағайды көмекке шақыруы.	
— Толағайдың жолбарыспен шайқасы, оны жеңуі.	
II бөлім	
— Ел басына түскен қайғы.	I-II шумақтар
— Толағайдың да қайғыруы. Шешесімен сырласуы.	III-IV-V шумақтар
— Сапарға аттануы (Тарбағатайға).	VI шумақ
— Бір шатқалды көтеріп, елге бет бұруы.	VII шумақ
— Қиналу, сонда да тоқтамай, елге жетуі.	VIII шумақ
— Жаңбыр жауып, халықтың қуанышқа кенелуі.	IX шумақ
— Сүрініп кету. Толағайдың мерт болуы.	X шумақ
— Халық қайғысы, күңдірену.	XI-XII шумақтар
— Толағайдың тауға, аңызға айналуы, халықтың ардақтауы	

Ертегі мазмұнына байланысты сыныпта қойылатын сұрақтар:

1. Оқиға шамамен қашан, қай жерде болған?
2. Толағай дүниеге қалай келді?
3. Толағайдың өсіп-жетілуі, алып болып өсіп келе жатқаны қалай суреттелінген?
4. Толағайдың алғашқы ерлігі туралы не айтасың?
5. Жолбарыспен шайқасын толық мазмұндап бер. Ол неге жолбарысты „мысық“ дейді?
6. Толағай алыстағы Тарбағатай тауына не себепті аттанды? Анасынан не сұрап білді?
7. Толағай қалай қаза тапты? Не үшін қаза тапты?

Ертегіні балалардың қалай түсінгенін осындай сұрақтармен анықтап, толықтырып, керекті жерінде мұғалім мәтінді пайдалана отырып, түсіндіріп, кей сұрақ-тапсырмаларды практикалық жұмыс арқылы, яғни оқулықпен жұмыс істей отырып орындап, ары қарай әдеби талдау жасауға көшу керек, онда да оқушыларды үнемі қатыстырып, ең алдымен оларды тыңдап отырудың тиімділігі бар.

Әдеби талдау сұрақтары (оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру, іздендіру мақсатындағы):

1. Қалай ойлайсындар, Әбділдә аталарың осы ертегі арқылы не айтпақшы болған? Ертегі негізінде қандай ой жатыр?
2. Толағайға мінездеме бер. Толағай бейнесін жасауда ақын қандай бейнелі сөздер, көркем тіл пайдаланған?
3. Толағайдың Кендебайға ұқсастығы бар ма? Қайсысы өзіңе көбірек ұнайды? Ұнау себебін түсіндір.
4. Халық басына түскен ауыртпалық қайғы не себепті Толағайды да ойға түсіреді?
5. Қалай ойлайсындар, ертегінің қай оқиғасы, не Толағайдың қай іс-әрекеттері шындыққа сәйкес? Қайсысы сәйкес емес, яғни ертегі аңызға сәйкес?
6. Ақынның Толағайға деген сезімі, көңілі туралы не айтар едіңдер?
7. Қалай ойлайсың, ақын Толағай тағдырын дұрыс шешкен бе? Өзің осы ертегіні қалай аяқтар едің?

Ертегі құрылысы, тілі, көркемдік ерекшелігі көбіне практикалық жұмыстар, яғни оқулықпен жұмыс арқылы ашылады.

Осы ертегіге қатысты мынадай практикалық жұмыстар орындатуға болады:

1. Толағай және оның анасы Айсұлу портреттерінің жасалу жолдары.

Ертегіден тауып оқу, теріп жазу (анасын сипаттайтын сөздерді).

Бұл жұмыстың басты мақсаты: балаларда теңеу, эпитет туралы алғашқы ұғым қалыптастыру.

2. Толағай пішіні, өсіп, ер жетуі, батырлығы, алыптығын көрсетудегі ақын шеберлігі, көркем тәсілі.

Мақсат: әсірелеу (гипербола), көтере мадақтау туралы түсінік беру.

3. Жолбарыс пен Толағай арасындағы айқастан бейнелі сөздер, айшықты сөз тіркестерін таптыру, олардың Толағай бейнесін жасаудағы рөлін анықтату.

4. Ертегідегі ойды көркемдеп беретін басқа да сөз тіркестерін тауып, олардың атқарып тұрған маңызы орнына түсінік беру. Мысалы, „Түн қап-қара шашын жайды“ т.б.

Сондай-ақ әдеби ертегі мен халық ауыз әдебиетіндегі ертегілерді салыстыру жұмыстары да нәтижелі болмақ.

— „Керқұла атты Кендебай“, „Қырық өтірік“ ертегілерін еске түсіріңдер. „Толағай“ ертегісінен айырмашылығын сараптаңдар (мысалы, басталуы, аяқталуы, қиял-ғажайып оқиғалары).

— Толағай мен Тазшаны, Кендебайды салыстыру.

С ұ р а қ т а р :

1. Қайсылары шындыққа жақын бейнелер?
2. Қайсысы туған елін сүйетін, халқы үшін опат болуға даяр патриот ұл?
3. Үшеуінің ортақ қасиеттері туралы айт.

Ертегілерді оқытудағы ең басты мақсаттың бірі — балалардың өзін қанаттандырып, қиял әлеміне, арман биігіне жетелеп, жақсылыққа, ізгілікке сендіріп, батырлыққа, ерлікке елтіп, халық туындыларына деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Қай ертегіні оқытса да, мұғалім өзінің осы ең басты мақсатын бір сәт те есінен шығармауы керек.

Публицистикалық шығармаларды, эпистолярлық жанрды оқыту

Публицистикалық шығармалар оқу бағдарламасында аз берілген. Әрине, әр ақын-жазушыны оқытқанда,

мұғалім өз қалауы бойынша олардың осы жанрдағы еңбектерін оқуға ұсына алады. Мысалы, Б.Алтынсариннің оқу-білім жайындағы мақалаларын, С.Торайғыровтың „Қазақ кітаптары жайында“ атты мақаласын, М.Дулатовтың мақалаларын, эпистолярлық жанрдың бір түрі — естелік-мақалаларды, хаттарды ұсынуға болады. Ғылыми мақалалардан Ш.Уәлиханов еңбектері бағдарламада көрсетілген. Ал әдеби-сын мақалаларды, әсіресе, М.Әуезовті (оның Абайтану ғылымының негізін салушы екенін) Абай шығармаларын оқытқанда, қосымша материал ретінде ұсынып, оқытуға болады. Сабақтың ғылымилығын арттыруда, білімді тереңдетіп беруде, әсіресе, сын-зерттеу еңбектерінің орны ерекше. Хаттардың да маңызы зор. Хаттар, естеліктер тарихтан сыр шертеді, оқырман қауымға беймәлім мәселелерге назар аудартады, суреткердің жеке өмірлері, қоғамдық іс-әрекеттері, көркем туындыларын қалай жазғаны, оған не итермелегені, т.б. туралы маңызды мағлұматтар береді. Мысалы, Алтынсариннің орыс зиялыларына жазған хаттарынан оның білім беру, ағарту саласындағы ауыр өмірін, сол жолдағы кедергілер, қуаныш-ренішін; Шоқанның орыс достарына жазған хаттарынан оның дала тағыларымен күресі, патшалық самодержавие ше-неуіктерінен көрген әділетсіздігі, тіпті қала берсе, демократтық, ағартушылық, гуманистік бетбейнесі туралы біле түсеміз.

Хаттарды оқытудың негізгі ерекшеліктері

7-сыныпта Ұлы Отан соғысының құрбаны, жалынды, әрі патриот-публицист Баубек Бұлқышевтың „Шығыс ұлына хаты“ оқуға, талдауға ұсынылған. Хаттарды оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлген жөн:

1. Жанрлық, композициялық ерекшелігін аңғарту (басқа шығармаларымен салыстыра отырып).

2. Хаты арқылы хат иесінің көңіл күйіне назар аударту. Мысалы, „Шығыс ұлына хат“ аса көтеріңкі көңіл күймен, асқан сеніммен, халқына, бүкіл Шығыс ұлына арнау мәнінде жазылған. Хаттың ерекшелігі жалынды үнінде, Шығыс ұлымен сырласу сипатында.

3. Хаттың мазмұнын меңгерту айналасында төмендегідей жұмыс жүргізу керек:

а) Мұғалімнің мәнерлеп оқуы, оқи отырып, түсінік

беру, ең басты, түйінді мәселелерге көңіл бөлгізу. Бұл жұмыста мұғалімнің алдын ала жазып әкелген кесте-платкатын пайдалануға болады.

Ү л г і:

Мына нәрселерге көңіл бөл:

— Хаттың қанды майдан кезінде Шығыс ұлына арналып жазылуы, Шығыс ұлымен сырласа жазылуы.

— Хат жазу, яғни „Шығыс ұлына“ деп хат жазу себебі — Бейсенәлінің ерліктері, оны командирдің „Шығыс ұлы“ деуі.

— „Отан деген — бір-ақ сөз“. Оған төнген қауіп.

— Ана аманаты. „Сақтаймыз, ана, өміріңді сақтаймыз!“ — деген солдат анты.

— „Елім-ай“ — ер анты, ер серті. Ол фашистерді құртуға, аттануға шақырады.

— Кішкене бөбек, артта өсіп келе жатқан жас буын... Оның жауынгерлерге әл-қуат беруі, үміт нұрын себуі.

— Шығыс ұлы — Тарғын, Қобыланды, Махамбет, Абайлар ұрпағы.

— Қазақ халқы — „намысқой“; „Өлімнен ұят күшті“, — дейтін халық.

— 28 батыр ерлігі — Шығыс ұлына үлгі.

— Шабуылға шығу, жеңіс шабуылына шығу.

ә) Тақырыптың түйінді мәселесі жазылған бұл көрнекілікті басшылыққа ала отырып, мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, сұрақтар қоя отырып, ізінше мазмұнда-ту жұмыстарын жүргізу;

б) өз беттерімен оқуға, ойлана отырып, іштей оқуға жағдай жасау. Бұл жұмыста оқушы көрнекіліктегі дараланып көрсетілген тақырыптың түйінді дәнін хаттан тауып, белгілеп отырады;

в) Қайталып, дауыстап оқыту. Оқу барысында негізгі мәселелерге тоқтап, мазмұндай отыру, түсіндіру, сұрақ-жауап тәсілін пайдалану.

г) Оқушы қалауы бойынша өздеріне ұнаған жерлерін жаттап алуға ұсыну.

С ұ р а қ т а р:

1. Хат кімдерге арналған? Шығыс ұлы кім?

2. „Дәу қараның“ ерлігі туралы не жазылған?

3. Оны неге „Шығыс ұлы“ дейді жауынгерлер?

4. Ана, Отан аманаты туралы не айтылған?

5. „Елім-ай“ әнінің мәні неде? Хат иесі жауынгерлерді сол әнді айтуға неге шақырады?

6. Хатта жауынгерлер басынан кешірген ауыр күндер туралы не айтылған?

7. Досына қандай талап қояды?

8. „Жаман солдат болуға құқымыз жоқ!“ — дейді. Осы сөздің мағынасын түсіндір.

9. Хатта қазақтың қандай қасиетті ұлдарының аты аталған? Хат иесі олардың есімін неге келтірген?

10. „Өлімнен ұят күшті“ деген халық мақалы арқылы хат иесі не айтпақшы болған?

11. „Мықты бол, Шығыс ұлы“ дейді, осы сөздің мәнін түсіндір.

12. Мазмұнын меңгерту жұмысынан кейін идеялық проблематикасы, тіл ерекшелігіне, жанрлық ерекшелігіне талдау жасау.

Мұғалім әңгімесі, түсінігі мына мәселелерді қамтуы керек:

1. Баубек Бұлқышев туралы әңгімелеу, оның жалынды серкесіз шебері, патриот болғандығын айту. Оның жазушы Мұқан Иманжановпен ерекше достығын үлгі ету. Соғыстағы ерлігіне тоқталу. Басқа да шығармаларына қысқаша шолу жасау. Бұл кіріспе әңгімеде оқушыларды қызықтыру үшін, фотосуреттер (Баубек туралы), бағалар, пікірлер, қосымша материалдарды пайдаланудың тиімділігі зор.

2. „Шығыс ұлына хаттың“ жанрлық ерекшелігін еске алып, әрі мұндай шығармалардың балаларға бірінші рет кезігіп отыруы себепті, әдеби-теориялық ұғым беру (эпистолярлық жанр туралы).

3. Пікірлесу, әңгімелесу әдісі арқылы оқушыларды хаттың негізгі идеясы, ойына үңілдіру.

Әңгімелеу сұрақтары:

— Қалай ойлайсындар. Баубек хатының маңызы, мәні неде? Не айтпақшы болған?

— Айтар ойын, мақсатын неге хат арқылы берген? Неге осы жанрды таңдап алған?

— Хатты қандай көңіл күймен жазған? Оның хат идеясын ашуда маңызы, рөлі бар ма?

— Хат арқылы Баубекке мінездеме бер.

4. Хаттың көркем тіліне, стиліне, тәрбиелік мәніне тоқталу.

Пікірлесу сұрақтары, кітаппен жұмыс

— Көріп отырғандарыңдай, хат сырласу ретінде, арнау ретінде жазылған. Осы көркемдік тәсілді автор не себепті, қандай артықшылығына бола таңдаған?

— Хаттан көтеріңкі леппен шақыру, үндеу мәнінде жазылған жалынды сөздерді табу, олардың пайдалану орнын, ондағы стильдік маңызын дәлелдеу.

— Халық мақал-мәтелдерін тауып, олардың хаттағы маңызы, пайдаланылу мақсаты туралы пікір айту.

— Жауынгерлер ерлігі, патриотизмі, серті, болашаққа сенімі қандай сөздер арқылы берілген (мәтіннен үзінді алады).

— Баубек бейнесін ашатын, хат иесінің кім екенін танытатын сөздерді, ойларды тап.

— Лепті сөйлемдерді тауып, оның маңызына, хат идеясын ашудағы орнына тоқтал.

— Патриотизмге, оптимизмге толы хат жолдарына үңіл. Хат иесін романтик деп айтуға бола ма? Болса, оны дәлелде (хаттан үзінді алады).

Публицистикалық шығармаларды, әсіресе, хаттарды оқытуда оқушылардың көңіл күйі, сезіміне әсер ету ерекше назарға алынады. Осы хат олардың Отан сүйгіштік сезіміне, қазақ жауынгерлерінің ерлігін мақтан ету сезіміне, батырлық, ерлікті мұрат етулеріне, хат иесіне деген құрмет сезімдеріне әсер етеді. Хатты талқылау алдында соғыс кезіндегі әндерді тыңдау немесе соғыс туралы фильмдерден қысқаша фрагменттер көрсетудің маңызы ерекше (мысалы, „Жеңіс парады“ немесе Төлеген Тоқтаров фильмдерінен, т.б.). Бір-біріне хат жаздыру, ерлік, батырлық туралы, не сол Баубек Бұлқышев жайында немесе осы хаттан алған әсері туралы сырласу, арнау хаттарын жазғызуға болады. Өздеріне ұнаған жерлерін жатқа айтқыза білу де тиімді әдіс.

Публицистикалық шығармаларды жоғары сыныптарда оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, С.Торайғыров, М.Дулатов, т.б. ақын-жазушылардың маңызды проблемаларды көтерген мақалалары мен хаттарын сыныпта, сыныптан тыс уақытта оқытудың маңызы зор. Хаттарды көбіне сыныптан тыс уақытта белгілі бір мақсатты көздеп оқыту керек. Мысалы, Ш.Уәлихановтың Ф.Достоевскиймен, т.б. жазысқан хаттарын бергенде, мынадай тапсырмаларды орындатуға болады:

1. Ш.Уәлихановтың саяси көзқарасын саралау.
2. Демократтық, ағартушылық бағыттағы іс-әрекеттеріне назар аудару.
3. Гуманизмі, адамгершілік тұлғасы, зиялылығын сараптау.

Оқушыларды тезис-жоспар, жауаптарының тезистерін жасауға, үзінді, дәйектеме ала отырып, оны жауаптарына тиімді пайдалана білуге баулу. Оны мынадай графикалық тапсырмалар түрінде орындатуға болады:

Ү л г і:

1. Шоқанның демократтық көзқарасы. Дәйекті пікір-дәлелдеме.

Ф.Достоевскийге жазған (1856 ж.) хаты	Үзінді, дәйексөз	Демократтық көзқарасы туралы пікір-дәлелдеме
---------------------------------------	------------------	--

Е с к е р т у: Басқа да мінездемелеріне қатысты осындай жұмыстар жүргізуге болады. Шоқанның „Сот реформасы“ туралы мақаласын оқытқанда, мынадай әдіс-тәсілдер тиімді болмақ:

- а) Мазмұнына қарай тақырыпшаларға бөлу (кейде абзац арқылы жүзеге асыруға болады).
- ә) Мына үлгіде тезис-аннотация жаздыру:

Тезис	Аннотация
Экономикалық, әлеуметтік реформаның қажеттілігі.	„Әрбір адам, адамзат баласы, түпкілікті бір мақсатқа ұмтылады. Ол мақсат — өзінің тұрмысын жақсарту. Прогресс — дегеніміздің өзі — осы. Реформа да сол үшін керек“.

- б) Жауаптарының тезистерін жасаттыру.
 - в) Ең басты, мәнді мәселелерін бөліп ала білу, тұжырымдап айта білу, жауабының ішінде дәйектемелеп, үзінділер келтіріп отыру.
 - г) Негізгі мәселелерге орай, тұжырымды, мәнді сұрақтар ойластыру.
 - д) Баяндама, лекция, реферат, т.б. жасау, семинар өткізу (яғни мақаланың ең басты проблемасының айналасында). Мысалы, „Шоқан — тұңғыш заңгер“ немесе „Шоқанның заң туралы демократтық, гуманистік, ағартушылық көзқарасы“, т.б. тақырыптарда.
- Мақалалардың өзіндік ерекшелігі — олардың әрқайсысында жазылып отырған уақытына сай белгілі

бір проблемалардың көтерілуі. Сондықтан мұғалім сол ең басты мәселеге ерекше назар аударып, оқушы сана-сына жеткізуді ойластыруы керек. Оқушыларды да мақала жазуға баулып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға талаптандырудың еш артықтығы жоқ.

Мысалы, „Тұңғыш заңым — тәуелсіздік айғағы“ (жаңа Конституция бойынша), „Тіл туралы заң — ар туралы заң“, т.б. тақырыптарға мақала жаздыру тек икем-дағдыларын жетілдіріп қоймайды, ең бастысы, қоғам, өмір сүріп отырған ортасының өміршең мәселелеріне селсоқ қарамай, азаматтық үнін естірте білуге де баулиды.

2. Сюжетті өлеңдерді оқыту.

5-сыныпта М.Шахановтың „Отырар дастаны“ атты сюжетті өлеңін („Баллада“ деп жүргендер бар) оқушыға талдауға берген. Сюжетті өлеңдерді оқыту әдістері мен тиімді жолдарын осы шығарманы оқыту үлгісі арқылы көрсетуге болады. Өлеңді оқытуда мұғалім оның тарихи негізін, яғни тарихта болған оқиғалармен тығыз байланыста екенін есте ұстағаны жөн. 1219 жылдардағы Шыңғыс хан жорығынан тып-типыл болған Отырар қаласының тарихы өлеңнің негізі болып табылады. Мұғалім пәнаралық байланыс арқылы оқытуды басшылыққа ала отырып, осы сабақты тарих, бейнелеу өнері мұғалімдерімен бірігіп, „Бұл бір қайсар халық екен“ деген атпен өткізуіне болады. Бұндай сабақтың тиімділігі неде? Тарих мұғалімі Отырар қаласы, Шыңғыс шапқыншылығы, қаланың сол кездегі маңызы туралы тоқталса; бейнелеу өнері мұғалімі оның тамаша сәулеті, ғажайып өнері туралы сыр шертер еді. Отырар тарихын бейнелейтін суреттер (археология қазбаларының суреті), т.б. материалдармен оқушыларды таныстырып, оқушылардың ынтасына қызығушылығына, туған ел тарихын тереңірек білулеріне әсер етер еді. Әдебиет мұғалімі „Нені білу керек?“ деген тақырыпта осы өлеңнің ең негізгі түйіні, басты-басты мәселелерін қамтыған көрнекіліктер жасап, іліп қояды.

1-к ө р н е к і л і к. Өлеңнің сюжеті, композициясы „Нені білу керек?“

І б ө л і м

— Шыңғыс ұрпағының бетіне басылған таңба — Отырарды алты ай бойы ала алмауы. Оның себебі — „рухы — өр, тәні — бекем, қайсар халыққа“ тап болуларында екені.

- Шағатайдың халық ерлігін мойындауы.
- Қайсар халықты „осал жерін“ іздеп, айла, қулықпен алу туралы Шыңғыстың ұлы Шағатайға ақыл айтуы.

II б ө л і м

Отырардың алты күнде қирауы. Жаудың ойраны.

- а) Шыңғыс — Қайырхан — сатқын.
 - Шыңғыс алдындағы бетпе-бет кездесу. Тұтқындағы екі адам:
 1. „Жүрек шамы ізгіліксіз жанбайтын“ Қайырхан хан. Ақынның оны аспаңдата жырлауы.
 2. „Қара түнде қаққан қара қанатын“ Қарашоқы — сатқын. Ақынның оған деген жиреніші.
 - Шыңғыстың Қарашоқыға: „Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік!“ деп, сатқынға лағынет айтуы.
 - Шыңғыстай жаудың екі адамға да әділ баға бере білуі. Сатқынға сенген Қайырдың кінәсын ашық айтуы.
 - ә) Қария мен Шыңғыс.
 - Сатқынның әкесі — „нар текті“, „адал“, елге қадірменді қарт Шыңғыс пен Қайырдың алдында. Оның: „Өлтіруге міндеттісің мені де“, — деп, өзіне үкім жасауы.
 - б) Қайыр мен қария.
 - Қайырдың өкініші: „Әттең, ақын қалмады-ау“ деген ұлы арманы.
 - Қарияның ақылды шешімі. Отырардан тұяқ қалсын деп, бір баланы құтқаруы.

III б ө л і м

Поэтикалық талдау (проблематикасы, эстетикалық мәні).

- Өлеңнің негізгі стилі — тілдесу (диалог) екендігі:
 - а) Шыңғыс пен Шағатай;
 - б) Шыңғыс пен Қайыр;
 - в) Шыңғыс пен сатқын;
 - г) Шыңғыс пен Қария;
 - д) Қайыр мен Қария.
- Өлеңнің стильдік ерекшеліктерінде:
 - Сұрақ-жауаптың лепті, көтеріңкі, шалқи айтылған тұстары (Шыңғыс, Қайырхан, Қария монологтері).
 - Өлеңдерде ақыл-нақыл болатын, тағылымы күшті афоризм сөздердің мол келуі. Мысалы: „Жүрек шамы

ізгіліксіз жанбайтын“, „Қанаттыны талаптыға жалғайтын“, „Қара түнде қаққан қара қанатын“, „Құм мәңгілік бүркей алмас асылды“.

- Бейнелегіш сөздер, айшықты сөздер байлығы. Мысалы: „Ойы — дауыл“, Сезімі — аспан, Рухы — өр, Тәні — бекем“, т.с.с.
- Өлеңдегі көтеріңкі көңіл күй, өршілдік, биік арман, Отанға, халыққа, туған жерге деген ыстық сезім, отан сүйгіштік.
 - Соғысқа, зұлымдыққа, сатқындыққа деген жиреніш.
 - Даналық, ұлылық, ізгілікке үндеу.
 - Өлең құрылысы, ұйқасы, шумақ ерекшелігі (көп өлеңдердегідей әр шумақтың 4 жолдан тұрмауы, т.б.).
- Өлеңді 2 кезеңге бөліп талдау керек. Бірінші кезең — мазмұнын меңгерту айналасындағы сюжеттік-композициялық талдау;
 - Екінші кезең — өлең негізіндегі ойлар, көтерген проблематикасы, ақын стилі, өлеңнің көркем тілі, бейнелегіш сөздері айналасындағы әдеби-поэтикалық талдау.
- Өлеңнің мазмұнын меңгертуді мынадай әдіс-тәсілдермен жүргізу керек:
 1. Алдын ала үйден оқып келу. Ол үшін „Негіз міндетті түрде білу керек?“ деген үлестірме-нұсқау ұсынылады (кестенің мазмұнын үлестірме тапсырмаға жазып беру керек).
 2. Мұғалімнің мәнерлеп оқуы.
 3. Мүмкіндігіне қарай инсценировка көрсету, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу (үйірме мүшелері, жоғары сынып оқушыларының көмегін пайдалану).
 4. Рөлге бөліп оқытқызу (сынып оқушылары).
 5. Негізгі мәселелерге нақты сұрақтар қойып, жауабын өлеңнен тапқызып отыру.
 6. Өлең мазмұнын, оның тарихи негізін, Отырардың гүлденген кезі, өнері, мәдениеті туралы әдебиет, тарих, бейнелеу өнері мұғалімдерінің әңгіме-түсінігі.
 7. Қосымша материалдар пайдалану. Отырар туралы (тарих мұғалімі), Отырар мәдениеті, Отырар сәулет өнері туралы (бейнелеу өнері мұғалімі), М.Шаханов туралы (әдебиет мұғалімі).
- Әдеби талдау:
 1. Өлең авторы М.Шахановтың шығармашылық тұл-

ғасы жайында қысқаша тоқталу. Ақынның өршіл талант иесі екендігі, өлеңдерінің көбі гуманизм, биік мұрат, биік мақсатты үндейтіндігі жайында айта отырып, оның Отан сүйгіштік іс-әрекеттерін де оқушыларға үлгі ету ләзім. Ол үшін ақын туралы бағалар, пікірлерді оқып берудің маңызы зор.

2. Проблемалық сипаттағы сұрақтар бере отырып, әңгімелесу, пікірлесуге жұмылдыру.

Мынадай сұрақтар беруге болады:

1. Шыңғыс ханның Шағатайды кінәлауы, оған берген ақылы арқылы Шыңғысқа мінездеме бер.

2. Шыңғыстың бейнесін, әсіресе, қандай оқиғалар ашады деп ойлайсың?

3. Шыңғыстың қандай іс-әрекетін құптауға болады?

4. „Жанын, рухын сарбаздары жеңе алмаған“ Қайырханның ерлігіне бас иген Шыңғыс оны неге өлімге қияды?

5. Өзіне көмектескен сатқынды ше? Ол әділ үкім бе?

6. Шыңғыстың халық ерлігін бағалай білуіне қалай қарайсың?

7. Сатқынды Қайырхан неге өлтірді? Оның әкесін шақыртудың мәні неде?

8. Қайырханның бейнесін ашатын қандай сөздер, қандай істер деп ойлайсың?

9. Қандай істеріне сүйсінесің?

10. Өлім аузында тұрып, халқын, болашағын ойлаған батыр ханға қандай мінездеме беруге болады?

11. Осы өлең арқылы ақын не айтқысы келген? Өлеңді „Өрлік пен ерлік жыры“ деп атауға бола ма?

12. Өлең тарихи шындыққа жақын ба? Тарихтан алған білімдеріңмен салыстыр.

13. Өлең идеясын ашып тұрған, әсіресе, қандай оқиға, өлеңнің қандай жолдары деп ойлайсың?

14. Өлең неге „Отырар дастаны“ деп аталған? Ол арқылы өткен тарихымыз туралы айтуға талаптан.

Әдеби талдауды практикалық жұмыс арқылы да жалғастыруға болады. (Бұндай жұмыс, әсіресе, әдебиетті тереңдетіп оқытатын сыныптарға өте пайдалы.)

1. Өлеңнен халық, халық ерлігі туралы сөздерді тауып, өлеңдегі бас кейіпкер кім екенін сарала? (Шыңғыс, Шағатай сөздерін де алуға болады.)

2. Шыңғыс зұлымдылығын ашатын сөздерді теріп алып, ол сөздердің мәніне, маңызына назар аудар, яғни оның бейнесін ашудағы рөліне.

3. Қайырды бағалайтын, сатқынды кінәлайтын сөздерге де назар аудар. Осыған орай, Шыңғыс туралы қандай пікір айтар едің?

4. Монологтерді тап. Олардың кейіпкер бейнесін ашудағы орнын сарала. (Мысалы, Қайыр, Шыңғыс, Қария монологтері.)

5. Қайыр бейнесін ашатын сөздерді тап, олардың маңызы, орнына тоқтал.

6. Қайырдың арманын баяндайтын жолдарды оқы. Ол арманның негізгі мәнін қалай айтып берер едің?

7. Осы өлеңдегі өзіңе ұнаған сөздерді белгілеп, ұнау себебін түсіндір.

8. Түсінбеген сөздерді де белгілеп, ұстазыңнан сұрап, біліп ал.

Е с к е р т у: Сабақта бұл сұрақтар мен тапсырмалардың барлығын қамту міндетті емес, әр мұғалім балалардың ерекшелігіне қарай өзінше сұрыптап алуларына болады.

Үйге берілген тапсырма арқылы рөлге бөліп жаттауға, көрініс жасауға талаптандыруға болады.

Сюжетті өлеңдерді оқытудың жолдары көп. Әр мұғалім алдындағы шәкіртін, өз мүмкіндігін ескере отырып, тиімді деген әдіс-тәсілдерді қолданады. Жоғары сыныптарда сюжетті өлеңдер Сәкен, Міржақып, Бейімбет, т.с. шығармашылығында кезігеді. Бағдарламада оларды оқыту ұсынылса, мұғалім төменгі сыныптардағыдай монографиялық жолмен талдап оқытпай, көтерген проблематикасы, тарихи негізі, поэтикалық тілі айналасында сөз ету керек. Яғни ғылыми талдау жасауы қажет.

Батырлар жырын оқыту

Батырлар жыры — ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Оның оқытуға қиындығы — ұзақтығы, тілінің бүгінгі балалар үшін сонылығы, поэтикалық ерекшелігінде. Әсіресе, оны оқыту 5—8-сыныптар арасында мұғалімге көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Батырлар жырын оқытуда мұғалім басты-басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек (5—8-сыныптарда):

Кіріспе жұмыстар

— „Батырлар жыры“ туралы (эпостық жырлар) алғашқы әдеби-теориялық ұғым беру. (Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып).

— Батырлар жырындағы халық арманы, оның негізінде халық тарихының жататыны.

Мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыстар

1. Жырдың сюжеттік-композициялық жоспарын жасап, оны балалардың көз алдына іліп қою. Мысалы, 7-сыныптағы „Қамбар батыр“ жырына мынадай жоспар жасауға болады:

- Жыршының баяндауы (Әзімбай туралы).
- Қыз Назымның сұлу сипатын суреттеуі.
- Қыз Назымның күйеу таңдауы, ешкімді ұнатпауы.
- Қамбарға ғашық болуы.
- Қамбардың сипаты.
- Қамбардың халқы үшін аңшылықпен айналысуы.
- Аң аулап жүргенде, жолбарыспен шайқасуы.
- Назым аулының үстінен өте шығуы.
- Назымның өкпесі, назы.
- Қамбардың жолына тор құруы.
- Қамбар мен Назымның тілдесуі, бір-біріне мұң шағуы.
- Назым ағаларының ашуға булығы.
- Алшыораздың араша түсуі, ақылы.
- Қалмақ ханының Назымға құда түсуі.
- Алшыораз бен Келмембеттің соғысы.
- Қараман ханның қаһары. Әзімбай аулына жорығы.
- Әзімбайдың қысылуы, Қамбарға кісі салуы.
- Қамбардың елімен қоштасып, көмекке аттануы.
- Қараманды іздеп баруы, сөзбен айқасуы.
- Қараманның жекпе-жекке шығуы.
- Соғыс сипаты.
- Қараманды, қалмақтарды жеңуі.
- Қамбардың Назымға үйленуі.

Ұзақ жырға, әрі оқиғалары да күрделі жырға осындай жоспар құру балалардың жырдағы басты оқиғаларды тез қабылдауы, аңғаруы, әрі сол бойынша мазмұнын жүйелі түрде тұжырымды етіп айтып беруіне көмек-нұсқау рөлін атқарады.

2. Жырды күйтабақтан тыңдатып (басқа жырды да оқытуға болады), жырдың оқылу мәнерімен таныстыру.

3. Жырды мәнерлеп оқу. Басты-басты эпизодтарға бөліп оқып, ізінше мазмұндатып отыру. Мазмұндауды

сұрақ-жауап әдісімен жүргізу, басты оқиғаларын айтқызу. Аннотация жаздыру.

Мына үлгіде жүргізуге болады:

Басты эпизодтар	Сұрақтар
I. Назымның күйеу таңдауы.	1. Назым кім? Оның сипаты қалай берілген? 2. Қамбар туралы хабарды қайда естиді?
II. Қамбар. Назымның ғашық болуы.	1. Қамбар туралы жырда не айтылған? Оның сипаты жырда қалай берілген? 2. Назымға неге қарамайды? Себебін айт.
III. Қалмақ ханының құда түсуі.	1. Құда түсіп келген Келмембет қандай жағдайға ұшырайды?
IV. Қараманның Әзімбай аулына жорығы.	1. Жазаланған Келмембет Қараманға не айтады? 2. Қараманның ашуы қалай сипатталады?
V. Әзімбайдың Қамбарды көмекке шақыруы.	1. Әзімбай Қамбарға қандай сәлем айтады? 2. Қамбар қандай шешімге келеді?
VI. Қамбардың Қараманға баруы. Қараманды жеңуі.	1. Қамбар Қараманға не дейді? Қамбар мен Қараман арасындағы диалог, мазмұнын айт. 2. Қараманды қалай жеңеді? 3. Қараман қалай соғысады?
VII. Назымға үйленуі.	1. Назым Қамбарды не деп мақтайды?

4. Жырды оқып біткен соң, мазмұнын толық айтқызу. Ол үшін үйге тапсырма бергенде, жауаптарының тезисін, жоспарын жасатқызу. Мазмұндау жүйелі болу үшін, соған қарап айтқызу.

5. Оқушылар жауабын бір-біріне толықтыртып отыру.

6. Бір-біріне қоятын сұрақтарын әзірлеу.

7. Ұнаған жерлерін жатқа оқытқызу.

8. Жауаптарында да жырдан үзінді келтірте отырып айтқызу. (Мақаламен айтқызуға болады, бала қабілетіне қарай).

Жырға әдеби талдау жасау

а) Жырдың идеясын тақырыбын ашу. Оны мұғалім әңгімесі, сұрақ-жауап арқылы жүзеге асыру. Мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Қалай ойлайсындар, жырда қандай мәселелер сөз болады? Жырдың негізінде жатқан басты ой неде?

2. Жырдың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?

ә) Жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау:

1. Қамбардың қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едің? Сұрақ, жауап, практикалық жұмыстар арқылы талдау.

2. Қамбар бейнесін жасай отырып, халық не айтпақшы болған? Халық арманы туралы не айтар едің?

3. Назымға қарап бұрынғы қазақ әйелдері қандай болған деп ойлайсың? Оның бейнесінің негізіндегі халық арманын не деп түйіндер едің?

4. Қараман, Келмембеттер бойындағы жек көрінішті қасиеттер қайсы?

5. Назымның ағалары туралы қандай ойдасындар?

6. Портреттеу, суреттеулерді тауып, оның кейіпкерлер іс-әрекетін ашудағы маңызы, орнына тоқтал.

б) Тіл көркемдігі, өлең құрылысына талдау жасау. Практикалық жұмыс, сұрақ-жауап:

1. Жырдан асыра, әсірелей суреттелінген жерлерді табу, оның маңызына тоқталу.

2. Теңеулерді, эпитеттерді табу.

Аллитерация, ассонанстарға назар аудару. Оның қолдану маңызына тоқталу.

3. Диалогтерді тауып, оның жырдағы орнын, маңызын ашу.

4. Өздеріне ұнаған айшықты сөздер, сөз тіркестерін тапқызу. Ұнау себебін дәлелдету.

5. Сөздік жұмыстарын жүргізу.

Жырды талдау кезінде сурет-мысалдарды пайдалану, қабілетті оқушыларға жыр бойынша өзіне ұнаған эпизодтарға суреттер салғызудың маңызы зор. Мүмкін болса, жыршы-термешілермен кездесу өткізіп, жырдан үзінді жаттатып, оқушыларды да жырды мақаммен айтқызуға талаптандыру жұмыстары тиімді болмақ.

Батырлар жыры ауыз әдебиетінің ірі саласы ретінде 9-сыныпта өтілген. Бұл сыныптарда оны оқытудың өзіңдік жолдары қайсы?

1. Жыр мазмұнын меңгерту алдын ала үйден оқып келу, сыныптан тыс оқу арқылы жүзеге асырылады. Төменгі сыныптардағыдай емес, жыр толық беріледі, оны талдау да күрделене түседі.

2. Жыр мазмұнын тез, әрі өз мәнінде толық меңгеру

үшін, мұғалім басты-басты эпизодтарын қамтыған сюжеттік жоспарды ұсына алады. Келесі жырды оқуға бергенде, оқушылар осындай жоспарды өздері жасайды. (Ескерту: 9-сыныпта бірнеше жырлар талдауға берілген).

3. Бұл сыныптарда жырдың мазмұнына қарағанда, толық әдеби талдауға ерекше көңіл бөлінеді.

4. Әдеби талдауда жырдың тарихи негізі, яғни халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғалары осы батырлар жырларынан көрінетініне тоқталу керек. Бұл мәселені мұғалім өзі, немесе тарих мұғалімінің көмегімен жүзеге асырады. Кейде оқушылардың өздеріне дайында-тып, қысқаша хабарлама жасатудың да маңызы бар.

5. Танымдық: іздендіретін, ойландыратын сұрақтарды алдын ала беріп, оқушылардың өз ойларын, пікірлерін жинақтатып, жаңа сабақ кезінде пайдаланып отыру, әңгімелесу, пікір таластарын туғызудың да тиімділігі ерекше болмақ.

Ғылыми материалдармен мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

а) Мұғалім өтіліп жатқан тақырыпты қамтитын еңбектің нақты жерлерін көрсетіп беріп, оқушылардан оны жауаптарына пайдалануды талап етеді (үзінділер келтіру арқылы).

ә) Ғылыми материалдарды оқып, жауаптарының жоспар-тезисін жасау, қысқаша конспектілеу.

б) Мұғалім оқушылардың бірнеше ғылыми материалдар бойынша өз пікірлерін ортаға салып (тақырып бойынша), салыстыруға, әдеби айтыс ұйымдастыруға бастамашы болады.

7. Батырлар жырын талдауда, әсіресе, образдарды талдауда салыстыру жұмыстарының маңызы зор. Мысалы, жырдағы „Әйелдер бейнесі“ немесе „Қалмақ батырлары“, „Батырлар бейнесі“, „Ат — батырдың сенімді серігі“ т.б. тақырыптарда салыстыру жұмыстарын жүргізуге болады. Әйелдер бейнесін салыстыруда „Алпамыс батыр“ жырындағы Гүлбаршын, Қарлығаш; „Қобыланды батырдағы“ Құртқа, Қарлыға; „Ер Тарғындағы“ Ақжүніс бейнелерін алуға болады.

Салыстыру жұмыстары үшін мынадай сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады:

1. Батырлар жырындағы әйелдер бейнесіне тән ортақ қасиеттерді сарала.

2. Өзіңдік ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы қандай пікірдесің?

3. Әйелдер бейнесі арқылы бұрынғы өткен әпкелеріміз, аналарымыз туралы не айтар едің? Халқымыз аналарға, әйелдерге қандай көзқараста болған деп болжам жасайсың?

4. „Батырлар жырындағы“ ең ақылды, ең сұлу деп кімді айтар едің? Өзіңе, әсіресе, қай кейіпкер ұнайды? Ұнау себебін дәлелде.

5. Жырлардағы әйелдерге берілген портреттеуді салыстыр.

а) Поэтикалық тіліне назар аудар, яғни портреттеуде қандай айшықты сөздер пайдаланылған?

ә) Ұқсас портреттеулер бар ма?

6. Жырдың өлең құрылысын бұрын өтіп кеткен тұрмыс-салт жырларымен салыстыруға болады.

7. Образдарды талдағанда да немесе тіл көркемдігі туралы сөз болғанда да, үнемі мәтінге сүйенудің маңызы зор. Мұғалім өз түсінігінде де, бала жауабында да мәтінді басшылыққа алғаны дұрыс. Үнемі нақты мысалдар келтіріп, дәлелді сөйлеудің орны бөлек. Себебі, жырдың тілі күрделі, оны тіпті мәтінге жақын мазмұндау да қиын болып келеді.

8. Батырлар жырын талдауда көрнекіліктердің де тиімділігі бар.

Мысалы, „Ер Тарғын“ жырындағы Тарғын бейнесін оқытуда төмендегі көрнекілікті пайдалануға болады (кесте-плакат етіп жазып пайдалану).

Үлгі:

Оқиға	Тарғынның іс-әрекеті	Қысқаша мінездеме
1. Қуғын 2. Қарт Қожақпен бетпе-бет	а) Қорықпай қарсы алады ә) Кішілік жасап, әдеп сақтап, кезегін береді. б) Қарт Қожақтың керемет батыр, күш несі екенін түсінеді.	Тарғын – үлкенді сыйлай білетін, басқаның артықшылығын мойындай білетін ер. Ол – нағыз батыр, намысты батыр.

ә) Жалпы жыр туралы ғалымдар, фольклористер пікірін, бағаларын жазып, іліп қою, керегінде пайдалану.

б) „Батырлар жыры — өнерімізде“ атты стенд жасауға да болады. Мысалы, артистер ойынынан көрініс, жыр кітаптарының суретгі безендірулері, т.б.

10. Әдеби-теориялық ұғым беру (төменгі сыныптардағы ұғымды тереңдету мақсатында теориялық жұмыстарды практикалық жұмыстармен байланыстыру).

Мысалы, мынадай практикалық жұмыстар орындауға болады:

— Қанатты сөздерді теріп жазу, оның маңызын анықтау.

— Арханнизм, историзм сөздерді тауып, қолдану орны, маңызы, мәнін түсіндіру.

— Батырлар жырының ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен басты-басты айырмашылық, ерекшеліктерін саралау.

— Аллитерация, ассонанс, гипербола, литота, тропа, фигура түрлеріне поэтикалық талдау жасау, олардың қолдану орны маңызын дәлелдеу.

— Сөздік жұмысын жүргізу.

— Оқушылармен сыныпта атқарылатын, сыныптан тыс орындауға берілетін жұмыстардың барлығында да шығармашылық, іздендірушілік сипат болуы.

Лириканы оқыту

Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым-қатынасында. Әсіресе, 5—8-сыныптар оқушыларының көбі поэзиядан гөрі, қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойының бәрі бадырайып тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Мұғалімге оқушыларды лирикалық шығармаларға қызықтыру, тарту жұмыстарынан гөрі, прозалық шығармаларға қызықтыру, тарту жеңілрек тиеді. Лирикалық шығармаларда ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін, баланың да ақынжанды жүрегі, нәзік сезімі, ұшқыр ойы болуы керек қой. Ондай сергектік, нәзіктік барлық адамда бола бере ме?! Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгерді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл күйде болды, оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Әсіресе, 5—8-сыныптарда сабақ басталмас бұрын, көңілді, сазды, назды музыка қойып қою, мүмкіндігі келсе, өтілгелі отырған лирикалық шығарманың әні болса, әнімен қойып қоюдың, күйлерді тыңдаудың

оқушыларды сабаққа әзірлеуде маңызы зор. (Көңіл күйін, сезімін тебірендіріп дегендей.)

Мысалы: 8-сыныпта Қасым Аманжоловтың „Туған жер“ өлеңін, 5-сыныпта С.Сейфуллиннің „Ақсақ киік“ өлеңін өтер алдында олардың әндерін де тыңдатудың пайдасынан басқа зияны болмақ емес.

Лирикалық шығармаларды 5—8-сыныптарда оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

а) Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны, біріншіден, тереңдете беру. Яғни, сабақтың алғашқы кіріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән негізгі қасиеттері туралы сөз ету. Мысалы, 5-сыныпта, алдында өздері оқып өткен ертегі, өлең, мысал, әңгімелермен салыстыра отырып, лириканың өзіндік ерекшеліктерін тұжырымдап, қарапайым, ұғынықты, қысқа ғана түсінік беру.

ә) Өлеңді үйде алдын ала оқып, танысуға беру. Ол үшін үлестірме-нұсқау ұсынуға болады. Мысалы: „Күз өлеңін алайық“ (5-сынып).

Ү л е с т і р м е н ұ с қ а у .

— Өлеңді асықпай 2—3 рет оқып шық, түсінбеген сөздерің болса, оқулықтағы түсініктемеге қара, не белгілеп қой.

— Күз суреті қалай бейнеленген, мәтіннен тап.

— Мәнерлеп оқуға дайындал. Қандай мәнермен оқыр едің?

— Өлең қандай көңіл күймен жазылған? Ең соңғы өлең жолына қарасаң, бәлкім, жауабын табарсың?

— Күз суретімен қоса, кімдер бейнеленген? Олардың іс-әрекетін айтып беруге талаптан.

б) Мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударуы, өзі талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жүргізуі керек. Яғни олардан өздеріне ұнаған шумақтар, әдемі, сұлу деген бейнелі сөздер, ұтымды, шебер шыққан сөз тіркестерін сұрап білудің маңызы зор. Себебі, лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі — оқушыларды поэзияны сүйуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады. Мұндай жұмыс оқушыларды өз беттерімен әдеби мәтінді талдауға да дағдыландырады.

в) Өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

г) Өлеңдегі ақынның көңіл күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аудару.

д) Тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті, үйлесімді, тиімді пайдалану.

ж) Тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымды ахуал жасау (балаларға ұрыспау, т.б.)

з) Қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдер пайдалану.

и) Әр түрлі сабақ үлгілерін іздену. (Мысалы, концерт-сабақ, пәнаралық байланыста өтетін сабақтар, т.б.); музыка пәні, бейнелеу өнері, т.б. пәндер мұғалімдерімен сабақты бірге өткізу).

Абайдың „Күз“ өлеңін талдаудың кіріспесінде оқушыларға алдын ала берілген үлестірме-нұсқауды пайдаланып, әңгіме жүргізіледі (жоғарыда айтып өтілді). Ол үшін мұғалім үлестірме-нұсқауларын іштей бір қайталап, негізгі тапсырмаларды еске түсіртіп алғаннан кейін, өлеңді өзі мәнерлеп оқиды. Оқушыларға да іштей тағы бір оқуды тапсырады. Өлеңді бірден өзі талдаудан бұрын, балаларды алдын ала ойландырып, толғандырып талдауды олардың қатысуымен жүргізу, әдеби талдауға баулу, поэзиялық шығармаларды өз беттерімен оқытып, өз пікірлеріне жол салуда мұндай тәсілдің маңызы зор. Балалар оқып болғаннан кейін, мәтін бойынша жұмыс жүргізіледі.

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы :

— Күз көрінісі қай шумақтарда суреттелген? (Өлеңнен тауып оқиды.)

— Ақын күз көрінісін қандай сөздермен бейнелеген? (Мәтіннен оқып, өз жауаптарын дәлелді түрде береді.)

— Оқулықтарда берілген „малма“, „шомшы“, „күзеу“, „оты жоқ“ деген сөздердің мағынасына тағы бір назар аударыңдар.

— Ақын өлеңде тек күз суретін ғана берген бе?

— Адам тірлігі қалай берілген? (Өлеңнен үзінді оқиды.)

— Жан-жануарлар тірлігі ше?

— Күз суреті неге сонша жабырқаңқы берілген?

— Өлең арқылы ақын қандай мәселе көтерген, не айтпақ болған, қандай көңіл күймен жазылған?

Осы „Күз“ өлеңін өгу барысында Левитанның немесе басқа суретшілердің осы тақырыптағы суреттерін іліп

қоюға болады. Сурет бояуларына қарата отырып, өлеңдегі күздің сөзбен салған бояуын салыстырып, сол арқылы ақын мен суретші үндестігі, оның негізгі себебін анықтау жұмыстарын жүргізу өте тиімді келеді. Үндестік ретінде оқушылармен біріге отырып, „сұр бұлтты“, „суық аспанды“, „сары түсті“ табуға болады. Суреттегі, өлеңдегі бұл үндестіктің сыры — күз табиғатына байланысты шындықтың беріліп отырғанын оқушыларға аңғарту керек. Суретші шындық көріністі боямен берсе, ақынның сөзбен беріп отырғанын дәлелдей түсу керек. Осы сабақта балаларға өз аулының, қаласының күзін еске түсіріп, оны Абай „Күзімен“ салыстыру да тиімді болмақ. Салыстыру үшін мынадай сұрақ беріледі:

1. „Күз“ өлеңінде адамдар тірлігі қалай берілген дедік? Енді өз аулындағы күз кезіндегі адамдар тірлігін айта ғой.

2. Ақын өлеңде „Қай ауылды көрсең де, жабырқаңқы“ дейді? Оның себебі не? Ал осы кездегі ауыл тап осындай жабырқаңқы ма? Себебі неде деп ойлайсың?

3. Өз аулыңның (қаланың) күзіне ауызша суреттеме бер.

Сондай-ақ осы сабақты интеграциялық оқуға негізделген трио сабақ (үштік сабақ) ретінде өтудің тиімділігі зор. Орыс әдебиеті, бейнелеу өнері мұғалімдерімен қосыла отырып, тақырыпты білімдік жағынан терең, жан-жақты, әрі қызығалықты өтуде болады. Орыс әдебиеті мұғалімі орыс ақындарының, соның ішінде Пушкиннің „Алтын күзіне“ тоқталып, орыс күзінің „Алтын күз“ аталу себебі, оның негізінде жатқан әлеуметтік жағдайларды қысқаша әңгімелесе, әдебиет мұғалімі Абай „Күзінің“ сүреңсіз суреті негізінде сол кездегі көшпелі кедей тірлігінің шынайы көрінісі берілгеніне тоқталады. Екі ақын да күз табиғатын жеке-дара, өлі суреттермен бермей, халық тіршілігі, ел жайымен астастыра бергенін түсіндіру қажет. Ал бейнелеу өнері мұғалімі күз табиғаты бойынша ауызша суреттеме береді. Суреттерде бояу сөйлейтініне тоқталады. Бір мезетте үш пәнді осылай біріктіре отырып, оқушыларға жан-жақты, әрі терең білім беруді жүзеге асыруға болады.

Дирикалаық шығармаларды өтуде оқушылардың шығармашылық жұмыстарына да ерекше көңіл бөлу керек. Осы сабақта қабілеттеріне қарай өлең жаздыру, сурет салдыру немесе шағын шығарма-суреттеме жаздырудың маңызы зор болмақ.

Қазіргі кезде тереңдетіп оқыту мәселелері қолға алынуда. Әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектеп, сыныптарда лириканы қалай оқыту керек? 8-сыныпта Абайдың Әбіш туралы бірнеше өлеңдері берілген. (Жалпы, әдебиетті тереңдетіп оқыту жолдары туралы осы кітаптың соңында арнайы сөз қозғалады.) Ұлы Абай сүйікті ұлы Әбішіне арнап отызға жуық өлең жазған. Өлеңдерді оқыта отырып, мұғалім ең басты мақсат етіп жас ұрпақты азаматтыққа, нағыз адам болуға, „атаның емес, адам ұлы болуға“ тәрбиелеуді, ірі мақсатпен мағыналы өмір сүруді, отбасы тәрбиесін, оның ұлттық сипатын, әке мен бала қарым-қатынасын алуы керек. Тереңдетіп оқытудың бір мәселесі — қосымша материалдар, ғылыми еңбектермен жұмыс болып табылады. Сол себептен де М.Әуезовтің Абай туралы зерттеу еңбектеріндегі Әбіш жайындағы деректер мен ғылыми пікірлерді сабаққа пайдаланудың маңызы зор болмақ. Сондай-ақ М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясының „Қарашығын“ бөліміндегі Әбіш портреті, Әбіш туралы Абай пікірі, монологі, Әбіштің қайтыс болар алдындағы арыздасу хаты („Өкініште“ бөлімі) сияқты материалдарды да тиімді пайдаланып, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, жан-жақты тереңдете білім беру жұмыстарын жүргізген дұрыс болады. Осыларға қоса, өлеңнің дүниеге қалай келетіні, лириканың бірнеше түрге бөлінетіні жайында да оқушыны хабардар етеді. (Әбіш туралы өлеңде элегия, көңіл күй басым ғой.) Сабақтың кіріспесінде мұғалім Әбіш суретін көрсете отырып, ол туралы тұжырымды түсінік береді. Балалардың эмоциясына әсер ету үшін, әрі өлеңді оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында Әбіштің қайтыс болар алдындағы әкесіне жазған хатын оқып берудің маңызы зор.

„... Аға, қош! Арманым — тілегіңді ақтай алмадым... Барымды бере алмай кеттім!... Тағы арманым — Мағыш. Қызығым едің!.. Ғашық жарым!.. Бір өзіңе берілген алаңсыз көңілім адал!.. Рахманы сүйгім...“

Эпопеядан осы үзінді оқылып болған соң: „Балалар, біз бүгін өздерің тыңдап отырғандай, әкесі Абайдың өзіне артқан аманат-арманын орындай алмай бара жатқанына өкінген Әбіш туралы өлеңдермен танысамыз. Абай арманы не еді? Ол „Абай жолының“ III кітабында былай беріледі:

„Өзімді ғана сүйсіндірмес, тірі болып, сау болса,

халқын да сүйсіндірер. Қараңғы сахарасына жарық сәуле әкелер, алғашқы ағал буын сен боларсың!"

Міне, балалар, ұлы ақын өзінің сүйікті ұлы халық ұлы болып, халықты бақытқа бастайтын жол тапса екен деп армандапты. Ал осы ұлы арман иесі сүйікті Әбішін ақын өлеңдерінде қалай жазған екен, енді соған құлақ түрейік", — деп, өлеңді талдауға кірісуге болады. Оқулықта "Әбіш туралы" деген атпен үш бөлімді өлеңдер талдауға ұсынылған. Ең алдымен, мұғалім өлеңнің бірінші бөлімін іштей оқуға тапсырады. Оқып болған соң, мынадай сұрақтар, тапсырмалар беріп, өлеңге әдеби талдау жасайды:

— Абай Әбішті қандай сөздермен бейнелеген, оған қандай мінездеме берген? (Оқушылар кітаптан үзінділер оқиды.)

Жауап былай болады:

— Ер Әбіш, жүрегі жылы, бойы құрыш... т.с.с.

— Осы өлеңге қандай тақырып қояр едің, тақырыбың өлеңнің өзінен алынсын.

Оқушылар жауабы:

— Боямасыз ақ көңіл...

— Өнері оның жұрттан асқан... т.с.с.

Содан соң мұғалім мынандай тапсырмалар беріп, сұрақтар қояды:

— Шағын мінездеме беріңдер.

— Өздеріңе өлеңнің қандай жолдары ұнады? Неге ұнағанын дәлелде.

— Өзіңе бұрын кезікпеген тың сөз оралымдарын таптың ба?

— Ақын көңіл күйі туралы не дер едің?

— Өлеңдегі ақын табысы жайында неңдей пікірің бар?

Міне, өлеңнің үш бөлімі де осындай әдіс-тәсілмен, оқушыларды әрі іздендіре, әрі ойландыра талданады. Мәтінді талдау аяқталған соң, қорытынды ретінде осы үш өлеңнің Әбіш бейнесін, мінезін ерекше ашып тұрған жолдарын, өлеңдегі ақынның идеялық-эстетикалық мақсатын айқындап тұрған шумақтарын тапқызу, өздеріне іздеу жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларды толықтыра отырып, олармен пікірлесе отырып, мұғалім осы сұрақтарға жауап береді: яғни осы үш өлең бір Әбішке арналса да, олар оны әр жағынан көрсетеді. Мысалы, бірінші өлеңде Әбіш жайы Әбіш емес, ол — ердің ері, ал „ер“ деген сөз мағынасының тереңдігін атам қазақ кез

келген адамды „ер“ демейтінін, екінші өлеңде Әбіш туралы жоқтау сарыны барын, ұлы Абай арманы, зарының басымдылығын, оның „Жасқа жас, ойға кәрі“ даналығын ашатынын, үшінші өлең „талаптың тұлпарына мінген“ Әбіштен күткен әке үмітін, яғни „жол көрсетіп, сонда өлсең“ деген арманы жатқанын саралап-саралап айту ләзім. Мұғалім осы мәселелерді бірден өзі сараптамай, оқушыларға да сұрақ қоя отырып, қорытындыласа, тіпті, дұрыс болмақ. Сонымен бірге, Әбіш туралы өлеңдердегі жоқтау үлгісі (ауыз әдебиетіндегі), мадақтау, арнау үлгісі басқа да елдер ақындарында көп кезігетінін айтып, мысалы, өздеріне таныс орыс ақыны Пушкиннің „Нянясына“ арнаған өлеңдері туралы да сыр шертудің бұттықтығы жоқ. Абайға дейін де халық азаттығы үшін күрес басында тұрған Исатай туралы Махамбет ақынның бірнеше өлеңін тілге тиек етуге болады. Мұндағы мақсат — тек жан-жақты, терең білім беруде ғана емес, ақындар бір адамды жоқтап, сол арқылы мадақтап, не соған арнап өлең жаза отырып, үлкен мәселелерді, халықтық маңызды мәселелерді көтеретінін, мысалы, Абай Әбіші арқылы „халық ұлы“ болатын баласын жоқтайтынын, Махамбет Исатай арқылы азаттық үшін құрбан болған халық батырын дәріптейтінін, Пушкин қарапайым халықтан шыққан орыс әйелін Ана дәрежесінде көрсететінін айтып кетудің әрі танымдық, әрі тәрбиелік маңызы зор. Тереңдетіп оқытудың бір мәселесі — ғылыми еңбектерді пайдалану болып табылады. М.Әуезовтің Абай жайындағы зерттеулерінен оның Әбішке арналған өлеңдері туралы пікірін сабаққа пайдалану керек.

„Балалар, Әбіш туралы өлеңдерді сендермен біріге отырып, талдадық, енді Абайды зерттеуші М.Әуезов аталарың осы өлеңге қалай баға берген екен, соны тыңдап көрейік“, — деп, үзінділер оқуға болады. Мұндай күрделі жұмыстарды тиімді жүргізудің бір жолы: ол пікірлерді екі бөлімге бөліп, үлестірме-нұсқаулар жазып, үстелдегі әр жұпқа таратуға болады. Өз үлестірме-тапсырмаларын оқып болған соң, олар ақырын дауыспен мазмұнын бір-біріне айтады. Мұғалім осы уақыт ішінде өз қалауы бойынша жұптар жанына барып, түсініктерін тыңдап, көмек беріп отырады. Міне, ғылыми материалдармен осылай практикалық жұмыс біткен соң, мұғалім төмендегідей сұрақтар қойып, сабақты ары қарай жалғастырады:

— Балалар, Мұхтар Әуезов өлең туралы қандай пікір айтады?

— Өлеңдегі ақын шеберлігі, көркемдік тәсілі туралы не депті?

— Әбіш туралы тың деректер таптың ба? Біз нені айта алмаппыз?

— Ғалымның қай пікірі өзіңе ұнайды? Ұнау себебін түсіндіруге тырыс. (Әрине, бұл сұрақтар жауабына мұғалім оқушыларды өзі жетелеп отырады, түсіндіреді, қорытындылайды.)

Тереңдетіп оқытудың тағы бір мәселесі — оқушылардың икем-дағдысына қойылатын талаптар тереңдігінде. Қабілеті, дарынына әсер ету, икемділігін арттыру жұмыстары осы сабақтарда назардан тыс қалмауы керек. „Әбіш туралы өзің қандай өлең жазар едің?“ немесе „Абайға қандай тоқтау айтар едің?“ деген тақырыптармен өлең жазуға (әрине, қабілетіне қарай) баулуға болады. Сондай-ақ үйге төмендегі үлгіні бере отырып, дәйекті шағын мінездеме жаза білуге баулу да тиімді болмақ.

Әбішке дәйекті шағын мінездеме

Ү л г і :

Өлең бөлімдері	Тақырыбы	Өлеңнен үзінділер (Әбіш сипатына)	Мінездеме
I бөлім	Боямасыз ақ көңіл	„ер Әбіш“, „елден асқан ерек“, „жүрегі жылы, бойы құрыш“	Әбіш — елден асқан ақылды, әрі ер, мейірімді, ғылымға талапты, ақ көңіл адам...

Лирикалық шығармаларды көркемөнер туындыларымен байланыстыра өтудің маңызы жоғарыда айтылды. Мысалы, Жұмағали Саиннің „Есімде Айдар өзені“, сондай-ақ Қ.Аманжоловтың „Туған жер“, „Домбыра“ (8-сынып) өлеңдерін өту кезінде музыкамен байланыстырудың маңызы зор болмақ.

„Есімде Айдар өзені“ — майдан, жорық, айқас лирикасы. Лирикалық кейіпкер еске түсіру арқылы, лирикалық шегініс арқылы соғысты, достарын, құрбақтарды еске түсіреді. Азаттық ерлері өлмек емес, олар үнемі тірілерді „тербетіп, тірілерге ой салады“. Соғыс сұмдығы дінге де, тілге де, ұлтқа да қарамайды. Оның заңы біреу — өлім не өмір. Міне, өлеңнің осындай қасиеттерін, те-

рең ойын оқушыға жеткізудің өзіндік ізденісті керек ететіні түсінікті. Сабақ басталар алдында „Қасиетті соғыс“ өлеңін немесе „Кестелі орамал“, „Қараңғы түн“ әндерін күйтабақтан тыңдауға болады. Оқушыларды асықтырмай, қайта әнді тыңдауларына, бір сәт болса да, ойға шомуларына жағдай туғызу керек. Мұндай сәттерде артық сөз, артық қимылдың болмағаны жөн. Музыка аяқтала бергенде, өлең мәнермен оқылуға тиіс (үнтаспаға жазып, оны тыңдаудың да тиімділігі зор болмақ). Оқушыларға осылай эмоциялық жағдай туғыза отырып, талдау — лирикалық туындыларды өтудің тиімді әдіс-тәсілдерінің бірі. Кейде музыка біткен соң, мұғалім өлеңді екі түрлі дауыс ырғағымен оқиды. Біреуін екпінді, шабыттты, жігерлі үнмен, екіншісін мұңды, сазды, ойлы, тебіреністі, баяу үнмен. Міне, осы оқу мәнері арқылы да проблема туғызуға болады. „Қай мәнер өлең идеясын, оның негізінде жатқан автор ойын аша алады?“ — деген сияқты. Өлеңді талдау алдында: „Балалар, бір сәт ойға кетейікші, ақын осы өлеңді жорық, соғыс үстінде жазған ба, жоқ, соғыстан соң жазған ба?“ — деген сұрақ қою керек.

— Ал енді бір сәт ұшқыр қиялымызға жол ашайық. Түн... ел ұйқыда... Тек ақын ғана дөңбекшіп, ұйықтай алмай, әуреге түсуде. Жаңа ғана шырт ұйқыда еді. Сонау Украина орманында қалған достары — „егіз ұл“ өңіндегідей жанына кеп, әзідеседі, бірақ... бірақ бұл күлкі шорт үзілді, жарылған бомба гүрсілі сол күлкіні иелерімен бірге домалатып алып кетті... Ақын шошып оянды... Екі досын еске алды, кеудесіне келіп, лықсыған сағыныш жалынына қоса, көз жасы да төгіліп кетті. Отбасын оятып алмайын деп, басқа бөлмеге барып, шырақ жырағымен „Айдар, Айдар, ақ Айдар!“ — деп, бастап кетті...

Ал енді өздерің қалай көз алдарыңа келтірер едіңдер? Өлең қалай туған деп ойлайсыңдар?.. Өлеңді өздерің қандай мәнермен оқыр едіңдер? (Себебін түсіндіреді.) Осындай „Көңілашар“ әңгімелесуден кейін, талдау жұмысын бастауға болады. Әрине, бұл жерде бұрын оқушыларға таныс емес Жұмағали Саин туралы кіріспе әңгіме жасап, оның шығармашылық жолына, өлеңде сөз етілген партизандық жолына қысқа да әсерлі түсінік беру керек.

Лирикалық шығармаларды өтуде сабақ үлгісінің тиімді түрлерін таңдап алған дұрыс. (Тақырып, сынып ерекшелігіне қарай.) Мысалы, осы сабақты „Еске алу“

сабағы, „Ерлік“ сабағы деп немесе „Айдармен сырласу“ сабағы ретінде өтуте болады.
Өлеңі талдау үлгісі.

Ү л г і:

Шумақтар	Тақырыпшалар	Қысқаша аннотация	Ақын стилі	Поэтикалық тілі
I	„Өткіздім сенде көш айлар“.	Айдар келбеті, лирикалық кейіпкердің соғыс жолы.	Сырласу, ақын монологі, қарата айту.	„Өр Айдар“, „жаған сурет, суың бал“.
II	„Ол майданда... ер жолы...“	Майдан, соғыс, ажал...	Лирикалық шегініс, шалыс ұйқасты ұтымды пайдалану, лирикалық сұрақтар.	„Сұлу Айдар, сырлы Айдар“.
III	Өмірді шықтым арқалай...	Партизан жолы, өмір үшін күрес...		„Ар, адалдық оты“.

Көркем шығармаларды оқытуда барлығына қойылатын ортақ талап көркем компоненттеріне талдау болып табылады. Бұл өлеңде ерекше еске ұстар мәселе — өлеңнің сырласу стилінде жазылуы, ақын монологінің, лирикалық кейіпкердің әр алуан реңдерінің тоғыса келуі (сағыныш, өкініш, қуаныш, сенім, оптимизм, қайғы, мақтаныш).

Талдау барысында оқушылармен лирикалық кейіпкер айналасында шағын сырласу, пікірлесу әңгімесін өткізу керек. Себебі, лирикалық шығармалардың бәріне тән ортақ қасиеті лирикалық кейіпкерлері болуында. Лирикада лирикалық кейіпкер өмір сүреді.

С ұ р а қ т а р:

— Өлеңдегі лирикалық кейіпкерге сипаттама бер.

Ж а у а п:

— Ол — бұрынғы партизан, ер солдат, өмір үшін күрескер, адал дос, патриот, интернационалист.

— Лирикалық кейіпкердің көңіл күйіне сипаттама бер.

Шумақтар	Көңіл-күйінің сипаты
I шумақ II—III шумақтар IV шумақ IX шумақ X шумақ	Еске алу, Айдар келбетіне сүйсіну Мұң, ауыр мұң. Өмір, өлім күресі. Тербеліп ойға түсуі. Отанға, елге деген ыстық сезім, достық сезім, серт беру, сену

Бұл сұраққа жауап беру үшін, төмендегі көмекші құралды көрнекі етіп жазып, ұсынуға болады.

Е с к е р т у: Оқушылар екінші баған жауабын өздері айтады. Тек бірер жауабы ғана үлгі ретінде беріледі.

Қасым Аманжоловтың „Туған жер“, „Домбыра“ өлеңдерін оқыту барысында да музыканы пайдалану тиімді болмақ. „Туған жердің“ өз әуені, әні арқылы тамаша лирикалық шығармаларда әуен құйылып тұратынын, олардың музыка тілеп тұратынын дәлелдей кетудің артықтығы жоқ.

„Домбыра“ өлеңін талдау сабағында мектептегі музыка пәні мұғалімімен пәнаралық сабақ немесе күйші-домбырашылармен кездесу сабағы тиімді болмақ. Мұндай сабақтарды „Жарасым сабағы“ немесе „Домбырада қонақта“ тақырыптарымен өткізуге болады. „Домбыра“ өлеңі — адам сезімінің нәзік қылына, нәзік пернелеріне әсер ететін, сезімнің көзге көріне бермейтін, бірақ бүкіл жан рухын баурап алатын қасиеті бар музыка әлемі туралы өлең. Сол себептен де Қасым сол әуенді сөзбен беруге талаптанса, әдебиет мұғалімі оны оқушыға жеткізуге талаптанса, ал сабаққа шақырылатын қонақтар күймен, домбыра сазымен жеткізуге талаптанса, яғни сөз-әуен үйлесім тауып жатқан мұндай сабақтардың тек білім емес, эстетикалық ләззат, нәр беретініне ешқандай шүбә жоқ. Оқушыларды әдемілікті сүйеге, одан ләззат ала білуге тәрбиелеуде, эстетикалық нәзік талғамдарын дамытуда лириканың атқаратын рөлі зор. Сондықтан да оны оқытудың тиімді жолдарын қарастыра отырып, мұғалім міндетті түрде осы мәселелерге де, яғни сабақтың тәрбиелік нәріне де ерекше көңіл бөлуі керек.

Лирикалық шығармаларды өту әдістемесін сөз ете отырып, енді оқушылардың, жасөспірімдердің оларға деген жағымды көзқарасы, қызығушылығын қалай туғызу керек, оның тиімді әдіс-тәсілдері қайсы, осы мәселеге тоқталайық. Жоғарыда айтылғандай, лирикада ақын сезімі өмір сүреді, оқушы оны өз сезімімен қабылдайды. Екі сезім түйіскенде ғана, яғни ақын сезімі мен оқушы сезімі түйіскенде, қабысқанда, бір-бірін тапқанда ғана ол туралы сөз қозғау тиімді болмақ. Оқушыларды лириканы сүйеге, түсінуге, оны өз еріктерімен оқуға, өмірлік сырлас досы етуте талаптандыру оны оқытудың басты мақсаты болып табылады. Оқушылардың оған деген жағымды көзқарасын қалыптастыру жүйелі жұмысты та-

лап етеді. Бұл жұмыс сонау мектепке алғаш келген күндерінен, мектеп табалдырығын алғаш аттаған күндерінен басталуы керек. Оқу-тәрбие жұмысы дұрыс қойылған мектептерде бастауыш сыныптар мен жоғары сынып мұғалімдері арасында тығыз байланыс болады. Әсіресе, 4-сынып оқушыларын оқытудың жаңа баспалдағына психологиялық жағынан дайындаудың маңызы ерекше зор. Үш жыл бойы бір мұғалімге үйреніп қалған оқушы енді әр пәнді жеке, әрі әр мұғалімнің оқытқанына бірден бейімделе алмайды. Әсіресе, соңғы сыныпта оларды болашақта кім оқытады, осы мәселелер шешіліп, сабақ беретін пән мұғалімдері үнемі тығыз қарым-қатынаста болулары керек. Бастауыш сынып балалары өлең жаттауды ұнатады, мұғалім тапсырмасын бұлжытпай орындауға тырысады. Осы „белсенділіктерін” жойып алмай, келесі сыныптарда тапсырма бойынша өлеңнің өздеріне ұнаған жерлерін жаттауға, мән-мағынасын түсініп жаттауға баулу тиімді болмақ. Бастауыш мұғалімдері сәби сезімін дамытуға, яғни өлеңді сүюге баулуға жүйелі, әрі қызықты әдіс-тәсілдер пайдалануы керек. Өлеңді мұғалімнің өзінің мәнерлеп оқуы, күйтабақтарды пайдалану, сабаққа көркем сөз оқудың шеберлерін шақырып, кездесу өткізу, табиғатқа саяхат жасау, сол жерде табиғат лирикалары туралы өлеңдер оқып, оны бейнелейтін суреттер көрсету, әндер тыңдап, алған әсерлері бойынша ізін суытпай пікірлесу, әңгімелесу өткізу, сыныптан тыс оқуларда лирикалық шығармаларға көбірек көңіл бөліп, мәнерлеп оқу үйірмесін құру сияқты лирикалық шығармаларды сүюге баулу жұмыстарын жүргізу нәтижелі, тиімді болмақ. Кейбір ұстаздар тәжірибесінде әр сабақтың алдында „поэзияға” 3—5 минут бөліп, белгілі бір тақырып айналасында оқушылар өздері сүйетін өлеңдерді оқуға, жатқа оқуға, өз өлеңдерін оқуға мүмкіндік алады. Егер бұл жұмыс жақсы ойластырылып, жүйелі ұйымдастырылғанда, оның нәтижесі де ойдағыдай болмақ. Оқушыларды жалықтырып алмау үшін, мұндай „кездесулерді” аптасына 1—2 рет өткізуге болады (әр мұғалім қалауы бойынша).

Мәнерлеп оқу оқылып жатқан көркем туындының, яғни лирикалық өлеңнің мазмұны, мәніне байланысты болып келеді. Ерлік, патриотизмге негізделген өлеңдер көтеріңкі ырғақ, көтеріңкі леппен оқылса, табиғат, махаббат жайлы өлеңдер нәзік леппен, терең сезіммен

оқылады. Лириканы мәнерлеп оқуда әр сөз, әр тыныс белгісі де үлкен рөл атқарады. Мысалы, Қасымның „Туған жер” өлеңінде „Уа, дариға, алтын бесік — туған жер” деген жолдар бар. Осы жолдардан ақынның туған жеріне деген терең сезімін түсінеміз, әрі „уа, дариға” деген сөздер арман, еліне деген мәңгі бітпейтін ақын махаббатын ерекше танытады. Ал осы сөздері ерекше бір арманды леппен, терең сазбен оқылады. Өлеңнің тармағы, шумағы, тіпті дыбыс үндестіліктеріне де назар аудару керек. Мысалы, Мағжанның „Шолпан”, „Толқын”, т.б. өлеңдерінде дыбыстардың маңызы ерекше. Ақын дыбыстан сурет жасайды, дыбыс арқылы махаббаттың лапылдап тұрған жалыны беріледі, дыбыс келісімдері арқылы табиғаттың бейнесі көз алдына елестейді. Сондықтан әр дыбысты өз нәшімен оқи білудің маңызы бар. Бұдан шығатын қорытынды: лирикалық шығармаларды мұғалім қандай әдіс-тәсіл, сабақ типтері арқылы өтсе де, ең алдымен, оны мән-мағынасына қарай дұрыстап оқи отырып, талдаудан бастау керек.

Поэманы оқыту

Поэмаларды оқыту әдістері олардың жанлық ерекшелігінен туындайды. Поэмалардың басым көпшілігі сюжет пен композиция, образдар жүйесінен тұрып, күрделі, ауқымды проблемаларды көтереді. Мұндай поэмаларға С.Сейфуллиннің „Көкшетауы”, Ілияс Жансүгіровтің „Құлагер”, т.б. поэмалары жатады. Поэмалардың тағы бір түрі — лиро-эпикалық, лирикалық поэмалар. Сәкеннің „Альбатросы”, С.Торайғыровтың „Кедейі”, Ілиястың „Даласы” осындай поэмаларға жатады. Лиро-эпикалық поэмаларда шиеленіскен оқиғалар болмайды, дегенмен, поэманың басынан аяғына дейін әңгімеші рөлін атқаратын лирикалық кейіпкер, оның сезімі үлкен рөл атқарады. Лиро-эпикалық поэмаларды оқытуда мәнерлеп оқуды, поэма көтерген проблеманы меңгерту үшін, мәтіндік талдауды, автор ізімен талдауды қолдану тиімді болып келеді. Мысалы, Ілиястың „Даласын” оқытудың жемісті жолы — алдымен мәтінді меңгерту. Ол үшін мәнерлеп оқи отырып, әр бөлімге аннотация беру керек. Аннотацияны оқушылар үйден жазып келіп, сыныптағы талдау жұмыстарында пайдаланады. Поэманың күрделілігін ескере отырып,

оның әр бөлімі бойынша төмендегідей мазмұндық жоспар жасап, іліп қоюға, керегінде пайдалануға болады.

Үлгі:

Поэма бөлімдері 1. „Арнау“ 2. „Ақтабан“	Ақын толғауы. Қазақ даласының шапқыншылыққа ұшырауы. Тарихи шал әңгімесі.
---	--

Ары қарай сұрақ-жауап арқылы поэмадағы лирикалық кейіпкер (ақын) әңгімеші-тарихи шал туралы, поэма-ның идеялық проблематикасы жайында әңгіме қозғалады. Тіл көркемдігі, өлең құрылысындағы ерекшеліктерге де міндетті түрде талдау беру керек. Сюжетті поэмаларды образдық талдаумен де, мәтіндік талдаумен де оқытуға болады. Ең тиімдісі — аралас талдау. Төменде сюжетті поэмаларды қалай өтуде болады, соның бір үлгісі ұсынылып отыр.

1. Жансүгіровтің „Құлагер“ поэмасы — өзінің көтерген проблемасы, тақырыбы, маңызы жағынан роман тектес шығарма. Поэмаға әдеби талдау алдында оның мазмұнын түгелдей оқыту, меңгерту айналасында еңбек ету керек. Осы мақсатта мұғалім үйге алдын ала тапсырмалар береді.

Жалпы сыныптық тапсырма:

1. Поэманы түгелдей оқып, мазмұнымен танысу.
2. Әр бөлімге қысқаша аннотация жазу.

Топтық тапсырма топ санына, сыныптағы оқушылар санына байланысты.

I топ.

Поэмадағы Көкше көріністерін С.Сейфуллиннің „Көкшетау“ поэмасындағы Көкше көріністерімен салыстыру (поэтикалық тілі, әр ақынның өзіндік стилі, т.б.).

II топ.

10-сынып әдебиеті бойынша Ақанның „Құлагер“ өлеңін поэманың „Бай, бай, Құлагерім“ бөлімі бойынша Ақанның Құлагерді жоқтау өлеңімен салыстыру.

Мақсат: Ілияс өз поэмасында Ақанның „Құлагер“ өлеңін қалай пайдаланғаны туралы іздендіру.

III топ.

Абайдың „Аттың сыны“ өлеңін поэмадағы „Құлагер“ сынымен салыстыру (Күреңбай сыншы берген сипаты).

Мақсат: Екі ақынның ат сынын берудегі шеберлігі, яғни поэтикалық үндестік туралы іздену. Тапсырманы мына үлгіде орындауға болады:

Абай Тәуег бас, қамыс құлақ, қоян жақ	Ілияс Тәуег бас, қамыс құлақ, қуарған жақ	Поэтикалық үндестік
---	---	---------------------

Жеке тапсырмалар:

1. „Құлагер“ поэмасы туралы ғалым-сыншылар, әдебиетшілер пікірі бойынша қысқаша хабарлама жасауға дайындалу.

Ескерту: Материалдарды мұғалім ұсыну керек, әрі осы жұмыста балаларға басшылық жасайды.

2. 10-сынып оқулығы бойынша Ақан сері туралы қысқаша хабарлама.

IV топ.

Поэма бөлімдері бойынша басты-басты оқиғаларын саралап, сюжеттік-композициялық жоспар жасау, оны сабаққа пайдалану үшін, кестеге жазып қою („Ас“ бөлімінен бастап алу).

Үлгі:

Бөлім	Басты оқиғалар	Ақанның іс-әрекеті
„Ас“	1. Сағынай асы, үш жүздің оған „күйылуы“.	1. Халықтың Ақанды құрметтеуі.
„Құлагер“	1. Ақанның Құласымен асқа келуі. 2. Елдің Құланы көруге жүгінуі. 3. Құлагерге берген халық бағасы. 4. Күреңбайдың сыны. 5. Батыраштың қызғанышы.	2. Атын көзінен таса етпеуі. 3. Жаршыға айтқан өтініші. 4. Ақанның өткір тілмен Батырашты жерге қаратуы.

Поэмалар жоғарыда айтылғандай, көлемі, ауқымы ұзақ шығармалардың қатарына жатады. Бір-екі сағат ішінде оны тұтастай өзінің мәні, мағынасы, әдебиеттен алатын орнына қарай барлық қасиеттерімен оқушыға жеткізе білу үшін, мұғалім ең тиімді деген әдіс-тәсілдер, оқу формалары, оқу жабдықтарын сұрыптап алуы керек. Әдебиетті оқытуда көрнекіліктің орны ерекше екені белгілі. Әсіресе, көлемді шығармаларды, оның ішінде поэмаларды оқытуда оның маңызы зор. Мүмкіндігіне қарай ол көрнекілік поэманың көтерген тақырыбы, кейіпкерлері, поэтикалық тілі, ақын стилін тұтастай қамтитын, оқушы алдында жинақы түрде тұжырымды етіп берілетін дәрежеде жасалуы керек.

Көрнекілік үлгісі (үзінді беріліп отыр).

„Құлагер“ поэмасы. Сюжеті, композициясы, поэтикалық компоненттері:

Бөлімдері	Поэманың басты оқиғалары	Ақынның көркемдік әдісі мен тәсілі. Поэманың көркем компоненттері
„Толғану“	Ақын толғанысы.	Көтеріңкі леп, асқақ сезім. Баяндау. Поэтикалық тілі: метафоралар, теңеулер молдығы (бұл-бұлым, дүлдүлімін, тұздай, қымыздай, т.с.с.)
„Туған жер“	Көкшетау туралы толғанысы.	Суреттеу, әңгімелеу, мүсіндеу, баяндау, шешендік сұрақтар. Поэтикалық тілі: теңеу, эпитет, метафоралардың келісті келуі (сұлудың көзіндей, „бал бұлақ“, бура тас)
„Ақан“	Ақан сері, оның басынан өткен жағдайлары. Ақан туралы хабар.	Суреттеу, баяндау, әңгімелеу, мінездеу, шешендік сұраулар. Лирикалық шегініс.
„Ас“	Сағынай асы, ас көрінісі, асқа келушілердің сипаты.	Баяндау, әңгімелеу, портреттеу, суреттеу. Поэтикалық тілі: теңеу, метафора, эпитет.
„Құлагер“	Ақанның асқа келуі. Құлагер туралы Күреңбай сыны.	Әңгімелеу, мүсіндеу, диалог. Поэтикалық тілі: эпитет, метафора, теңеу.

Поэманы өтудің әдіс-тәсілдерін төмендегі кестеден көруге болады.

Сабақ жоспарының үлгісі:

Сабақтың негізгі мазмұны, элементі	Әдіс-тәсілдер, оқу формалары	Оқу жабдығы. Қосымша материалдар
Алдын ала берілген тапсырмалар бойынша әңгімелеу. Жаңа тақырып бойынша кіріспе бөлім.	а) Сұрақ-жауап, пікірлесу. ә) Топтық тапсырмалар бойынша әңгіме. а) Әңгіме-лекция. ә) Сұрақ-жауап. б) Оқушы хабарламасы.	Кесте-тапалар. Кесте-плакат.
Поэманың көтерген басты мәселелері, негізгі проблематикасы.	а) Проблемалы баяндау. ә) Проблемалық жағдаят б) Проблемалық сипаттағы сұрақтар. в) Оқушы хабарламалары.	Портрет (Ланияс). Портрет (Ақан). Ұнтаспадан Ақан әндерін тыңдау. Инсценировка (шағын).
Поэмадағы лирикалық қаһарман, оның „туған жер“ туралы толғанысы.	а) Мәнерлеп оқу, кітаппен жұмыс. ә) Түсіндірмелі әдіс. б) Сұрақ-жауап.	Таспадан үзінді тыңдау.
Лирикалық қаһарманның Ақан туралы толғанысы.	а) Сұрақ-жауап. ә) Кітаппен жұмыс. б) Түсіндірмелі әдіс.	Таспадан үзінді тыңдау.
Поэмадағы бас кейіпкерлер. Ақан бейнесі.	а) Проблемалы баяндау. ә) Оқушы хабарламасы. б) Проблемалық сипаттағы сұрақ-жауап.	Электрройнағыш (ТСО).
Батыраш бастаған сахара жауыздары.	а) Рөлге бөліп, мәнерлеп оқу. ә) Проблемалық жағдаят тудыру. б) Пікірлесу.	Электрройнағыш (ТСО).
Халық. Күреңбай сыншы.	а) Топтық жұмысты тыңдау. ә) Мәнерлеп оқу, салыстыру жұмыстары.	Кесте-плакат.
Күншілдік, бақталастық, рулық-патриархалдық тартыс құрбаны — екі палуан тағдыры.	а) Оқушылар әңгімесі. ә) Мәнерлеп оқу.	Көкше көріністері.
Әдет-салттардың суреттелінуі.	а) Сұрақ-жауап. ә) Түсіндірмелі әдіс.	

Ақын серігі — Құлагер тағдыры.	а) Кітаппен жұмыс, мәнерлеп оқу. ә) „Құлагер“ әнін тыңдау. б) Проблемаалық сұрақтар. в) Мұғалім дәрісі.
Поэманың көркемдік ерекшелігі, поэтикалық тілі.	а) Топтық жұмыстарды тыңдау. ә) Мәнерлеп оқу. в) Оқушы хабарламасы (Ғылыми еңбектер).

Поэманы талдауда қойылатын сұрақтар жүйесі

1. Поэманың тарихи негізі туралы қандай дәлелді пікір айтар едіңдер?
2. Поэмада Құлагерден гөрі, Ақан жайлы көп айтылған. Солай бола тұрса да, поэма неге „Құлагер деп аталған?”
3. Поэма негізіндегі ақын ойы, поэманың негізгі проблематикасы туралы не айтар едіңдер?
4. Поэманың ең басындағы „Толғану” бөлімінің поэма проблематикасын ашуда маңызы бар ма?
5. Лирикалық шегініс арқылы Ақан тағдыры, Ақан тарихы туралы сыр шертудегі ақын мақсатын қалай түсінер едің?
6. Поэмадағы палуандар күресі, сол күрес үстіндегі трагедияның шығарма проблематикасына қатысы бар ма?
7. Батыраштар бейнесі арқылы ақын нені жырламақшы болған?
8. Қалай ойлайсың, поэманың алтын қазығы ретінде неге Құлагер тағдыры алынған? Оның поэмадағы орны, маңызына тоқтал.
9. Лирикалық қаһарман туралы не айтар едің? Оның поэмадағы орнын сарала.
10. Поэманың халықтық рухы, халықтық сипаты туралы қандай ой тастар едің?
11. Поэмадағы ақынның ең басты стилі, көркемдік тәсілі неде деп ойлайсың?
12. Поэманың психологиялық мәні туралы не айтар едің?

13. Ақынның идеялық-эстетикалық табысын немен дәлелдер едің?

14. Өзіңе Абай сипаттаған ат пен Құлагер сипатының қайсысы ұнайды?

Поэманы талдау барысында үйге берілген топтық, жеке жұмыстарды, жалпы сыныптық жұмыстарды тиімді пайдаланып отыру керек.

Ең алдымен, кестеде көрсетілгендей, тақырыптың ең маңызды, дәңді түйінін бөліп алып, бар назарды соны талқылауға, соны түсіндіруге салған дұрыс. Бұл әдіс, әсіресе, роман, поэма сияқты көлемді шығармаларда өте тиімді болып келеді. Алдын ала берілген тапсырмаларды тақырыптың осы дәңді элементтерін талқылау кезінде пайдалану дұрыс болып табылады. Әсіресе, ғылыми материалдардан берілген хабарлама немесе салыстыру жұмыстарын өз орнында пайдаланып отыру керек. Балалар жай тыңдаушы емес, мұғаліммен бірге еңбек етуші, білімді өз ынтасы, ізденісі, қатысымен алушы ретінде отырады. Сондай-ақ көрнекілікті пайдаланудың маңызы зор. Поэманы бастамас бұрын, „Құлагер” әнін қойып, оқушылардың эмоциясына, сезіміне әсер ету сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырады. Жалпы поэма психологиялық тебіреніс сәттеріне құрылған. Ақанның әніне шалқымай, толқымай, өрлігіне сүйсінбей, тағдырына күйінбей, Құлагер өлімін Ақанмен бірге жоқтамай сабақ тыңдау, сабақ өту мүмкін емес болуы керек. Бұл мақсатта мәнерлеп оқудың, Ақан әндерін күйтабақтан тыңдаудың маңызы зор. Шағын әдеби айтыс ұйымдастырып отырудың да тиімділігі бар. Мысалы, Абайдың аты мен Ілияс Құлагерінің сипатын салыстыра талдатып: „Қай ақын жүйрік ат сипатын ерекше мүсіндей білген?” — деген тақырып айналасында қызық әңгіме өткізуге болады.

Драмалық шығармаларды оқыту

а) Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі:

Әдебиеттің басқа жанрына қарағанда драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік драмалық туындылардың жанрлық табиғатына тікелей байланысты болып келеді. „Пьеса-драма, комедия — әдебиеттің ең қиын формасы”, — дейді М.Горький. Себебі, әдебиеттің проза, лирика жанрла-

рында айтатын ой, кейіпкерлер іс-әрекеті, көрініс, сахна бірінші кезекте болады. Орыс жазушысы Гоголь: „Пьеса тек сахнада ғана өмір сүреді“ деуі осыған дәлел. Авторлық ой, мақсат, көзқарас бұл шығармаларда көмескі жатады. Ол әр кейіпкер сөзі, іс-әрекетінде өмір сүреді де, оқырман, көрерменнен ерекше ықылас қойып, мұқият тыңдауды, көруді, ойлауды талап етеді. Драмалық шығармаларда оқиғалар оқырман көз алдында жаңа өтіп жатқандай әсер қалдыруы керек. Күшті сюжет, ең бастысы, өткір, шиеленісті тартыс, өмірдегі қарама-қарсылықтар — драманың өзегі, негізгі арнасы. Әсіресе, драмалық кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігі бұл жанрдың өзіндік табиғатын дәл даралап береді. Орыс сыншысы Белинский драма кейіпкерін: „Өзіне ғана тән ерекшелік сипаты бар жеке адам“ десе, ұлы Дидроның: „Драмада адам өміріндегі ең маңызды, өнегелі дейтін, жұртқа қызықты жағдай ғана бейнеленуі керек“, — деуі осыдан туса керек. Драмада қаһарман белгілі бір мақсат үшін күреседі, сол себепті оның күші зорайып, іс-әрекет қимыл арқылы көрінеді. Драмадағы тағы бір ерекшелік, қаһармандар іс-әрекеті әр жаққа шашырамай, бәрі бір жүйе, бір желі, бір арнада өрбіп, дамиды.

ә) Драмалық шығармаларды талдау әдістемелері:

1. Талдауды бастамас бұрын, балаларға өтілгелі отырған драмалық шығармаларды алдын ала оқыту керек. Балаларға оқу барысында ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беру міндетті түрде жүзеге асырылады. Әсіресе, ең негізгі, басты тартыстар, шиеленістерді көрсететін акт, суреттерге ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Оны мұғалім үлестірме-нұсқау арқылы да жүргізеді. Мысалы, F.Мүсіреповтің „Қозы Көрпеш — Баян сұлу“ трагедиясын оқу барысында мынадай нұсқау ұсынуға болады:

— Трагедиядағы басты тартыстар, оқиғалар, соған назар аудар:

а) Қарабайлар өлімі, ескі әдет-салт, оған қарсы жастар сезімі, махаббаты.

ә) Аяр, сұм Жантық әлемі. Оның ішкі есебі. Қарабайға да, Қодар, Қозы — Баянға да құрған зұлым торы.

б) Қара жүрек Қодар. Оның ақ махаббат алдындағы кешірілмес күнәсы. Малдың, топастықтың, аяр азғырудың құрбаны болуы.

в) Қозы мен Баян, олардың ақ сезімі, махаббаты және дала жауыздығы.

г) Күнікей мен Мақпал, Олардың бойындағы гуманизм, дала тағдырларына қарсы айбынды үні.

д) Трагедияның зұлымдық пен жауыздық, сараңдық, аярылыққа қарсы қаһарлы үні мен өлмес, өшпес махаббаты дәріптейтін өр, асқақ, салтанатты, қасиетті үні.

Осындай үлестірме-тапсырмаларды ұсына отырып, оқушыларды ойландыратын, іздендіретін сұрақтар беру де тиімді, дұрыс болмақ.

1. Қалай ойлайсыңдар, Қодардың Қозыны өлтіруінде тек өзі кінәлы ма, әлде Жантық кінәсы одан асып түсіп жатыр ма?

2. Трагедияда өзіңе, әсіресе, не ұнады, не ұнамады? Ойыңды, пікіріңді дәлелді айтуға тырыс, т.б...

Талдау алдында оқушыларға әдеби-теориялық ұғым берудің маңызы зор. Жалпы, әдеби-теориялық ұғым тәжірибеде туынды оқылып болған соң, беріледі. Бұл дұрыс емес. Ұғым екі кезеңнен тұруы керек. Бірінші кезең көркем туындыны бастау алдында беріледі, екінші кезең көркем туынды талданып біткен соң, беріледі. Бірінші кезеңде кіріспе ұғымы беріледі. Мысалы, осы драманы талдау алдында драмалық шығармалар, оның түрлері (трагедия, комедия, пьеса, акт, көрініс, перде, сурет, ремарка, монолог, диалог, тартыс) туралы алғашқы ұғым беріледі. Талдау барысында, соңында нақты мысалдар арқылы бұл теориялық ұғым тереңдете берілуі керек. Мысалы, монолог туралы кіріспе ұғымда ол кейіпкер сөзі екені, драмалық туындыларда монологке ерекше мән берілетіні айтылса, екінші кезеңде осы монологтердің драмада атқарып тұрған маңызы, орны ашылуы керек. Мәселен, актіндегі Жантық монологі бүкіл трагедиядағы Жантықтың кім екендігін оқырманға да, көрерменге де айқын ашып тастайды. Жантықтың небір аяр істерін, оның себебін осы монолог дәлелдейді. Қарабай қойнына зәр жылаңдай кіріп алған Жантық ең алдымен сол Қарабайдың өзін шағады. Қодар мен Қозы бірін-бірі өлтірсе, қауқарсыз Қарабайды Жантық өзі бір жайлы етпей ме, сөйтіп, Баян да, қыруар мал да Жантекеңдікі болып қалмай ма? Әлсін-әлсін Қарабайды жану, Қодарды қымысқа итермелеу мақсаты, тіпті шығарманың ең негізгі шиеленісі де сол Жантекеңнің іс-әрекетінде жатыр ғой.

3. Талдауды драмалық шығармаларды күйтабақтан талдау, немесе, содан көрініс көрсетуден бастаудың маңызы зор. Сондай-ақ оқушылар қызығушылығын арт-

тыру мақсатында драманың жазылу тарихы, оны ойнаған артистер туралы әңгімелеу, туынды туралы әдебиетшілер, сыншылар пікірі жазылған көрнекіліктерді пайдалану тиімді болмақ.

4. Талдауда мәтінге сүйену, үнемі соған арқа сүйеу, әсіресе, драмалық шығармаларды оқытудың алтын арқауы болып табылады. Мұғалім ең негізгі көрініс, актілерді, монолог, диалогтерді бөліп ала отырып, сол бойынша жұмыс істеуі керек.

5. Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, рөлге бөліп оқуға ерекше назар аударылады. Мәтінді осылай оқи отырып, сұрақ-жауап, проблемалық жағдаят тудыру, оны шешу, т.б. әдіс-тәсілдер арқылы талдау ары қарай жүргізіледі.

6. Талдау барысында жиі-жиі оқушыларды қозғау салып, олардың қиялы, ойына ерік беріп отыру да драмалық шығармаларды оқытудың тиімді жолдарының бірі. Мысалы, „Қозы Көрпештегі“ ең соңғы көріністі талдай отырып: „Кәне, балалар, осы оқиғаны сахнадан көргендей айтып беріңдерші“ немесе „Осы көрініс сахнада жүріп жатыр дейік, көз алдыға қалай келтірер едің?“ деген сұрақтармен оқушылардың қабілетіне, шығармашылық ойына да жол ашып отыру керек. Оның басты себебі, драмалық шығармаларды оқыта отырып, мұғалім театр көрерменін тәрбиелейтінін де ұмытпағаны дұрыс. Немесе, мына актіге, не оқиғаға қандай көрініс берер едің, қандай декорация жасар едің? дегендей де сұрақтар жоғарыдағы мақсаттан тумақ. Кейіпкерлер монологі, диалогін ұнтаспадан (мәнерлеп оқылған) тыңдау, қабілетті оқушыларды алдын ала әзірлеп, жатқа айтқызуудың да өзіндік орны бар.

Драмалық шығармаларды оқытудың басты мақсатының бірі, жоғарыда айтып кеттік, оның табиғатын, әдебиеттің басқа жанрларынан өзіндік ерекшелігін таныту. Осы мақсатта, мысалы, „Қозы Көрпеш“ лиро-эпикалық жырын (трагедия негізі осы жырдан алынған) „Қозы Көрпеш — Баян сұлумен“ салыстырудың маңызы зор. Трагедияны талдау барысында мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Жырда қандай кейіпкерлер бар? Олар трагедияда сақталған ба?
2. Қандай кейіпкерлер трагедиядағы жырда жоқ?
3. Қандай оқиғалар жырда алынған? Қайсысын автор қосқан?

4. Кейіпкердің жырдағы сөйлеу тілін автор трагедиясында пайдаланған ба?

5. Жырдағы негізгі тартыстар трагедияда пайдаланылған ба?

Салыстыру сұрақтарын алдын ала үйге беріп, оқушылардың ойлауына жағдай жасаған дұрыс. Салыстыру жұмыстары арқылы жыр мен драманың айырмашылығын ажырату, аңдату жүзеге асырылады. Қорытынды сұрақ ретінде (6-сұрақ): „Балалар, қалай ойлайсыңдар, жыр мен драманың айырмашылықтары неде?“ деген сұрақ қоюға болады.

Драмалық шығармаларды оқытудың жолдары көп. Ол — әр мұғалімнің ізденісі, шеберлігіне де байланысты шығармашылық жұмыс. Дегенмен, оның өзіне тән оқыту әдістері, сабақ түрлері болады. Концерт-сабақтар, композициялық сабақтар түрі — драманы өтудегі тиімді сабақ түрлеріне жатады. Төменде драмалық шығармаларды оқытудың барысын көрсететін сабақ үлгісі беріледі.

М.О.Әуезов — драматург, аудармашы

(Концерт-сабақ)

Сабақтың негізгі элементі, мазмұны	Оқыту әдісі. Сабақ формасы	Оқу жабдықтары. Қосымша материалдар
а) Кіріспе. М.О.Әуезов — драматург.	Алдын ала практикалық тапсырма беру. Аннотация, анкета сұрақтары (гр. форма). Әңгіме элементі бар лекция (сөздік әдісі). Сабақтың ең басты формасы — концерт-сабақ.	1. Кесте-плакаттар. 2. Иллюстрациялар. Қосымша материал. М.Қаратаев. „М.Әуезов — әдебиет мақтаны“ (Жұлдыз, 1977 ж.)
„Еңлік—Кебек“ трагедиясы. Жазылу тарихы. Оқиғаның өмір шындығына құрылуы.	Үйге өз беттерімен орындауға берілген практикалық, танымдық-іздендіруші тапсырмалар (сауалнама, инсценировка, гр. тап. сұрақ-жауап), проблемалық сипаттағы әңгімелеу, баяндау.	Альбом. Кесте. Иллюстрациялар. Инсценировка.

Феодалдық тағылық пен адал, таза махаббат.	Инсценировка (пр. тапсырма), мәннерлеп оқу, даралық формат.	Инсценировка. Күйтабақтан үзінді тыңдау.
Трагедияның поэтикалық тіл шешендігі, автордың идеялық шешімі.	Кітаппен (жалпы сыныптық форма) жұмыс. Проблемалық жағдаят.	Плакаттар. „Нені білу керек?“ атты кабинет стендісі.
ә) „Қарагөз“ трагедиясы: тақырыбы, идеясы. „Еңлік—Кебекпен“ үндестігі.	Диалогиялық әңгіме (жалпы сыныптық форма). Проблемалық сұрақтар.	„Нені білу керек?“ кестесі.
Басты кейіпкерлер. Нарша бейнесінің сонылығы, жаңа сипаты. Сырым. Трагедияның жігерлік сарыны.	Мәннерлеп оқу. Жатқа оқу (даралық форма). Проблемалық жағдаят. Проблеманы баяндау.	Иллюстрациялар. Артистердің портреттері. Кестесызбалар.
Трагедиядағы автордың эстетикалық, философиялық табысы.	Практикалық әдіс (кітаппен жұмыс, жалпы сыныптық форма). Проблемалық жағдаятты шешу. Әңгімелеу.	
б) „Абай“ трагедиясы. Жазылу тарихы және негізгі көтерген мәселесі. Трагедия шиеленісі ескі мен жаңаның, прогрестің күресі	Эвристикалық әдіс. Проблемалық баяндау (ішінара оқушыларды қатыстыра отырып).	Кесте-плакат. Күйтабақ тыңдау.
Абай қоғам қайраткері, ұлы ақын, гуманист, философ, күрескер.	Проблемалық баяндау. Әңгімелеу.	Иллюстрациялар.
Трагедиядағы негізгі оқиға — Ажар, Айдар махаббаты. Айдардың өмірі.	Оқушы хабарламасы. (Зерттеу. Тапсырмаларын мәннерлеп оқу.) Инсценировка.	Инсценировка. „Абай“ трагедиясында ойнаған актерлер туралы материалдар.
Трагедиядағы автордың эстетикалық-философиялық табысы.	Практикалық әдіс (кітаппен жұмыс, жалпы сыныптық форма).	Кодоскоп.
Гоголь. „Ревизор“.	Зерттеу әдісі. Практикалық жұмыс. Үлгі: Хлестаковтың монологі. Гоголь — Мұхтар.	Плакат. Иллюстрациялар.

160

М.Әуезов — шебер аудармашы. (Шекспир, Тренев, т.б. жазушылардың туындыларын аудару.) Үйге тапсырма.	Осы бағанды толықтырып, аудармасына баға беру Әңгіме-дәріс.	Фото
--	--	------

Сабаққа пайдаланған қосымша материалдар:

а) М.Қаратаев. „Көркем сөздің асқан шебері“ („Қазақ әдебиеті“ газ.)

ә) Ы.Дүйсенбаев. „М.О.Әуезов“ (3 — 81-бет).

б) Естеліктер („Жұлдыз“ журналы, 1977 жыл).

— Кіріспені оқушылардың (алдын ала берілген) қысқаша хабарламасын оқытудан бастадық. Консультант оқушы М.Әуезовтің драмалық шығармалары туралы әдебиетші, сыншы, актерлердің, өнер саңлақтарының пікірлерінен үзінділер оқыды.

Мысал келтірейік:

Оқушы Д.:

1. „Драматургия жанрының бас қазығы, театр тарихының тұңғышы — „Еңлік — Кебекті“ көрмеген, сұм заманның құрбандығы болған қыршын жастарға жаны ашымаған, туған жерге, елге, ана тілге деген сүйіспеншілігі артпаған бұл күнде бірде-бір адам жоқ десек, артық айтылғандық болмайды. Өскелең өмірімізбен, гүлденген мәдениетімізбен бірге, өзгере, өңделе отыра, өмір сүрген „Еңлік — Кебек“ пьесасы — қалың бұқараның сүйіктісі болған нағыз ұлттық туынды“.

2. „Ол ғажап аудармашы еді. Шекспирдің Мұқаң аударған „Отеллосы“ мен „Асауға тұсауын“, Гогольдің „Ревизорын“, Треневтің „Любовь Яроваясын“ қай қазақ көріп, қызық әсер, тамаша ләззат алмады?!“.

М.Қаратаев. „Көркем сөздің асқан шебері“.

(„Қазақ әдебиеті“, 1961 ж. 30 маусым).

Оқушы Ж.:

1. „Қарагөз“ трагедиясы — шын мағынасындағы классикалық туынды“.

2. „Жазушы шеберлігінің кереметі сонда, осындай бір-біріне елжіреп тұрған шынайы махаббатты Сырым мен Қарагөздің бойынан ғана емес, сол Қарагөз айымға

6-18

161

жан-тәнімен ынтыққан Нарша жүрегінен де табамыз ғой.

...Сезімнің байлығы, ниетінің тазалығы, махаббатының тұрақтылығы Наршаны лирикалық кейіпкерлер ішіндегі ең бір көрнектілерінің қатарына қосудың күмән жоқ."

Оқушы хабарламасынан кейін жазушының драмалық шығармалары, аударма саласындағы, қазақ театры мен мәдениетін өркендетудегі еңбегі туралы түсінік береді. М.Әуезовтің драмалық шығармаларының тізімі көрсетілген және олар туралы пікірлер мен ойлар, толғаныстар жазылған кесте-плакаттарды, фотомонтаждарды пайдаланды. Әуезовтің ұлы тұлғасын, түпсіз терең талантын, сәулетті де жалынды, шешен, ойлы да отты тілін драмалық шығармалары арқылы да танытуға талапталды.

— Жазушы шығармашылығының бет ашары — „Еңлік — Кебек” трагедиясын талдамас бұрын, ұналғандан А.Әуезовтің „Бала Мұхтар” кітапшасы бойынша осы пьесаны автордың қалай жазып, оны алғаш рет қойғаны туралы әңгімесін тыңдадық. Ары қарай, жеке тапсырма негізінде трагедия мазмұнын аша түсу үшін, қысқаша ғана тұжырымды етіп жазып келген аннотациялар оқыттық. Төменде бір оқушының аннотациясын беріп отырмыз. (Оқушы аннотациясы оқылып жатқанда, эпидиоскоппен көрнекі мысалдар көрсетіліп жатты.)

Акт, суреттер, көріністер	Мазмұны
I акт	Абызға Есен мен Кебектің келуі.
II акт	Кебекке бата беру. Жапал мен Еңлік. Есенді күлкі ету. Еңліктің Кебекке кездесуі. Махаббат.
III акт	Есен мен Кебек қақтығысы.
III акт	Еңліктің Кебекке қашып кетуі.
III акт	Билер тартысы. Өлім жазасына кесу.
IV сурет	Есенді Кебектің өлтіруі.
IV акт	Еңлік — Кебектің қайғылы қазасы.
V сурет	Жапал мен Абыз және нәресте.

Трагедияның жазылу тарихы, ол туралы пікірлер, бағаларға тоқтала отырып, жалпы драматургия жанры, соның ішінде трагедия табиғаты туралы бұрынғы білімдерін толықтырдық.

— Енді трагедияның ең өзекті мәселесі — феодалдық тағылық пен адал, таза махаббат арасындағы тартыс екеніне тоқталдық. Трагедияда ең алдымен екі жастың сүттей ақ махаббаты көрінуін, оның ары қарай өрістеуін әңгіме еттік. Адамгершілік, адамның жеке бас бостандығы, ел бірлігі, әйел теңсіздігі, ана мен бала құқықсыздығы, феодалдық қоғам бейнесінің трагедияда реалистік жолмен көркем де шынайы көрсетілетініне тоқталдық. Трагедиядағы кейіпкерлер, соның ішінде, Еңлік, Кебек, халық өкілі — Абыз, халық ұлы — Жапал бейнелерін талдай отырып, трагедияның жай баяндау, диалогтер емес, талас-тартыс, шиеленіске құрылғанына оқушылар назарын аудардық. Осы мәселелерді түсіндіру барысында:

II актідегі Еңліктің ел-жерімен қоштасуы.

III актідегі билер тартысын, Есен мен Кебек арасындағы (IV акт) диалогтерде үзіндіні рөлге бөліп, мәнерлеп оқыттық (үйірме мүшелерінің көмегімен). IV актідегі Кебектің: „Ей, сотқар би...”, деп басталатын сөзі мен Еңліктің Кебекпен қоштасар жеріне дейінгі көріністен оқушылар инсценировкасын көрдік. Жапал мен Абыздың диалогін (IV актінің соңы) күйтабақтан тыңдадық.

— Трагедияның поэтикалық тіл көркемдігін, автордың идеялық-эстетикалық шешімін талқылау барысында III актідегі билер тартысынан үзінді тыңдадық (күйтабақтан). Алдын ала таратылып берілген үлестірме тапсырмаларды пайдаландыра отырып (шешендік сөздер, өткір, толғау мәніндегі тақпақтар айтылатын сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жазылған), жазушының трагедиядағы көркем тіліне, халықтың ең бай тілінің кеңінен және өте орынды пайдаланғанына талдау жүргіздік.

Төменде үлестірме тапсырмалардың бір үлгісін беріп отырмыз:

М.О.Әуезов. „Еңлік — Кебек”	Еспембет: „Айрандай аптаң, күбідей пісіп жүргенде, әй дер ажа, қой дер қожа болған жоқ... Ағайын ұзында өшті, қысқада кекті емессің...”
III акт	Көбей: ... „Кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың. Саптыаякқа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын”.
Билер тартысы.	

Сыныптағы бұрыннан бөлінген топтарға трагедияның III актысы бойынша жеке тапсырмалар бердік.

Е с к е р т у: берілген тапсырманы сыныпта олар ауызша орындайды да, үйде жазып әкеледі. Осы практикалық тапсырмалар арқылы трагедияның бай тіліне, ол тілдің характер, образдарды ашудағы орнына, шақпақ тастай жарқылдаған диалогтер мен терең мәндегі толғау-монологтердің (Абай монологі) маңызына тоқталдық.

„Қарагөз“ трагедиясын талдауды салыстырмалы сипаттағы сұрақ-жауаптан бастадық.

С ұ р а қ: Қалай ойлайсыңдар, тақырып жағынан „Қарагөз“ трагедиясының „Еңлік — Кебекпен“ үндестігі неде жатыр?

Ж а у а п: Екеуінде де әйелдер теңсіздігі, жастардың бас бостандығы, махаббат мәселесі сөз етіледі. Екеуінде де олар бостандыққа жете алмай, сол жолда құрбан болады.

С ұ р а қ: Ал айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі неде?

Ж а у а п: „Еңлік — Кебекте“ Еңлік пен Кебек қаза болса, „Қарагөзде“ Сырым тірі қалады.

Ары қарай трагедияның негізгі тақырыбы туралы автордың мына өз сөзін мысалға келтірдік. *„...Жалпы пьеса тақырыбы — беймезгіл заманда жолсыз өмір кешіп, орта тартқан қайғы-зардың уынан қаза тапқан өнерлі жастар жайы, асықтық пен ақындық құмарлығында елтіген уыз жастар жайы“.* (М.Әуезов „Қараш-Қараш“. Әңгімелер, пьесалар жинағы. 235-бет).

Пьесаның ендігі айқындалған идеясы бойынша: азаптан туған ақындық, қам-қайғыдан туған қаза жеке бастың ғана күй-шерінен басталып барып, көп мұңдар, жылаулар күйіндегі азапты ұғынуға, халықтың қайғысын ұғынуға беттген шабытты көрсетпек. Кесірлі кер заманның қайғы-қасірет қазасынан туған ызалы, шабытты ақындықты бейнелемек.

Міне, бұл сөздер арқылы біз оқушыларға жазушының трагедияны жазудағы мақсатын, негізгі арманын түсіндірдік.

Күйтабақтан Қарагөз бен Сырым үстінен Маржан бәйбішелердің түсетін жерінен үзінді тыңдадық. Қарагөз — Маржан, Маржан — Сырым диалогтерін мәнерлеп оқыдық, ғасырлар бойы даланы жұдырығына қысып ұстаған феодалдық ескілік пен әдет-салтқа қарсы шыққан Қарагөз бен Сырым махаббатын, биік адам-

гершілік қасиеттегі лирикалық кейіпкер — Нарша, ескіліктің қатал сақшысы — Маржан бәйбіше туралы сөз еттік. Ары қарай ең соңғы актідегі Сырымның Қарагөз қабірінің басына келуін, түсін, Қарагөздің аян беруін оқушылар инсценировкасы арқылы тыңдадық.

Енді оқушыларға сұрақ қойып, трагедияның өршіл сырын ашу мақсатында проблемалық жағдаяттарға жетеледік.

С ұ р а қ: Қалай ойлайсыңдар, бір тақырыпты ашуда автор неге екі түрлі идеялық шешім қабылдаған?

О қ у ш ы С.: „Еңлік — Кебектегі“ оқиға өмірден алынған дедік. Автор сол тарихи шындықты жазған. Ал „Қарагөзде“ Сырым тірі қалады, кек алуға аттанады. Меніңше, жазушы мақсаты қазақ даласында Сырым сияқты жастардың пайда болып келе жатқанын көрсетпекші болған.

О қ у ш ы Ф.: Менің пікірімше, „Еңлік—Кебектегі“ Абыздың өсиетінде (өліктер басындағы) терең идея бар. Автор ол өсиет арқылы махаббат, бостандық үшін құрбан болған жастардың, олардың қараңғылықпен күресінің өлмейтінін, оның болашаққа жол ашатынын меңзетеді. Ал Сырым бейнесінен, оның іс-әрекетінен сол Абыз өсиетін көргендеймін. Сырым өз кегі емес, кешегі Еңлік—Кебек кегін де алуға аттанғандай. Мен автор шешімін осылай түсінемін.

Оқушылар болжамына, жауаптарына назар аударатырып, „Еңлік—Кебекте“ кейіпкерлер қаза болса да, олардың ақ махаббатының куәсі — нәрестенің тірі қалуы, халық өкілі — Абыз өсиеті жазушының трагедияның негізгі идеясын ашудағы шебер шешімі екенін, ал Сырымның тірі қалуы, оның қабір басындағы анты ескілікті, тағылықты қирататын ұрпақтың өсіп келе жатқанын көрсету үшін алған шешім екеніне тоқтадық.

„Абай“ трагедиясын талдау мақсатында оның жазылу тарихынан қысқаша кіріспе-түсінік берілді.

Оқушылардың I-актідегі Абай — Оразбай арасындағы диалог бойынша дайындаған инсценировкаларын көріп, сабақты түсіндіру барысында Абай рөліндегі артистер, трагедия бойынша түсірілген суреттерге жасалған фотомонтаж, пікірлер, бағалар жазылған плакаттарды пайдаланып отырдық. Бұл пьесаны Мұхтармен бірге жазған А.Соболев туралы түсінік бердік.

Трагедияның ең өзекті мәселесі, ең негізгі шиеленісі Абайдың феодалдық қоғаммен күресі екенін баяндай

отырып, Абай сөздерін, билер тартысын мәнерлеп оқыттық.

Трагедияның тіл көркемдігіне, жазушының эстетикалық табысына ерекше көңіл бөлінді. Алдарындағы найзағайдай жарқылдаған диалогтер, Абай өмірінің ащы запыранын ашатын терең сырлы монологтер жазылғаны үлестірме-тапсырмалар арқылы жазушы шеберлігі талданды. Трагедияның көркемдік ерекшелігі ретінде сәтті шыққан монологтер, диалогтермен қоса, халық мақал-мәтелдерінің де өз орнын тауып тұрғанын, пьесаның өз бойы қайнаған тартысқа толы екендігі айтылды.

Әуезовтің тамаша аудармалары туралы қысқаша әңгіме-лекция арқылы түсінік берілді.

Фотомонтаж арқылы Әуезов аудармасы бойынша Отелло, Хлестаков, Яровая рөліндегі қазақ өнер тарландарының суреттері көрсетілді.

Үйге тапсырма оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға негізделді. Сыныптағы үш қатарға жеке-жеке жұмыстар берілді. 1-қатар оқушылары „Еңлік — Кебекке“ киносценарий жазып келуі керек (таңдаған актілері бойынша); 2-қатар — „Абай“ трагедиясына киносценарий жазуға тиіс (таңдаған актіге); 3-қатар „Түнгі сарын“ трагедиясына киносценарий жазады (IV актіге). Кейбір оқушыларға өздеріне ұнаған пьесалар бойынша диалог, монологтерді мәнерлеп оқуды тапсырды.

Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту

Мектепте ақын-жазушылар өмірін оқытудың маңызы зор, әрі ол әдебиетті оқудың күрделі бір саласы болып табылады. Қай ақын-жазушыны, суреткерді алмайық, оның шығармашылығында, қол жеткен табысында өзі өмір сүрген орта мен шыққан ортасы, өмір жолының ізі жатады. Қай шығарма суреткердің қай өмір кезеңіне байланысты туған, ол шығарманың жазылу себебі не, т.с.с. мәселелерге де олардың өмір жолы жауап бермек. Мысалы, С.Сейфуллиннің „Көкшетау“ поэмасы қиялдан туған шығарма емес екені, оны жазу кезінде Көкшеге үш рет баруынан туған дүние екені мәлім. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Немесе, Міржақып, Сұлтанмахмұттардың, Мағжандардың „Алаш“ туралы

өлеңдері сол партияда болулары немесе сол қозғалыс кезінде оған жақтас, пікірлестіктерінен туғандығы баршаға аян. Сондықтан суреткер өмірі оның шығармашылығынан біртұтас қарастырылу керек.

Бағдарламада ақын, жазушы өмірбаянын оқыту 9—11-сыныптарда тарихи әдебиеттік ізбен беріледі. Ал 5—8-сыныптарда әдебиеттік оқуларда өмірі емес, жекелеген шығармаларын талдау ұсынылады! Сол себептен де әр оқушы өздері оқып жатқан шығарма кімдікі, шығарманың жазылу тарихы туралы тұжырымды түрде хабар алса, артық болмайды. Сондықтан 5—8-сыныптарда да суреткер өмірінен мәліметтер берудің тиімділігі бар. 5-сыныпта М.Шахановтың „Отырар дастаны“ шығармасын оқу алдында оқушыларға әңгімелеу әдісімен Мұхтардың қысқаша өмірін таныстырып, әсіресе, Желтоқсан, Арал мәселелеріндегі азаматтық, күрескерлік, ұлтжандылық қасиеттерін айтып берудің маңызы зор. „Отырар дастанын“ оқып болған соң, әңгімені қайта жалғастырып, ақынның өлеңдегі Қайырханға ұқсастығы бар ма, неге ақын осы Қайырхандай халық ұлдары туралы жиі жазады деген сұрақтармен оқушыларды ойландырып, өзі халқын сүйетін ақ, адал, батыр ақындар ғана ондай тақырыптарға бара алатындығы жөнінде сөз қозғау тиімді тәсіл болмақ. 8-сынып оқулығында Абайдың Әбіш туралы өлеңдері беріледі. Әбіш кім болған (оқулықта қысқа ғана мәлімет беріледі), Абай оған неге бірнеше өлеңдер жазған, ол өлеңдер әкенің баласын жоқтауы ғана ма деген сұрақтарды мұғалім ақын өміріне шолу жасай отырып, түсіндіреді. Тіпті, берілген шығарманы талдау, оған қызықтыру үшін де бұл тәсілдің маңызы ерекше, мұғалім әңгімелей отырып, Абай өлеңдерінің басты-басты кезеңдеріне тоқталады. Халық үшін „мыңмен алысқан“ ұлы ақын өз балаларын сол „Халық ұлы адам ұлы“ болу үшін тәрбиелегенін, әсіресе, Әбішінен үлкен үміт күткенін, бірақ Әбіш қазасы ол үмітті үзіп, ақынды орны толмас қайғыға ұшыратып, қолына қағаз алғызғанын әңгімелеудің тиімділігі зор. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, танымын дамыту мақсатында М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясынан мысалдар келтірудің де маңызы бар. Мысалы, Абайдың „Өзімді ғана сүйсіндірмес, тірі болып, сау болса, халқын да сүйсіндірер. Қараңғы сахарасына жарық сәуле әкелер алғашқы адал буын сен болармысың!“ деген Әбіш тура-

лы толғауын немесе „Қапыда“ бөлімі бойынша Әбіштің қайтыс болар алдындағы әкесіне жазған қоштасуын оқып беруге болады. 5—8-сыныптарда суреткердің бүкіл өміріне тоқтаудың қажеті жоқ. Өміріне тұжырымды түрде шолу жасап, әсіресе, оқиғалы отырған шығармаға байланысты мәселелерге ғана көбірек көңіл бөлу керек.

Жазушы өмірбаянын 9—11-сыныптарда оқыту

Тәжірибеде суреткер өмірбаянына арнайы сағаттар бөліп, шығармашылығын талдау алдында оқыту және оны шығармашылығымен қоса, хронологиялық жүйемен оқыту орын алған. Орыс әдебиетін оқытуда соңғы тәсіл кең орын алады.

Ал қазақ әдебиетін оқытуда бұл соңғы тәсіл кей жағдайда келе бермейді, оның басты себебі жазылып қалған деректердің болмауы, тағы басқа себептері бойынша ақын-жазушының өмірі, шығармаларының дүниеге келуінің нақты мерзімі белгісіз болуы. Жоғарыда айтылғандай, арнайы сағат бөліп, суреткер өмірі, шығармашылығына қысқаша шолу жасаудың тиімділігі де бар. Егер мұғалім қосымша материалдар пайдалана отырып, кең көлемде суреткермен алдын ала таныстырып, оның тек өмірі ғана емес, азаматтық тынысы, халқына сіңірген еңбегі, өмір сүрген ортасына байланысты әр қилы өмір жолы, жеке басының қуаныш, қайғысы жайында ұтымды сөз қозғай білсе. Мысалы, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиевтерді өтуде осы тәсіл тиімді болмақ. Себебі, халқымен жаңа табысқан бұл боздақтардың трагедиялық, әрі бақытты өмірлерін, жазықсыз жапа шегулерін, коммунистік идея мен сталиндік сұмдықтың құрбандары болғандарын жан-жақты түсіндірудің арнайы маңызы ерекше.

Осы мәселелерге тоқталмай тұрып, шығармаларын талдау дұрыс емес. Олардың барлық шығармаларында өмірлерінің ізі, сыры жатыр. Суреткер өмірбаянын өтуде оның өмір кезеңдерінің басты оқиғалары, оларға байланысты туған шығармалары туралы маңызды мәліметтерді жинақтап, хронологиялық кесте жасап, пайдалануға болады:

Ү л г і: Сәкен Сейфуллин (үзінгі)

Жылы	Негізгі оқиғалар	Жазған шығармалары
1894	Ақмола уезі, Нілді болысы, 1-ауылда дүниеге келді.	Үлкендердің өтінішімен өлең шығара бастауы (толық сақталмаған).
1905	1) Нілді зауытына келіп, Лаврентийдің қолында орысша үйрене бастады. 2) Жұмысшылар көтерілісінің куәсі болуы.	
1913	Омбы қаласында семинарияда оқуы, саяси жұмыстарға қатысуы.	Қазан қаласында „Өткен күндер“ өлеңдер жинағының басылуы.
1914		
1916		

Осындай кестелермен бірге, суреткердің жүріп өткен жолдары, шығармаларының жазылып, басылған, әрі тараған жерлері, шет елдерде аударылып, жарық көруі, өмірінің басты кезеңдері өткен мекендер, т.с.с. маңызды мәселелерді қамтыған карта жасап, пайдалануға да мұғалім ерекше ден қойғаны жөн. Ақын-жазушылардың ата тегі, шыққан руы, ұшқан ұясы, ұрпағы жайында да мәліметтер беріп отырудың маңызы бар. Мысалы, Абайға байланысты мәліметтерді көрнекі етіп жазып, сабаққа пайдалануға болады.

Қазірде „Жеті атасын білмеген — жетесіз“ деген даналық сөз қайта жаңғырып жатыр. Мүмкіндігіне орай, осылай ақын-жазушылардың да ата тегіне, ұрпағына назар аударудың ешқандай зияны жоқ. Сондай-ақ, олардың бәрін жаттатқызу да міндетті нәрсе болмауы керек. Сабаққа дайындық кезінде оқу жабдықтарының бірі ретінде жазушы өмірбаянының негізгі кезеңін сипаттайтын фотосуреттер, шығармашылығына байланысты алынған иллюстрациялардан көрмелер, альбомдар, хаттарынан, естеліктерден, шығармаларының үлгілерінен көрмелер, өтіліп отырған ақын-жазушы туралы өлең-жырлар, даусы жазылған күйтабақтар, фильмдер, синхрондық кестелер, т.с.с. материалдар жинақталады.

Жалпы әдебиет кабинеттерінде де ақын-жазушыға арналып жасалған алмалы-салмалы стенд болуға тиіс. Онда тұжырымды түрде сол суреткерге байланысты мәліметтер, оқушылар міндетті түрде білуге тиісті түйінді мәселелер көрсетілуі керек. Мысалы, Ш.Уәлихановқа байланысты мынадай стенд жасауға болады:

Ата тегі (Абылай хан ұрпақтары, оның қазақ тарихындағы рөлі).

Шоқан өмір сүрген кезеңнің саяси ахуалы.

Орыс, қазақ мәдени қатынастары.

Омбы кадет корпусы.

Орыс достары, ұстаздары, гуманистік көзқарасының қалыптаса бастауы.

1. С.Мұқанов, Ә.Марғұлан еңбектері

Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай. Еңбектері: „Төңгір”, „Қазақстандағы шамандықтың қалдығы”, әдебиет, тіл туралы пікірлері (халық ауыз әдебиетін топтауы, импровизация, қазақ әдебиетінің байлығы, ертегі-жырлардың орыс, батыс әдебиетімен ұқсастығы)	Қырғыз елі – 1856, 1857	Құлжа, Жоңғария – 1857 Еңбектері: „Қырғыздар туралы жазбалар”, „Қазақтың халық поэзиясы туралы”
--	-------------------------	---

Саяхаттары

Қырғыз эпосы – „Манасты” зерттеуі („Одиссея” мен „Илиадаға” теңеуі). Орыс достарымен жазысқан хаттары. Қосымша материал.

Ең басты, түйінді дүниелерге негізделіп жасалған, әрі суреткердің бүкіл шығармашылық бітім-болмысынан тұжырымды түрде көрініс беретін бұндай стелдер жазушы өмірі мен шығармашылығын оқыту барысында оқушыға анықтағыш, көрнекі құрал, әрі көмекші-нұсқау ретінде пайдаланылады. Суреткер өмірі, шығармашылық жолы туралы алғашқы сабақтың тиімді ұйымдастырылуының өзі оны әрі қарай оқытудың нәтижелі болуына сөзсіз әсерін тигізеді. Оқу жабдығы, материалдарды іріктеумен қатар, ең басты мәселе берілетін білім мазмұнын саралау, қай сабақта оны қай тұрғыда жеткізе білу айналасында іздену болып табылады. Әсіресе, әдіс-тәсілдерді, оқу формаларын үйлесімді сұрыптап ала білу, сабақ үлгісін оның мазмұнына сай ойластыру — сол ізденудің бір жағы.

Мысалы, 11-сынып әдебиеті бойынша Мағжан өмірі мен шығармашылығын төмендегі үлгіде өтуге болады:

Сабақ тақырыбы, мазмұны	Әдіс, тәсілдері (ең жетекші)	Сабақ үлгісі
1-с а б а қ: „Мен Мағжан-ды сүйемін” Ақынның ұшқан ұясы, қажылар әулеті, текті жерден шыққандығы, жалпы ақын туралы кіріспе сөз. Білім алған ордалары. Бейімбет, Сайфи Құдаштармен Ғалия медресесінде білім алуы. Әдебиет әлеміне қанат қағуы. Омбы мұғалімдер семинариясындағы өмірі.	Дәріс, оқушы хабарламалары (естелік, хат т.б. қосымша материалдардан жасалынады). Әңгіме, пікірлесу, мәнерлеп оқу, кітаппен жұмыс (естеліктер, өлеңдер, т.б.)	„Еске алу” сабағы
2-с а б а қ: „Мінекей, қазақ солай құрып кетпе...” Төңкеріске дейінгі қызметі. 1912 жылы бастырған тырнақалды „Шолпан” жинағы. Әйелдер тағдыры, халық, ел, туған жер тақырыбы (отарлық қоршауда жатқан). Өнер-білім мәселелерін көтеру: „Шын сорлы”, „Сорлы қазақ”, „Туған жерім – Сасықкөл”.	Түсіндірмелі әдіс. Мәнерлеп оқу. Практикалық жұмыстар. (Өлеңдерді талдау.) Проблемалық сұрақтар. Қосымша материалдар бойынша хабарламалар. (Ғылыми материалдар.)	Практикалық тапсырмаларға негізделген іздендіру сабағы.
3-с а б а қ: „Арыстанға қарсы ұмытылған мендей ер...” Төңкерістен кейінгі қызмет, шығармашылығы. Алаш қозғалысына қатысуы, дүниетанымындағы өзгерістер. Ұлтжанды өлеңдері. М.Дулатовқа арнаулары, махаббат, табиғат лирикасы, т.б. Өлеңдерін талдау.	Мұғалім дәріс-әңгімесі. Практикалық жұмыстар (өлеңдерді талдау). Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу. Салыстырмалы жұмыстар бойынша топтық, жұптық жұмыстар. Оқушылар реферат-баяндамасы (қысқаша). Мысалы: „Мағжан лирикалары — сұлулық символы”. 2) Мағжан лирикаларындағы символизм, миф, фантастика.	Пікір қорғау, реферат қорғау сабағы
4-с а б а қ: „Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң...” Поэмалары: „Қорқыт”, „Батыр Баян” (1922–1927 ж.) Ақынның әр түрлі тағдыр шырғауында жүріп, өткен өмірді жырауы. Поэмалардағы көтерген мәселелері.	Түсіндірмелі әдіс, әңгімелер, пікірлесу, шағын пікірталас, инсценировкалар көрсету.	Инсценировкалы сабақ („Батыр Баяннан” инсценировка жасау):

<p>5-с а б а қ: „Кінәны жүрекке қойма маған...“ Ақынның өмірі. Аянышты тағдыры туралы сыр... Шығармашылығын қорытындылау. Мағжанның символдық, философиялық, трагедиялық жырлары, өлеңдеріндегі мистика, фантастика сарындары, реализм, фольклорды жете пайдалануы, Еуропа, Батыс әдебиетінің, орыс әдебиетінің үлгісін қазақ әдебиетіне молынан әкелуі. Бай, поэтикалық тілі, ұлылығы айналасында сөз қозғау, аударма, мақала, прозаларына шолу. („Шолпанның күнәсы“ әңгімесі, Ақан сері, Наурыз туралы мақалалары, т.б.) Әдебиеттегі Мағжантану ғылымына шолу жасау.</p>	<p>Естелік, қосымша материалдар бойынша оқушы хабарламасы. Әңгіме-лекция. Ғылыми мақалалар бойынша топтық жұмыстар. Оқушылардың толғау — эсселері. 1. „Мені де, өлім, әлділе?“ (аянышты өмірі туралы). 2. „Азамат, Анау қазақ қаным десең...“ (Мағжан — ұлтжанды, патриот ақын). 3. „Мағжанды сүйемін, еуропалығын, әшекейін сүйемін“ (Поэтикалық тіліне талдау).</p>	<p>Сыр толғаулар сабағы</p>
--	---	-----------------------------

Мағжанның өмірі, шығармашылығы — тікелей сол өзі өмір сүрген дәуірдің картинасы. Әрине, жазықсыз репрессияға ұшырауы, оның басты себебі туралы айтқанда, пәнаралық байланыс, әсіресе, тарих пәнімен ұштастыру міндетті түрде керек. Тіпті 1-сабақтың өзін оқытуға негізделген дуэт сабақ ретінде (тарих мұғалімімен бірлестіре) өтуде болады. (Дуэт сабақтар туралы осы еңбектің „Сабақ түрлері, үлгілері“ деген тақырыбында арнайы сөз болады.) Мағжан өмір сүрген төңкеріске дейінгі кезең — патшаның отарлау саясатының әбден асқынып тұрған уақыты еді. Ұлтжанды ақын, көзі ашық, оқыған ақын бұл трагедияға ат үсті қарамады. Сондықтан оның 1912 жылы шыққан „Шолпан“ жинағындағы көптеген өлеңдер осы отарлауға қарсы жазылған. (Ахмет, Міржақып та солай.) Оған дәлел ретінде сол жинақта басылған „Туған жерім — Сасықкөл“ өлеңін алуға болады. Ал төңкерістен кейінгі көптеген өлеңдері ақынның Алаш туралы, ұлт, азаттық, бостандық туралы толғаныстарына негізделген. Мағжан Қазан төңкерісін, елдегі жағдайларды құшақ жайып қарсы алмады. Ақын өлеңдеріндегі элегиялық сипат, кейде торығу себептерін білу үшін, тарихи шындықты оқушыға тұжырымды түрде әңгімелеу, еске түсірудің маңызы ерекше. Тарих мұғалімі ақын өмір сүрген қоғам

бейнесінен сыр шертсе, әдебиетші мұғалім оның ақын шығармашылығына әсерін түсіндірер еді. Осы әдіс тек Мағжанға ғана байланысты емес, басқа да ақын-жазушылар өмірі, шығармашылығын оқыту барысында ерекше назар аударып, пайдаланатын әдіс болып табылады. Мағжан поэзиясындағы символизм, миф туралы сөз қозғағанда да, орыс әдебиетіндегі, Батыс әдебиетіндегі әр түрлі әдеби ағын, бағыттар, оның ақынға әсері сол пән мұғалімдерімен бірлесе шешілу керек. Оқушыға жан-жақты, әрі терең білім беруде осы мәселелердің маңызы зор. Сонымен, суреткер өмірі мен шығармашылығын өтуде пәнаралық байланыс, интегративтік оқытудың өзіндік орны бар. Өмірбаяндық шығармаларды да пайдалану тиімді болмақ. Мысалы, Сәкен („Тар жол, тайғақ кешу“), Сәбит („Өмір мектебі“, „Есею жылдары“), т.с.с. өмірін өткенде, сол тарихи шығармалар бойынша оқушыларға қысқаша хабарлама-әңгімелер жасатудың, мұғалімнің өзінің де керекті жерінде оларды негізге алып, оқытуының маңызы зор. Оқушылар хабарламасы құрғақ сөз, әңгіме ғана емес, суреттермен, иллюстрациялармен байланыстырылса, кейде шағын инсценировкалар, көріністермен ұштастырылса, бұл жұмыстың тиімділігі арта бермек. Сонымен бірге ақын-жазушы туралы көркем тарихи шығармалар, эпопеялар да пайдаланылады. Мысалы, X сыныпта Абай өмірін оқыту кезінде оқушылар алдына „Абай неге халық жағына шықты?“, өзі айтып кеткендей, „Неге мыңмен жалғыз алысты?“ деген проблемалық сұрақтар қоя отырып, оған жауап ретінде М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясының „Қайтқанда“ бөлімі бойынша Қодар мен Қамқа өлімі оқиғасынан инсценировка жасап, оған мүмкіндік болмағанда, осы көріністі мәнерлеп оқуға болады. Абайды халыққа бастаған жол, халыққа алып келген қасиетті жол — халық мұңы, дала тағыларының күйініші екендігіне оқушылардың назарын аудартуда бұл жұмыстың маңызы зор болмақ. Көптеген ақын-жазушылардың өздері туралы жазған өмірбаяндары бар. Мысалы, Ф.Мүсіреповтің „Автобиографиялық әңгімесі“, Жамбылдың өзі туралы айтқандары, т.б. материалдар баршылық. Суреткердің өмірбаянын өзінен артық кім біледі? Сондықтан бұл материалдарға да мұғалімдер назар аударуы керек. Ақын-жазушы еліне сырттай саяхат жасау, бар болса, мұражайына, ескерткішіне бару, тіпті алғашқы сабақты сол жерлерде өту, оларды көрген,

дәмдес болған, немесе шәкірті, туысы болған адамдармен кездесу сабағын ұйымдастырудың орны ерекше. Ал мұндай мүмкіндік болмағанда, мұғалім оқушыларының, үйірме мүшелерінің көмегімен кабинетті безендіріп, өткелі отырған суреткер туралы көрме жасап, сабағына тиімді пайдаланады, сабақты сол жерде өткізеді. Бұл орынға оқушыларды алдын ала алып келіп, таныстырып, ынтасын, қызығушылығын арттыруға болады. Мысалы, Абай өмірі, шығармашылығына байланысты мынадай материалдар пайдаланылады:

1. Абай киіз үйінің макеті ("Абай мұражайы" атты кітапшада бар).

2. а) Абайдың үрім-бұтағы таратылған кесте (сызбаны қолдан жасау керек);

ә) суреттер, портреттер.

3. "Абай жолы" эпопеясы бойынша салынған суреттер (осы кітапты суреттерді үлкейтіп салғызуға болады).

4. "Абай еліне саяхат" атты стенд-көрме.

5. "Абай әлемді шарлап кетті" атты карта-сызба (Абай шығармалары мен "Абай жолы" тараған елдер бойынша).

6. "Абай Құнанбаев. Нені міндетті түрде білу керек?" атты стенд (тақырыптың негізгі түйіні іріктелінген).

7. "Абай" операсы, киносына қатысушылар, Абай әндерін айтушыларды бейнелейтін фотомонтаж.

8. а) "Абайтану ғылымының негізін салушылар".

ә) "Абай ақындығының айналасы" атты фотомонтаж.

б) "Абай ақындығының үш қайнар көзі" (суретті кесте-плакат).

9. Абай шығармалары, М.Әуезов шығармаларынан көрме-витрина.

10. "Абайдың нақыл сөздері" атты кесте-плакат.

11. Оқушылар шығармашылығынан көрме.

а) Абай туралы төл туындылар (арнау өлеңдер т.б.).

ә) Суреттер, макеттер.

б) Альбом, газеттер т.б.

Суреткер өмірбаяны көбінде лекция, әңгіме әдісімен түсіндіріледі. Оқушыларды жалықтырмау, әрі оларды сабаққа тарту мақсатында мұғалім монологін, кіріспе сөздің өзін ерекше ойластырған жөн. Шебер де шешен сөйлеу, сөз ырғағы, мәнерлеп оқу, мәнерлеп айта білу — сөздік әдісін қолданғанда өте қажетті мәселелер. Оқушы эмоциясына әсер ету, өтілгелі отырған автордың әдебиеттегі, халық өміріндегі орнына баса назар аударту үшін, шебер ұстаз әр түрлі әдіс-тәсілдерді, оқу жаб-

дығын, қосымша материалдарды үйлесімді сұрыптап алады. Жазушының даусын күйтабақтан тыңдату немесе ол туралы небір тамаша пікірлерді, оған арналған өлеңдерді мәнерлей отырып, жатқа оқу, әндерін тыңдатып алып, сонан соң мұғалім өз монологін бастау сияқты әдіс-тәсілдер тиімді болмақ. Сабаққа эпиграф таңдап ала білудің, сабақ түрін ізденудің маңызы зор. Мысалы, Абайдың өмірін түсіндірмес бұрын, эпипроектордан суретін (әр түсті) көрсетіп, ал экранда көрініп тұрғанда, Абай әнімен бастап, Абай... деп жалғасып кететін көркем сөзі бар "Абай әндері" деген күйтабақтан үзінді тыңдатып, әрі қарай:

„Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма", —

деген Абай өлеңін өзі тебірене, мәнерлей оқи отырып, сабақты бастаса, сөз жоқ, мұндай сабақтың тартымдылығы, тиімділігі зор болмақ.

Сондай-ақ Сәкен туралы алғашқы сабақты „Тарпаң асау тұлпарым...“, „Сыншыл, тәкаппар ақын...“ немесе „Ақындар аққуы“, „Поэзия Оқжетпесі“, т.с.с. эпиграфпен өтуге болады. Кіріспе монологті Г.Серебрякованың: „Мен Алатаудай сымбатты заңғар тауды жер жиянда көрген жоқпын. Қазақстан — бай өлке, байтақ өлке, құнарлы жер де, мыңғырған мал да сонда, қазыналы кен де, тасқындаған өзендер мен көркемдігі жанды елітетін сұлу таулар да сонда, ең бастысы, онда табиғат артықша дарынды етіп жаратқан талапкер жұрт бар. Мен таныған Сәкен Сейфуллин Қазақстанның бір бөлшегі сияқты“, — деген пікірінен бастап, Сырбай ақынның атақты:

Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

„Қазақты көргің келсе міне, осы“ — деп,

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын“, —

деген өлеңімен жалғастырып, ары қарай Сәкеннің өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқи отырып, сабақты алып кетуге болады. Немесе суреткер туралы пікір, бағалар, оларға арналған өлеңдерден әдеби монтаж жасап (оқушылармен), сол арқылы да сабақтың кіріспесі

жүргізіледі. Ақын-жазушы туралы дәріс әдісі жетекші рөл атқарғанда, мұғалім дәрісінің жоспар-тезисімен таныстырады, керекті мәселелерді жазғызады, сұрақтар қойып, алдын ала берілген тапсырмалар бойынша оқушыларды қатыстырып отырады. Тапсырмалар естелік, хаттар, бағаларға, басқа да қосымша материалдарға негізделеді. Олар хабарлама, қысқаша баяндама, дәйексөз, үзінділер түрінде болып келеді т.с.с. Сондай-ақ, лекция, сабақтың ара-арасында ақын-жазушы өмірінен инсценировкалар көрсету (ең маңызды кезеңінен). Мысалы, Сәкеннің Колчак түрмесінде болуын „Қызыл сұңқарларынан“ қысқаша үзінді көрініс беру арқылы түрлендіру, „Жас қазақ марсельезасын“ әнімен күйтабақтан тыңдату әдістері тиімді болмақ. Қорытынды сабақ семинар, пікірталас, конференция, концерт, емтихан сабағы түрінде өтіледі т.с.с.

¶ Сабақ үлгісі, әдіс-тәсілдер сынып ерекшелігі, қабілеті, сондай-ақ тақырып ауқымы, оның өзіндік сипат, ерекшелігіне байланысты ойластырылып алынады. Жазушы өмірбаянын өтуге байланысты сөз етілген жоғарыдағы мәселелердің барлығы — әдістемелік нұсқау, бағыт-бағдар. Оны мұғалім өз жағдайы, сыныптың күй-жайына байланысты тиімді, қонымды дегендерін саралап алады. Балаға білім мен тәрбие берудегі тиімділік идеясы (оптимизация) әр мұғалімнен осыны талап етеді. Ақын-жазушы өмірбаянын оқытуда үй тапсырмаларын іздендіру, шығармашылық бағытта беруге назар аударылады. Мысалы, Шоқанның достарымен жазысқан хаттары бойынша „Мен Сізді сүйемін...“ атты шығарма-эссе немесе оқушылар қалауы бойынша Шоқанға хат жазылу тапсырылады. Сөзбен ақын-жазушы мүсінін, ескерткішін салу, өлеңдер жазу (әрине, қабілеті негізінде), т.б. тапсырмалар орындатуға болады. Сондай-ақ қорытынды сабақ кезінде осы „Мен Сізді сүйемін...“, немесе „Болмасаң да, ұқсап бақ...“ тақырыбында Шоқанның қандай қасиеттері, мінезі өзіңе ұнайды, сол бойынша шағын әңгіме-пікірге дайындалу немесе Шоқаннан алған әсері туралы шығарма-талдау жазу, Шоқан атынан болашаққа хат жазуды да „Мен сізді сүйемін...“ тақырыбында беруге болады. Оқушыларға мынадай сұрақтар беріп, пікірін дәлелді түрде қорғай сөйлеу талап етіледі.

Шоқан туралы қорытынды сабақ:

1. Қалай ойлайсың, Шоқанның қай саяхаты бүкіл өміріне, еңбектеріне ерекше әсер етті?
2. Шоқан туралы қай орыс достарының пікірі, бағасы ерекше құнды?
3. Шоқанның қай ғылым саласында артына қалдырған мұрасы ерекше маңызды?
Осындай тапсырмалар Ы.Алтынсарин туралы қорытынды сабақта да берілді.
1. Ыбырайдың педагогикалық мұрасының қазіргі қазақ мектептері үшін маңызы бар ма?
2. Ыбырай әңгімелеріндегі халықтық педагогика, тәрбие мәселесі, оның өміршеңдігі туралы не айтар едің?

Шолу тақырыптарын оқыту

Шолу тақырыптары ІХ — ХІ сыныптар бойынша беріледі.

Әдеби құбылыстарды тарихи-қоғамдық мәселелер ауқымында қарастыруда, үлкен бір кезеңдегі әдеби дамулар мен жағдайларды қоғам сипаты, оның саяси-әлеуметтік бейнесімен бірге түсіндіруде бұл тақырыптардың маңызы ерекше болып табылады.

Бағдарламада берілетін сағат санының аздығы, бірақ шолулардың ауқымдылығы, маңызы оны оқытудың өзіндік күрделілігін көрсетеді. Шолуларда ең алдымен тарихи-саяси мәселелер, қоғам дамуының жалпы сипаты беріледі, ары қарай мәдениет, әдебиет, өнерге олардың әсері сөз етіледі. Әдеби бағыттар, жанрлар, ағымдар туралы айтыла отырып, ақын-жазушылар шығармашылығы (сол кезеңдегі), олардың негізгі жетістіктері әңгімеленеді. Қай ақын-жазушы болмасын, ол — өз дәуірі, өз қоғамының бел баласы, соның өкілі. Олардың еңбектері, өздері өмір сүріп отырған қоғамды, оның тыныс-тіршілігін, бейнесін сөз өнерімен берулері, сол кезеңге байланысты әдебиетке қосқан үлесі шолу түрінде беріледі. Соңғы кезеңдердегі тарихи өзгерістер, өткен мен қазіргіге жаңаша көзқараспен қарау шолу тақырыптарын өтуде мұғалімге маңызды жұмыстар жүктейді. Ол қандай жұмыстар?

1. Халқымыздың тарихы түбірімен қайта қарастырылуда, бағалануда. Ол жөнінде біршама (тарихшылардың)

зерттеу еңбектері басылуда. Мысалы, Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс тек шаруалар көтерілісі ғана емес, оның ұлт-азаттық сипаты да дәлелденуде. Тарихи шындық бұрмаланып, екі жарым ғасырдан артық „Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған“ деген бір жақты пікірлер айтылып келген, қазір ол туралы нағыз шындық беті ашылууда. Хан болса, би-сұлтан болса, бәрін „жау“, бәрін „қанішер“ деген ұғымнан арыла бастадық. Кейбір ақын-жыраулар да кертартпа, сары уайымшыл, ескіні көксеушілер, ұлтшылдар деген қарғыбаудан (коммунистік идеяның қарғыбауы) босатылып жатыр. Міне, қоғамымыздағы осындай ұлы өзгерістер енді әдебиетке де мүлде жаңа көзқараспен қарау идеясын өзінен-өзі әкелуде. Ақын-жазушы, жыраулар, тіпті ауыз әдебиетіміздің де тамаша туындыларын қайта қарастыру, оларды коммунистік идея тұтқынынан аршып алып, сөз өнерінің нағыз саф алтындыларын тарихымызға әкелу, әрі оқу бағдарламаларына енгізу қасиетті борыш болмақ. Сол себептерден де мұғалім бағдарлама, оқулық қашан қайта жасалады деп отырмай, әдебиетті оқыту мәселесіне жаңаша қарау керек. Соның ішінде әдебиетті тарихи кезеңдермен байланыстыра берілетін шолу тақырыптарының мазмұны, берілетін білім жүйесін қайта шолу, қайта саралау әр мұғалімге үлкен жауапкершілік артады. Материалдар жинақтау, оларды оқулықтағы материалдармен байланыстыру, толықтыру, тиімді әдіс-тәсілдерді сұрыптау, материалдың күрделілігі, маңызын ескере отырып, оны оқушыға жеткізудің жеңіл, қонымды жолдарын дөп басып табу — тек шеберлікті ғана емес, талмай іздену, терең білімді де қажет етеді. Мысалы, қазір әдебиеттің партиялық сипаты, социалистік реализм әдебиеті туралы түсініктер қайта қаралуда (бұл мәселелер ХІ сыныптағы кіріспе шолуда беріледі).

• Сабақ мазмұнын, онда берілетін білімді тәртіпке келтіре отырып, енді оны балаға жеткізудің тиімді, қонымды деген әдіс-тәсілдерінен іздену қажет болып табылады.

Сонымен шолу тақырыптарын өтудің тиімді әдіс-тәсілдері, жолдары қайсы, мұғалім ең алдымен қандай мәселелерді басшылыққа алу керек, неден бастау керек? Қай шолу тақырыбында болсын, қамтылатын материал ауқымы кең де, керісінше, оны өтуге бөлінген уақыт тапшы. Әдебиетті оқытуда шолу тақырыптарының

бір маңызы сол, ол бүкіл бір кезең әдебиеті туралы оқушыларға алдын ала хабар береді, жан-жақты түсінік жасайды.

Осы мол да маңызды материалдарды мұғалім іріктеп, саралап, ең негізгі, ең маңызды мәселелердің дәнін, түйінін бөліп ала білу керек. Сабақ алдында „Бүгінгі сабақтың ең маңызды мәнді мәселелері“, „Нені міндетті түрде білу керек?“ деген кесте-плакатты пайдалануға болады.

Ү л г і:

ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдебиеті

Бүгінгі сабақтың ең негізгі, мәнді мәселелері — сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар.

а) Кең-байтақ қазақ өлкесі Ресей империясының құрамында. Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды ма? Соңғы кездегі тарихи шындықтар туралы жаңалықтар:

ә) Әлеуметтік, мәдени, әдеби байланыстар, оның прогрессивтік маңызы;

б) Әдебиетте ағартушылық, демократтық, гуманистік, азаматтық бағыттың өрістеуі. Реализм әдісінің, сыншыл реализмнің қалыптасуы. Өрлеу дәуірінің басталуы (әдебиетте).

Ғылымның, педагогиканың, мәдениеттің өрістеуі, олардың ірі өкілдері:

а) Ш.Уәлиханов — қазақтың ұлы ғалымы, қазақтың төл ғылымының негізін салушы, этнограф, тарихшы, тілші, әдебиетші, фольклорист, суретші, заңгер, географ, саяхатшы, ағартушы, демократ;

ә) Б.Алтынсарин — қазақ педагогі, жаңаша оқыту саласының негізін салушы. Жазушы, ақын, аудармашы, балалар әдебиетінің атасы; ұлы гуманист, демократ-ағартушы;

б) А.Құнанбаев — қазақтың классикалық әдебиетінің шұғылалы шыңы, көркем, жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін салушы, Батыс, Шығыс, орыс әдебиеті, мәдениетін халқына таратушы, ойшыл-философ, ғажап аудармашы, қазақ әдебиетіне түбірімен өзгеріс әкелген жаңашыл ақын, сыншыл реализм әдісінің негізін салушы, гуманист, демократ-ағартушы.

Халық ақындары: Шортанбай, Мұрат, Кердері шығармашылықтары:

а) халықты қанаушылар, байлықтың құлдарын өлтіре сынаулары;

ә) патшаның отарлау саясатына қарсы ұлтжанды үндері, Ресейге қосылудың шынайы, көлеңкелі жақтарын ашына жырлауы;

б) осы ақындар туралы әр түрлі пікірлер. Соңғы кездегі тарихи шындыққа негізделген бағалар, ойлар.

Абайдың ақындық мектебінің қанат жаюы (Ақылбай, Мағауия, Әсет ақындар туралы).

— Әнші, ақын, композиторлардың бір тобы. Ән өнері, музыка мәдениетінің дамуы. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса шығармашылығы.

— Әдеби бағыт, реализм, сыншыл реализмнің көркем әдебиет әдісі ретінде дамуы. Реализмнің сыншылдық, ағартушылық, гуманистік, азаматтық сипаттары. Прогрессивтік романтизмнің де бой көрсетуі, оның маңызы.

Тақырыптың түйіні жазылған бұл кестені үлестірменің сәуір ретінде балалардың алдына беру тиімді болмақ, себебі, үйде дайындалу кезінде де пайдалануларына қолайлы келеді.

2. Шолу тақырыптарын өтуде көрнектіліктің маңызы. Мысалы, осы „XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиетті“ өтуде Абай, Шоқан, Ыбырай туралы көрме-витрина, олар туралы ұлылардың бағалары, пікірлері жазылған кесте-плакаттар, альбомдар, карта-сызба, көркем туыңдылар (Абай, Шоқан, Ыбырай туралы жазылған), оқу фильмдерін орындай пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады, көлемді тақырыптардан жалығып кетуден сақтандырады. Әрине, бұл көрнектіліктерді тиімді пайдалана білу жолдары бар. Сабақ өтетін кабинетті мұражайға айналдырып жіберіп, оқушы назарын білім мазмұнынан гөрі, айналада ілулі тұрған дүниелерге бұрып жіберу үлкен кемшілік болар еді. Кейде сабақ өтуден бұрын, „XIX ғасыр. Қазақ қауымы, әлеуметтік жағдайлар. Әдебиет, мәдениет, көркемөнер“ деген тақырыппен кабинетке көрме ұйымдастыруға болады.

Міне, осылайша оқушылардың қызығушылығын арттырып, алғашқы мәліметтерді сөзбен емес, осы көрнектіліктермен беруге болады.

Көрме-витриналарды да саралап, тақырыпшаларға бөліп ұйымдастыру керек.

Мысалы, 1-кесте-плакатты мына үлгіде жасауға болады:

„Ұлылар туралы ұлы сөз“

Шоқан суреті	Ыбырай суреті	Абай суреті
„Ш.Уәлиханов — шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, шығысты зерттеуші ғалымдар оны ерекше құбылыс деп, түгел мойындады“. (Н.И.Веселовский)	„Ы.Алтынсарин — қазақ арасынан шыққан тұңғыш кеменгер адам еді, ол қараңғы халқының ішіне еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратты“. („Оренбургский листок“ газеті)	„Абай — қазақтың классикалық поэзиясының шығылаалы шыңы“. (М.Әуезов)

2-кесте (карта-сызбалар):

а) „Шоқан саяхаттары, ғылыми еңбектері, тұрған жерлері“.

ә) „Сахарадағы тұңғыш шамшырақтар“ (Ыбырайдың ашқан мектептерінің карта-сызбасы).

б) „Абай — әлемінің сүйікті ақыны“ (Абай шығармалары аударылған елдерді көрсететін карта-сызба).

3-кесте:

Ұлылар сөз алғанда...

Қалың елім, қазағым...

а) „Көшпелі елдерді тобыр санау Еуропада үстем болып келеді. Олар көшпелі моңғол немесе қазақтар дегенде, тұрпайы, мал тәрізді тағылар деп келеді...“

Сол тағылардың көбінің жазба түрінде немесе ауыз әдебиеті, аңыз әңгімелері бар. Өлеңге, әсіресе, суырып-салма өлеңге бейімділік — барлық көшпелі елдердің өзіне ғана тән ерекшелік“.

Шоқан.

ә) „Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз“.

„Қазақтарға — осы дарынды, ақыл есі мол халыққа кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру қажет болып отыр“.

Ыбырай.

б) „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі — қан, бірі — май боп енді екі ұртың”.

Абай.

4-кесте:

„Ұлылардан қалған сөз...” (ақыл, нақыл, ғибраттар).

Осындай дүниелермен қоса „Ұлылар бейнесі — көркем әдебиетте”;

„Ұлылар бейнесі — театр, кинода, бейнелеу өнері, сәулет өнерінде” деген кітап витринасын тақырыптармен ұйымдастыру, үлгі-жоба жасап қою сияқты жұмыстар істеуге болады.

„Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған ба?” деген тақырыппен ғалымдар, тарихшылар пікірінен тұжырымды үзінділер жазып қою, т.с.с. саяси мәселелерді қамтитын материалдардан да көрініс берудің маңызы зор.

3. Хронологиялық кесте жасап, басты-басты мәселелерді топтап, жинақтап, оқушылардың көз алдына қою да тиімді. Мысалы, XI сыныпта соғыс жылдарындағы әдебиетке арналған шолуда төмендегідей хронологиялық кесте қолдануға болады.

Мұндай кестелер проза, драмаға да жасалынады. Хронологиялық кестелерде барлық авторлар мен олардың барлық шығармаларын тіркей беру дұрыс емес. Ең бастысы, тақырыпты ашатын, жаңа, маңызды шығармалар мен авторлар іріктелініп алынады. Оны мұғалім де, оқушы да тиімді пайдалануына болады. Мұндай жұмыстарды фотомонтаж түрінде де жасайды. Мысалы, „Соғыс жылдары әдебиетте” деген тұжырымды тақырыппен, басты-басты ақын-жазушылар суреті беріліп, шығармаларының аты жазылып, бар болса, суреттер жапсырылып, тұтастай бір көрініс (панорама) беріледі.

4. Шолуларды өтуде оқушылардың өзіндік жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Мұғалім көмегімен олар әр түрлі тақырыптарға шағын хабарламалар әзірлейді. Бұл хабарламалар неге негізделуі керек? Осы сөз етіліп отырған тақырыпты оқытуда пәнаралық байланыс ерекше қарастырылады. Себебі, бүкіл бір кезеңнің әдебиеті ғана емес, оның өнері, әлеуметтік жайы, бітім-бейнесі шолуларда тұтастай панорамалық ауқымда беріледі. Әдебиет мұғалімі сол көріністі ықшам, әрі мазмұнды беру мақсатында тарих, орыс әдебиеті, бейнелеу өнері, му-

зыка пәні мұғалімдерімен де байланысады. Ол мұғалімдер көмегімен оқушылар шағын хабарлама әзірлейді. Хабарламаларына қызықтыру үшін, көрнекіліктер де жасап әкеледі (мүмкіндігіне қарай).

1-хабарлама: „Соғыс дәуіріндегі бейнелеу өнері”.

2-хабарлама: „Соғыс дәуіріндегі музыка”.

3-хабарлама: „Соғыс дәуіріндегі театр, кино өнері”.

11-сыныпта „Қазіргі қазақ әдебиеті”, яғни 60—80 жылдар әдебиеті бойынша шолу тақырыптары беріледі. Мұғалім өз қалауы бойынша, ерекше дарынды ақындарға арнайы сағаттар бөліп, олардың поэзиясымен оқушыларды таныстыруына болады. Жалпы оқулықтарда, оқу бағдарламаларында қазіргі қазақ әдебиеті мен оның ерекше талантты өкілдерін оқытуға өз дәрежесінде көңіл бөлінбеген. Монографиялық оқыту қолға алынбай келе жатыр. Мұғалімге қазір шығармашылық еркіндік берілуде, осыны пайдаланатын мұғалімдер Олжас, Мұқағали, Төлеген сияқты шоқ жұлдыздар шығармаларын (1—2 сағат болса да) монографиялық жолмен оқытып келеді. Мұғалімге де, оқушыларға да күрделі дүние — оқулықта олар туралы қысқаша шолу ғана беріледі. Бір-екі сағат ішінде ақынның бүкіл шығармашылық бетін, поэзиясын, оның дәнін, әдебиетке қосқан үлесін, оқырман жүрегінен алған орнын жеткізудің, ең бастысы, ол поэзияны оқушының қабылдауын ұйымдастырудың қаншалықты қиын екені түсінікті жайлар. Қазір ұлы ақын деп бағаланып жүрген Мұқағали лирикаларын оқушылардың өз беттерімен оқуын ұйымдастыру, әрі арнайы сабақта таныстырудың маңызы зор. Ең алдымен, оқушылардың түтедей ақын өлеңдерін оқып, танысуын ұйымдастырған жөн. Оқу барысында мынадай тапсырмалар беріледі.

Сауалнама толтырады:

— Өзіңе қай өлеңдері ұнады, оның себебі?

— Поэтикалық талдау жасауға талаптан.

— Ұнаған өлеңдерді тақырыбына қарай сұрыпта.

— Мүмкіндігіне қарай өзіңе ұнаған өлеңдер туралы сын-зерттеулер, қосымша материалдар жинақта.

Сыныптан „белсенді топ” сайлап, осы процесті оларға жүргіздірткен жөн. Берілген уақыт біткен соң, „белсенді топ” ассистент оқушылар көмегімен сауалнамаларды жинап алып, сұрыптап, ұнатқан өлеңдердің тақырыбына қарай сыныпты топ-топқа бөлуге болады.

Топқа адын ала берілетін проблемалық сипаттағы тапсырмалар жүйесі:

I т о п: М.Мақатаевтың Отан, туған жер, оның адамдары туралы өлеңдерінің айналасында пікір қозғап, сол туралы өз пікірлерін қорғау.

II т о п: Ақынның махаббат, достық тақырыбындағы жырлары туралы пікірлесу, оны қорғау.

III т о п: Поэзия, өзі туралы өлеңдерін талдау, пікірлерін қорғау.

IV т о п: Емхана, тағдыр, өлім мен өмір туралы (элегиялық сипаттағы) жырлары айналасында пікірлесу, пікір қорғау.

Барлық топ мына проблема айналасында жұмыс істейді: „Мақатаев поэзиясының идеялық-эстетикалық ерекшелігі, табысы“.

Әр топқа нәтижелі жұмыс үшін, көмек ретінде мынадай үлестірме нұсқаулар таратуға болады:

— Өзіңе ұнаған ақын жырларын сұрыптап алып (тақырып негізінде), мына мәселелерге көңіл бөл:

а) Өлеңнің көтерген проблемалары, өзіндік ерекшелігі;

ә) Бұл өлең несімен ұнады, оны нақты мысалдармен (өлеңнің өзінен мысалдар келтіру арқылы) дәлелде;

б) Өзің талдап отырған жырлар туралы ақындар, ғалымдар естелігіне, пікіріне назар аударып, әрине, ондай материалды тапсаң, сол туралы өз ойыңды ортаға сал (оларға қосыласың ба, жоқ па — екі жағдайда да ойыңды дәлелді етіп жеткіз);

в) Өзің талдап отырған тақырып айналасындағы басқа да ақындар жырларына назар аударып, жалпы Мақатаев поэзиясының өзіндік беті, өзіндік үні туралы пікір қорытындыла, ақынның өзіндік табысы, ізденісін сарала;

г) „Мен Мұқағали поэзиясынан не таптым?!“ сұрағының айналасында ізден;

д) Басқа топ жұмыстарына қоятын сұрақ әзірле;

е) Мұқағали лирикалары туралы өтетін осы сабаққа қандай тақырып қояр едің?

Ары қарай ақын поэзиясы туралы қосымша материалдар тізімі, азды-көпті сын-зерттеулер ұсынылады. Бұл материалдар оқушылардың өз беттерімен талдау, пікірлесу жұмыстарына көмек береді. Сабақты „пікір қорғау“ түрінде өткізуге болады. Ақын шығармаларын өз беттерімен оқи отырып, өз пікірлерін жинақтап, әр

түрлерін дәлелді түрде қорғау жұмыстары жоғары сыныптарда лирикалық шығармаларды оқушыларға өз беттерімен оқытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ, әдеби пікірталасқа баулуға бұл жұмыстың тиімділігі зор. Сабақтың кіріспесінде әр оқушы тақырып айналасында пікір таластырады. Әркімнің әр түрлі тақырып таңдауы, әр түрлі пікірде болуы заңды нәрсе ғой.

Ары қарай әр топ өзінің шағын сабағын жүргізеді. Оны әр топтың жетекшісі өзі жүргізеді. Әр оқушы өз пікірін өлеңнен үзінді оқи отырып, немесе сыншылар еңбегінен нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Бір топ екінші топқа сұрақтар қояды, толықтырады, әдеби викториналар арқылы сабақты одан әрі жандандыруға болады. Әр топ өз тапсырмасы туралы сөйлеп болған соң, сол топтың жұмысына қорытынды ретінде ғалымдар пікірінен үзінділер оқудың маңызы ерекше болып табылады. Себебі, сыншы-ғалымдар пікірі оқушылар ойын, түсінігін тереңдетеді, айқын жолға салады, таба алмаған сұрақтарына жауап бергізеді. Санаулы уақыттар ішінде (мейлі, 1 ай оқысын өз бетімен) ірі ақындар шығармашылығын толық меңгеру — үлкен адамдарға да күрделі, қиын дүние. Ал мұндай сабақ түрлерінен оқушылар бір-бірінен бірталай ақпарат, білім алады, өйткені олар ойларына ой қосады, пікірлеседі, таласады, оқып үлгермеген дүниелерін басқалардан естиді, қызықса, оны ары қарай оқиды. Жалпы, жоғары сынып тек лирика ғана емес, басқа да жанрларды өтудегі ең тиімді әдіс—еркін пікірлесу, әдеби таласқа түсу, өз пікірлерін дәлелді қорғай білу. Сондықтан мұндай тиімді оқыту жолдарын іздену — әр мұғалімнің басты мақсаты болмақ.

Әдеби сын-зерттеу еңбектерін оқыту

Сын-зерттеулерді оқытудың мақсаты, маңызы:

Оқу бағдарламаларында әдеби сын-зерттеу еңбектерін оқытуға арнайы сағат берілген, оқулықтарда әр ақын-жазушының (жоғары сыныптарда) өмірі, шығармашылығынан соң ғылыми сын еңбектерінің тізімі көрсетілген. Тәжірибеде ұстаздар қауымы тақырып мазмұнын ғылыми еңбектермен байытып, тереңдетіп беруде сын еңбектерге назар аударып келеді. Әсіресе, қазір әдебиетті тереңдетіп оқыту кеңінен тарауда. Сын-зерт-

теулерді оқыту — тереңдетіп оқытудың ең маңызды бір саласы.)

Әдебиетті оқытуда сын-зерттеулердің маңызы неде?

1. Өтіліп отырған тақырыпты тереңдетіп беру, білім мазмұнын байыту, көркем шығарманы оқушы жан-жақты терең түсінуде, танымын дамытуда;

2. Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру, дүниетанымын кеңейту, өз бетімен жұмыс істеу, қорытынды жасау дағдыларын жетілдіруде;

3. Көркем туынды туралы оқушылар бірнеше пікір, баға, сын болатынын түсінеді, әрі сол туынды туралы ғылыми шындыққа көз жеткізу, өзіндік пікір айта білуге баулу, зерттеу, іздендіру бағытындағы жұмыстарға икемдеу мәселелерінде сын-зерттеу еңбектерінің маңызы ұшан-теңіз.

Сын-зерттеу еңбектерін оқыту мынадай жолдармен жүзеге асырылды:

а) Еңбекті толық оқыту, арнайы оқыту;

ә) Ең негізгі түйінін, пәнін бөліп ала отырып, оқыту;

б) Өтіліп жатқан шығармаға ғана байланысты ішінара керекті пікір, ойларын теріп алып, оқыту.

Сын-зерттеу еңбектерін оқытуға қойылатын бірден-бір талап — оны көркем шығармамен бірлікте оқыту болып табылады. Сондай-ақ сын-зерттеу еңбектің жазылу тарихы, мақсаты туралы түсінікті мұғалім міндетті түрде оны пайдалану алдында беруі керек. Сын-зерттеу еңбектерінің өзіндік ерекшеліктері, жанрлық сипаты туралы да теориялық ұғым беру де мұғалім назарынан тыс қалмағаны дұрыс (мысалы, „Шоқанның еңбектері, Абайтану ғылымы не?“ деген сұрақтарды).

Еңбектерді оқытудың жолдары, әдіс-тәсілдері:

а) Еңбекті толық оқыту (арнайы оқыту). Мысалы, X сынып әдебиетінде Абай Құнанбаев шығармашылығын оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осы сыныптағы әдебиет курсының ішіндегі ең басты тақырып — Абай шығармашылығын талдау болып табылады. Абайдың өмірі, шығармалары туралы бірінші сабақтан кейін-ақ мұғалім М.Әуезовтің „Абай Құнанбаев“ атты монографиясына арнайы тоқтауына болады (алғашқы бөлімдер). Балаларға бұл еңбектің негізгі түйінді дәнін, маңызын бірден аңғарту мақсатында, әрі оны игерудің бірден-бір тиімді жолы ретінде „Нені міндетті түрде білу керек?“ деген тақырыпшамен монографияның ең басты мәселелерін төмендегідей етіп жазып қою керек:

Абайды тудырған дәуір — XIX ғасырдың II жартысына берілген талдау, әсіресе, патшаның отарлық саясаты, мемлекеттік-әкімшілік жүйенің шындықпен берілуі.

Ағартушы-демократтардың шыға бастауы, оған екінші Ресей — Пушкин Ресейінің әсері.

Абайтану ғылымының қалыптасу жолы, Кәкітайдың бұл саладағы еңбегі, Абай шығармаларының халыққа жету тарихы. Абайтануға қалам тартқан әдебиетші ғалымдар.

Абайдың өмірбаяны, ата тегі, ұшқан ұясы. (Өскенбай, Құнанбайлар туралы дерек).

Абайдың білімге қанат қағуы. Шығыс шайырлары — Науаи, Физули мұраларының әсері.

Туған халқының мол мұрасы, ақындығының игі ықпалы (жыраулар, айтыскер ақындар).

Өз ортасындағы нағандық, әділетсіздік, рулық-патриархалдық тартыстардың Абайды халық жағына шығаруы.

Орыс зиялыларымен достасу, Михаэлиспен танысу, орыс, еуропа, әлем әдебиетінің әсері (Пушкин, Белинский, Чернышевский, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Гёте, Байрон, Дарвин, т.б.)

Абай ақындығының өрістеуі, 1886 жылдың нағыз ақындық өнімді еңбек жылы болуы. Азамат ақынның өткір, ашулы, сынға толы өлеңдерінің туу себебі (өз ортасындағы озбырлық, әлеуметтік кемшіліктердің асқынуы).

Орыс поэзиясын қазақ даласына аударма арқылы тарата бастауы.

Дала жауыздығы, әділетсіздікпен күрес. Жеке басындағы трагедияларының халық трагедиясымен ұштасуы. Абай басына жасалған қастандық, оның негізгі себептері.

Абай ұрпақтары, оның тағдыры.

Әрі күрделі, әрі маңызды нәрсе — Абай шығармашылығын, оның мәнін, ақынның ащы үнін, өткір сатирасын терең түсіну үшін, осы монографияның алғашқы бөлімін, яғни ұлы ақын өмірі, басынан кешкен трагедиялық жағдайларды, олардың ақын көзқарасы, шығармашылығына әсері туралы шындықты оқушыларға жеткізудің маңызы зор. Әрі бұл бөлім (X том, 682-бет, „Жазушы“, 1985 ж.) бір қарағанда ұзақ көрінгенімен, оқуға жеңіл болып келеді. Абай басынан өткен қызықты оқиғалар, шешендік қақтығысулар, кейбір аңыздардың орын алуы оқушыларды қызықтыра түседі. Монографияның әңгіме-

лекция әдісімен түсіндіре отырып, жоғарыда айтылып кеткен оқиғалардан оқушыларға хабарлама, әңгіме жасатып, оны сабақта пайдаланып отырудың да маңызы зор. (Мысалы, Абайдың Қаратайлармен, әкесімен сөз қағысуы.) Сын-зерттеу еңбектерін оқытуда да мұғалім қонымды, жеңіл әдіс-тәсілдерден ізденуі қажет, яғни күрделі материалдарды оқытудың қарапайым, әрі тиімді жолдарын сұрыптап, таңдап ала білуі керек.

1. Соның бір жолы жоғарыда көрсетілді, яғни еңбектің түйінін, дәнін мұғалім екшеп алып, өз сабағында әңгімесінде оны пайдалана білуі. Оқушы назарын негізгі мәселеге аударуы.

2. Оқушыларға алдын ала тапсырма беріп, қатыстырып отыру (шешендік сөздер, Абай басынан өткен қызықты мәселелер, Қаратайлармен сөз қақтығысуы, т.б.).

3. Соңдай-ақ „Абай жолы“ эпопеясының „Қияда“ бөліміндегі Абай — Құнанбай диалогінен инсценировка көрсетуге болады. Негізінде бұл қақтығыс монографияда да айтылған. Міне, осындай әдіс-тәсілдер сабақты әрлендіріп, оқушыларды оған әрі қызықтырып, әрі терең білім алуын қамтамасыз етеді. Монография ауқымды, қалған бөлімдерін Абай шығармашылығын талдау барысында тақырыпқа сай ішінара, теріп пайдалану керек.

4. Мұғалім әңгіме-лекциясын тұжырымды, әрі жеңіл тілмен жасап, керекті жерлерін жазғызып, сұрақ-жауап арқылы басты мәселелерге қайта оралып, пысықтап, қайталап, толықтырулар жүргізгені тиімді саналады.

5. Үйге еңбектің сүбелі-сүбелі жерлерінен сұрақтар беріп, оның нақты, тұжырымды жауабын тауып, жазып келуін тапсырудың маңызы зор.

Тапсырма мына үлгіде орындалады:

Сұрақтар	Жауап-тезис
1. Еңбекте Абай ақындығының қайнар көздері туралы не айтылған?	1. Туған халқының әдебиеті. Бұхар, Дулат, Шортанбайлар әсері. 2. Шығыс әдебиеті, Хафиз, Науан, Фирдоусилер поэзиясы. 3. Әлем әдебиеті, философиясы.
2. Абайдың халық жағына бет	1. Ақын өмір сүрген қоғам-

бұруы, ағартушы, демократ болып қалыптасуына нелер әсер еткен екен?	ның саяси-әлеуметтік жайы, қараңғылық, نادандық, үстемдер озбырлығы, рулық-патриархалдық тартыс. 2. Өз бетімен ізденіп, білімге көңіл қойып, әлем әдебиеті, ойшылармен танысуы (еңбектерімен). Орыс достары-зиялыларының әсері, саяси санасының оянуы.
---	---

Үйге тапсырма бергенде, оқушыларды іздендіру, са-лыстыру жұмыстарына баулу үшін, егер мұғалім М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясының 1-кітабын Абай шығармашылығын бастауға дейін оқытып қойғанда (тәжірибеде көптеген мұғалімдер жазғы демалысты пайдаландырып, оқытып қояды), төмендегідей тапсырма орындата алады:

Үлгі:

1. М.Әуезовтің зерттеу еңбектеріндегі қандай мәселелерді „Абай жолы“ эпопеясынан көре аласыңдар?

Үлгі:

Ескерту: Тапсырманы оқушылар орындап, толтырады.

2. Көркем туынды мен ғылыми монография арасындағы осы бір ұқсастықты қалай түсіндірер едің? Ғылыми зерттеу еңбектерін оқытуда түсіндірмелі оқу, интеграциялық сабақтарды да пайдалануға болады. Мысалы, осы сабақта тарих, орыс әдебиеті мұғалімінің көмегіне жүгіну дұрыс. Себебі, монографияның алғашқы беттерінде XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайларына сыншы біршама талдау береді. Ондағы мақсат — Абай дәуірімен таныстыру,

Монографияда айтылған:	„Абай жолы“ эпопеясында бар:
1. Абайдың Қаратайлармен сөз қақтығысуы (замана, ұрпақ туралы).	„Қияда“ бөлімінде осы мәселе жазылған.
2. „Құнанбай мен Абай арасындағы пікір таласы“ (үш сауалы).	1-кітаптың аяғындағы „Қияда“ бөлімінде берілген.

өйткені Абайдың бүкіл шығармалары — сол дәуірдің айнасы деуге болатын тарихи туындылар. Әдебиетші мұғалім монографияның осы мәселені көтерген жерлерін қысқаша түсіндіріп, ең керекті жерлерін оқи отырып, зерттеудегі тарихи шындыққа, яғни Абай өмір сүрген дәуір шындығына оқушы көзін одан әрі жеткізе түсу үшін, тарих мұғаліміне сөз береді. Тарихшы XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқы, Абай дәуірі туралы қосымша тоқтала кетеді. Орыс әдебиеті мұғалімі қысқаша, Абай үлгі алған, монографияда айтылатын Салтыков-Щедрин, Лермонтовтар туралы хабарлама жасайды. Түсіндірмелі оқу — зерттеу еңбектерін оқытудың басты тәсілдерінің бірі. Оны мұғалім еңбектің ең шұрайлы деген жерлеріне түсіндіру кезінде пайдаланады. Оқушылардан да осыны талап ету керек. Сабақ айтқан кезде олар да еңбектен үзінді оқып, жауабын ғылыми тілде беруге талаптансын.

3. Ғылыми-зерттеу еңбектерін оқытудың келесі бір жолы — негізгі түйіні, дәнін бөліп ала отырып, оқыту болып табылады. Бұл мәселеде мұғалім еңбек бойынша өзі жұмыс істеп, негізгі мәселелерді сұрыптап, соны оқушыға жеткізу айналасында ізденеді. Мысалы, осы „Абай Құнанбаев“ туралы монографияның үлкен бір бөлімі „Абайдың лирикасы“ деп аталады. Бұл бөлімді оқытудың маңызы ерекше, себебі сыншы бүкіл Абай поэзиясына құнды, бағалы талдау жасайды. Ұлы ақын мұрасын оқыту барысында ол оқушыға да, мұғалімге де үлкен көмек болып табылады. Бағдарламаға жүгіне отырып, оқып, талдауға ұсынылған шығармалар туралы еңбектің басты-басты пікірлерін саралап алып, сол бойынша тақырыпшаларға бөлу керек.

1. Абайдың азаматтық үндегі өлеңдері (тақырып).

— „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым“ (1886 жылы жазылған „Қалың елі, қазағын ынтыға сүйе, халық басындағы трагедияны, ел басқарған қиқымдарды масқаралау“, 114-бет).

— 1886 жылы жазылған „Адасқанның алды жөн, арты соқпақ“ өлеңіндегі ащы сынның атқамінер, байларға ғана қарап айтылмауы, оның ел ішіндегі еңбексіз, жалқауларға да жұмсалыуы.

Адамшылықты сақтау, „көзді сатып“ өмір сүрмеу, еңбек етуді үгіттеу. Өлеңнің халыққа деген қамқорлыққа толы үні. Мысқыл, шенеу үлгісі (116-бет).

2. Табиғат лирикасы

„Жаз“ өлеңі 1886 жылы жазылған. Табиғат көркі мен адам әрекетінің астаса, үндесе келуі.

— „Жаз“ өлеңіндегі ақындық мәдениет, суреттер, динамикалық қозғалыс, жаңды-жансыз табиғат арасындағы құбылған қозғалыс, реалистік пейзаж.

Өлең ішіндегі жаңды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан, өлең түрі мен ұйқастарының да жүрдектік қарқынмен, өзгеше ағынмен келуі. Қоғамдық қайшылықтардың көрінбеуі, керісінше, көшіп-қонып жатқан бай аулының бай көріністерімен суреттелінуі (117—119-беттер).

— „Қыс“ өлеңі. Орыс классикалық поэзиясының үлгісі мен мәдениеті стилінде жазылуы. Некрасовтағы „Дед Морозға“ ұқсастығы. Қысты „кәрі құда“ деп, метафорамен беруі. Қыс бейнесі — динамикалы жаңды образ. Әрдайым айналып кеп соғып отыратын қысты сұрамсақ, алымпаз, жетімкөз құдаға балауы (136—137-беттер).

— „Сұр бұлт“, „Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай“. Бұл өлеңдер — ақынның табиғат турасындағы бар өлеңінен көркемдік жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын, халықтық идея жағынан болсын, батыл сыншылықпен жазылған биік туындылары. Көшпелі елдің жүдеу тіршілігінің кедей шаруаға аса тиімсіз күз айымен берілуі, реалистік өмір шындығының пейзажы көз алдына келеді. Күз арқылы („Қараша, желтоқсан мен“...) әлеуметтік теңсіздік, тап жігінің берілуі, қоғамдық қайшылықтың суреттелінуі. Дегенмен, жоқшылықтан шығар жолды айта алмауы. Абайдың қалың еліне деген, ауыр тіршілігіне деген ыстық ықыласы (150—152-беттер).

3. Саяси лирикасы

„Болыс болдым, мінеки“, „Мәз болады болысың“ өлеңдерінде екі жүзді, қорқақ, нәрсіз атқамінерлерді сынайды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы болыс, феодал, әкімдерді мысқыл, сатирамен шенейді, патшаның ел билеу системасын сынайды; суретшілік, сыншылық мысқылшылық жағынан ерекше толық қанды шыққан бұл шығармалар болысқа психологиялық портрет береді. Болыстар өзін-өзі әшкерелейді. Мысқыл эпитеттердің молдығы — өлеңнің көркемдік тәсілі болып келеді.

4. Өлең, сөз өнері туралы шығармалары

„Өлең — сөздің патшасы“ — көркем әдебиетте Абай тудырған биік тұрғыдағы өлең. Ақын мен ақындық мұраты, сөз өнері туралы тұңғыш өлең. Ақын мен ақындық өнері — әлеуметтік тартыстың үлкен құралы. Өлеңге көркемдік шарт қойылады, эстетикалық жаңа өлшем жарияланады, жақсы өлеңді ердің ері туғызады. Ол — даналықтың көзі. Абай — тұңғыш әдебиет сыншысы.

„Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін“. Ақындықтың, ақындығының декларациясын жариялауы, толғауы ойынның философиялық биікке көтерілуі. Өнердегі, ел арасындағы кемшіліктерді сынауы, адамгершілікті, шындықты дәріптеуі. Тыңдаушы қауымға қояр талабы. Сатымсақ ақындарды мысқылдауы (129—133, 145—146-беттер). Өлең — ермек емес, өнердің басы. Ол өнер халықтың тілін де, ойын да жаңғыртып, түлетіп өсірсін, қараңғылықпен алыссын. Әлеуметтік құралы болсын. Ақын мен ақындық міндеті қандай?

5. Ән, өнер туралы эстетикалық көзқарасы

„Көңіл құсы күйқылжыр...“, „Құлақтан кіріп бойды алар“. Абай халқының тілін, өнерін аса зор бағалады, халық әнін сүйді. Ол әннің адам өміріндегі орны, рөліне тоқталды, халық әні — Абай мұңдасы, азаматтық еңбегіне қанат бітіретін сенімді серігі. Әннен ақын шабыт табады, көңілін емдейді, мұңдасады. Ән мен күйге талап қояды, тыңдаушыға да, айтушыға да ақыл айтады.

6. Абайдың уытты сатирасы

„Сабырсыз, арсыз, еріншек“. Ел сорына біткен қу мен сұмның неше алуан жексұрын, жиіркенішті кескінінің бейнеленуі.

„Сегіз аяқ“ өлеңі. Көркем, келісті шыққан зор шығармалардың бірі. Түрі де өзгеше. Сегіз жолдан келеді. Сол себептен де сегіз аяқ аталынған. Абайға дейін ешкім таппаған қиын ұйқасты өлең. Абай бұл өлеңге ән шығарған. Өлең бұзық ортаның дертті кескінін сынайды. Еңбекті үгіттейді, тағы да халық үшін қамқорлық шегетінін айтады. Ұлы ақын өзі туралы айта отырып, халқы туралы айтады. Ақынның бас қайғысы — халық қайғысы. Лермонтов үні (143—145-беттер).

Зерттеудің түйінді дәнін бөліп ала білуде сол жерлерді өзгертпей, еңбек бойынша көшіріп беру бар да, балаларға ұғынықты болу үшін, аннотация үлгісінде сол сұрыпталынып алынған мәселелерді түсіндіріп беру бар. Жоғарыдағы жұмыс сол аннотация, түсіндірме беру үлгісінде жазылған. Арнайы үлестірме қағазға жазып (бір үстелдегі екі балаға біреу жетеді) пайдалануға болады немесе кесте-плакатқа жазып, балалардың көз алдында тұратындай етіп ұстауға болады. Соңғы тәсілдің тиімділігі зор. Себебі, біріншіден, мұғалім түйінді мәселелерді бөліп алады, әрі оған түсінік береді. Бұл балаларды зерттеу еңбектің басты мәселелерін тез қабылдауларына ықпал етеді. Екіншіден, ол мәселелер туралы қай беттерде жазылған, ол да айқын көрсетілген. Сол бойынша оқушылар енді еңбектің өзімен жұмыс істей алады. Абай шығармашылығын тақырып-тақырып бойынша талдау басталған сабақтардың ең алғашқысында мұғалім өзінің кіріспе сөзін осы еңбек негізінде түсіндіре алады. Ал әр тақырыпты өткенде, сол тақырып ауқымында ғана сөз болатын мәселелерде де оны пайдаланып отырады. Зерттеулерді тұтастай пайдаланбағанның өзінде мұғалім өз лекциясы, түсінігінде ғалымдар еңбегіне жүгініп, үзінділерді, қажетті дәйектемелерді келтіріп отырса, бұл тәсіл зерттеу еңбектеріне деген оқушы ынтасын арттырады.

Зерттеулерді оқытудың келесі бір жолы — оны өтіліп жатқан тақырып ауқымында ғана, ішінара теріп пайдалану. а) Еске ұстайтын, басшылыққа алатын бір маңызды мәселе. Мұғалім зерттеуді қандай тәсіл, қандай жолдармен оқытпасын, оның мазмұн бірлігі, тұтастығын сақтай отырып, оқытуды ойластырғаны жөн. Мұғалім алдымен еңбек туралы сөз етіп, оның маңызын, мәнін, суреткер шығармашылығын зерттеудегі орнын әңгіме етуі керек; ә) Осы еңбек туралы берілген басқа сыншылар бағасы болса, соны негізге алуларына болады; б) Зерттеулермен жұмыстың бұл түрінде де мұғалім түсіндірмелі оқуды, конспект-тезис, дәйексөз жаздыруды, еңбектен үзінді жазылған кесте-плакаттарды пайдаланады; в) Оқушыларды әңгімелесуге, өз ойларын айтуға, пікірлесуге, әдеби айтысқа баулиды (зерттеу еңбектерді оқытудың басты мақсатының өзі де осы). Бірнеше зерттеулерден мысал келтіріп, оқушыларды іздендіруге, салыстырмалы жұмысқа баулуға, өз беттерімен қорытынды жасауға, пікірлерін айтқызуға болады. Мысалы, Абайдың лирика-

сын оқыту барысында Қ.Жұмағалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев еңбектерінен салыстырмалы жұмыстар жүргізу тиімді болмақ.

Ү л г і:

М.Әуезов	Қ.Жұмалиев	Х.Сүйіншәлиев	Салыстырмалы пікір.
1. „А.Құнанбаев“ (монография)	„XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті“.	„Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері“	Өзіме кімнің пікірі ұнады, себебін дәлелдеу.

Е с к е р т у: Бұл үлгідегі жұмысты Абайдың басқа да шығармаларын талдауда пайдалануға болады. Сондай-ақ мысалдарды, еңбектегі үзінділерді сұрыптауда мұғалім көмек жасайды, бетін көрсетіп береді, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. г) Зерттеу еңбектерін оқытудың тағы да бір тиімді жолы — жұптық, топтық жұмыстар. Еңбектің негізгі бір бөлімі екі үлестірме қағазға жазылады. Ең негізгі, түйінді мәселелер жазылған, екі үлестірме қағаз жұптарға таратылып беріледі. Жұмыстың бұл түрі жұптық жұмыс деп аталады. Балалар өз үлестірме қағазын іштей оқиды, оқып болған соң, бір-біріне сыбырлай сөйлесе, кезекпен түсіндіреді. Бірінші бала екіншіге, екінші бала біріншіге өз карточкаларының мазмұнын айтады. Сынып жұмысын аяқтаған соң, мұғалім сұрақтар қоя отырып, тексереді, кейде жұмыс істеп жатқан жұптарға барып тыңдайды, көмек жасайды (әсіресе, осындай көмекті керек ететін балаларға). Мұндай жұптық жұмыстар шағын тұжырымды материалдарға негізделеді, әрі материал өте күрделі болмау керек (бұл жұмысты бүкіл сынып орындайды). Ал осындай тәсілдің тиімділігі, маңызы неде? Біріншіден, оқушылар аз уақыт ішінде ғылыми еңбектен білім алады, уақыт үнемдейді, екіншіден, барлық баланың қолында зерттеу еңбектері бола бермейді, сондықтан олардың ең керекті жерлерін үлестірме қағазға жазып, осылай пайдалану тығырықтан шығарар бірден-бір жол болып табылады. д) Топтық жұмыстар да сынып санына қарай 4—5 топқа бөлінеді. Топ құрамы әр түрлі болуы мүмкін. Топ жетекшісі, кеңесші өздеріне берілетін жұмысқа басшылық жасайды. Шағын сабақ өтеді (тапсырмадан соң). Егер топтық жұмыс үйге берілсе, өз тобына баға қойып

әкеледі. Бүкіл сынып бірнеше топқа бөлінсе де, олар бір мәселені шешу айналасында жұмыс істейді. Топтардың бір зерттеу еңбегі бойынша бір проблема айналасында еңбек етулері мүмкін. Мысалы, Абайдың табиғат лирикасын оқытуда оқушылар мына проблема айналасында ізденеді. Абайдың табиғат лирикасы. „Табиғат — Тіршілік — Қоғам“ мәселесінің қойылуы, оны көрсетудегі ақынның идеялық-эстетикалық шешімі, табысы. Осы проблеманы автор қалай шешті, ол жөнінде ғалымдар еңбегі қандай пікір айтады, міне, осы мәселелерге жауап іздеуде зерттеу еңбектерінен жұптық, топтық жұмыс жүргізуге болады.

Ү л г і: Жұптық жұмыстар: М.Әуезов. „Абай Құнанбаев“ (монография), ү.к. (үлестірме қағаз. N 1).

„Абайдың бірнеше өлеңдері сахара табиғатының өзгеше кезеңдеріне арналады. Ол көшпелі ауылдың күзгі тірлігін суреттеген. „Сұр бұлт“ және „Қараша, желтоқсан мен...“ дейтін екі өлең. Бұл өлеңдер көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұны жағынан да бұрын Абай жазған табиғат турасындағы өлеңдердің барлығынан биік өрлеп, өзгеше сапа табады. Бұнда көшпелі елдің күздігінгі тірлігін жүздеген табиғаттың көрініс өзгерістерімен де көп танытады. Ақын аса қонымды реалистік пейзаж бере отырып, адам топтарының өмір болмысын да мықтап қамтиды. Аз сөздермен барлық көшпелі шаруаның көп күйзелуін таныта келе, әсіресе, күздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша көңіл бөледі. „Сұр бұлтта“ да жүдеулігі, күйсіздігі аса ауыр сорлылыққа жеткен кедей ауылды бейнелейді.

Сол ауылдың адамы ғана емес, итіне шейін даланы кезіп-безіп кеткенін айту арқылы Абай көшпелі тіршілікке дәл осы өлең тұсында лағнет айтқандай болады. Онсыз да жайы жүдеу, кедей ауылға көшпелі өмір анық азап, қатал жаза есепті аталады. Бұл шақта барынша жанын салып, бейнеттеніп жүрген, арылмас еңбек иесі — кедейдің де қатты қанауға түсетінін екінші өлеңде — „Қараша желтоқсан мен...“ деген өлеңде, әсіресе, айқындай ашып береді. Бұған шейін Абай жазған „Жаз“ бен „Қыс“ өлеңдерінде реалистік пейзаждың шыншыл қалпын бере отырса да, адам мен табиғатты ұдайы аралас-тыра ашып жүрсе де, біз ақын шығармаларында қоғамдық қайшылықты жетерлік дәрежеде ашпайтынын атағанбыз. Ал мынау соңғы өлеңде, Абай осы жөнінде зор саналы халық

қайраткеріне ауысады. Бұндағы ауыл — анық айқын таптық жікке бөлініп отырған ауыл. Оның бір шеті — кедейлерді, малшыларды қатал, қастандықпен көрінеу қанап отырған бай үйлері, ол ауылдың екінші шеті — өңшең жыртық лашық ішінде қайыршылық күн кешкен кедей, жалшы үйлері. Осы үйдің үлкендері мен балаларына шейін ақынның көзіне түседі. Араларындағы бітімсіз қайшылықтармен суреттеледі”.

Еңбек бойынша мынадай сұрақ қойылады:

1. Неге М.Әуезов Абайдың „Сұр бұлт”, „Қараша желтоқсан мен...” деген екі өлеңін ақынның барлық шығармаларынан (табиғат туралы жазылған) жоғары қояды?

2. Өлеңдерде табиғат — тіршілік — қоғам бірлікте алынған ба? Осы мәселелер айналасында зерттеу не айтады?

3. М.Әуезовтің осы екі өлеңді Абайдың басқа табиғат лирикаларынан жоғары қоюына келісесің бе? Өз пікірің қалай? Осы табиғат лирикасын талдау барысында тек М.Әуезов емес, жоғарыда айтылып кеткен, басқа да Абайтану ғылымына атсалысып жүрген ғалымдар зерттеулері бойынша топтық жұмыстар жүргізуге болады. Әр топ, әр зерттеу еңбегін нысанаға алса да, шешетін проблемасы — біреу, яғни Абайдың табиғатты құрғақ жырламай, оны тіршілік атаулымен, адамдар өмір сүріп отырған қоғам сипатымен бірлікте алуы. „Жазда” бай ауылының бай көрінісі бүкіл тыныс-тірлігімен алынса, „Күз” туралы өлеңдерінде, керісінше, көшпелі ауылдағы кедейлер тірлігінің аянышты түрде, реалистік суреттермен көрінуі, әлеуметтік теңсіздіктің, тап жігінің айқындала берілуі — осы өлеңдердің негізгі табысы. Міне, оқушылар әр зерттеу еңбегі бойынша осы сұрақтарға жауап іздейді, бұл мәселеге кім қалай келген, нендей талдау берген — соны „зерттейді”, жинақтайды. Жұптық жұмыс болсын, топтық жұмыс болсын, мұндай жұмыстарды орындау, алдарындағы проблеманы шешу нақтылы сұрақтармен жүргізіледі.

Топтық жұмыстардан кейін салыстыру жүргізу, өз пікірлеріне, ойларына жол ашу, ғалымдар пікіріне өзінше талдау беру — бәрі де зерттеу еңбектерін оқытудың тиімді тәсілдері болып келеді. Әсіресе, әдеби айтыс ұйымдастырудың маңызы зор. Мысалы: Мағжан Жұмабаев поэзиясын оқу барысында (XI сынып) Әбділдә Тәжібаевтың „Өмір және поэзия” атты ғылыми

еңбегіндегі Мағжан туралы пікірлері мен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағына жазған кіріспе сөзін салыстыруға болады. („Өмір және поэзия”, 46—53-беттер). „Өмір және поэзияда” ақынды өлтіре жамандап, оны буржуазияшы, ұлтшыл ақынға, пессимист, символист ақынға жатқызған ғалым кіріспе сөзінде Мағжанды ұлт ақыны дәрежесінде көтере мақтайды. Қай пікірі шындыққа сай ғылыми пікір, қайсысы „жалаң урамен” кеткен дүние, міне, осы мәселенің өзі әдеби дау, айтыс тілеп тұр емес пе? Бұл жұмысты балалар Мағжан поэзиясына біршама бойлап, білім алғаннан кейін, жүргізген дұрыс. Әдеби пікір таласына қатысу, әсіресе, ғылыми еңбектер бойынша пікір білдірудің өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушылар айтар пікір, берер жауаптарын дәлелді түрде, еңбектерден нақты мысалдар ала отырып, беруі керек. Жалаң ой, құрғақ пікір туғызып, „тақыр дау” туғызу ешкімге де пайда әкелмейді. Ғылыми еңбектер бойынша семинар, конференция, пікірталас, жоғарыдағыдай пікірсайыс, реферат қорғау сабақтарын өтуге болады. Әр сабағын терең ізденіспен өтетін мұғалімдер сын-зерттеу еңбектерін жүйелі түрде жұмысына пайдаланып, білімді тереңдетіп, байытып беріп отырады, оны пайдаланудың түрлі әдіс-тәсілдерін ізденеді.

Сыныптан тыс оқуларда да (7—8—9) оны жеңіл, қарапайым жолдармен, талқыланып жатқан шығармаға байланысты пайдалануға болады. Түсіндірмелі оқу, дәйексөз-үзінділер алу, пікір-бағаларды беріп отыру тиімді тәсіл деп есептелінеді. Қысқаша дәйексөз, үзінділерді, бағаларды көрнекі етіп жазып қою да маңызды болмақ. Немесе мұғалім кіріспе сөзінде өзі өткелі отырған суреткер не оның шығармасы туралы зерттеу еңбектерден алынған бағаларды жатқа айта отырып бастаса, оның оқушыларды қызықтырып, сабаққа ынтасын арттыруы сөзсіз. Кейде мұғалім сын-зерттеу еңбектерінен үзінді, дәйексөз жаттатқызып, сабақты әдеби монтаж түрінде де өткізеді. Мысалы, 7-сыныпта Абайдың „Қансонарда”, „Жазғытұры” өлеңдері оқуға, талдауға берілген. Әсіресе, „Қансонарда” өлеңін талдау — күрделі дүние. Себебі, теңеудің, поэтикалық тіл, тропа, фигуралардың небір үйлесімді, әдемі түрлері осы өлеңде тамаша орын тапқан, өлең — қазақ поэзиясының алтын қорын жарқырататын, қала берсе, әлемдік мән-мағынасы бар кесек туынды. Ол туралы Абайтану ғылымына ат салысып жүрген ғалымдардың барлығы да

пікір білдірген, талдау жасаған. Мұғалім өлеңге кіріспе сөз айтып, түсіндірмелі оқу, мәнерлеп оқу арқылы алғашқы жұмысты жүргізгеннен кейін, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Сүйіншәлиев, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев еңбектерінің негізінде құрастырылған шағын әдеби монтажға сөз беруге болады (алдын ала оқушылармен бірге дайындау керек).

Ү л г і:

1-б а л а.

„Қансонарда“ өлеңінде табиғат көріністерін, өз сезімін және аңшылықтың қызулы, қызғылықты сәттерін сипаттағанда, Абай өзінің жаңаша қалыптасқан ақындық мәдениетін танытады. Осы өлең — зор мәдениетті, ірі суретші тудырған шығарма. Көз алдымызға қар басқан елсіз таудың тұрғысы, қансонар күнгі оның болмыс күйін елестетеді. Оның қазақ даласындағы аңшылар ғана жүретін жым-жырт таудың елең-алаңдағы тыныштық шағын беруден бастайды.

М.Әуезов. „А.Құнанбаев“ (монография, 105-бет).

2-б а л а.

Шығарманың өзі сюжетті, оқиғалы поэма үлгісінде жазылмаса да, бар өлең бастан-аяқ динамикалық суреттерден құралады. Өлеңнің ішінде сәт сайын құбылған толып жатқан өзгеріс, қимылдар бар. Анық жақсы сонар қардың ел жатқанша жауып тоқтаған күнінде болады. Бұнда түлкі көбірек кездеседі. Жортуылы да ұзақ сонардай шексіз алыс болмайды. Аңшылықтың қызығы мол. Астында жақсы мықты ат болу керек, үстінде ыңғайлы, ықшам киім, қасында тату жолдас — барлығы да аңшылықтың әрі шарты, әрі қызықты шындығы.

(107-бет).

3-б а л а.

„Сонар“, „Қағушы“, „Қайтқан із“, „Бүркіттің қайқаң қағып аспанға шығуы“, „Түлкінің көре тұра қалуы“, „үйірімен үш тоғыз десу“ — бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны теңеуді табады. „Қар — аппақ“, „бүркіт — қара“, „түлкі — қызыл“ дей келіп, қайнаған

қимылдарды ұяң сұрудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай.

(107-бет).

Бұл тек М.Әуезовтің „Абай Құнанбаев“ атты монографиясынан ғана жасалған монтаж, ары қарай бұл монтажды басқа да ғалымдар еңбегінен алынған үзінділер бойынша жалғастыруға болады. Осы әдеби монтаждың тиімділігі неде? Біріншіден, қарасөз жаттауға дағдыланады, зерттеу еңбектеріне, шығармашылық жұмыстарға икемделеді.

Екіншіден, „Қансонар“ деген не, аңшылық, саятшылық деген не, оның дала халқының әдет-салтындағы маңызын түсінеді.

Үшіншіден, өлеңнің мән-мағынасы, қасиеті, көркемдік ерекшелігіне көз жүгіртеді, білімді тереңірек алады.

Е с к е р т у: Жаттату міндеті түрде емес, мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу ретінде де жүргізуге болады. Еңбектің 106-бетінде сонар туралы тамаша түсінік беріледі, яғни „ұзақ сонар“, „келте сонар“, „қансонар“ туралы. Мұғалім өзінің кіріспе сөзінде оны мәнерлеп, түсіндірмелі оқу арқылы оқушыға жеткізсе, ол өте тиімді әдіс болар еді. Оқушылардың әдеби сөздік қоры молаяр еді. Зерттеу еңбектерін тиімді пайдалана білудің әдіс-тәсілдерін көп шығармашылықпен еңбек ететін мұғалім, әсіресе, әдебиетті тереңдетіп оқыту проблемасымен айналысып жүрген мұғалім үшін білім беруде зерттеу еңбектеріне жүгіну, оларға сүйену, оларды тиімді әдіс-тәсілмен жүйелі түрде жүргізудің маңызы зор. Зерттеу еңбектерін жинақтау оны үнемі газет-журнал, шығып жатқан басылымдар арқылы толтырып отыру да үлкен жұмыс. Көпшілік мұғалімдер әр ақын-жазушыға, тіпті оның бағдарламада берілген әр тақырыптағы шығармаларына бір-бір папкі арнап қояды. Сол папкілердің ішіне тақырыбы бойынша жинақталған материалдарды қоса салып отыру өте тиімді. Папкінің алғашқы бетіне (ішіндегі 1-беті) қалташа жасап, ішіне материалдар тізімін жазып, салып қою керек. Папкілерді нөмірлеп қою керегінде оны тез табуға жәрдемдеседі, әрі күнделікті жұмыста қолайлы болып келеді.

Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту

Мектептегі әдебиет теориясынан берілетін білім көркем шығарма табиғатын танудың құралы, қілті болып есептеледі. Одан білім беру жеке қарастырылмайды, ол көркем шығармамен тығыз байланыста, оны оқып-үйрену кезінде қалыптасады. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптарына, онда оқылатын көркем шығармалардың сипатына қарай, берілетін білім мөлшері белгіленген. Оқушыларда оқылатын материалдар ерекшелігіне байланысты әдебиет теориясы ұғымдарына түсінік беріліп отырады. Мысалы, „мысал“ жанрынан берілген шығармадан кейін „мысал“ деген не, оның негізгі сипаттамалары туралы анықтамалар беріледі. Сонымен, мектепте оқушыларға берілетін әдеби-теориялық ұғымдар жүйелі түрде, көркем шығармамен тығыз байланыста, оның негізгі ерекшеліктерін танытатын құралдар ретінде, әдебиеттанудың маңызды бір саласы дәрежесінде үзбей оқытылады. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін көркем әдебиет әлемін түсіне білу, талдай білуде практикада пайдалануға машықтандыру — оны оқытудың басты міндеттерінің бірі. Оқу бағдарламасы, сол бойынша жасалған оқулықтарды парақтай отырып, әрі осы сыныптардағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқылатын көркем туындылардың құрамына қарай отырып, әр сынып бойынша төмендегі жүйеде әдеби-теориялық ұғым беруге болады деп есептейміз:

I. 5-с ы н ы п.

1. Халық ауыз әдебиеті туралы қысқаша түсінік. Әдебиет туралы кіріспе әңгіме.
2. Ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары: мақал, мәтел, жұмбақтар, батырлар жыры, қиял-ғажайып ертегілер, әдеби ертегілер туралы алғашқы ұғым.
3. Мысал жанры. Әдебиеттегі дәстүр туралы, аударма туралы алғашқы түсінік.
4. Өлең, оның өзіндік ерекшелігі, құрылысы жайында кіріспе әңгіме.
5. Әңгіме жанры. Сюжет, эпизод туралы сөз.
6. Әдеби кейіпкерлер, олардың портреті туралы.
7. Лирика, табиғат лирикасы туралы алғашқы ұғым.
8. Гипербола, эпитет, теңеу, кейіптеу туралы түсінік.

200

9. Көркем шығарманың тақырыбы туралы алғашқы әңгіме.

10. Монолог, повесть, баллада туралы алғашқы ұғым.

II. 6-с ы н ы п.

1. Шыншы ертегілер, аңыз, әңгімелер, жаңылтпаштар туралы түсінік.
2. Өлең құрылысы, ұйқас түрлерінен хабар беру.
3. Суреттеу, баяндау, әңгімелеу, композиция туралы түсініктерін кеңейту.
4. Өмірбаяндық әңгіме жанры туралы алғашқы ұғым.
5. Сюжетті өлеңдер туралы түсінік. Лирика туралы алғашқы ұғым.
6. Теңеу, эпитет, метафора туралы төменгі сыныпта алған білімдерін толықтыру.

III. 7-с ы н ы п.

1. Батырлар жыры туралы ұғымдарын тереңдету.
2. Оптимизм, романтика, риторикалық сұрақтар, аллитерация, ассонанс туралы түсінік.
3. Табиғат лирикасы туралы білімдерін тереңдету.
4. Ирония, сатира, эпитеттің ұлғайған түрі, антитеза жайында хабар беру.
5. Әдеби бағыттар. Реализм туралы алғашқы ұғымдар.
6. Публицистика жанры, көркем шығарма тілі, поэтикалық тіл туралы түсінік.
7. Суреттеу, баяндау, әңгімелеу жайындағы білімдерін жетілдіру.
8. „Суреткер ақын“, „Лирик ақын“ ұғымына түсінік беру.

IV. 8-с ы н ы п.

1. Поэма туралы ұғымдарын тереңдету.
2. Сюжет, композиция, көркем шығарма, тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту.
3. Тип, прототип туралы алғашқы ұғым.
4. Ұйқас түрлері туралы түсініктерін кеңейту.
5. Шешендік сұрау, шешендік лептеулер, анафора мен эпифора туралы ұғым.
6. Драмалық шығармалар туралы алғашқы түсінік.

V. 9-с ы н ы п.

1. Фольклор туралы түсінік. Аңыз-әңгімелер, шешендікке құрылған аңыздар, эпостық, лиро-эпостық жырлар туралы түсініктерін кеңейту.

201

2. Гипербола, тұрақты эпитет, әдебиеттегі типтілік жайындағы білімдерін тереңдету.
3. Айтыс, импровизация туралы түсінік.
4. Жыршы, жырау, ақын, толғау, афоризм туралы ұғымдарын қалыптастыру.
5. Дәстүр мен жаңашылдық, реализм, романтизм, әдеби бағыттар, әдеби ағымдар жайында хабар беру.
6. Тропа, фигуралардан бұрынғы сыныптарда алған білімдерін тереңдету (ассонанс, аллитерация, эпитет, метафора, антитеза, әдеби шығармалардың көркем тілі).
7. Поэзиядағы оптимистік сарын, элегиялық сарын, әдеби характер, әдеби тип, лирикалық шегіністер туралы ұғым.
8. Сын-зерттеу еңбектері, сценарий, либретто туралы алғашқы ұғымдар беру.

VI. 10-с ы н ы п.

1. Әдебиеттегі демократтық, ағартушылық бағыт, сыншыл реализм.
2. Эпистолярлық жанр, публицистика, ғылыми мақалалар туралы түсінік.
3. Шоқантану, Абайтану, фольклорист, азамат ақын туралы ұғым.
4. Аударма, мысал жанры туралы түсініктерін кеңейту түрлері, соның ішінде шығыстың „Назира“ үлгісі.
5. Саяси-әлеуметтік, махаббат, достық, философиялық, элегиялық, азаматтық лирикалар, жалпы лирика түрлері жайында әңгіме.
6. Әдебиеттің халықтығы, жаңашылдық, ақын-жазушы стилі, әдеби тіл, кейіпкер тілі, философиялық трактаттар, қарасөздер туралы түсінік.
7. Роман жанры, өлеңмен жазылған роман, өмірбаяндық романдар, журналистика, естеліктер, романтикалық поэма, әдебиет теориясы туралы очерк, фельетон жайындағы ұғымдарын тереңдету.
8. Әнші-ақын-композитор туралы, психолог ақын жайында әңгіме.
9. Лирикалық кейіпкер, типтік бейне, сатира, аллегория, сюжеттік өлеңдер туралы түсініктерін кеңейту.
10. Ұйқас түрлері, өлең құрылысындағы жаңашылдық (Абай шығармашылығы) туралы ұғым.

VII. 11-с ы н ы п.

1. Төңкерістен кейінгі әдеби ағымдар (символизм, футуризм, т.б.).
 2. Поэтикалық әдебиет және социалистік реализм туралы (ұтымды, ұтымсыз жағы).
 3. Новелла, баллада, эпопея, тарихи романдар, драматургиядағы тартыс пен характер, трагедия, комедия жанры, суреткердің даралық стилі, шеберлігі, лиро-эпикалық поэмалар, трагедиялық образдар жайында түсінік.
 4. Тип, прототип, көркем шығармадағы деталь, штрих, псевдоним, очерк, фельетон, роман жанрындағы сюжет пен композиция, қарасөзбен жазылған поэма, тарихи тақырыптар, ұлттық тақырыптар, әдебиеттер достығы, халықтық сипаты, дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарын кеңейту.
 5. Портрет-эссе, роман-диалог, трилогия, деректі әңгімелер жайында әңгіме.
 6. Әдебиеттегі көркем шындық, тарихи шындық, көркем бейне, стиль мен әдістер, авторлық тұжырым, әдебиеттің тегі мен түрі, өлең құрылысы, өлшемі туралы бұрынғы білімдерін кеңейту.
- Е с к е р т у:** Бұл мәселелердің біршамасы оқу бағдарламасында да берілген.

Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жолдары

Қай сыныпта болмасын, әдеби-теориялық ұғымдар көркем шығарма негізінде, онымен тығыз байланыста түсіндіріледі. Мысалы, 5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілерінен „Керқұла атты Кеңдебай“ ертегісі беріледі. Мұғалім ертегіні оқыту үшін, сабақ дайындығы кезінде осы шығармаға байланысты қандай әдеби-теориялық ұғым беру керек, оны қандай әдіс-тәсілдермен оқушы санасына жеткізеді — соны ойластырады.

I. „Керқұла атты Кеңдебай“ ертегісін оқыта отырып, мынадай әдеби-теориялық ұғым беріледі:

1. Фольклор, ауыз әдебиеті туралы алғашқы қарапайым түсінік.
2. Ертегілер, оның ішінде қиял-ғажайып ертегілер жайында әңгіме.

3. Ертегі оқиғалары, сюжет, эпизод, кейіпкерлері туралы алғашқы ұғым.

4. Әсірелеу туралы түсінік.

Енді осы әдеби-теориялық ұғымдарды сабақтың қай кезеңінде беру тиімді — соған тоқтайық. Фольклор, ауыз әдебиеті, ертегі туралы жалпы ұғымды ертегіні бастайтын алғашқы сабақта, кіріспеде берген жөн. Бүгін өткелі отырған „Керқұла атты Кендебайдың” ертегі екендігін, ертегі деген „ерте-ерте ертеде” болған дүниелерді қарасөзбен баяндайтынын, халық ерте кезде, жазу-сызу жоқта оны ауызша шығарғанын, сондықтан ол ауыз әдебиетінің үлгісіне жататынын, ауыз әдебиеті деген ауызша шығарылып, ауызша таралып, халықтық сипат алған ертегілер, аңыздар, батырлар жыры екендігін қарапайым тілмен, түсінікті, тұжырымды етіп әңгімелеу керек. Ертегіні талдау барысында мұғалім басты-басты оқиғаларға тоқталады, балалармен бірге отырып, жоспар жасайды, оқиғаларға ат қояды. Мысалы, ол тапсырма былай орындалады:

„Керқұла атты Кендебай” ертегісіндегі басты оқиғалар:

1-оқиға. Кендебайдың тууы, алып болып, тез өсуі.

2-оқиға. Кендебайдың Көкжалды өлтіруі.

3-оқиға. Еркек құлынды үйге әкеп асырауы. Одан Керқұла аттың өсуі.

4-оқиға. Керқұламен аң аулауы. Халықты асырауы, атының әлемге таралуы.

5-оқиға. Жетім балаға кездесуі. Жетімнің басынан өткендері.

6-оқиға. Керқұла атқа тіл бітуі, ақыл беруі.

7-оқиға. Кендебайдың сапарға аттануы.

8-оқиға. Кендебайдың аралға тап болуы.

9-оқиға. Хан жарлығы. Екі баласына берген тапсырмасы.

10-оқиға. Күзеттегі оқиға. Хан тапсырмасының орындалмауы.

11-оқиға. Кендебайдың алтын құйрықты қолға түсіруі.

12-оқиға. Кендебайдың дәулермен соғысы. Арыстанмен соғысы.

13-оқиға. Құлынды тауып, ханға оралуы, өтініші.

14-оқиға. Ханның жаңа шарты.

15-оқиға. Хан шартын орындап, жетімді де, халқын да бақытқа бөлеуі.

Осы мәселелерді кесте-плакатқа жазып, ертегіні талдауда оны көмекші, әрі көрнекілік ретінде пайдалану да тиімді. Мұғалім осыған қарай отырып, оқушыларға оқиға деген не екенін түсіндіреді, ертегілердің оқиғалардан тұратынын әңгімелейді. Енді ертегі деген не, оның қиял-ғажайып түрі қандай болады, содан хабар беру үшін, жоғарыдағы кесте-плакатты назарға ала отырып, оқушыларға төмендегідей сұрақтар қояды, тапсырма орындатады:

1. Балалар, бірінші оқиғаға қараңдар, әр кітаптан оқиғаны еске түсіріңдер. Кендебай туа салысымен, қалай өседі?

2. Кендебайдың алты жасында алып болып өсуі шындыққа сәйкес пе?

3. Керқұла аттың тіл бітіп, сөйлеуі қай оқиғада еді?

4. Биенің алтын құйрықты құлын табуына сенуге бола ма?

5. Жеті басты дәулер, алып арыстандар қиялдан туған ба, әлде ондайлар бар деп есептейсіңдер ме?

Міне, осы сұрақтар талқыланғаннан кейін, мұғалім ертегі жайында, оның қиял-ғажайып түрі туралы қорытынды пікір айтады. Яғни ертегінің халық арманы, қиялынан туатыны, халықтың Кендебай деген алып қамқоршымыз болса, ол халық ұлы боп, халыққа еңбек етсе, жетім-жесірлерге пана болса деп, армандауы, сол арманның қиялға жол ашуы туралы әңгімелейді. Ертегідегі ғажайып, қиялға байланысты оқиғаларды бөліп ала отырып, қиял-ғажайып ертегілер туралы алғашқы түсінік береді. Ертегілердің көпшілігі „Ерте, ерте, ерте екен” деп басталатынына, оның қарасөзбен айтылатынына назар аудартады. Әдеби-теориялық ұғым мұнда оқушылардың өзін қатыстыра, ертегіні талдаумен бірлікте беріліп отыр. Әдеби-теориялық ұғымды берудің ең тиімді әдісі оны көркем туындыдан бөліп алып қарастырмай, бірге беруіне болып табылады.

II. Әдеби-теориялық ұғымдарды берудің келесі бір жолы — салыстырмалы жұмыстар, салыстыру әдістері. Мысалы: осы 5-сыныпта ертегілерден кейін әдеби ертегілер беріледі.

Әдеби ертегінің авторы болатыны;

Оның қара сөзбен де, өлең, поэма түрінде де жазылатыны, халық арасындағы аңыздарды негізге алатыны, соған құрылуы.

Әдеби ертегінің ауыз әдебиетіндегі ертегімен үндестігі:

а) Оқиғаларының қиял-ғажайыпқа құрылуы.

ә) Ертегідегі халық арманы, қиялы.

б) Әдеби ертегілерде жан-жануарлардың қатысуы. Әділдіктің, халықтың жеңуі.

Ал осы үндестік пен айырмашылықты, әдеби ертегінің өзіне тән қасиеттері туралы ұғымды оларды оқыту процесінде, салыстыру арқылы беру керек. Мысалы, Ә.Тәжібаевтың „Толағай” туралы аңыз-ертегісін оқып, талдап болған соң, әдеби-теориялық ұғым беру мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

1. Балалар, „Керқұла атты Кеңдебайдың” авторы бар ма?

2. Авторы неге жоқ?

3. Ал „Толағайды” кім жазған екен? Ол туралы біз не деп едік?

4. Енді осы екі ертегіні салыстырайық.

а) Екеуінде қандай қиял-ғажайып оқиғалар бар? Қысқаша айтып беріңдер.

ә) Кеңдебай мен Толағайдың мінездерінде, іс-әрекеттерінде қандай ұқсастық бар?

б) Екеуіндегі әсірелеуді кітаптан тауып, оқып беріңдер.

5. Ал енді, балалар, сонымен әдеби ертегілер деп біз қандай ертегілерді айтады екенбіз? Оның халық ертегілерінен басты-басты айырмашылықтары мен ұқсастығы туралы ұқсандарыңды айтып беріңдер. Ары қарай балалармен біріге отырып, әдеби ертегі туралы әдеби-теориялық ұғым жинақталады. Мұғалім қорытынды, толықтыру жүргізеді, басқа да мысалдар келтіреді. Әдеби, теориялық ұғым берудің тиімді бір жолы салыстырмалы жұмыстар болып табылады.

Әдеби-теориялық ұғымдар берудің маңызды бір саласы — әдебиеттің көркемдігі, тропа, фигуралар туралы білім беру. Бұл жұмыс көбінде көркем шығарма тіліне, поэзиялық шығармаларға поэтикалық талдау жасау арқылы, яғни практикалық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Мысалы, осы 5-сыныпта Абайдың „Қыс”, „Күз” атты пейзаждық лирикалары беріледі. Талдау барысында оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдарды да қалыптастыру көзделеді. Ол, біріншіден, лирика туралы алғашқы, қарапайым түсінік, екіншіден, өлең құбылысы, тармағы, ұйқасы туралы алғашқы ұғым беру, үшіншіден, өлеңнің

көркемдеу құралдары, бейнелеуші сөздер — теңеу, эпитет, кейіптеу, метафора туралы сөз қозғау болып табылады. Бұны сұрақ-жауап, поэтикалық талдау, кітаппен жұмыс арқылы жүргізуге болады.

1. Балалар, „Күз”, „Қыс” өлеңдерінде қызықты оқиғалар бар ма?

2. Жауап: Жоқ...

Кәне, өлеңге үңіліңдерші: „Күз”, „Қыс” суреті қандай сөздермен берілген?

Жауап: „Сұр бұлт”, дымқыл тұман”, „ақ киімді, ақ сақалды”, „кәрі құда...” (тағы басқа мысалдар келтіреді).

3. Ақын „Қысты” кім бейнесінде көрсетіп отыр, оның іс-әрекетін теріп оқы. (Бұрадай бұрқ-сарқ етуі.)

4. Күз айын көздеріңе елестетіңдерші. Абайдың күзді суреттейтін сөздері шындыққа сәйкес алынған ба?

Яғни ақын суреттеген „түсі суық бұлт”, „жапырағынан айырылған ағаш-қурайлар” бүгінгі күзде кездесе ме?

Осындай әңгімелесу жұмысынан кейін мұғалім оқушылар пікірін толықтырып, әрі қарай поэтикалық талдау жасайды. Ең алдымен лирикалық өлеңдердің шәғын болып келуін, онда оқиға болмайтынын, ақын сезімі табиғаты, не жазып отырған дүниесін өзі қалай түсінеді, қалай қабылдайды, сол арқылы беретінін айтады. Тіпті, осы күз, қыс туралы басқа да бір-екі ақынның өлеңдерін оқып, олардың Абай күзі, қысынан айырмашылығына тоқталуға болады (яғни бейнелі, образды сөздері, суреттеу айшықтарындағы айырмашылық). Ары қарай поэтикалық талдау жасап, эпитет, теңеу, кейіптеу туралы түсінік беріледі. Өлеңнен нақты мысалдар келтіреді. Олардың күз, қыс суретін көрсетудегі орны дәлелді түрде түсіндірілуі керек. Мысалы, қыс көріністерін „сұр бұлт”, „дымқыл тұман” деген эпитеттер бере алмайтынын, немесе, күз суретін „кәрі құдаң — қыс келіп” деген сөздердің бере алмайтынын түсіндіре кетудің маңызы зор. Өлеңдердің құрылысы, ұйқасы туралы да ерекше тоқталу керек.

„Күз” өлеңінің құрылысы.

Ү л г і:

Сұр бұлт (түсі суық) қаптайды аспан / а
Күз болып (дымқыл тұман) жерді басқан / а
Білмеймін (тоңғаны ма), тойғаны ма, / б
Жылақы ойнап, (бие қашқан) тай жарысқан / а

1. Ұйқас түрі — қара өлең ұйқасы.
2. 11 буынды өлең.
3. Өлеңнің әр шумағы 4 жолдан тұрады.
4. Әр тармағы үш бунақтан тұрады.

Осы өлеңдерді бұрын өтіп кеткен Махамбеттің „Соғыс“ өлеңімен салыстыруға болады. Осы үлгіде, құрылысына қарай талдап, мына ерекшеліктерін бөліп алып, балалар назарына ұсыну керек. Яғни өлеңнің 7—8 буынды шұбыртпалы ұйқаспен, ауыз әдебиетіндегі жыр үлгісімен келетінін түсіндірген дұрыс. Мұндағы басты мақсат — „өлең“ туралы жалпы теориялық ұғым бере отырып, олардың ұйқасы, шумағы, құрылысы әр түрлі болатынына оқушылардың көзін жеткізу болып табылады. Оқушыларға әдеби-теориялық ұғым беру — өте күрделі, әрі маңызды дүние. Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастырудың ерекше тиімді, „меншікті“ деген әдістемесі жоқ. Ол әр мұғалімнің ізденісі, қабілеті, шеберлігіне байланысты. Өгіліп отырылған көркем шығармамен бірлікте талдау, практикалық жұмыстар, салыстырулар, көрнекіліктер арқылы меңгерту — тиімді жолдардың бірі ғана.

Төмендегі әдеби-теориялық ұғымдар берудің бір жолы — іздендіруге негізделген топтық жұмыстар үлгісі беріліп отыр. Топтық жұмыстар мақсаты — алған теориялық білімдерін практикада пайдалана білу, әдеби-теориялық білімдерін бекіту, пысықтау.

Абай өлеңдерінің құрылысы. 10-сынып.

Мақсат: Топ оқушыларға Абайдың қазақ өлеңдеріне (құрылысына) кіргізген жаңалықтарын сараптайды. Ол жаңалықтардың қайнар көзі туралы пікірлерін ортаға салады.

1-топ. (Салыстырмалы жұмыс).

Мына салыстырмалы кесте арқылы, Абайдың қазақтың байырғы өлең түрлерінің негізінде қазақ өлеңдерінің құрылысына енгізген жаңалығын дәлелдеу.

Ескерту: Толықтырылған түрі қабілеті „орташадан төмен“ оқушыларға беріледі (бірінші бөлімі ғана).

Негізгі мәселелер	„Елім-ай“ өлеңі	„Көзімнің қарасы“
1. Ұйқас түрлері, ұйқас тармақтары	Қара өлең ұйқасы	Қара өлең ұйқасы
2. Өлең бунақтары	7 4	3 3
	8 4	4 3

3. Өлең буыны	2 буынды қара өлең	6 буынды қара өлең
4. Шумақтары	Әр шумағы 4 тармақтан тұрады	Әр шумағы 4 тармақтан тұрады.
5. Ақын жаңалығы		2 буынды қара өлеңге 6 буынды кіргізу.

2-топ.

Абайдың қазақ өлеңдеріне енгізген жаңалығын бір өлеңі арқылы дәлелде. Мына бағананы басшылыққа ал:

Өлеңнің аты	бунағы	буыны	шумақ түрлері	өлең құрылысы	Өлең идеясының сонылығы	Форма мен мазмұн бірлігі
-------------	--------	-------	---------------	---------------	-------------------------	--------------------------

3-топ.

Абайды зерттеуші ғалымдар еңбегі бойынша ақын жаңалықтарындағы орыс поэзиясының әсеріне тоқталу. (Негізгі мәселелерді жоспар-тезис ретінде белгілеп алу.)

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер:

1. С.Мұқанов. „Жарқын жұлдыздар“ (Абай бөлімі).

2. М.Әуезов. „Абай Құнанбаев“ (430—432-беттері) атты монографиясы.

4-топ. (Салыстырмалы талдау).

Абайдың қазақтың өлең ұйқастарына енгізген жаңалықтарын ақын өлеңдері арқылы дәлелде, Бұхар жырау өлеңдерімен салыстыр (өзіңе ұнаған өлеңдерді ал).

Өлең құрылысы	Бұхар жырау	Абай	Абай енгізген жаңалықтар
1. Ұйқас түрлері			
2. Шумағы			
3. Тармағы			
4. Бунағы			
5. Буыны			

Үй тапсырмасын беру және бала білімін есепке алу жолдары

Үй тапсырмалары бірнеше мақсатта беріледі:

а) сыныпта алған білімдерін бекіту;

ә) сыныпта алған білімдерін қосымша материалдар арқылы байыту, молайту;

б) шығармашылық бағыттағы тапсырмалар арқылы қабілеті, дарыны, талантын дамыту, оған әсер ету;

в) алдын ала берілетін тапсырмалар арқылы оқушыларды жаңа сабаққа дайындау (мысалы, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерін бастамас бұрын, алдын ала оның бірнеше шығармасын оқып келу тапсырылады).

Үй тапсырмасының қандай түрі болмасын, мұғалім даралап (дифференциалдап) оқыту принциптерін басшылыққа алуы тиіс.

Мысалы, бір тақырып айналасында берілетін тапсырма әр түрлі болуы мүмкін. І.Жансүгіровтің „Құлагер“ поэмасын талдау барысында қабілеті „жоғары“ оқушыларға: Құлагер аттың сынын (Күреңбай сыншы берген) Абайдың „Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлағымен“ салыстыру, сол бойынша „Қай ақын жүйрік атты шебер сипаттай білген?“ деген проблемалық сұрақ айналасында пікір таласына дайындалу тапсырылса, қабілеті „жақсы“ оқушыға: „Сәкеннің Көкшетауы мен Лиястың Көкшетау суреттерін салыстыру“, сол арқылы екі ақындағы ұқсастық, өзіндік ерекшеліктерді саралау; қабілеті „орташа“, „орташадан төмен“ оқушыларға оқулықтағы талдаулар, сондай-ақ өздеріне ұнаған өлең үзінділерін жаттау, соған талдау жасау тапсырылады. (Көкше көріністері, Құлагер сипатын жаттау.)

Үй тапсырмасын беру оқылып жатқан тақырыптың ауыр, жеңілдігіне де байланысты болады. Мұғалім оған кететін уақытты мөлшерлейді, сондай-ақ басқа пәндердің тапсырмасын да ескеріп отырғаны жөн. Мысалы, математикада бақылау болатын, орыс әдебиетінен жазба жұмыстары алынатын күндерге орындалуы күрделі, уақыт көп кететін тапсырмалар беруден бас тартқан жөн. Не сондай тапсырмаларды міндетті түрде сол мерзімде беру керек болса, мұғалімдермен сөйлесіп, бақылау жұмыстарын басқа күнге ауыстыру жөнінде келіскен жөн.

Үй тапсырмасын түсіндіріп беру, үлгі, көмек көрсету оның жемісті орындалуына үлкен әсер етеді. Әсіресе, қабілеті „орташадан төмен“ оқушыға мұғалім үнемі көмек көрсетіп, „көмек-нұсқау“ беріп отыруы керек. Мысалы, „Абай жолы“ эпопеясын оқу, әсіресе, кейіпкерлер іс-әрекетін талдау — аса күрделі. Мәселен, кейіпкерлер іс-әрекетін талдауда міндетті түрде көркем туындыға жүгіну керек. Ал „Абай жолындай“ төрт томдық эпопея ішінен Абайдың не Құнанбайдың іс-

әрекетіне мысалдар келтіру сондай күрделі шаруа екені айтпай-ақ, түсінікті. Осы мәселеден тіпті барлық оқушыларға да көмек керек.

Үй тапсырмаларының түрлері

1. Оқулық бойынша берілетін тапсырмаларға мыналар жатады:

- а) Тақырып бойынша сұрақтарға жауап.
- ә) Тақырыптарды оқу, мазмұндау.
- б) Тақырыптың ең негізгі, түйінді дәнін бөліп ала білу.
- в) Тезис конспекті жасау.
- г) Өз беттерімен тақырып материалдарына сұрақтар әзірлеу.

2. Көркем мәтін, көркем туынды бойынша:

- а) Сюжеттік, композициялық жоспар жасау.
- ә) Аннотация жазу.
- б) Поэтикалық талдау жасау (көркем компоненттеріне).
- в) Жазушы тілі, стиліне талдау.
- г) Кейіпкерлердің сөйлеу тілі, іс-әрекетінен мысалдар алу, оны жауаптарында, не шығармаларында пайдалану.
- д) Негізгі оқиғаларды сұрыптап ала білу, сол бойынша мазмұндау, не образдардың іс-әрекетін ашу.

Бұл тәсіл, әсіресе, көлемді шығармаларды оқуда пайдалы. Мысалы, 4 томдық „Абай жолы“, оның барлық оқиғаларын есте ұстау — өте қиын. Сондықтан әр кітаптың ең негізгі, басты оқиғаларын сұрыптап ала білудің маңызы зор. Мұғалім көмегімен ол тапсырма былай орындалады:

М.Әуезов. „Абай жолы“, 1-кітап
(үлгі)

Тараулар	Басты оқиғалар
„Қайтқанда“	<ul style="list-style-type: none"> а) Абай оқудан елге қайтады. Сүйікті аналарымен қауышады. ә) Қодар мен Қамқаны өлім жазасына бұйыру және азаптап өлтіру. б) Сұмдықтан шошынған Абайдың қатты ауырып қалуы в) Балта ақынның Абай аулына келуі, оның жас балаға әсері.

Образдарды талдауда мәтінмен жұмыс оның алтын қазығындай. Мысалдар келтірейік: Әйелдер бейнесін талдауда Ұлжан бейнесі бойынша оқушылар алдында маңызды бір мәселе тұрады. Ол — „Ұлжан бақытты әйел ме, әлде оның басында да әділетсіз заманның мұңы бар ма?“ деген сұрақ. Осы проблеманы шешу үшін, мәтінге жүгіну керек.

Немесе Абай мен Ділда арасын ашып көрсету үшін де мынадай жұмыс жүргізуге болады (мәтінмен жұмыс).

Е с к е р т у: Бұл тапсырмаларды орындау үшін, мұғалім

Тарауы	Басты оқиға	Ұлжанның іс-әрекеті
„Жолда“	Смағұл мен Оспан асыққа таласады. Абайдың араша түсуі. Айғыздың айғайы.	А й ғ ы з: Тоқал демексің ғой, мүйіздемексің ғой бірігіп ап... көрермін, келсін ертен... Ұ л ж а н: Қой, жарықтығым, жетті енді! Сақтағаным балалар еді! Олар екеш оларды да аямағаның ба? Бар! Айтқаныңды қумаймын. Тек ашуыңды аулақ әкет! Болды. Бар... А б а й: Апа-ай! Осы бір кеселді мінез кіші апамнан неге көп шыға береді? Ұ л ж а н: Балам-ай, күндестің аты күндес те! Қу жараны жалап жазған боламыз да. Әйтпесе менің де қай сырымды біліңсің!

осындай мысал арқылы көмек береді, ары қарай оқушы мәтіннен өздері тауып, толтырады. Мысалы, осы „Абай жолы“ эпопеясындағы әкелер мен балалар проблемасының айналасында мынадай салыстырмалы тапсырмалар беруге болады. Бұл тапсырмаларды да орындау үшін көмек-нұсқау, үлгі беріледі. Тапсырманың маңызы сол — ол, бір жағынан, зерттеу, іздену бағытында берілсе, екіншіден, нақты мысал арқылы, көркем мәтін арқылы оқушыларды проблеманы шешуге жұмылдырады.

Бөлімдер	Ділда туралы Абайдың пікірі	Бөлімдер	Абай туралы Ділданың пікірі
„Жайлауда“	Майбасарға былай дейді:		Ал, Әйгерім! Мен байдан баяғыда күдер

— Ділдаға менің керегім жоқ. Ол маған кек пен ызадан басқа көңілден ажыраған... Ол балаларымның анасы — жақсы анасы болса, жақын досым. Оған қанағат қылмаса, бетінен жарылқасын! Жолы болсын. Сөз осы-ақ.	үзген кісімін. Опасыз Абай екеуімізге қора салғызып, жапан түзге жатақ қып тастап, қарасын үзіп кеткені анау. Ала жаздай қалада тегін жатқан жоқ шығарсың деп едім, аяғы, міне, осы болды. Жолы болмағырадың... Е с к е р т у: Салтанат пен Абай арасына байланысты.
--	---

Әбіш — Абай

Әбіш	Абай
— Дәл осы Ералы, Ақшоқыға келіп, школ салдырып, сонда мына атыраптың бар баласын орысша оқытуға кіріссем деп жүрмін. Анығында мен Оспан ағама арнаған малды жұмсап, жатақ ортасына школ сала берсе деген ойды ойлап ем, осыған дәлбиыл бекініп жүрмін, бұған не дер едіңіз?..)	— Бұған менің алғыстан басқа айтарым бар ма, Әбіш! Міне, сен өрісінді тауып, жолыңды аштың... Енді қалған оқу да, одан арғы талап та осы ниетіңе жетектесін. Сен еліңе келіп, мынау жатақтардай көп елдің малшы-жалшы нашарларынан өнерлі, қайратты азамат өсіріп шығарсаң, өз басың түгіл, атаң менің де халық алдындағы көп қарызымды өтемес пе ең? Осы елдің жас буынына сен ұстаз боп, тағлым айтып отырсаң, мен арманы бар әке болам ба?

2. Ғылыми еңбектер, қосымша материалдар бойынша берілетін тапсырмалар:

- а) конспект жасау;
- ә) дәйексөз алу;
- б) ең басты мәселелерін тезис ретінде сұрыптап ала білу;
- в) хабарламалар жасау;
- г) жауаптарында, жазба жұмыстарда пайдалану;
- д) оқулық пікірі мен ғылыми еңбектегі пікірлерді салыстыру немесе бір тақырып айналасындағы бірнеше ғалымдар пікірін, талдауын салыстыру, оған өзіндік пікір

айта білу, өзіне кімнің пікірі жақын, соны біліп алып, оның неге ұнағанын дәлелдеу. Мысал берейік:

Абайдың табиғат лирикасына қатысты тапсырма мына үлгіде орындалады.:

М.Әуезовтің пікірі „А.Құнанбаев“ атты монографиядан.	К.Жұмалиев. „XVIII-XIX ғасырлар әдебиеті“ (Абай бөлімі).	Х.Сүйіншәлиев. „Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері“ (Абай бөлімі).	Өз пікірім
--	--	---	------------

Е с к е р т у: Мұғалім еңбектердің қажетті бетін көрсетіп береді, үлестірме тапсырмалар жазылған үлгісі болса, соны тарадады (еңбектің).

Ғылыми еңбектер бойынша қысқа хабарлама жасауды мына үлгіде орындатуға болады:

„Абай жолы“ эпопеясы бойынша Абайдың орыс достарына арналған сабақта А.М.Әуезованың „М.Әуезов шығармаларындағы Қазақстан тарихының кейбір проблемалары“ атты еңбегінен мынадай топтық тапсырмалар беруге болады. Бұл тапсырмалардың маңызы — эпопея тарихи шығарма. Ондағы оқиғалар, кейіпкерлер өмірден алынған. Ал кейбір кейіпкерлер негізінде көркем ой, типтік, жиынтық белгілер бар. Міне, соны дәлелдеу үшін, осындай тапсырма өте тиімді болып келеді.

1-топ жетекшісінің хабарламасы (183-б.).

Үй тапсырмаларын сұрау мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты сабақтың әр кезеңінде жүзеге асып отырады. Жаңа сабаққа байланысты берілген тапсырмалар сол сабақты түсіндіру кездерінде пайдаланылады. Тапсырмалар кейде тек білімін есепке алу, бағалау жүргізу үшін ғана берілмейді, мұғалімге көмек, жаңа материалды жан-жақты игерту мақсатында да беріледі.

Бағалау. Бағалау нормативі, оған қойылатын талаптар бағдарламада да берілген. Соны басшылыққа алу керек. Бағалау міндетті түрде түсіндірмелі талдау әдісімен беріледі. Бұл, әсіресе, бала білімін ауызша талдауда іске асырылады. Шығарма, мазмұндама сияқты жазба жұмыстардың аяғында пікір беріледі. Қателері жинақталып көрсетіледі. Талдау әдісімен бағалауда оқушылар пікірімен, сыныптың пікірімен есептесіп отырған да жөн. Оқушы өзіне қойылатын бағаға келісе ме, оны да білудің артықтығы жоқ. Кейде оқушыларға өз білімін

өзіне бағалатудың да маңызы зор. Бұл тәсіл оларды әділдікке тәрбиелейді. Өз-өзіне сын көзбен қарауға баулиды. Онда да оқушы бағаны талдау, түсіндіру арқылы қояды. (Соған баулу қажет.) Өз бағасына келіспеген оқушы егер қайта дайындалып келіп, айтайын десе, оған да мүмкіндік беру керек. Баға қоюдағы басты мақсат оқушыға білім берудің негізінен туындамай ма? Баға қоюда мұғалім ерекше әділ болғаны жөн. Қатал талап та, терең талдау да, көрегендік пен мейірім де, тіпті кешірім де бағалау кезінде өте керекті мәселелер. Әсіресе, „орташа“, „төмен“ оқитын, денсаулығы нашар немесе жетім балалар білімін бағалауда мұғалімге педагогикалық әдеп, ерекше ілтипат керек. Әділ, қатал болам деп, үнемі „2“ немесе „3“ қоя беру мұғалімді де, оқушыны да жетістіктерге жеткізбейді. Тамаша ұстаздар „екілікті“ баланы жазалау түрі деп, әлдененің әлсізге жасаған қысастығы деп түсініп, оны қоя беруден бас тартады. Оның орнына нашар оқу себебін анықтайды, көмектеседі, қосымша сабақ өткізеді, өз сабағын барлық оқушыға қызықты етіп өтетін дәрежеде ойластырады. Қазір балаларды қабілеті, ынтасы, икеміне қарай оқыту тәжірибеге мөлінен енуде. Бұл — аса құптайтын мәселе. Мұғалім алдында математикадан қабілетті оқушы отырса немесе әнші, өнерпаз бала отырса, қолы шебер, ісмер бала отырса, оған кешіріммен қарап, үлгерімін жақсарту үшін, ізденген жөн. Баға — тек бала білімінің анықтаушысы емес, ол мұғалім еңбегінің де жемісі, анықтаушысы болып табылады.

Төменде даралап оқытуға негізделген бірнеше көмектер үлгісі беріліп отыр. (М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша.)

1 2

Оқушыларды тіл мәдениетіне, ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу

„Өнер алды — қызыл тіл“, — дейді халқымыз. Мектепте берілетін бүкіл білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту — тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап. Оқушы еңбегін ғылыми түрде ұйымдастырып, осы мәселеге ерекше назар аударып жатқан мектептерде

„Өнер алды — қызыл тіл“ немесе басқа тақырыптарда жасалған стендтерді кездестіруге болады. Олар, бір жағынан, оқушыларға көмекші-нұсқау қызметін атқарса, екінші жағынан, бүкіл мектеп ұжымының назарын басты арнаға, келелі мәселеге аударады.

Ү л г і: „Өнер алды — қызыл тіл“

Кел, жас дос, әдемі де әдепті, сұлу да ойлы сөйлеуге үйренейік.

Әдемі, әдеби сөйлеудің көзді бұлағы — кітап. Олай болса, кітапты жай оқып қоймай, ондағы сөздер, сөйлемдерге назар аудар, есіңе ұста, өзіңнің сөзіңде пайдалан.

Әдемі сөйлеудің келелі, көзді бұлағы халық тілінде:

а) Шешендікке, ақыл-нақылға негізделген даналық сөздерге назар аудар. Ол үшін жыраулар толғаулары, терме жырлар, ауыз әдебиеті үлгілерін көп оқы.

ә) Мақал-мәтелдерді сөздік қорыңа қосып, оларды ұтымды пайдалануға тырыс.

б) „Шешендік қоржынын“ жаса. Бұл қоржыныңа осындай сөздерді жинап, жазба жұмыстарыңа пайдалануға тырыс.

„ — Ең әдемі сөз — аз сөз“ дейді халық. „Көп сөз көмір, аз сөз — алтын“ дегені тағы бар. Мәдениетті, әдемі сөйлеу үшін, көп сөйлеу міндетті емес. Қай жерде болсын, айтарыңды қысқа айтуға тырыс. Сөйлемдерің шұбалаңқы, шашыраңқы болмасын. Мәдениетті сөйлеудің бір жолы — қыстырма сөздерді, жергілікті жерлерде ғана пайдаланатын сөздерді пайдаланбау, „әй, өй“ деп, өзіңді, тыңдаушыны да мазалай беру әбестік болады.

Сөйлеу мәдениеті деген — ең алдымен, әдепсіз, көргенсіз сөздерді қолданбау. Осыған абай бол. Екіншіден, айғайлап, дабырлап, екіленіп сөйлеме.

Пікір таластырып тұрсаң да, сабырлы, басыңқы сөйлеуге тырыс. Басқаны толық тыңда, сөзін бөле берме. Өзің де айтарыңды жинақы етіп жеткіз.

Әрине, бұл нұсқауды оқып, балалардың барлығы әдемі сөйлеп кетеді деген ұғым тумаса керек. Тіл дамыту — әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Ол жүйелі түрде шығармашылық бағытта жүргізіледі.

Оқу бағдарламасында тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінген, бірақ оны тек сол сағаттарда ғана жүргізу керек деп ұқпау керек. Жоғарыда айтылғандай, тіл дамытуға мұғалім әдебиеттің әр сағаты, сыныптан тыс

жұмыстарда үнемі көңіл аударып отырады. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту оқытылып жатқан көркем шығарма негізінде, оның көркем тілін жаңғырту негізінде жүзеге асуы керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем тілін дамыту үшін де басқа пәндермен байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.

Тіл мәдениетіне дағдыландыру, көркем, әдеби тілін жетілдіруде қазақ тілі сабағының орны ерекше. Шебер мұғалім тіл дамытуда осы екі сабақты үндестіріп, бір мақсатқа, бір бағытқа жұмсайды. Қазақ тілі сабағында да тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінеді, әрі әдебиетке бөлінген сағаттардан көп. Міне, осы сағаттарды тиімді пайдаланса, мұғалім оқушылардың көркем тілін қалыптастыруда біршама жұмыстар атқарады. Мысалы, IX сыныпта әдебиет сабағы „Ауыз әдебиетінен“ басталады. Ал қазақ тілінде „Құрмалас сөйлем, оның түрлерін“ оқытады. Құрмаласты оқыту барысында, қайталау жұмысы болсын, тіл дамыту болсын, тіпті бақылау диктант болсын, мұғалім әдебиет сабағымен тығыз байланыстыра алады. Күнделікті үйге тапсырма бергенде, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, жыраулар шығармашылығынан, мақал-мәтелдерден құрмаластарды таптыруға, олардың ауыз әдебиетіндегі маңызы туралы іздендіруге болады. Мұғалімнің өзі де мысалдарын шешендік, даналық сөздерден алып, сол сөздердің мәнін жарқырата ашуда құрмалас сөйлемдерді пайдаланады. Ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры негізінде жасалған безендіру суреттері бойынша қазақ тілінің тіл дамытуға арналған сабағында не күнделікті сабақтарда (ауызша, не жазбаша) шағын шығарма-суреттеме, шығарма-пікір жаздыруға болады.

Шығарма-суреттемелерде мұғалім мақал-мәтел, шешендік сөздерден үлгі-тірек беріп, жұмыстарына пайдалануды ұсынады (әрине, ол үлгілер суреттерге сәйкес келуі керек).

Мұндай жұмыстарды басқа да тақырыптарда жүргізуге болады.

1. Сын есімдерді, олардың түрлерін оқыту барысында поэзиялық шығармалардан практикалық жұмыстар жүргізудің тиімділігі зор. „Ер Тарғын“ жырындағы Ақжүніс бейнесі (Ақжүністің өзі туралы Қарт Қожаққа айтуы) бойынша сын есімдердің көптеген түрін таптырып, олардың әдеби-теориялық ұғымда эпитет болатындығын, олардың, сын есімдердің, Ақжүніс сұлулығын

көз алдыға келтіріп, портрет жасауда ерекше рөл атқарып тұрғанын дәлелдеу, сөз жоқ, осы екі пәннен балаға білім беріп қана қоймай, көркем тілдерін дамытуға да ықпалын тигізетін жұмыстар болмақ.

а) Тарихтағы Исатай мен ақын жырындағы Исатайды салыстыру. Шешілетін мәселе: „Махамбет жасаған Исатай бейнесіндегі тарихи шындық“.

ә) Исатай бейнесіндегі көркемдегіш, поэтикалық сөздерді тауып, олар өз орнында қолданылып тұр ма, Исатай бейнесін ашудағы орны қандай, — осының айналасында әңгіме қозғау.

б) Бейнелеу өнеріндегі Исатайды (Исатай портреті) тарих, әдебиеттегі Исатаймен салыстыру, өнердің осы екі туындысындағы Исатайдың қайсысы тарихи Исатайға ұқсас?

в) Ауыз әдебиетіндегі батырларды бейнелейтін көркемдегіш сөздер мен Исатай бейнесіндегі образды сөздерді салыстыру. Міне, осы жұмыстардың барлығын ауызша да, жазбаша да жүргізуге болады. Ең тиімдісі — қатар жүргізіп отыру. Кейде мұғалім баланың ауызша айтқанын ізінше қағазға түсіртікізіп отырады. Бұл әдіс тіл дамытудағы ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Сондай-ақ оқушыларға өзің Исатайды қалай сипаттар едің деп те тапсырма беруге болады "Исатай бейнесіндегі фольклорлық дәстүр" туралы да практикалық жұмыс орындатып, Қобыланды, Алпамыс образдарын беретін көркем тілге талдау жасаудың тиімділігі зор.

5. Сабақ үлгілері мен түрлерінде тіл дамыту, сөйлеу мәдениетіне баулу жолдары

Сабақты түрлендіріп өткізу тақырып, сынып ерекшелігіне байланысты болып келеді. Оның үлгілерін іздеу, әсіресе, соңғы кездерде тәжірибеде кеңінен қолдау табуда.

Әсіресе, оқушылардың ауызша тілін, сөйлеу мәдениетін, шеберлігін арттыруда пікірталасы, айтыс сабақтар, баспасөз конференциясы, брифинг, көзқарас сабақтарының маңызы ерекше. Ал жазбаша тіл дамытуда реферат қорғау, конференция, семинар, семинар-сабақ, т.б. сабақтардың орны зор. Мысалы, 8-сыныпта М.Әуезовтің „Қараш-Қараш оқиғасын“ оқып болған соң, қорытынды ретінде „Билер соты“ сабағын өткізуге болады. Сот бас қылмыстылар — Сәлмен мен Жарасбайға

жүргізіледі. Ақтаушы, айыптаушылар, куәлер, билер, төбе билер сайланады. Ең бастысы — балалардың сөздік қоры осы ұғымдармен байиды және бүгіндерде қолданудан шығып қалған, бірақ халқымыздың тарихында, тіліміздің тарихында маңызы бар „төбе би“, „билер тартысы“ деген сөздермен, оның қызметі, мағынасымен таныстырады. Билердің, айыптаушы, ақтаушылардың сөздері мақал-мәтелдерге, термелеп айтатын сөздерге құрылады (мұғалім көмектеседі). Сондай-ақ кімнің сөзі болса да, шығармадан алынады, соны негіз етеді.

Мысалы, куә Бақтығұл сөзінен үзінді: „Қайран Тектім-ай, алпамсадай арысым едің... Кескен теректей құладың ғой, қу жоқшылық бір құлатты, кегің кетті, қуарғылар соққысы мен мазағына ұшыратты, дертке шалдықтырса да, керек десе, қатпа лақ құрлы қалжа да бермеді ғой.“

Жар деген жалғыз қанатым — Тектімді тепкімен өлтірмеп пе едің? Он алты жасымнан отыз алты жасым дейін жиырма жылдың қысында қар төсеніп, мұз жастанып, жалғыз тыным көрмей, күзетінде, жылықның соңында, қораның, шетінде түндер бойы — інім Тектіғұл өтті. Мынау әйелім Қатила саралаетек күң болып, отыңмен кіріп, құлаңмен шықты...”

Мұндағы оқушыға таныс емес қалжа, саралаетек, күң сияқты сөздер көбінде осы кітаптың өзінен алынады. Билер тартысы сабағының тіл дамытудағы маңызы неде? Біріншіден, „Қараш-Қараш оқиғасы“ — тіл жағынан болсын, тақырып ауқымы, көтерген мәселесі жағынан болсын, аса күрделі шығарма. С.Мұқанов: „М.Әуезов өзінің алғашқы шығармаларымен-ақ қазақ прозасын еуропалық проза деңгейіне көтерді“, — деген. Сол алғашқы прозалық шығармаларының бірі — „Қараш-Қараш оқиғасы“. Шығарманы талдауда оқушылар, әрине, мазмұндайды, сұраққа жауап береді, пікірталасын жүргізеді. Бірақ тілі аса бай, портрет, мінездеме, әсіресе, суреттемелерге ерекше толы бұл әңгімені шебер ұстаз оқушыларға тек білімдік мақсатпен ғана оқытпай, әдеби, көркем тілін дамытуға пайдалануы керек. Жалпы, ерекше бір есте ұстайтын мәселе — әдебиет сабағындағы тіл ұстарту жұмыстары сол оқытып жатқан көркем шығарма негізінде, соның тіл ерекшелігі негізінде жүзеге асуы тиіс. Дегенмен, ізденгіш мұғалім тіл дамыту сияқты күрделі мәселелердің де оқушыға жеңіл, қонымды, қызықты әдіс-тәсілдерін ізденеді, әрі тіл да-

мығу тек бір ғана мақсатты — тіл дамытуды ғана көздемейді. Ол белгілі бір білім, ұғым беру негізінде жүзеге асады. Оқушының білімі терең, дүниетанымы, ұғымы кең болса, тілі де бай болады. „Билер соты“ сабағынан оқушы ең әуелі халықтың әдет-дәстүрі туралы түсінік алады (билер, дала соты, т.б.). Екіншіден, сөздік қорлары байиды. Үшіншіден, бұл сабақ таптаурын болған „сұрақ-жауапқа“ негізделген сабақ емес, оның түрі, құрылысы оқушыларды қатты қызықтырады. Жас ерекшелігіне қарай осындай күрделі мәселелерді ойын элементі бар сабақ негізінде меңгереді. Ең бастысы, бұл сабақ құрғақ сөздерге емес, шығарманың өз тіліне құрылады. Оқушыларының кітаби емес сөйлеу дағдысын қалыптастыруға еңбек етеді, әсіресе, Әуезовше сөйлеуге дағдыландырады. Оқушылар кез келген әдеби шығарма бойынша билер тартысы сабағын өтіп отырған жоқ, мұғалім кез келген көркем шығарма негізінде тіл дамыту еңбегін жасап жатқан жоқ, олар Абайдан кейінгі қазақ әдеби тілінің баюына да шығармаларымен ғажайып үлес қосқан Әуезов шығармаларының негізінде жұмыс жүргізіп жатыр. Оқушылардың көркем тілін дамытуда пікір қорғау, әдеби айтыс сабақтарының да орны ерекше (әсіресе, ауызша сөйлеу тілін әдеби таласқа түсетін балалар сылдыр сөйлей бермей, өз ойларын дәлелді түрде жеткізу үшін, ғылыми материалдар, әңгіме болып жатқан көркем шығарманың өзінен нақты мысалдар алып, үзінді дәйектемеге сүйене отырып, сөйлеулері керек. Мысалы, пікірталасы „Абай жолы“ эпопеясындағы әйелдер бейнесіне, соның ішінде „Ұлжан бақытты ана ма?“ деген сұрақ айналасында жүрсе (әрине, бұл пікірталастың бір ғана сұрағы), оқушылар Ұлжанның мына бір сөздерін өз пікіріне қолдануға болады: „Балам-ай, күндестің аты — күндес те! Қу жараны жалап жазған боламыз да. Әйтпесе менің де қай сырымды біліңсің! Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін, „Күндестің күлі күндес“ дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекеңді көрген жерде сәлеміңді бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім пентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол!“

Бұл үзінділер, біріншіден, Ұлжан бейнесін ашуға көмек жасаса, екіншіден, „күндестің аты — күндес“, „күндестің күлі күндес“ деген сияқты бүтін де қолдануда сирек кездесетін сөздерді оқушыларға таныстырады. Тоғжан, Әйгерім т.б. әйелдер бейнесі туралы сөз

қозғағанда, олардың жоғарыдағыдай тек сөйлеу тілі емес, портреті, іс-әрекеттерін сипаттайтын жерлерден де мысал алу тиімді. Себебі, М.Әуезовтің көркем, сұлу тілі әйелдер бейнесіне ерекше үйіліп-төгілген. Жоғарыда айтылып кеткендей, тіл ұстартуы көркем.

Шығарма тілінің негізінде жүргізілсе, соның бір тәсілі — осындай мәтінмен жұмыстар болып табылады. Эпопеядағы әйелдер бейнесін оқытуға практикалық жұмыстар жүргізе отырып, оқушылардың көркем тілін дамыту айналасында еңбектенуге болады. Практикалық жұмыс жазушының әйелдер бейнесін жасаудағы эстетикалық табысы айналасында орындалады. Портреттер бойынша теңеу, эпитеттерді анықтату сияқты жұмыстар істелінеді. Сондай-ақ эпопеяның „Жайлауда“ бөлімінің 324—334-беттері бойынша жазушының тіл көркемдігіне талдау жасату — аса тиімді. Осы он шақты беттерде Әуезов Біржан, Оралбай, Керімбала, Әйгерім, Үмітей, Балбала, Базаралылардың кескін-келбетін көз алдына шебер, небір айшықты сөздермен кестелей әкеледі. Осының алдындағы оқиғалардан жүдеу тартқан сезімнің осы беттерді оқығанда, көктем гүліндей құлпырады, ғажайып бір нұрлы жайлауға тап болғандай боласың. Әуезов жырлаған қуарған сахарадан бір сәт кәусар суын ішіп, сұлулық жұмағына кіргендей сезінесің, сахара да әп-сәтте ұрмаққа айналып жүре береді. Мысалы, Әйгерім әні, оның Абайға, айналасына әсері былай суреттелінеді:

„Ал, бибай, саған айтам игайымды...“

Арғы сөзі Абайдың құлағына кірген жоқ. Барды айтып жатқан сөз емес, әуен мен үн... Көп күміс қоңырау сән тузеп, бір үн сала ма? Әлде нендей ғайып текті ақ қанатты асыл зат көк жүзінде күнге шағылыса ма! Күміс сыбдыр нұр шашып, сырлы аспанға, мәлімсіз сапарға, серікке шақыра ма?! „Берші сараң, сырдаң бойыңды! Түйіліп қалған жүрегін, тартынып қалған, ашымай тығылған жан сырың бар. Ашшы сырыңды! Өрге, өнерге шақырайын бар үніммен. Иықтан басқан зілден, мынау дел-сал күйден өтші! Сонда... сонда осы толқынды торғын желек астындағы жас сұлуғай, жанындағы жарындай, осының нәркес көз, бұлбул нақыс үніндей, ақ тамақ, алғұл жүзіндегі жас жарастық, жарқын өнер төгілер еді өзіңнен! Шықшы іркілмей, бұқлашы баяу! Мені де еліктір, өзің де өрлеп, желікші, желпінші. Мынау нәзік қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалық асыл өнеріңді ашшы!“ дейді жұртқа

қарап шырқаса да, Абайға арнап наз тілек тастап отыр.

Ал осындағы бірде-бір сөзді өзгертуге болмайды. Немесе, Абай қанша Тоғжан бейнесінде қабылдасын, қанша Тоғжанға ұқсатсын, Әйгерім портретіне Тоғжан портретінен бір сөз ауыстыруға бола ма?! Жазушы шеберлігі де, құдіреттілігі де, тілінің көркемділігі де осында жатса керек. Оқушылардың көркем тілін дамыту, ең алдымен, сол өзі оқып жатқан шығарманы үлгі етуден басталу керек. Сабақ түрлері көп. Баланың тілін оның түрлері дамытпайды, сондағы түрлі жұмыстар, яғни тіл ұстартуға арналған әр түрлі жұмыстар дамытады.

Практикалық сабақтар тіл дамыту жұмыстарына қолайлы болып келеді. Мысалы, І.Жансүгіров шығармашылығын оқытып болған соң, қорытынды сабақты ақын поэзиясының тіл көркемдігі, поэтикалық, эстетикалық нәрі, табысы айналасында өтуте болады. Мұндай жұмыстар тек бала білімін тереңдетіп қана қоймай, тілін дамытуға, қазақтың бай тілін меңгертуге, оны бейнелі, образды, көркем түрде пайдалана білуге де жетелейді.

1. „Құлагер“ поэмасындағы Көкше көріністеріне поэтикалық талдау жасата отырып, оны С.Сейфуллиннің „Көкшетау“ поэмасындағы Көкшетау көріністерімен салыстыру.

Мақсаты: а) екі ақынның бай тілін, суреткерлігін, халық тілінің негізінде поэтикалық тіл жасау шеберлігін талдау (теңеу, метафора, эпитеттерді жасауда).

ә) Көкше көріністерін суреттеуде қай ақын оқушы талғамына жақын, — соны анықтау.

б) Сондай-ақ Көкше көріністері бейнеленген суреттер арқылы өздеріне шығарма, суреттеме (ауызша да, жазбаша да орындатуға болады) жаздырту.

в) Суреттер арқылы: „Қай ақын Көкшені шебер суреттеген?“ деген сұрақтар айналасында пікірталас ұйымдастыру.

2. „Құлагер“ поэмасындағы Құланның сипаты мен Абайдың „Аттың сынын“ салыстыру.

Мақсат: а) Жүйрік ат сыны, екі ақындағы үндестік және өзіндік ерекшеліктерді сараптау.

ә) Поэтикалық тіл көркемдіктері, халықтық сөйлеу тілін поэтикалық тілге айналдыру шеберліктері.

3. Көркем тілдерін дамытуда, тіл мәдениетін қалыптастыруда бейнелеу өнері, музыка сабақтарының

маңызы ерекше. Әдебиетші мұғалім осы пәндер мұғалімдерімен бірлесе отырып, жүйелі жұмыс жүргізу керек. Мысалы, Ана, соғыс, табиғат, ата мекен туралы бейнелеу өнерінің туындылары баршылық.

Осы тақырыптағы әдеби шығармаларды өту барысында мұғалім оларды көрнекілік ретінде пайдаланады. Көрнекілік ретінде пайдалануда да маңызды мақсат жатады. Біріншіден, беріліп отырған білімді байыту, танымын арттыру. Екіншіден, көркем тілін дамыту. Бейнелеу өнері мұғалімнің сурет бойынша әңгіме жүргізуі. Мысалы, күздің бейнесін суретші бояу арқылы беріп отырғанын, сұр қорғасын, күңгірт түстермен қатар, сапсары, жасыл бояулардың да суреттегі орнына тоқталады. Бұндай сабақты сабақ-гармония деп те атап жатады. Мәселе сабақтың типінде емес, ең басты жұмыс — оқушылардың көркем тілін дамытуда. Осы мақсатта енді әдебиетші мұғалім күз суреті бойынша оқушыларға бірнеше тапсырма береді:

а) Сурет бойынша күз көрінісіне суреттеме беру (ауызша да, жазбаша да орындауға болады).

Мына сөздерді пайдалану; *алтындай жарқырап, сары нұрға бөленіп.*

ә) Сурет пен өлеңді салыстыру.

1. Сурет бояуы мен өлеңдегі көркемдегіш, бейнелі сөздердің ұқсастығы бар ма?

2. Қайсысы күз суретін айнытпай берген?

І.Жансүгіровтің „Күй“, „Күйші“ поэмаларын өткенде, музыка пәні мұғалімімен бірлесе отырып, тіл дамыту жұмысын жүргізу тиімді болмақ. „Күйші“ поэмасындағы аты аталып, сөзбен кестеленетін күйлерді күй табақтан тыңдап, әрі ақын суреттемесін оқып, мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

1. Осы күйден не ұқтың, қандай әсер алдың, сол туралы шағын пікір-толғау айт.

2. Илияс музыка тілін көркем сөзбен жеткізе білген бе? Ойыңды поэмадан үзінді ала отырып, дәлелде.

3. Поэмадан күйді сипаттайтын образды, көркем сөздерді тауып, олардың күй тілін жеткізудегі орны, маңызы туралы қысқаша тұжырымда. Оқушылар пікірін тыңдаған соң, ән-күй сабағының мұғалімі күй туралы сыр шертеді. Жоғарыдағы сұрақтардан кейін әдебиетші мұғалім екеуі ары қарай әңгімелейді.

Тіл дамыту жұмыстарын сондай-ақ тарих, биология, т.б. сабақтарымен де байланыстыра жүргізуге болады.

Мысалы, 9-сыныпта Махамбет Өтемісұлы шығармашылығын оқыту кезеңдерінде тарих мұғалімімен бірлесе сабақ-дуэт өткізіп, оқушылардың көркем тілін жетілдіру айналасында төмендегідей жұмыстар атқарады.

Ү л г і:

А б а й	І л и я с	Салыстырмалы толғау
Қамыс құлақ, қоян жақ, сал- қы төсті	қамыс құлақ, қуарған жас, түлкі төс	Абай мен Ілияста аттың көп сыны ұқсас. Оның түп негізі — жүйрік ат сипатының өзін- де жатыр. Ақындар жүйрікке тән қасиеттерді дәп басып, суреттей білген.
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы	жер соғарлы, аяғы тік	
шапса, жүй- рік, мінсе, берік, жуан, жуас	шапса жел, мінсе жайсаң, тұр- са, селсоқ	Халық тілін, яғни үндестікті пайдалануда бар тілден „қамыс құлақ“, „түлкі төс“ „қоян жақ“, т.с.с. тамаша об- разды, эпитетті, бейнелеу сөздерін жасаған.
шынтағы қа- бырғадан тұр- са аулақ	„құс топшы“ қос шынтағы қалқыңқырақ	

Е с к е р т у: бұл үлгіні оқушылар өздері толтырады. Осындай жұмыстардың оқушы үшін маңызы неде? Біріншіден, жүйрік аттың өзіне тән қасиеттері туралы хабардар болса, екіншіден, ақындардың қарапайым, күнделікті сөйлеуде, қолданыста бар тілден бейнелі, көркем, айшықты поэтикалық тіл жасағандарына көздері жетеді. Оқушыларға „қамыс құлақ“, „шоқпардай кекілі бар“ деген сөз тіркестерін басқа сөздермен ауыстыруға болмайтынын, қамыс пен құлақтың жеке-жеке қарағанда бір-біріне ешқандай қатысы жоқ екендігін, бірақ ақындардың оны тіркестіріп, эпитет жасап, әрі жүйрік аттың бір сынын бейнелеп тұрғанын түсіндіру керек.

Оқушылардың көркем тілін дамытуда, тіл байлығын жетілдіруде сөздік жұмыстары, сондай-ақ сөз тіркестері, мақал-мәтелдермен жұмыстың маңызы зор. Тіл үстарту деген — ең алдымен сөзбен жұмыс, тіл байлығы деген — ең алдымен оқушының сөздік қорының молдығы, екіншіден, сол мол қорды орынды, тиімді, әрі көркем етіп пайдалана білуі. Оқушылардың сөздік қорын дамытуда әр түрлі сөздіктермен жұмыстың пайдасы ерекше зор. Түсіндірме сөздіктер, әсіресе, көркем шығармаларды оқуда, соның ішінде тарихи тақырыпта жазылған шығармаларды оқуда оқушыға бірден-бір көмек болып табылады. Сондай-ақ фразеологиялық сөздіктер, термин

сөздер сөздігі де ауадай қажет, 5—8-сыныптар оқушыларымен әр сабақ сайын сөздік жұмысы жүріп отыруы керек. Көркем шығарманы әдеби талдау алдында, мәтінмен жұмыс кезінде, міндетті түрде сөздік жұмысы жүргізіледі. Сабақтан тыс уақыттарда да оқыған көркем шығармалары бойынша түсінбеген сөздерін белгілеп келуі тапсырылып, сол бойынша сыныптан тыс оқуларда, қосымша сабақтарда әр түрлі жұмыстар атқарылуы тиіс. Мысалы, 5-сынып әдебиетінің алғашқы беттері „Керқұла атты Кендебай“ ертегісімен басталады. Оқулықтың аяғында „дат“ деген сөзге түсінік берілген. Ауыл баласы емес, қала баласына „Керқұла“ деген сөздің өзі түсініксіз болуы ғажап емес.

Сондықтан ертегіге кіріспес бұрын, мұғалім „Керқұла ат“ деп қандай атты айтуға болады, ол қандай түс екенін түсіндіру керек. Сондай-ақ „арыстай еркек құлындағы“ „арыстай“ сөзінің мағынасы да түсінікті қажет етеді. Мұғалім тіпті кейбір сөздердің қолданылу орны, маңызына дейін бұл сыныптарда назар аударғаны жөн. Мысалы, Кендебайға кезіккен жетім бала әкесі туралы „ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын“ дейді. Қазіргі балалар „жортуыл“ деген сөздің мағынасын өз мәнінде ұға ма? Ұзаса бір сапар, бір жолдан келді, жолаушылап келді деп ұғады. Ал „жортуыл“ дегеннің ұғымы кеңірек қой. Батырлардың жауға аттануы, содан оралуы, маңызды бір шаруамен елінен кетіп, сапарда болуы „жортуыл“ деп аталса керек. Бұл жерде „ұзақ жолдан келген“ деп, „жортуылды“ „жолмен“ ауыстыру мүмкін емес. Себебі, баланың әкесі жай кезбе, қыдырымпаз емес, ол — батыр. Батыр болғанда, елін, жерін қорғаған батыр. Сол үшін жортуылда жүретін батыр. Мінекей, осындай сөздер, ұғымдар оқушылар оқитын туындыларда аз емес. Мұғалім сабаққа дайындалу барысында ең алдымен сондайларға назар аударып, оқушы түсінігіне ауыр болады-ау деген сөздерді бөліп алып, сол бойынша жұмыс жүргізуі керек. Бұл мәселе, біріншіден, оқушының сөздік қорын дамытады, синоним сөздердің тілдегі мүмкіндігін ашады, оған көздерін жеткізеді, сөздерді өз орнына лайықты пайдалана білуге үйретеді. Сонымен бірге көркем мәтінді өз мәнінде жете түсінуге жетелейді, жағдай тұтызады. Сөздік жұмысы тек төменгі сыныптарда ғана емес, барлық сыныптарда жүйелі жүріп отыруы керек. Ізденгіш мұғалім оны қызықты, тиімді түрде, оқушылардың бел-

сеңділігін арттыра отырып, жүргізеді. Мысалы, төменгі 5—7-сыныптарда әр балаға „Сөздік қоржынын” жасауға болады. Қоржынды алфавит бойынша қалташаларға бөліп (А, Ә, Б-ны бір қалташа етуге болады т.с.с.), суретке арналған беттерден карточкалар жасап, өздері үйренген сөздерді жазып, қоржынға орналастырып, сақтап отыру тиімді болмақ. Оның пайдасы мынау: барлық сөздің оқушы есінде қалуы мүмкін емес қой, керегінде қарап отырады, қайталау жұмысында пайдаланады. Сақтауға қолайлы, әрі пайдалануға тиімді болу үшін, бұндай қоржындар кабинетте тұрады (әрине, оқушының өз қалауы бойынша); мақал-мәтелдер, афористік сөздер, шешендікке құрылған даналық ақыл-нақылдарды да осындай қоржындарға жинақтаудың маңызы ерекше. Оларды „Жиреншенің дорбасы” немесе „Қарашаның сандығы” деп те атауға болады. Мұғалім арнайы бір уақыттарда қоржындағы сөздер бойынша жарыс сабағын, не „жәрмеңке сабақ” өткізіп, сөздердің дорба түбінде жатып қалмауын ойластырып отырғаны жөн. „Жәрмеңке сабақта” қоржындағы асыл сөздер сатылады. Сатып алушы оны білімімен ғана алады. Олар сөздерге сөйлем құрайды, мағынасын түсіндіреді, ол қай шығармалардан алынған, соны айтып береді, т.с.с. Бұндай жұмыстарды 5—7-сыныптарда жүргізген дұрыс. Оқушылардың тілін байыту, көркем сөйлеуін қалыптастыруда халық даналығы. — халық мақал-мәтелдерін меңгерудің, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерінің маңызы ерекше. 7-сыныпта Ы.Алтынсариннің „Таза бұлақ” әңгіме-аңызы беріледі. Әңгіме „Әй, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол!” деген бұлақ басындағы жазуға үш жолаушы үш түрлі пікір айтады. Бұлақ басындағы бұл сөздер — мақал-мәтел емес, бірақ даналық ойларға, ақыл-кеңеске жетелейтін сөздер. Үш жолаушының сөзінде де ақыл-нақыл, даналық пікір жатыр. Оны оқушыларға жаттатып, рөлге бөлігіп, мәнерлеп оқыту керек. Осы үш пікірдің қайсысы дұрыс, өзіне қайсысы ұнайды, соның айналасында пікірталас ұйымдастыру да тиімді. Сондай-ақ осы сөздер негізінде, соның үлгісінде „Әй, жолаушы, болсаң, осы бұлақтай бол!” деген ақылдың айналасында өз пікірлеріне де жол ашу керек. Сөйлемдердің оралымды, шешендікке құрылуын, ұйқасты, мәнді болып келуін талап ету дұрыс. Осындай жұмыстар оқушыларды тек көркем сөйлеуге, не көркем тілін дамытуға баулып қоймайды, ойлай

білуге, даналықты түсіне білуге, дүниетанымын кеңейтуге де үлкен әсер етеді. 5—7-сыныптар оқушыларына осы мақал-мәтел, даналық, шешендік сөздерге арнап сыныптан тыс оқулар, тіл дамыту жұмыстарын жүргізіп отыру керек. Жаңалықтың жылы бір лебі — халықтық тәрбие мен тағылымның өрістей бастауы. Ал сол тағылым да, білім де, тіл байлығы да шешендік сөздерде, жыраулар тілінде. „Шешендік сөздер, көсемдік сөздер” айдарымен сыныптан тыс оқулар, үйірме жұмыстарын жүргізу тиімді. Сырымнан, Қазыбек биден т.б. қасиетті ата-бабалардан қалған шешендік, даналық сөз, ақыл-нақылдармен оқушыларды үнемі таныстырып отыру керек.) Кабинеттің бір бұрышына „Шешендік сөздер, көсемдік сөздер” айдарымен стеңд қоюға болады. Әрине, мұндай даналық сөздерді балалардың жас ерекшелігіне қарай сұрыптап, пайдаланған жөн. Сабақ процесінде жоғары сыныптарда да көркем туындылардан мақал-мәтелдер, даналық сөздер, шешендік оралымдарды тапқызып, оларды жазушының пайдалану тәсілі, әрі маңызына талдау жасатудың маңызы зор. Мысалы, осы мақсатта Х сыныпта Спандияр Көбеевтің „Қалың мал” романы бойынша мынадай зерттеу әдісіне негізделген тапсырмалар орындатуға болады.

Үлгі:

Оқиғалар	Кейіпкерлер пайдаланған мақал-мәтелдер	Кейіпкер характерін ашудағы маңызы	Жазушы шеберлігі
Тұрлықұлы үйленуге үгіттеу.	Аксақалдар сөзі: „Қатын өлді, қамшының басы сынды, байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырар, кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырар”.	Тұрлықұлы айналасындағылар әйел теңдігін аяққа басушылар, ескі әдет-салтты мықты ұстаушылар екенін танытады.	Мақал-мәтелдер арқылы елдегі ескілікті, әйелдер басындағы трагедияны ашып береді. Әрі аксақалдардың аузынан айтқызып, Тұрлықұлы айналасының жиренішті бет-бейнесін жасайды.

Ескерту: 1) Бұндай жұмыстар Ғайша, Итбай т.б. бейнелері бойынша да тапсырылады. 2) Бағанды оқушылар толтырады. Мұнда үлгі есебінде ұсынылып отыр.

Оқушылар бұл топтық тапсырмалар арқылы әр түрлі мақал-мәтел, оның қолданылуы жайында хабардар болады. Бүгінгі таңда қолданыстан шығып, ескіріп кеткен мақал-мәтелдермен танысады. Мақал-мәтелдерді орынсыз, талғаусыз қолдана беруге болмайтынын түсінеді. Хсыныпта Абай шығармашылығын өткенде, міндетті түрде оқушылардың көркем тілін дамыту жұмыстарын қоса жүргізіп отыру керек. Әдеби тілдің, жазба көркем тілдің негізін салушы Абайдың әр өлеңі толып жатқан інжу-маржанды поэтикалық тіл, даналық, шешендік сөз десек, артық емес. Бір ғана „Ғылым таппай, мақтанба“ өлеңін алып қарасаң, осы өлеңде қаншама ақыл-нақыл, афоризмге айналып кеткен даналық сөздер бар?! „Қалың елім, қазағым“ сияқты қысқа өлеңдегі „Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың“, „Бас-басына би болған өңкей қиқым“ деген сөздер — Абай жасаған афористік, шешендік сөздер. Ұстарасыз аузына мұрты түскен ел — ол нағыз бейшара, надан ел. Ол тура мағынасында тұрған сөз емес, астарына көз салса, бүкіл қазақ халқының сорлы қалпы осы бір ауыз сөзге сыйып жатыр. „Аз сөз — алтын“ деген, міне осы. Немесе „қиқым“ сөзін алып қарайық. „Қиқым“ — еш нәрсеге жарамайтын, қиылып қалған ұсақ мата, тері қалдығы. Бір „қиқым“ сөзі ел басқарар бірде-бір тұлға жоқ, ал қазіргі ел басындағылар „қиқымдар“ деген мағынаны білдіреді. Литота сипатты осы бір сөздің бүкіл ел билеушілерінің масқара бейнесін беріп тұрғанын оқушы түсіне білуі керек, оны мұғалім түсіндіре білуі керек. Көркем поэтикалық тіл Абайда жатыр. Сондықтан әр өлеңін талдауда, әсіресе, оның көркем, бай тіліне, әсем суреттемелеріне, шешендік сөздеріне, даналық қорытындыларына, Абай өмірге алып келген тамаша сөз тіркестеріне ерекше назар аудару керек. Мысалы, „Жас жүрек жайып сау-сағын“, „Көңілсіз құлақ ойға олақ“, „Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын“, „Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар“ т.б. Әдебиетке ынталы оқушыларды Абайдың көркем, бай тіліне сусындату мақсатында төмендегідей зерттеу элементі бар шығармашылық жұмыс айналасына біріктіру аса тиімді болады.

1. „Өлең — сөздің патшасы“ тақырыбында әр сабақ сайын Абай өлеңдерінен ақыл-нақыл, афористік сипат-

тағы сөздерді, тұрақты сөз тіркестерін немесе Абайдың өзіне тән тіркестерді жинақтау;

2. Олардың өлеңдер негізіндегі проблемаларды ашудағы орны мен маңызын анықтау;

3. Өзіне ерекше ұнағандарын саралап, сол бойынша пікірталасын ұйымдастыру. Ол таласта әдемі, сұлу сөйлеуге талаптану (шешендік, афористік сөздерді пайдалану арқылы). Ақан сері Қорамсаұлы шығармашылығын өтуде де осындай іздендіру жұмыстарын істеуге болады. „Асыл мен жасық“, „Жақсы мен жаман“ деген сөздердің өн бойы афористік оралымдарға толы.

„Аққудың астығы жоқ шайнағанмен,
Құр тілдің пайдасы жоқ сарнағанмен“

немесе:

„Жаманға жазатайым ісің түссе,
Жабысып қалады екен аспан жерге.
Жігіттің шешендігін дауда сына,
Мақтаған қыран құсты аңда сына,
Жігітті батырсынған жауда сына“, —

деген тамаша сөз тіркестерін, ақыл-нақыл, шешендік мағынадағы сөздерді назардан тыс қалдыруға болмайды. Шығарма жаздырғанда немесе ауызша сөйлеу тілдерінде осындай сөз маржандарын пайдалана білуге, оны орында қолдануға баулу тіл дамытудың басты әдістерінің бірінен саналады. Мәнерлеп оқу, ойын көркемдеп айта білу, әдемі етіп мазмұндау — ауызша тіл дамытудың басты-басты белгілері, түрлері.

—Әдебиет сабағының басым көп уақыты оқушылардың да, мұғалімдердің де ауызекі сөйлеу тіліне кетеді. Оқыған әңгімелерін не басқа көркем туындыларын мәнерлеп оқу, мазмұндау — әдебиетті оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері. Тәжірибеде көркем туындыларды мәнерлеп оқи алатын балалардың барлығы мазмұндау кезінде немесе баяндама жасауда, әдеби конференцияда, пікірталастарда өз ойларын мәнерлеп жеткізе алады деу шындыққа сай келмес еді. Сондықтан ауызекі сөйлеуде тіл мәдениетін, көркемдеп сөйлеу дағдыларын жетілдірудің тиімді әдіс-дәстүрлері қандай?

1. Жауаптарының, баяндама немесе жиындарда

сөйлейтін сөздерінің жоспарын жасатып, сол бойынша жүйелі, мазмұнды сөйлеуге дағдыландыру.

2. Көркем мәтінді өзіне жуық мазмұндату: а) Әсіресе, мәтіннің ішіндегі көркем суреттер, портреттер т.б. ойлы монолог, әсерлі диалогтер, мақал-мәтел, даналық сөздерді құрғақ мазмұндамай, негізін сақтап, мазмұндау. ә) Мәтін ішіндегі көркем, бейнелі, образды сөздерді, яғни эпитет, теңеу, метафораларды сақтап сөйлеу. б) Дәйексөз алу, мысалдар келтіру, оны мәнерлеп, нақтылап айта білу, жатқа айта білу. в) Дауыс екпініне, ырғағына, мақамына назар аудару. Айғайлап сөйлемеу, бет-аузын қисандатпау, әр сөзді анық, айқын, қоңыр дауыспен айта білу, керекті жерінде сөз мағынасына қарай бет құбылысын тиімді пайдалану. Сөйлеп тұрғанда, өзін тыңдаушылардың көңіл-күйіне назар аудару, нақтылы, мәнерлі сөйлей отырып, олардың ынтасын өзіне бұру жайын ойластыру. Сөйлеу мәдениетінің бір жолы — айтайын деген ойын жүйелі түрде жоспарлау, „тезис“ жасап алу екеніне көздерін жеткізіп, соған дағдыландыру. Тыңдаушылар назарын өзіне тартудың басты жолдары: айтар пікірінің тереңдігі, мәнділігімен қатар, жоғарыда айтып кеткендей, дауыс мәнерінде. Әсіресе, өлең сөздерін мысалға келтіргенде, керекті жерінде дауыс ырғағын құбылтып отыру, өлең құрылысы, мазмұнына қарай жігерлі, нәзік, баяу оқи білу де ерекше маңызды болып табылады. Бірақ мәнерлеп оқу, мәнерлеп айту — тіл дамытудың негізгі тәсілдері емес. Негізгі мәселе — мазмұнын білу, оны жеткізуде тиісті сөйлемдер мен оралымды сөздер таба білу, ойын көркем айта білу. Мұғалім 5—7-сыныптар оқушыларының көркем тілін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуда жауаптарының жоспарын жасап үйретулері керек. Ол жоспарды тиімді пайдалануға дағдыландыру — мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Жоспар, нұсқау немесе тезис құрылысы мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Кіріспе сөз.
2. Негізгі ойлар. Ой мен кіріспе арасындағы байланыс.
3. Негізгі ойды баяндау.
4. Негізгі ойдың шарықтау шегі.
5. Ойды аяқтау.
6. Қорытынды пікір.

Осы мәселелерді нақты мысалдармен көрсетейік.

Ы.Алтынсарин: Үсенге мінездеме (ауызша)

1. Кіріспе сөзі.	Ббырай атамыздың „Бай баласы мен жарлы баласы“ әңгімесінде екі баланың басынан өткендері айтылған. Олар — Асан мен Үсен.
2. Негізгі ой мен кіріспе арасындағы байланыс.	Асан — бай баласы, Үсен — жарлы баласы. Ел көшіп кеткенде, Асан не істерін білмей, жылай бастайды. Ал Үсен жыламай, дереу іс-әрекетке көшеді.
3. Негізгі ойды баяндау.	Еңбекке үйренген кедей баласы Үсен өте тапқыр болып суреттеледі. Ол маалдың ізі, тегі арқылы көш қайда кетті, соны табады. Жұрттан ине, пышақ, қыл тауып алады. Қарны ашқан Асанды тамақтандырады. Ептілігі сондай — үйрек ұстайды, балық аулайды, от жаға біледі.
4. Негізгі ойдың шарықтау шегі.	Көшті таба алмай, дағдарған кезде молаға тап болады. Әкесінің айтқандары есіне түседі, мола бар жерде су болатынын, ал сулы жерде ел қонатқнын аңғарады. Үсеннің ақылдылығымен, еңбекқорлығымен олар жұртты табады.
5. Ойды анықтау. 6. Қорытынды.	Егер Үсен болмаса, Асан далада қалар еді. Әңгімеде Үсен байсалды, ақылды, әрі өте епті, сонсоң еңбекке үйір, оған үйренген, тапқыр болып бейнеленеді. Оның бұлай болуы жасынан еңбек етіп үйренуі. Үсен бізге үлгі. Ол маған өте ұнады.

Сондай-ақ мұғалімдер осы әңгіменің мазмұнын жүйелі баяндау үшін, оқушы жауабына мынадай нұсқау-көмек береді:

- Ең алдымен Асан кім, Үсен кім, кімнің балалары? Соны айт (кедей баласы деген сөздің орнына әңгімедегідей жарлы баласы деген сөзді қолдан).
- Жұртта қалу себебін мазмұнда, екеуінің диалогін мәтінге жуық айтып бер.
- Үсен көшкен жұрттан керек деп, қандай заттар алушы еді? Соны баянда.
- Көштің ізін қалай табушы еді? Осы жердегі Асан мен Үсеннің іс-әрекетін, диалогтерін еске түсір. Үсен қарны ашқан Асанды қалай тамақтандырады?
 - а) Үйректі ұстауын еске түсір.
 - ә) Үсеннің тапқырлығын, ептілігін айтып бер.

б) Отты қалай жаққанын, алабұғыны ұстау тәсілін ұмытпа.

— Үсен молаға тап болғанда, есіне кімнің сөзі, ол не арқылы түсуші еді?

— Әкесінің сөзін мәтінге жуық айтып бер.

— Үсендердің қырға шыққан кездегі ауыл сипатын, ауыл көрінісін әңгімеде суреттегендей айтып беруге тырыс. „Жібектей жапырылған көкорай шалғын“ деген сияқты әдемі сөздерді пайдалан.

— Елді тауып, қуанышқа кенелулерін баянда.

Әрине, бұл көмек-нұсқау балаларды дағдыландыру, үйрету кездерінде, сондай-ақ күрделі тақырыптарда беріледі. Әсіресе, бұл көмектің білімі „орташадан нашарларға“ тиімділігі, маңызы ерекше. Үнемі осындай нұсқау беріп отыру балалардың өзіндік ойлауын, ынтасын, белсенділігін тежейді, тіпті еркін сөйлеуіне де, ойын еркін жеткізуіне де нұқсан келтіреді.

5 Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Оқушылардың тілін ұстартуға арналған жазбаша жұмыстардың түрі көп. Жазбаша жұмыстар сауаттылық үшін де, алған білімдерін тексеруде де қолайлы болып келеді. Жазбаша жұмыстар оқушыларды ойлау еңбегін дағдыландырады, қосымша материалдарды пайдалану машықтарын жетілдіреді. Себебі, балалардың жазбаша жұмыстарды орындау кезінде асықпай ойлауға, ойланып жазуға уақыты, мүмкіндігі көп болады, ауызекі сөйлеуде ондай жағдайлар бола бермейді. Ауызша сөйлегенге қарағанда балалар жазба жұмыстарында небір айшықты, шебер сөздерді пайдалана алады, тіл кестесінің бедерлі түсуі үшін ізденеді, жазғандарын мұқият оқып, қайта түзеуге мүмкіндік алады. Жалпы жазба жұмыстары тіл дамытумен қатар, балаларды ойлай білуге, ізденіске жетелейді. 5—7-сыныптардағы жазба жұмыстарының ең ауқымдысы — мазмұндама. Мазмұндама мынадай бірнеше түрге бөлінеді:

а) Мәтінге жуық жазылатын мазмұндама. Мұнда оқиға эпизод, диалог, монолог, баяндау, суреттеу сияқты элементтер сақталынып жазылады.

ә) Ең басты оқиғаларды ғана теріп жазатын мазмұндама.

б) Бір оқиғаның айналасында ғана жазылатын мазмұндама.

в) Шығармашылық бағыттағы мазмұндама. Оны жазған кезде оқушылар тек оқиғаны, болған істі ғана көркем мазмұндай бермейді, әңгімені өз жағынан баяндайды, дәйектемелер алады, өз пікірі, сезіміне ерік бере алады. Мұғалім нұсқауымен кейбір сөздердің синонимін, баламасын тауып жазады. Мысалы, жоғарыда сөз болып кеткен „Бай баласы мен жарлы баласы“ әңгімесі бойынша егер мұғалім шығармашылық бағыттағы мазмұндама жаздырса, мына сөздердің синонимін тауып, мазмұндамасына пайдалану туралы ақыл-кеңес береді: „айғай салып (ойбай салып деуге болады), „бір мезгілде“ (бір уақытта) деп, „онымен ісі болмай“ (онымен жұмысы болмай), „сұрлеу“ (жол) деп, т.с.с.

Мазмұндаманың түрлері мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты өзгеріп отырады. Егер мұғалім көркем туындының бас кейіпкеріне ерекше назар аударса, онда „Үсен Асанды қалай еліне жеткізеді?“ немесе „Үсеннің тапқырлығы“ деген тақырыптарда кейіпкер іс-әрекетін баяндайтын мінездемеге жақын түрін жаздырады. Ал оқушылар әңгіме мазмұнын қалай меңгергенін білгісі келсе, мәтінге жуық оқиғаларды толық қамтыған мазмұндаманы қалап алады. Тақырыптың ең негізгі дәні, түйінін жаздырғысы келсе, „Еңбек бәрін де жеңбек“ деген тақырыпты алып, сол бойынша тұжырымды, қысқа мазмұндама жаздыру да аса тиімді. Себебі, бала ең негізгісін, ең керектіні бөліп ала білуге дағдыланады, бұның өзі оқушы білімін тиянақтайды, ойын ұғынықты етіп жазуға жетектейді.

Шығармашылық бағыттағы мазмұндамаларды 8—9-сыныптарда да жүргізу тиімді. Әсіресе, шешендік қақтығыстар, Сырым, Қазыбек би, жыраулар мұраларына байланысты мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама күрделі болып келеді, себебі, олардан шешендік сөздердің дәнін сақтау, сұлбасын нақты беру талап етіледі. Бала жұмысын жеңілдету мақсатында, әрі шешендік оралымдардың, ұтымды, тапқыр сөздердің оқушы жадында жақсы қалуы үшін, мұғалім үлестірме көмектер де таратады. Бұл үлестірме көмектерде мазмұндамаға міндетті түрде пайдаланатын шешендік оралымдар, жекелеген образды сөздер беріледі (жазып отырған тақырыптарында бар). Мысалы, Жиреншенің қаңбақ айтты деген: „Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?“ сияқты сөздерінің құрылысын бұзбай,

сол қалпында беруге үйрету — бала тілін дамытуда болсын, дүниетанымын танытуда болсын, аса тиімді.

Жоспардың бірнеше түрі бар. Ал бұл түрлер мұғалім мақсатына байланысты. Сюжеттік жоспар көркем туындының оқиғасына құрылса, бейнелік жоспар бас кейіпкер іс-әрекетіне құрылады. Композициялық жоспар көркем туындының құрылысын басшылыққа алады. Сондай-ақ көркем туындының идеялық бағыты, негізгі проблемасы айналасында да жоспар құрылады. Бұл жоспардың күрделі түріне жатады. Төменде оған бірер мысал беріледі.

Бақтығұлдың тағдыры (М.Әуезов. „Қараш-Қараш оқиғасы“. 8-сынып)

1. Кек жолында Сәлменнің жылқысын ұрлауы, сәтсіздік.
 2. Қорған, пана іздеу жолында Жарасбаймен достығы, сенім.
 3. Адасу. Арам іске қол былғау.
 4. Сатқындық, опасыздық.
 5. Дерттен, ызадан арылу. Жарасбайдың жазасы.
- Сюжеттік жоспар (жай, қарапайым түрі):**
1. Тектіғұлдың Сәлмен текпісінен қаза болуы.
 2. Бақтығұлдың өш алуға кірісуі, ұрлық.
 3. Соққыға жығылуы. Ашыну.
 4. Арқар аулауы, оны Жарасбайға сыйға тартуы.
 5. Ұзаққа созылған іліктестік, достықтың басталуы.
 6. Жарасбайдың адал Бақтығұлды арамдыққа пайдалануы.
 7. Билердің әділетсіз шешімі.
 8. Қашып шығуы.
 9. Өш алу.

Жоспар жасауға дағдыландыру, әсіресе, 5—7 сыныптарда күрделі де маңызды мәселе. Оған үйретудің тиімді деген әдіс-тәсілдерінен мұғалім де үзбей үйренуі керек. Көркем мәтінді оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аудартып отыру керек. Оған қысқа, тұжырымды тақырып қойып, тақтаға, не дәптерлеріне қолма-қол жаздырып отырады.

2. Негізгі, маңызды мәселелер баяндалатын абзацтарға көңіл бөліп, оған ат қойғызады.

3. Эпизодтарға бөлгізеді. Композициялық құрылысын анықтатады (байланыс, шарықтау шегі деген сияқты).

4. Оқиғаларды рет-ретімен жүйелеп, сол бойынша сұрақтар қойып, мазмұндатады.

5. Шығарманы оқу, талдау алдында оның ең негізгі түйінді дәні жазылған (“Нені білу керек?” деген атпен жазуға болады) көмекші-нұсқауды кесте-плакатқа іліп қою тиімді. Себебі, жоспар жасауда оқушы оны басшылыққа алады.

Үлгі:

М.Әуезов. „Қараш-Қараш оқиғасы“.

Нені міндетті түрде білу керек:

1. Тектіғұлдың Сәлмен байдың текпісінде ауыруға шаддығып, қаза болуы, арманда кетуі.
2. Бақтығұлдың інісі үшін кек алуға аттануы. Көк биені ұстауы, жасырып, сойып алуы.
3. Қуғыншыларға ұсталып қалуы, оның себептері.
4. Қорған, пана іздеп, Жарасбайға баруы.
5. Жарасбайға сенуі. Адал, басыбайлы малайына айналуы, қылмысқа баруы.
6. Жарасбайдың Бақтығұлды ел жақсыларына ұстап беруі. Үкім.
7. Қашып шығып, аңдып жүріп, Жарасбайды атып өлтіруі.

Жоспар жасатқанда, бұл нұсқау оқушыға үлкен көмек болады. Әсіресе, 5-сыныпта мұғалім жоспарды көрнекі етіп жазып әкеліп, оны үлгі ретінде оқушылардың пайдалануына ұсынады. Бұл тәсіл де өте тиімді болмақ.

Дәйексөз жоспар жасату шығармашылық жұмыстың бір саласы болып табылады. Жоспардың бұл түрі, әсіресе, оқушының көркем тілін дамытуға, мәтінмен жұмыс істей білуге баулиды. *Бейнелік жоспардың* маңызы да ерекше, себебі, оқушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, сипатын, мінезін ашатын сөздерді, әшекейлі сөз тіркестерін, бейнелі сөздерді іздейді, оларды жоспарына пайдаланады.

Мысалы, 9-сыныптағы „Біржан—Сара айтысы“ бойынша Сараға бейнелік жоспар сөздерді дәйексөз етіп алып, тиімді пайдалануға болады.

— „Жалынмын жанып тұрған нөсерге өшпес“...

— „Болатпын екі жүзді алмас кеспес“...

- „Еркек жоқ өз басыма теңгерілген“
- „Сайраған жаман Найман бұлбұлымын“
- „Қамысты терең көлдің сұқсырымын“
- „Мойыным сұңғағындай жүзген қудың“

Жоспар тезис жасауды 8-сыныптан бастаған жөн. Ол ауызша да, жазбаша да тіл дамытуда өте тиімді болады. Шығарманың негізгі түйініне тұжырымды түрде жоспар жасап, оның әр мәселесі бойынша не айту керек, — соны белгілейді. Айтуда да, жазуда да ол жинақылыққа, ойды жүйелі баяндауға дағдыландырады.

IX—XI сыныптарда конспект тезистер ғылыми материалдарға, қосымша материалдарға жасалады. Конспектіге қандай талап қойылады, бұл жөнінде мынадай көмек-нұсқау беріледі:

1. Мақаланы оқып шық. Ең негізгі деген мәселелерді белгілеп ал.
2. Сол бойынша тезис жаса. Әр абзацтағы ойға үңіл.
3. Конспекті тұжырымды болсын, ең негізгі дегендерінді ғана жаз. Конспекті тілі мақала тіліне жақын болсын.
4. Сөйлемдердің шұбалаңқылығынан сақтан.
5. Ой жүйесін сақтап конспектіле.
6. Ұтымды деген мәселелерден дәйектемелер алып пайдалан.

Оқушыларға бұл жұмыс түрін үйреткенде, мұғалім ең алдымен жеңіл, шағын материалдардан бастайды. Бірте-бірте көлемді мақалалармен, ғылыми еңбектермен жұмыс істеуге де дағдыландыру керек. Шығармашылық іздендіру бағытындағы тапсырмалар жүйесі арқылы тіл дамыту жұмыстарын былай топтауға болады:

1. а) Суретті үлестірме-тапсырмалар, иллюстрациялар, мүсіндеу өнері, сәулет өнерінің туындылары арқылы суреттемелер, бейнелемелер, сипаттамалар жаздыру. (Әрине, көркем туындыға байланысты, соны бейнелейтіндеріне.)

ә) Музыкалық шығармалар бойынша шығарматолғаулар жаздыру. Мысалы, „Күй“, „Күйші“ поэмаларындағы жырланатын күйлерді тыңдата отырып, оның сезім күйлеріне әсерін ақынның сөзбен жеткізе білуі. Сондай-ақ Қ.Аманжолов „Туған жер“, т.б. әні бар шығармалар негізінде де жазғызуға болады.

б) Ақын, жазушы атынан хат жазу, оларға сөзбен ескерткіштер қою (жазу).

в) Табиғатқа, мұражайға, тарихи орындарға серуендеу арқылы да жазба жұмыстарын орындату.

г) Ақын-жазушылар туралы естелік, баға, пікір, арнау өлеңдері негізінде сыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғау жазғызу.

Төменде осы жұмыстардан қысқаша үлгі берейік. М.Әуезов туралы бірінші сабақты ұлан даланың ұлы жазушысы эпиграфымен өтіп, шығармашылық бағытта, әсіресе, көркем де сұлу тілін дамыту мақсатында мынадай тапсырмалар беруге болады:

Бірінші топқа.

М.Әуезов туралы естеліктерді, мақалаларды оқып, сол бойынша „Даңқы өлмес, даусы сөнбес бұлбұлым“ атты сыр толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған материалдар: Н.Тихонов „Дара дарын“ (мақала); Камиль Яшен „Таудай тұлға“ (мақала); Олесь Гончар „Ортақ мақтаныш“ (мақала); Ш.Айтматов „Ұстаз туралы сөз“ (мақала); Ә.Нұршайықов „Іні болса да, аға еді“; Ә.Марғұлан „Жадымда қалған жақсы күндер“.

Екінші топқа.

М.Әуезов туралы пікірлер мен ойларды жинақтап, үлестірме қағазға көрнекі етіп жазып келу. Сол бойынша „Арыстан келбетті Мұхтарды сүйемін“ атты ой толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған материалдар: К.Федин, А.Соболев, Н.Погодин, В.Иванов, Қ.Сәтбаев, А.Корнейчук, И.Сельвинский, И.Андронников, Б.Кербабаяев, Ф.Мүсірепов, Н.Тихонов, А.Фадеев, М.Ибрагимов, Б.Момышұлы, Ә.Марғұлан, Қ.Бекхожин, Ш.Айтматов, М.Тұрсынзаде пікірлері; шет ел әдебиеті бойынша Мадип Бержерон, „Юманите“ газеті, А.Курелла, Андре Стиль, А.Арагон, „Зонтаг“ газеті, Жан Спанга-ро пікірлері.

Үшінші топқа.

М.О.Әуезов туралы өздеріне ұнаған өлең-жырларды жаттап келу, мәнерлеп оқу, сол бойынша „Абайымыз екеу болса, бірі еді“ атты жыр толғауға дайындалу. Пайдалануға ұсынылған материалдар: Расул Гамзатов „Мұхтар аға“, С.Мәуленов „Мұхтар асуы“, Д.Әбілов „Мақтанышымыз еді ғой бәріміздің“, Т.Жароков „Зерен де ерен“, Б.Адамбаев „Ұйықтап кетті ұстазым“, Н.Ахметбеков „Біздің Мұқаң“.

Шығарма, оған қойылатын талаптар, шығарманың негізгі түрлері

Мектептегі ең көп тараған, тәжірибеде жиі пайдаланатын жазба жұмыстардың ішінде күрделісі де, ең маңыздысы да шығарма жұмыстары болып табылады. Шығарма жаздырудың ең басты мақсаттары мыналар:

1. Бала біліміне бақылау, білім деңгейін тексеру.
2. Жазбаша көркем тілін дамыту, теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда пайдалана білу.
3. Ойлау еңбегіне өз беттерімен іздендіру, өз пікірлерін салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыландыру.

4. Оқушылардың қабілеті, дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу.

„Шығарма“ деген сөздің негізінде „шығару“ деген ұғым жатады (яғни, ойдан шығару, ойлап шығару). Көркем туындыны „көркем шығарма“ дейміз. „М.Әуезовтің шығармаларын оқимыз“, — деп жатады. Бұдан шығатын қорытынды: шығармаға қойылатын талап аса күрделі, әрі маңызды болады. Бұл жұмысты мектептегі шығармашылық іздендіруге негізделген жұмыстардың күре тамыры десек те, артық емес. Шығарманың күрделілігі сол, бұл — оқу процесіндегі бірден-бір жекедара орындалатын жұмыстың түрі. Қарастырылатын мәселе, жазатын тақырып біреу болса да, әр оқушы оны өзінше жеткізеді, яғни тілі, пікірі, қорытындысы сол көркем туынды, не кейіпкерді қабылдау дәрежесіне байланысты. Дегенмен шығармаға қойылатын негізгі талаптарды мұғалім оқу кабинетіне „Жазба жұмыстарына байланысты нұсқаулар“ деген атпен (басқа да тақырып алу әр мұғалімнің өз еркі) жазып қоюдың тиімділігі зор.

Үлгі:

Шығарма жазуда басшылыққа ал:

Таңдаған тақырыбыңды әбден ойла.

Жоспардың тақырыбына байланысты нақты жасалсын.

Эпиграф ал. Ол тақырып пен негізгі идеяны ашуға сәйкес алынсын.

Пікірлердің, ойдың, жазатын негізгі мәселелердің реті мен жүйесін сақта:

а) Тақырыптан ауытқыма;

ә) Кіріспең тұжырымды, бірақ шығарманың қалған бөлімдерінің де дұрыс, нақты жазылуына бағыт, бағдар беретіндей болсын;

б) Пайымдауың, дәйексөзің, салыстыруың негізгі пікірге байланысты алынсын;

в) Қосымша материалдарды, ғылыми еңбектерді пайдаланғанда, авторы, кітаптың аты, беті айқын жазылсын;

г) Негізгі бөлімнің толық, әрі дәлелді келуімен қатар, шығарманың ең басты пікірлері осында болатындығын есте сақта;

д) Қорытындың негізгі пікіріңнің төңірегінде жазылсын. Оған ерекше назар аудар. Себебі түйін, соңғы пікір — жұмысыңның нәтижесі осында көрінеді.

Тақырыбыңа байланысты материалды алдын ала дайында, ізде, оларды іріктей отырып, ең негізгісін сұрыптап ал.

Шығарманың тіліне, стиліне аса жауапкершілікпен қара:

а) Сөйлемдерің тиянақты, ойлы болсын. Шұба-лаңқылықтан сақтан;

б) Әдемі, айшықты сөздерді пайдалан. Бұл — шығарма, сондықтан оның тілі де төгіліп тұруы қажет.

в) Мақал-мәтел, сөз тіркестерін не әдемі сөз оралымын пайдаланғың келсе, алдын ала оны жазып алуға болады. Сонан соң керегіңді пайдаланасың.

Қате жібермей жазуға талаптан. Емелік сөздіктер жаныңда болсын, сауаттылық — шығарма үшін ең маңызды мәселе.

Жазу мәдениетіне де ерекше ден қой: таза, ұқыпты жаз әрі әрбір әрпің айқын, еркін оқуға жарайтындай болсын, әрі жазуың көркем түссін.

5—6-сыныптарда, әсіресе, шағын шығарма-суреттеме, шығарма-сипаттама, шығарма-кескіндеме, шығарма-мүсіндеме, шығарма-бейнелеме т.б. жаздыруға болады. Бұлар — көркемөнер туындылары бойынша жазылатын шығармашылық бағыттағы жұмыстар. Көлемі шағын болып келеді, бірақ нақты бір өнер туындысының негізінде жазылады. Мысалы: „Амангелді“ туралы өлеңді оқыған соң, Ә.Қастеевтің „Амангелді“ портреті бойынша шығарма-кескіндеме жазуға болады (екеуінің негізінде). Мүсіндеме, сәулет өнері шығармаларында суреттеме, табиғат көрінісі, т.б. бойынша жазылады. Мұғалім бұл тапсырмаларды орындауда нақты көмек көрсетеді, ең алдымен сынып болып, сол өнер туындылары бойынша

ауызша жұмыс жүргізеді (ауызша суреттеу деген сияқты), шығармаларда қандай сөз тіркестері, көркем, айшықты, бейнелі сөздерді пайдаланады, — соған бағыт-бағдар беріледі. Бұл шығарма арқылы оқушылардың көркем тілін дамытудың бір ұтымды тәсілі — көп болып талқылау, олардың өздеріне пікір айтқызу. Мұғалім өзі тексеріп, талдау жасап келгеннен кейін, шығармаларды (қалауы бойынша) оқытып, бірігіп талдау жасатқызады. Олар шығарманың тілі, мағынасы, стилистикасына назар аударады, өздеріне ұнағанын айтады, кемшілігіне тоқталады. Шығарма жазу бар да, оны түсіндіру, талдау, онымен жұмыс түрлері де бар. Екеуін де тиімді, дұрыс ұйымдастыра білген мұғалім көп нәрсені ұтпақ. Бұл әдістерді жоғары сыныптарда пайдалану дұрыс! 5—6-сыныптарда еркін тақырыпта ("Менің сүйікті кітабым", "Ардақтайық та құрметтейік Ананы!" т.б.), 5—7-сыныптарға өздері оқып жатқан көркем туындылардың жан-рына байланысты жазуларына болады. Мысалы, ертегілерді оқып болған соң, өз қалаулары бойынша ертегі, әңгіме, мысал (қарасөзбен) жаздыру, шығармаларына пікір жаздыру сияқты, т.б. іздendіру. Біріншіден, бұндай шығармалар балалардың дүниетанымын, білімін кеңейтеді, екіншіден, қабілеті, дарынына әсер етеді, үшіншіден, көркем тілін дамытады. 5—7-сыныптарда өздері оқып жатқан әдеби тақырыптарға жазылатын шығармалардың көркемдік ерекшеліктері, оған қойылатын талаптар:

1. Бұндай шығармалар өздері оқыған бір көркем туындыны негізге алады. Сыныпты, ондағы балалардың жасын ескере отырып, мұғалім жазатын тақырыпты ойластырады, ауыр-жеңілін сұрыптайды. Кейде бір ғана тақырып бермей, бірнеше тақырып береді. Бұл өте тиімді болады. Бір ғана тақырыпқа қамап қою оқушының мүмкіндігін, тіпті ынтасын, дарынын тежейді. Шығарма жаздыруда ең басты мәселенің бірі — оқушының өз қалауы, өз тілегін ескеру болып табылады. Зорлап таңу немесе... сөз көрсету, әсіресе, шығарма сияқты күрделі жұмысқа, шығармашылық жұмысқа келмейтін нәрсе. Шығармаға баулуыңкіні желпіндіріп, қыран баптағанмен бірдей. Мысалы, 5-сыныпта "Керқұла атты Кеңдебай" ертегісінде мынадай тақырыптар ұсынуға болады: "Кеңдебай — сүйікті ертегім", "Кеңдебайдың жеңісі — әділеттің жеңісі", "Кеңдебайдың мен сүйетін мінездері", т.с.с. Соңдай-ақ "Бай баласы мен жарлы ба-

ласына": "Асанның өзіме ұнамайтын іс-әрекеті", "Үсеннің тапқырлығы", "Жарлы баласы бай баласын қалай асырады?" т.с.с.

2. Қай тақырыпқа, қай жанрға шығарма жазылсын, мұғалім бұл жұмысты жүйелі жүргізу керек. Қарапайым шығармадан күрделіге қарай бірте-бірте баулуы керек. Мысалы, 5—6-сыныптарда образға немесе поэтикалық тілге, не ақын-жазушы стиліне шығарма жаздыру дұрыс емес, себебі олардың әдеби туындаларды талдауды талап ететін шығармаларға шамасы келмейді. Оларға талдаудан гөрі, әсерін білдіретін тақырыптар беру тиімді болмақ.

Ғалым-әдіскерлер, ізденімпаз мұғалімдер іс-тәжірибесі бойынша шығармаларды мынадай түрлерге бөлуге болады:

1. Публицистикалық шығармалар. Оған очерк, фельетон, мақалалар, пікірлер жаздыру жатады. Мысалы, "Тіл тағдыры — ел тағдыры", "Жариялылық — бақыттың басы".

2. Шығармашылық бағыттағы шығармаларға әңгіме, инсценировка, өлеңдер жаздыру жатады. (Әдеби жанрларды басшылыққа алады.)

3. Ғылыми зерттеу сипатындағы шығармалар. Оған реферат, ғылыми сипаттағы мақала, аннотация, әдеби шолулар, пікірлер жатады. Мысалы, "Бейімбет әңгімелеріндегі деталь, штрихтың маңызы".

4. Әдеби тақырыптарды қамтыған, білім дәрежесін, тіл байлығын тексеруге арналған шығармалар:

1. Біржан мен Сара айтысындағы Біржан мен Сараның сипаты.

2. "Абай жолы" эпопеясындағы кедейлер өмірінің жанды суреттері.

3. Бақтығұл қылыскер ме, әлде әділдік іздеуші ме? т.б. Мысалы, соңғы шығарма тақырыбы жаттандылықтан сақтандырады. Әдетте мектептерде әдеби кейіпкерлерге мінездеме көптеп жазылады: "Үсенге мінездеме" немесе "Абай бейнесі" дегендей. Ал бұл шығарма тақырыбы Бақтығұл бейнесі, іс-әрекетінің маңызы, басты мәселелерін ғана назарға алып тұр. Олай болса, әдеби туындыларға шығарма жаздыруға оның ең негізгі мәселесі сөзге арқау болуы керек. Нақтылық, тұжырымды, ойын дәлелді деректермен жеткізе білуді талап еткен дұрыс.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шығарма жаздыру — балаға білім беру ісінің ең күрделі, маңызды жұмыстарының бірі. Шығарманы үйде де, сыныпта да жаздырады. Бағдарламада қанша шығарма жаздыру керек, сағаты беріледі. Тақырыптың ауыр-жеңілі, оқушылардың жас ерекшелігі, сыныбы, дайындығына байланысты шығарма жазудың уақыты белгіленеді. Мысалы, сыныпта 2—3 сағат, үйде бір апта, 10 күнге дейінгі мерзімде.

Мұғалім қосымша сабақ өтеді, жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізеді, қосымша материалдар іріктеуге, эпиграф алуға көмектеседі. Оқушы шығарманы үйде жазып жатса, оның алғашқы сұлбасын оқып, ақыл-кеңес береді. Басында үлгісі берілген нұсқау-көмекті естеріне түсіріп, шығармаға қояр талапты қайталайды. Егер тақырып қиын болса, сыныпта немесе қосымша сабақта жоспар құруға көмек жасайды. Кейде оқушылардың пікірі, ойына ерік беру керек. Қай тақырыпта шығарма жазады, қай тақырып маңызды, — өздері шешсін. Шығарма жазу үшін, ең басты мәселе — оқушының сол тақырыпты білуге ғана емес, сонымен бірге білгенін көркем, тиянақты тілмен жеткізу қабілеті, тіл байлығы, сауаттылығы, әдеби талдауы, негізгі мәселелерді дөп тауып, соны тұжырымды бере білуі, дүниетанымы да үлкен рөл атқарады. Қосымша материалдарды пайдалана білу өте алғырлық, зеректілікті қажет етеді. Сондықтан мұғалім балаларды шығармаға баулуда көп еңбектенуі, тер төгуі қажет.

Шығарма жазуда жоспардың жай, күрделі түрі пайдаланылады. Бірақ, бір ескертетін мәселе, егер оқушы шығармасы мазмұны, тілі, стилі, сауаттылығы жағынан талапқа сай жазылса, жоспар бар ма, жоқ па (эпиграф та солай) — оны негізге алмау керек. Әсіресе, жоғары сыныптарда жоспар өздеріне жай бағыт, бағдар, ой жүйесі үшін ғана қажет, жоспарды да шығармашылық бағытта құруға болады. Ол шығармаға өң беріп, әрлендіріп, әрі қызықтырып тұрады. Егер шығарма осындай жоспарды негізге алып жазылса, сөз жоқ, оның сәтті шыққандығы.

Мысалы, „Қозы Көрпеш — Баян сұлу“ жыры бойынша (9-сынып) „Махаббаттың қос шынары“ немесе Қозы, Баян бейнелеріне мынадай жоспар құруға болады (күрделі, әрі шығармашылық бағыттағы жоспар үлгісі):

1. „Қозы Көрпеш, Баяндай бір молада өлсем-ай“ (жырдың негізгі тақырыбы, идеясы).

Негізгі бөлім:

1. „Қыпша бел, алма мойын, сұлу Баян“ (Баян бейнесі).
2. „Сенен басқа хор қызы болса да, көз салмаспын“ (Қозының бейнесі).

Қорытынды бөлім:

- а) Қозы мен Баян бейнесінің маңызы.
- ә) Көркем-поэтикалық тілі.

Күрделі жоспар осындай басты-басты үш бөлімнен тұрады. Үш бөлім де ең негізгі тақырыпты, негізгі мәселені қамтиды. Жай жоспарды да дәйексөзбен, шығармашылық бағытта құруға болады.

Мысал-үлгі берейік: „Көкшетау — Отан туралы дастан“ (С.Сейфуллиннің „Көкшетау“ поэмасы туралы толғау).

1. „Сәкен — сыншыл, тәкаппар ақын“ (С.Сейфуллин туралы бір үзік сыр...).
2. „Арқаның кербез сұлу Көкшетауы“ (поэманың негізгі проблемасы, көтерген мәселесі).
3. „Сұңқардың баласындай торға түскен“ (қалмақ қызы).
4. „Бәйге атша ширатады тұла бойын“ (Адақ туралы).
5. Поэманың маңызы, көркем тілі.

Әдістеме ғылымы — тірі ағза сияқты, үнемі өсіп, дамып отыратын ғылым. Сондықтан да тіл дамыту, оқушыларды мәдениетті сөйлеуге дағдыландырудың тиімді жолдары көп. Әр мұғалімнің осы мәселеде жинақтаған іс-тәжірибесі қанша ма?! Сондықтан да жаңашыл, шығармашылық бағытта еңбек ететін мұғалім тіл дамытуға, оқушыларды сұлу да көркем сөйлете білуге, жаза білуге баулу жұмыстарына ерекше көңіл қояды.

Оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда көрнекіліктердің өзіндік маңызы, орны бар. Жалпы, таным процесі есту, көру, сезу арқылы жүзеге асатынын физиолог ғалымдар өте ертеден-ақ айтқан. Соңдай-ақ сабақта көрнекілік пайдаланудың тиімділігін педагог-ғалымдар, әдіскерлер де, педагог-практиктер де күнделікті тәжірибе арқылы дәлелдеп келеді.

Көрнекіліктің маңызы, тиімділігі неде?

1. Көрнекілік білім мазмұнын байыта түседі.
2. Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі.
3. Көрнекіліктер оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады.
4. Эмоциясына әсер етеді.
5. Алған білімдерін практикада жүзеге асыруға жетелейді, т.с.с.

Оқу-тәрбие процесін тиімділеу идеясы сабақта көрнекілік пайдалану мәселелеріне ғылыми түрде қарауды талап етеді. (Ю.К.Бабанский, „Просвещение“, 1987.) Бүкіл сыныпты көз жауын алатындай безендіріп тастау, көрнекілікті бірінен соң бірін пайдалану, сол сияқты техникалық құралды да келсін-келмесін, қолдан берудің зиянды жақтарын ол ашып көрсетеді. Шынында да қазіргі кезде қай пәннің болмасын, көрнекі құралдары баршылық. Әсіресе, техникалық құралдар жеткілікті. Ал оларды тиімді, қонымды, керегінде ғана пайдалану мәселесі әр ұстазды ойландыруы керек. Тиімділік идеясы тақырыпқа байланысты ең тиімді, ең керекті дегендерін ғана іріктеп пайдалану туралы айтады. Бір сабақта нақты бір жағдайда ғана тиімді деп пайдаланылған көрнекіліктер жүйесі басқа сабақта тиімді болмауы мүмкін екеніне тоқталады. Бұдан шығатын қорытынды: көрнекілікті де тақырып, өтілгелі отырған сабақ мазмұнына қарай іріктеп, сұрыптап қолдану керек. Көрнекіліктерді өте көп пайдалану оқушы назарын, психологиясын, сезімін негізгі білімінен, тақырыптан аударып әкетеді. Ал берілетін білім мазмұнына сай, ең керекті дегендерін сұрыптап ала білу, оны өз орындарына пайдалана білу жемісті болатыны қақ. Мысалы, лирикалық туындыларға байланысты музыка мен бейнелеу өнерінің туындыларын үйлестіре отырып, қолдану тиімді

деп саналады. Абайдың табиғат лирикасынан 7-сыныпта „Жазғытұры“ беріледі. Осы сабақта көктем көріністерін бейнелейтін жақсы бір-екі бейнелеу өнерінің туындыларын пайдаланып, оларды жасыл жапырақтар, ерте шығатын гүлдермен безендіріп тастау — жетерлік нәрсе (жасыл жапырақты қағаздан да жасауға болады). Немесе, Абайдың „Желсіз түнде жарық айын“ өткенде, оның әнін құйтабақтан тыңдай отырып, ән соңында өлеңді мәнерлеп оқу, суретін эпипроектордан көрсету оқушы сезіміне ерекше әсер етер еді, олар Абай жырлаған желсіз түнді, жарық айды көз алдарына келтіріп, өлең сөзін жаңды суретке астастыра еді. Суретті картиналарды пайдалану оқушының көркем тілін дамытып, көркемөнерді түсінуге, әдеміліктен ләззат ала білуге тәрбиелейді. Көрнекіліктің қай түрі сабақта пайдаланылмасын, ол ең алдымен оқушыға берер білім мазмұнын байытып, әрі оны қабылдауды жеңілдетуге көмектесуі керек. Мысалы, „Күз“ туралы лирикалық шығармаларды оқытқанда, Левитанның „Күз“ картинасын сабақта пайдаланып, ақынның сөзбен салған суретін суретшінің бояумен салған суретімен салыстыру жұмыстары немесе ақынның образды бейнелі поэтикалық сөзбен салған көріністерін картинадағы бояу нақыштарынан іздеттіру үлкен шығармашылық тәсіл болып табылады. „Көкшетау“ поэмасындағы Сәкен сипаттаған Көкше көріністерін, Оқжетпес, Жұмбақтас сипаттарын суретшілер салған Көкше суреттерімен астастыра оқытудың тиімділігі айтпаса да, түсінікті. Суреттегі алтын кеш аясындағы Көкше көлдері Оқжетпес бейнесін эпипроектордан көрсетіп тұрып, дәл сол мезгілде поэманың осы көріністі суреттейтін жерлерін мәнерлеп оқу оқушы көз алдына Көкше көріністерінің жанды суретін қалдыра еді. Қандай көрнекілік болмасын, ең бастысы, мұғалім оны тиімді пайдалана білуі керек. Көрнекілік сабақ мазмұнымен тонның ішкі бауындай қауышып, оны байытып, әрі оқушы сезімін дамытып, уақыт үнемдеуге көп көмек жасайды.

Көрнекілік түрлері

1. Көркем суретті.
2. Графикалық материалдар, ұнтаспа жазулары, күйтабақтар, радио-телехабарлар, оқу фильмдері, кино-фрагменттер, телесабақтар. Бұлардың өзін есту, көру

процестеріне байланысты бірнеше түрге жіктеуге болады:

а) **Көруге негізделген көрнекіліктерге:** иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің туындылары, мүсін, сәулет өнерінің шығармалары, графикалық материалдар (сызба, кесте-плакат т.б.), портрет, фотографиялар, макеттер, альбомдар, т.б. жатады.

ә) **Естуге негізделген көрнекіліктерге:** ақын-жазушылар даусы, шығармалары жазылған күйтабақтар, не олар туралы ұнтаспаға жазылған естеліктер, музыка туындылары, ертегі, батырлар жыры, әңгіме, өлеңдер, артистер оқуындағы басқа да шығармалардың түрлері жатады.

б) **Көру, есту көрнекіліктерінің екеуіне де жататын** — кино, телехабарлар оқу фильмдері де көрнекіліктердің маңызды бір саласы болып есептелінеді.

Көрнекіліктерді пайдаланудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері

✓Әдебиет сабағында көбіне көруге негізделген көрнекіліктер жиі пайдаланылады. Әсіресе, жазушы портреті, фотосуреттері, шығармалары бойынша жасалған иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің, сәулет, мүсін өнерінің туындылары, т.с.с. Сондай-ақ сызба, карта, кесте-плакат, синхронды кестелер, диапозитив, диафильмдер де осы көрнекіліктер тобын құрап, әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Қазақ әдебиетін оқытуда дайын көрнекіліктер өте тапшы, сол себептен оны мұғалімдердің өзі жасауына тура келеді.

1. Суреткердің шыққан тегі, ата-бабасы көрсетілген кесте-сызба (әсіресе, бүгінгі таңда „жеті атаңды білу — парыз, жеті атасын білмеген — жетесіз” деп жатқанда) ерекше маңызды, қажетті көрнекіліктер тобына жатады. Мұғалім өзі қалаған ақын-жазушыларға осындай кесте-сызба жасайды. Сондай-ақ мұндай кесте-сызбаны ақын, не жазушының білім алған орталары, өз ұрпақтары, шығармаларының тараған жерлері, саяхаттарын өмірінде аса маңызды із қалдырған мекендерімен толықтырып, суреткер өмірін тұтастай қамтитын көрнекілікке айландыруға болады. Хронологиялық кесте жасап, суреткер өмірінің басты-басты кезеңдерін оқушының көз алдына келтіріп қою да тиімді.

2. Кесте-сызбаның ең бір тиімді түрі — суреткер шығармашылығының негізгі, түйінді мәселелері бойынша жасалынатын „Нені міндетті түрде білу керек?” деген көмек-нұсқау көрнекілігі. Мысалы, Ыбырай Алтынсаринге былайша кесте-плакат жасауға болады: „Қазақтан шыққан ұлы педагог”.

Ыбырай Алтынсарин — тұңғыш педагог, балалар әдебиетінің атасы, оқулық жазушы, кітап жазушы, мектептер ашушы, аудармашы.

Ыбырайдың ұстаздық жолы (мұғалім, инспектор). Мектеп, оқытушы туралы ұлағатты пікірі, педагогикалық мұрасы.

Өлеңдері, оның тақырыбы: 1. Оқу, білім туралы — „Кел, балалар, оқылық”, „Өнер-білім бар жұрттар”.

2. Табиғат лирикасы: „Өзен”, „Жаз” т.б.

3. Әлеуметтік мәселелерге: „Залым Төреге”, „Азған елдің байлары”, „Азған елдің молдасы”.

Әңгімелері, тақырыбы: 1. Тәрбие мәселелері: „Бақша ағаштары”, „Талаптың пайдасы”, „Мейірімді бала”.

2. Еңбек мәселелері: „Асан мен Үсен”, „Қыпшақ Сейітқұл”, „Әке мен бала”, „Атымтай Жомарт”.

Аудармалары:

1. А.Толстойдан: „Үш ұры”, „Жаман жолдас” т.б.

2. К.Ушинскийден: „Сауысқан мен қарға”, „Түлкі мен ешкі”.

3. Паульсоннан: „Алтын шеттеуік”, „Әдеп” т.б.

Қосымша материалдар: Ә.Дербісәлин „Ы.Алтынсарин” (монография).

Көркем әдебиет: Ф.Қайырбеков „Дала қоңырауы”.

Осы көрнекіліктің маңызы мен тиімділігі неде? Жазушы шығармашылығы туралы бұл көрнекілік айна іспеттес. Ол суреткер шығармашылығының негізгі мәселелерін тұжырымды түрде толық қамтиды, әрі оқушыға нені білу керек екеніне жол сілтейді. Ең бастысы, ол суреткер туралы жан-жақты хабар береді. Оның шығармасынан нені оқу керек, сол жайында нұсқау-көмек жасайды.

3. Кесте-плакат, сызбалар көркем шығармалардағы образдар жүйесін оқытуға байланысты да жасалынады.

Ү л г і:
М.Әуезов. „Абай жолы“. Әйелдер бейнесі.
Әйелдер бейнесі

„Қарашығым, қоңыр қозым“... Абайдың аналары — Зере мен Ұлжан.	„Көзімнің қарасы“ Сүйген жарлары — Тоғжан, Әйгерім.	„Жолыңа жаным құрбан“. Бақытсыз шерменделер Керімбала, Үмітей.
--	---	--

„Сенсіз дүние маған жоқ“: Мағрипа, Мәкен, Салиха.	„Қапастағы еркер...“: Салтанат, Нұрғаным, Еркежан.	„Күндестің аты күндес“: Айғыз, Ділде.
--	--	---

„Жуан бәйбішелер...“: Күңке, Қаражан, Мәнিকে...	„Кісі есігінде шіріп біттің-ау“. Есіктегі күңдер: Иіс кемпір, Есбике, Баян т.б.
---	--

Мұндай сызба-кестелердің тиімділігі, әсіресе, роман, эпопея сияқты күрделі жанрларды оқытуда ерекше болып келеді. Мысалы, осы схема „Абай жолындай“ эпопеяның ішіндегі көптеген әйелдер бейнесін іс-әрекеті, мінез-құлқы, шығармадағы орны, образы негізінде жатқан идеясына қарай сұрыптап, топтап, жинақтап беріп отыр. Эпопеялық шығармалардағы образдар жүйесін оқытудың тиімді жолы — оларды белгілі бір проблемалар айналасына топтап, жинақтап беру болып табылады. Мұғалімнің түсіндіруіне де, оқушының сабақ айтуына да бұл кесте-таблицаның көмегі зор. Эпопеядағы кедейлер, жастар, үлкен топтар бейнесіне де осындай сызба-кесте жасап, пайдалануға болады.

4. Көлемді шығармаларды сюжеттік-композициялық талдауда да схема-кестенің тиімділігі айтарлықтай. „Абай жолы“ — 4 кітаптан тұратын эпопеялық шығарма. Оқушыны былай қойып, мұғалімнің өзі де оңдағы барлық оқиғаларды толық еске сақтап, біле бермейді. Сондықтан әр кітаптың басты-басты оқиғасын мына үлгіде теріп, сұрыптап, кесте-плакатқа жазып қою керек:

Абай бейнесі. 1-кітап

Тараулар	Басты оқиғалар	Абайдың іс-әрекеттері
„Қайтқанда“	1. Оқудан елге оралу.	Әке әмірінен аса алмайды.
	2. Қодар мен Қамқа өлімі.	Қатты қиналып, шошынып, ауырып қалды.
„Жолда“	1. Кәмшатты Бөжейлерге беру.	Абай іштей күйзелді, ара түсе алмады.

Е с к е р т у: Мұндай сызба-кестеде кейіпкерлер іс-әрекетін ашатын, басты-басты ғана оқиғалар сұрыпталып, теріліп алынуы керек. Сонда ол пайдалануға қолайлы, әрі ондай сызбаны жасау да жеңіл.

Көрнекіліктерді қолдан жасау — аса күрделі дүние. Оған қойылатын басты талаптар мыналар:

1. Жазуын соңғы партада отыратын бала да оқи алатындай болу керек.

2. Көркемдеуі, безендіруі, бояулары әлем-жәлем емес, қарапайым, оқушы жан жүйесіне, көру қабілетіне кері әсер етпейтіндей, мектеп гигиенасына сай жасалуы керек.

3. Қолдануға оңай (мұғалімге де, оқушыға да) әрі мазмұнды, сабақ процесінде мұғалім іс-әрекеті, қызметі, сондай-ақ оқушы іс-әрекеті, қызметіне тиімді бірден-бір көмекші құрал дәрежесінде болуы керек. Оқушыға беретін білім мазмұнын байытып, танымын арттыратындай, әрі қосымша хабарлама беретіндей жасалуы да басты талаптардың бірі.

4. Тұжырымдылық, нақтылық, ғылыми жағынан тереңдік те басты шарт. Қолдан жасалынған осы көрнекі құралдарды пайдалана білу де педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мысалы, жазушы өмірі мен шығармашылығына арналған хронологиялық кесте, былай қарағанда, көрнекіліктердің ең қарапайым түрі сияқты. Ал осы кестемен мына сияқты маңызды жұмыстар атқарылады:

1. Суреткер өмірінің басты-басты кезеңдеріне, сол кезеңдерде жазылған шығармаларына оқушы назарын аудару.

2. Кесте арқылы оқушыларды пікірталасқа, әдеби айтысқа тарту.

Сұрақтар:

а) Қалай ойлайсыңдар, сенше жазушы өмірінің ең

маңызды кезеңі қай жылдар? Пікірінді дәлелде (не себепті маңызды деп есептейсің?)

ә) Қай жылдар ең өнімді, жемісті жылдар болған?

б) Кестеге қарай отырып, жазушы шығармашылығына елдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың қалай әсер еткені туралы өз ойларыңды айт.

в) Жазушының ең өнімді еңбегі, шығармалары қандай тарихи оқиғаларға, қай жылдарға байланысты жазылған екен?

Міне, осындай сұрақтар арқылы оқушылар кесте бойынша жұмыс істейді, өз пікірлерін ортаға салады. Тіпті, бұл хронологиялық кесте арқылы жаңа сабақтан соң мұғалім оқушы біліміне есеп те жүргізе алады. Ол үшін кестені арнайы беттерге жазып (сурет сабағына арналған беттерге), әр баланың алдына таратады, үш-төрт минут ішінде балалар мұғалімнің берген сұрақтарына байланысты тапсырмалар орындайды, яғни белгі соғып отырады. Мысалы, жоғарыдағы сұрақтардың жауабы ретінде шығарманың тұсына, не жылдардың тұсына белгі соғады. Бетті келесі жылдары да пайдалану үшін, белгі қарындашпен қойылады немесе кішкене жалаушалар қадалады.

5. Ақын-жазушылардың өмірін оқыту барысында оның жеке басы, шығармаларына балалар назарын аударып, қызықтыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында ол туралы пікірлер, тамаша ойлар, бағалар жазылған кесте-плакат әзірлеп, пайдаланудың тиімділігі зор.

Үлгі:

„Сағынады Мұқанды сыздап жүрек“
Мұқағали Мақатаев

„Ғажайып даналықтың бір көзі — Мұқағали поэзиясының дәуірі басталды“.

(Ә.Тәжібаев)

Мұқағали портреті

Өлең үшін туған ақын тұлпар боп,
Өлең үшін жанып кетті сенер ме ең?

(Ә.Әбдіқалов)

250

„Жұмыр жердің қай түкпіріне барсақ та, Мұқағали алдымыздан шығатын болады“.

(Оразақын Асқар)

„Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас өлеңді алайда ешкім...“

(М.Мақатаев)

„Сенің жырың жаралған Гималайдың
Төбесінде ойнаған найзағайдан“.

(Т.Молдағалиев)

„Мұқағали мөлдірліктен, тазалықтан, биік адамгершіліктен тұратын еді“.

(Лашын Әзімжанқызы)

Мұқағали поэзиясын талдау барысында осы көрнекілікті нәтижелі пайдалануға болады. Ең алдымен, ақын туралы пікір, бағаларды оқып беріп, әр пікірдің негізіндегі шындыққа тоқталып, оны дәлелдеуге еңбектендіру керек. Мысалы, оқушыларға Т.Молдағалиев жолдарынан алынған (Мұқағалиға арналған) өлең үзіндісі бойынша сұрақ қойып, іздендіріп, өз пікірлерін, ойларын ортаға салғызуға болады. Әсіресе, бұл жұмысты ақын шығармашылығы туралы түсінік, талдау берілгеннен кейін жүргізген дұрыс. „Балалар, Мұқағали туралы Тұманбай ағаларыңның пікірі, бағасы туралы не айтар едіңдер? Оның жырлары, шынында, „Гималай төбесінде ойнаған найзағайдай ма?“ Немен дәлелдер едің? Немесе Әбдідә ақын: „Бізге енді Мұқағали поэзиясының дәуірі басталды“, — дейді. Осы пікірге қосыласың ба? Қалай ойлайсың, сонда Мұқағалиға дейін қазақта поэзия болмаған ба?“ дейтін проблемалық сұхбаттағы сұрақтар оқушыны еріксіз ойландырады, пікірталасқа жетелейді. Бұдан шығатын қорытынды: жасалатын осындай жалпы графикалық көрнекіліктер мазмұн, тақырыпты ашуға көмек жасайтындай, оқушыларды ойлы, маңызды еңбекке жұмылдыра алатындай, әрі терең біліммен қаруландыратындай дәрежеде жасалынуы керек.

251

Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты, маңызы

Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Әдебиет — өнер, сөз өнері пәні. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жоқ, икем-дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілеті, дарынына әсер ету, оны ары қарай мәпелеу істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ осы жұмыстардың барлығын сабақ процесінде жүзеге асыру мүмкін нәрсе емес. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.

Оқушылар еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру, бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізу де, инабаттылық, имандылық, адамгершілік сияқты биік гуманистік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу, қорғауда да сыныптан тыс жұмыстардың жас ұрпаққа берері, үйретері көп.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері

а) Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Үйірме жұмыстары — сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры.

ә) Әдеби-шығармашылық үйірмелердің сонымен қатар „Шешендік өнер“, „Айтыс“, „Термеші“ сияқты фольклорға негізделген түрлері, әсіресе, соңғы кездерде тәжірибеге көптеп енгізілуде.

Үйірме жұмыстарының арнаулы органы — қолжазба журналы, газеті болады. Жұмыс жоспары жасалынады. Мұндай істерге кейде жергілікті ақын-жазушылар да (өз тілегімен) көмектесіп, белгілі бір секцияны басқарады. Әдеби-шығармашылық үйірмелерінің жұмысын жас ақын-жазушылармен бірігіп жүргізу нәтижелі болмақ.

б) Әдеби үйірмелердің бір түріне „Кітап достары“ немесе „Кітап — білім бұлағы“ деген үйірмені жатқызуға болады. Әсіресе, V—VIII сыныптарда мұны мектеп

кітапханасымен бірігіп жүргізудің маңызы ерекше. Үйірме мүшелері кітапханада арнайы көрме ұйымдастырып өткізеді, мысалы, „Құрметтейік те көтерейік Ананы“ (8 Наурыз қарсаңында), „Менің Қазақстаным“ (Республика күніне), т.с.с. Олар жаңа кітапты үнемі насихаттап, балаларға таратып, төменгі сынып балдырғандарына әңгімелеп береді. Жұмыс нәтижелі болу үшін, жоспарлы, жүйелі жүргізілуі керек. Кітапты күтіп ұстау, ұқыпты болу, оны қалай оқудың мәдениеті туралы да тартымды әңгімелер осы үйірме міндетінде. Олар осы мәселеде неше түрлі бәйге өткізеді. Мысалы, „Ұқыпты бала“, „Кітап жанашыры“, „Білгір“ (кітапты көп оқитын), „Шапшаң“ немесе „Алғыр“ (кітапты тез, әрі қатесіз оқитындар үшін), т.б. тақырыптарда. Жеңімпаздарға қоғамдық ұйымдар, үйірме, мектеп әкімшілігі алғыс айтып, оларды мектеп газетінде мадақтап отырғаны дұрыс. Үйірме мүшелері оқушыларды кітапханадан кезекті кітапты қалай алуға болады, каталогпен жұмыс түрлерін қалай жүргізу керек, соған үйретеді, дағдыландырады.

в) Үйірмелердің тағы бір түрі — мәнерлеп оқу, драма үйірмелері. Үйірмені осы өнерден хабары бар, сауатты маманның жүргізгені дұрыс. Оқушылар драматургия жанры, оның ерекшелігі туралы хабар алады, театр өнері, оның өзіндік сипаттарымен, ұлы артистер өмірі, өнерімен танысады. Драмалық шығармалардан үзінділер, инсценировкалар әзірлейді. Оларды мұғалім сабаққа пайдаланып отырады. Мысалы, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов драмаларын талқылаған кезде олардың туындыларынан шағын көрініс, монолог дайындалып, сабақпен ұштастырылады (осындай жұмыстарды ұнтаспаға жазып алып та сабаққа пайдалануға болады).

V—VIII сыныптар бойынша әдебиет үйірмелерімен бірлесе отырып, „Алтын сақа“ немесе „Ер Төстік елінде“ атты драма үйірмесін жүргізуге болады. Үйірме мүшелері ертегілерді мәнерлеп оқуға, инсценировка жасауға, сахналық көрініс көрсетуге үйренеді. Төменгі сынып оқушыларына, балабақшаларға барып, өз өнерлерін көрсетеді, бөбектерді ертегіні сүйеге баулиды. Сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі — клубтар. Үйірмеге қарағанда клубтардың ауқымы кең. Үйірмеге қабілетті, соған икемді ғана балалар тартылса, клубқа қатысам деушілерге оңдай шек қойылмайды. Бір сыныпты түгелімен бір клубқа қатыстыруға болады. Мысалы, „Аққу“, не „Әлди, әлди, ақ бөпем“ клубына (атын

басқадай да атауға болады) қыздар тартылады. Әдеби біліммен қатар, эстетикалық тәрбие беру, сұлулық, әдемілікті сезінуге баулу, ұлттық тәрбиені жүзеге асыруда оның атқаратын жұмысы ерекше болып келеді. Клубта әдебиеттегі қыздар бейнесі, ақын-жазушы қыздардың өлеңін оқып-тадау, өнерпаз, білімпаз қыз-келіншектер туралы, сондай-ақ қыздарға өзін-өзі күту, болашақта үй турмысын қалай жүргізу, дастарқан мәзірінің жайы, бала тәрбиесі, сән т.б. туралы қызықты, маңызды әңгімелер өткізіліп, әр саладағы мамандармен кездесу ұйымдастырылады „Алтыбақан“, „Мұрагер“ клубтарын құрып, халықтың өнерін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, шеңдік өнерін кеңінен насихаттауға болады. Клубқа қандай ат қойылады, — оны қатысушылар өздері шешеді. „Сиқырлы сөз“ клубын ұйымдастырып, өткізуге болады. Онда ақын, әншілер, сал-серілер шығармашылығы, ақын-композиторлар, Абай, Сәкен, Қасым, т.б. өлеңдері туралы тамаша хабарлар, отырыстар жүргізу де пайдалы. Клуб жұмыстары әр түрлі формада өткізіледі. Бірде дәріс-әңгіме түрінде өтсе, енді бірде композиция, концерт, кездесу, т.б. түрінде өтіледі.

Ақын-жазушыларға байланысты мынадай кештер өткізуге болады:

1. „...Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп...“ (Ш.Уәлиханов туралы).
2. „Жүрегіңнің түбіне терең бойла...“ (Абай).
3. „Адамзаттың Айтматовы“ (Ш.Айтматов).
4. „Кінәны жүрекке қой, қойма маған“ (М.Жұмабаев).
5. „Мен кетермін, артта жазған сөзім қалар...“ (Шәкәрім туралы).
6. „Оқыған азаматтың ардағы, бетке ұстар көсемі“ (Ахмет Байтұрсынов).
7. „Әлсе де денем, мен өлмен...“ (Ж.Аймауытов туралы).
8. „Оян, қазақ!“ (Міржақып Дулатов).

Әдеби конференциялар

Әдеби конференцияларды үлкен бір проблемалар,

тақырыптар бойынша жүйелі өткізіп тұру тиімді. „Қайта оралған есімдер“ шығармашылығы бойынша мынадай тақырыптарды қамтуға болады:

1. Мағжан поэзиясындағы нышан, романтика, миф.
2. а) Шәкәрім — Шығыс поэзиясындағы жарқын тұлға.
- ә) Шәкәрім поэзиясындағы Абай үлгісі, Абай әсері.
3. Ана тілін түрлеген Ахаң.
4. Жүсіпбек прозасындағы шеберлік пен шешендік.
5. Міржақып — алғашқы қазақ романының авторы.

Сыныптан тыс оқулар

Жас өскіндердің сөз құдіретіне деген сезімін оятуда, әдеби дүниетанымын кеңейтуде, өз беттерімен көркем шығармалар оқуға баулуға, оқырмандардың дағдысын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы рөлі ерекше болып келеді. Әдебиет сабағы, сабақ процесіндегі жұмыстар мен сыныптан тыс жұмыстар тонның ішкі бауындай қабысып, бірлікте жүріп отыруы керек. Оқу бағдарламасындағы оқып, тадауға ұсынылатын шығармалардың барлығын сабақ процесінде игеріп біту мүмкін нәрсе емес. Көркем шығарманы оқудың басты басты кезеңдері сыныптан тыс мезгілде жүзеге асырылады. Сыныптан тыс оқулардың басты мақсаттарының бірі — кітаппен жұмыс істеуге үйрету, өз беттерімен оны тыңдай білу, оқығандарының ішінен ең негізгі, басты мәселелерді еске ұстау дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс оқу сабақтарын ізденіспен өткізетін мұғалімдер кабинетте, кітапханада арнайы „Сыныптан тыс оқу“ бұрышын ұйымдастырады. Ол мынадай бөлімдерден тұрады. Мұғалім еркіне қарай: 1. Оқу бағдарламасында ұсынылатын кітаптар тізімін сынып бойынша көркем етіп жазып қою:

Ү л г і (5-сынып)

1. Авторы	Кітаптың, шығармалардың аты	Баспасы, шыққан жылы	Кітапты қайдан алуға болады.
І тоқсан: М.Әуезов Ғ.Мүсірепов ІІ тоқсан:	„Жетім“ „Жапон балладалары“	таңдамалы, І-т.	мектеп кітапханасы мектеп кітапханасы N...

2. Өз беттерімен кітап оқудың көмекші-нұсқауын беру.

Үлгі:

Кітап оқығанда, мына мәселелерді есте ұстау:
Кітапты жатып оқыма, денеңді тік ұстап, дұрыс отырып оқы.
Басты кейіпкерлер, негізгі оқиғалар есінде қалу үшін, арнайы күнделік-дәптер ашып қой.

Мына үлгіні пайдалануыңа болады:

Автор	Кітаптың аты	Қашан оқыдым	Басты оқиғалар	Негізгі кейіпкер	Өзіме ұнағандары
-------	--------------	--------------	----------------	------------------	------------------

3. „Сүйінші“ айдарымен басылымдардан шығып жатқан кітаптар тізімін жасап, оқушыларды таныстырып отыру. (Аннотация беру — тұжырымды түрде.)

4. Әлем әдебиетінің алтын қорына жататын ұлы туындыларды оқу (әрине, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай, сыныбы бойынша).

5. Осы „Сыныптан тыс оқу“ бұрышына „Оқырмандар экраны“ немесе „Кітап сүйгіштер жеңімпазы“, „Кітап білгірлері“, т.б. тақырыппен көрсеткіш-тақта жасап қоюға болады. Қай сыныпта, кім қанша кітап оқыды (тоқсандық), соны дәріптеп, мадақтап, үлгі ретінде іліп қоюдың маңызы ерекше.

Ең басты мәселе, мұғалім оқушылардың сыныптан тыс оқуын, сыныптан тыс оқу сабақтарын ғылыми түрде, тиімді, қызықты ұйымдастыра білуі керек.

Сыныптан тыс оқуларда ата-аналар мен кітапхананың да атқарар рөлі зор. Әдебиет мұғалімі сынып жетекшілерімен, ата-аналармен байланыса отырып, әр баланың жеке кітапханасы болуына, үйде оны қалай құру керек екеніне көңіл бөледі, ақыл-кеңес береді. Бұл жұмыс нәтижелі болуы үшін, тоқсанына бір рет „Кітап — рухани байлық“, „Менің кітапханаммен танысыңыз“ атты әңгімелер өткізіп тұруға болады. Ата-аналардың осындай әңгімелерге қатысуы да артық болмас еді. Мектеп кітапханашысының жұмыс жоспарына да назар аударып, әдебиет мұғалімі онымен тығыз байланыста еңбек етуі керек. Мүмкіндігіне қарай кітапханашы әдебиетші мұғалім берген тізімдер бойынша балаларға кітап оқытуды қамтамасыз етеді, кітап оқудың ережелерімен таныстырады, сөйтіп, сыныптан тыс оқу жоспарлы, мақсатты, жүйелі түрде, әрі бірлікте ұйымдастырылады.

Оқу, тәрбие жұмысы ғылыми түрде ұйымдастырылған мектептерде сыныптан тыс оқу бүкіл мектеп жұмысының күре тамыры, жүрек соғысы болып есептеледі. Себебі, кітап оқымау деген сөз — ой еңбегі жоқ деген сөз. Тарих, география, биология, тіпті математиканы меңгеру үшін, ең алдымен бала кітапты қатесіз, еркін оқи білуі керек. Сол себептен де кітап бүкіл білімнің, ілімнің ұлы анасы болып табылады. Мектепшілік конкурстар, жарыстар, әдеби ойындар, кітап оқу мәдениеті, маңызы, т.б. тақырыптарға тәрбие сағаттарын жүргізу, оқырмандар конференциясын өткізудің маңызы ерекше. Мұндай әр түрлі жұмыстарды бір маңызды тақырып айналасында өткізуге болады. Мысалы, М.Әуезов шығармашылығына байланысты мынадай жұмыстар жүргізіледі:

I. Бәйге-жарыстар (конкурстар)

1. М.Әуезов шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу;
2. М.Әуезовті ең көп оқыған бала;
3. „Жеке меншігінде М.Әуезов шығармалары көп“, „Әуезов мұрагері“ т.с.с.

II. Әдеби викториналар

Викториналық сұрақтар „Мектеп тынысы“ стендісіне ілініп қойылады, балалар жауабы арнайы жәшікке хат үлгісінде жазбаша салынады. Қорытындысы жиналыс, отырыста хабарланады.

Викторина сұрақтары (жоғары сыныптар үшін):

Үлгі:

1. „М.Әуезов — заманымыздың ұлы жазушыларының бірі“. Кімнің сөзі?
2. „Сіз „Абайды“ оқыдыңыз ба? Оқымасаңыз, сіз еш нәрсе білмейсіз! Бұл — таңғажайып, бұл — керемет!“ Кімнің сөзі? Кімге айтылған?
3. „Барары жоқ, байлау жоқ, Ерім қайтып күн көрер?! Бәріңнің де нәрің жоқ, Елім қайтіп күн көрер?!“

Осы кімнің сөзі? Әуезовтің қай шығармасынан алынған?

4. „Алда — өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... Бір қуаты, бір үміті бар. Қуаты — ақындық, үміті — халық”. Қай шығармасынан алынған? Кімге арналған сөз?

5. „Мен Тобықтының ұлымын. Ешкімге сатылғам жоқ. Сондықтан да Тобықтының терісін айтам, тентектігін, зорлығын, бұзықтығын айтам. Ол Тобықтының қалың елін қаралағаным емес, қайта жазығы жоқ көпшілігін ақтайын деп, соны айтам. Қалың момын, жазықсыз көпшілігін арамға апарып, итеріп арандатқан аз Тобықтының азғындығын айтам”.

6. „Мен өлемін, бірақ сол сан жылдарда сенің желдерің қуып жеткен “гүлдерім, дәндерімнен ұрпақ, нәсіл қалар ма?...” Кімнің сөзі? Викторинаны М.Әуезовтің (не басқа да суреткерлердің) „Абай жолы” эпопеясы айналасында құруға болады.

III. Әдеби ойындар

Әдеби ойындар, әсіресе, 5—8-сыныптарда қызықты болмақ. „Жаңылтпаштың жаңылмас шебері”, „Жұмбақ, жұмбақ, жұтылдым”, „Алдар қудың басынан кешкендері”, „Қожанасыр қоржыны”, „Жиреншенің тапқырлығы”, „Тазшаның тапқырлығы”, „Төрт түлік малдың айтысы”, т.б. тақырыптарға қызықты ойындар өткізуге болады. Бұл ойындардың көпшілігі сахналық көрініспен жүргізіледі, юмор, тапқырлық, әр түрлі күлдіргі жағдайлар оны әрлендіре түседі.

IV. Оқырмандар конференциясы

5—8-сыныптарда „Мен сүйетін ертегі”, „Мысалдар әлемінде”, „Туған жер әуені” тақырыптарды алуға болады.

4—6-сыныптарда „Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы азаматтық проблемалар, “Екінші дүниежүзілік соғыс Қасым жырларында”, „Шәкәрім шығармаларындағы Шығыс сазы”, „Шәкәрім және Абай”, „Қазақ әдебиетіндегі суырыпсалмалық өнер”, т.б.

Сабақтан тыс оқу сабақтары (V—VII сыныптар)

Оқу бағдарламасында сыныптан тыс оқылатын

әдебиеттер тізімі, әр сыныпқа нақтылы сағаттар саны көрсетілген. Бұған қатып қалған нәрсе деп қарауға болмайды. Мұғалім өз қалауы бойынша ішінара оны өзгертіп, керекті деген шығармаларды өз қалауымен ұсына алады. Кітап тапшылығы, қағаз тапшылығы алға жібермей тұрған бұл заманда бағдарламадағы авторлардың табылуы да қиын болуы мүмкін. Сондықтан оның орнына басқа шығармаларды оқытудың қателігі жоқ. Мысалы, 5-сыныпта Ыбырайдың „Бай баласы мен жарлы баласы” әңгімесі оқуға, талдауға ұсынылады. Ол әңгімені оқып болған соң, оның „Бақша ағаштары”, „Мейірімді бала”, „Талаптың пайдасы”, „Әкесі мен баласы” атты әр түрлі тақырыпта жазылған әңгімелерін сыныптан тыс оқу сабағында талқылауға болады. Сыныптан тыс оқуды жоспарлағанда, мына мәселелерді негізге алудың да тиімділігі бар. Мысалы, 5-сыныпта М.Әуезовтің „Әжемнің әңгімесін” өткеннен кейін, Ана тақырыбына жазылған Ф.Мүсіреповтің „Ана кесімі айнымайды”, „Ананың арашасы” әңгімелерін сыныптан тыс оқыту дұрыс болып келеді.

Бағдарламада „Әжемнің әңгімесінен” кейін Ф.Мүсіреповтің „Жаңа достары” тұр, онда да Қайраттың анасы сөз болады. Жүйелілік, үндестік, байланыс — сыныптан тыс оқу сабақтарына да басшылыққа алатын маңызды оқу принциптері. Тақырып үндестігі ғана емес, жанрын негізге алу да маңызды. Халық ертегілерінен кейін әдеби ертегілерге орын беру, лирикалық шығармалардан кейін оны жалғастырып, басқа тақырыптағы басқа автордың лирикалық шығармаларын оқыту — сыныптан тыс оқу сабақтарын ұйымдастырудың келесі мәселелерінің бірі.

Сыныптан тыс оқу сабақтарын өту әдістемесіне ерекше назар аудару керек. Оны әдебиеттегі сабақтардан мүмкіндігіне қарай басқаша ойластырып өткізген жөн. Сабақ бойы сұрақ беріп мазалау, талап ету сияқты тап-таурын әдістерден қашқан жөн.

Әсіресе, 5—8-сыныптарға арналған сабақтан тыс оқу сабақтары қызықты, оқушыларды тартатындай, жалықтырмайтындай болып жоспарлануы, өтуі керек. Бір ізбен өтетін сабақтардан оқушылар жалығады, ал оның зияны ұшан-теңіз, себебі ондай сабақтар баланың кітапқа деген қызығушылығын тежейді, жояды. 5—8-сыныптардағы сабақтан тыс оқудың ең басты мақсаты — оқушылардың кітапқа деген ынтасы, қызығушылығын

арттыру, оқырмандар әзірлеу. Концерт сабақ, әдеби ойын сабақтары, жарыс сабағы, жәрмеңке сабақ, композициялық сабақ, инсценировкалық сабақ, сабақ-викторина, саяхат сабағы, „Бізде ертегі кейіпкерлері қонақта" атты кездесу сабағы немесе „Алақай, Тазша баланың ертегісін тыңдаймыз!" атты әңгіме сабақтары, т.б. сабақ түрлері сабақты әрлендіріп, балаларды көңілдендіріп жіберетіні сөзсіз.

Неше түрлі безендірме суреттерге (әсіресе, ертегі, мысалдарды оқытқанда) орын беру, музыкаға көңіл қою, түрлі бетперде, сұлбаны пайдаланудың маңызы зор.

Төменде сабақтан тыс уақытта оқуды қалай ұйымдастыруға болады, соның үлгісі ұсынылып отыр (5-сынып).

(Жоспар)

Рет саны	Тақырыбы	Сабақтың типі
1-сабақ қазан	„Ерте, ерте, ерте екен..." Қазақ ертегілері бойынша әңгімелер (қандай ертегіні таңдап алады — оны мұғалім өзі біледі).	Сахналық көріністегі сабақ
2-сабақ қараша	„Карлсон бізде қонақта". Әдеби ертегілер, соның ішінде балалар арасында көп тараған шетел ертегілері бойынша. Мысалы, Г.Х.Андерсонның ертегілері, А.С.Пушкин ертегілері. Ертегілерден көрме.	Композициялық сабақ. Әңгіме сабағы
3-сабақ желтоқсан	„Әлди, әлди, ақ бөпем..." Бесік жыры, ана жыры. М. Жұмабаев — „Сал, сал, бөбек, сал, бөбек", М.Дулатов өлеңдері. М.Шаханов — „Ана жүрегі" балладасы, т.б. өлеңдерін негізге алу. Мұхтар, Мағжан, Міржақып туралы кіріспе әңгіме. Портреттер, әр жылдары түскен суреттерін пайдалану. Бөбектер туралы кітаптардан көрме.	Концерт-сабақ
4-сабақ	„Туған жер — алтын бесік". Отан, туған жер туралы өлеңдер бойынша өткізіледі. Мұғалім қалауы, мүмкіндігіне қарай, автордың өлеңдері іріктеліп алы-	Жарыс сабағы: 1. Мәнерлеп жатқа оқу. 2. Кім көп өлең, мақал-мәтел біледі?

	нады. Мысалы, С.Мәуленов, Ә.Тәжібаев, Қ.Мырзалиев, Қ.Аманжолов, Ғ.Қайырбеков, М.Мақатаев. Ақын портреттерінен фотомонтаж. Кітап көрмесі.	Ерлік сабағы
5-сабақ	„Шешендік сөздер, көсемдік сөздер". Сырым Датұлы, Қаз дауысты Қазыбек, Әз Жәнібек т.б. Шешендік сөздері бойынша: а) Мұғалім түсінігі. б) Мәнерлеп оқу. в) Рөлге бөліп оқу.	Инсценировка-лы сабақ (жатқа оқу, мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу)
6-сабақ	„Батыр балалар", В.Гюго — „Гаврош", Қ.Қайсенов — „Жау тылындағы бала". Авторлар туралы түсінік. Кітаптар бойынша мұғалім әңгімесі. Оқушылар хабарламасы, пікірлері. Соғыс туралы әндер тыңдау („Қасиетті соғыс", „Марсельеза" Э.Потье). Кітап көрмесі. Балаларға арналған соғыс туралы кітаптар, әңгімелер (мұғалім қалауы бойынша).	Ерлік сабағы
7-сабақ	„Қиял-ғажайыптар елінде". Фантастикалық шығармалар негізінде өту. Жюль Верн шығармалары „Сиқырлы арал", Д.Дефонның „Робинзон Крузосы" бойынша. „Гулливёрдің саяхатынан" да бір-екі саяхатын алуға болады. Безендірме суреттерден көрме.	Саяхат сабағы
8-сабақ	„Ана тілің — арың бұл". С.Торайғыров, Ә.Тәжібаев, Р.Ғамзатов.	Викториналы әдеби-монтаж сабағы.

8—9-сыныптардағы сабақтан тыс оқулар. Оқу бағдарламасында бұл сыныптарда төңкерістен кейінгі әдебиет үлгілері ұсынылады. Бұл сыныптарда да сабақты түрлендіріп, жандандырып отыру керек. Мұнда да сабақты өтіліп жатқан шығармалармен байланыстыру, тақырып, жанр, проблемалық мәселелерге байланысты жүйелі түрде өткізу басшылыққа алынады. Семинар са-

бақтары, пікірталас сабақтар, реферат қорғау сабақтары сияқты сабақтың маңызды формалары негізге алынуы керек. Сондай-ақ бұл жоғары сыныптарда шетел әдебиетінің озық үлгілерін оқыту, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, әлем, адамзат әдебиетінің асылдарын таныстыру мүмкіндігі мол. Көркем шығармаларды оқыту ғана емес, әдеби әдістер, дәстүр мен жаңашылдық, жанрлық, стильдік ерекшеліктер, поэтикалық талдаулар сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді. Кабинетте, кітапханада жоғары сыныптар үшін „Әлем әдебиетінің асылдары“, „Адамзаттың Айтматовы“, „М.Әуезов әлемді аралап кетті“ сияқты кітап көрмелерін (көшпелі) жасап қоюға болады. Сондай-ақ осы кітап көрмесінің әр тақырыбына сабақ өткізу, оны баяндама, пікір, аннотация, дәріс оқу әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асыру тиімді болып келеді. Мысалы, „Адамзаттың Айтматовы“ тақырыбын (бір сабақ емес, бірнеше сабақ болуы мүмкін) конференция, семинар түрінде өткізуге болады.

Мынадай сұрақтар талқылауға ұсынылады:

1. Айтматов... „Адамзаттың Айтматовы“ — осы бір атаудың мәні. Неге қырғыз Айтматов адамзаттың Айтматовына айналды, көтерілді?

2. „Бетпе-бет“ повесі. Повестің осылай аталу себебі? Көтерілген адамзаттық проблемалар. Жазушы шеберлігі, қол жеткен табысы неде?

3. Әлемді дүр сілкіндірген „Жәмила“. Жәмиланың әлемді таңғалдыру сыры неде?

4. „Ақ кеме“. Жазушы көрегендігі, абыздығы неде? Повесть неге осылай аталған? Қандай әлемдік проблемалар көтерген?

5. Жазушы шығармаларындағы миф, қиял, фольклор үлгілері, ұлттық бояу.

6. Жазушы еңбектеріндегі экология, мораль, дін, сенім, гуманизм мәселелері.

7. „Жан пида“ романы. Романның осылай аталу себебі? Қалай ойлайсындар, Шыңғыс неге өз заманы, қоғамынан көш ілгері жүреді, көрегендік жасайды. Дала қасқыры. Адам қасқыры. Роман көтерген адамзаттық көкейкесті проблемалар.

8. Айтматов әлемінің адамзат әдебиетіндегі орны.

Сабақтан тыс уақытта шетел әдебиетімен таныстыру

Оқушылардың дүниетанымы, білімін тереңдету, дамытуда тек туған әдебиетін оқыту, білгізу ғана емес, шетел әдебиетінен де сусындату, оның жалпы адамзаттық асыл мұраттарын игертудің маңызы ерекше. Сол себептен де сыныптан тыс оқуларда, жұмыстарда әлем әдебиетінің үздік туындылары туралы жиі-жиі сөз қозғау жөн болмақ. Әсіресе, бұндай жұмыстар суреткердің мерейтойларына орай ұйымдастырылады. Әлем тойлап, атап өтіп жатқан бұндай келелі істерге оқушыларды да ат салыстырып отыру керек. Мұғалімге тіпті мұндай күндерді тоспай-ақ, жүйелі түрде 5-сыныптан бастап, Шыңғыс Айтматов, Мұса Жәлел, Мұстай Кәрім, Расул Гамзатов, батыс әдебиетінен Джек Лондон, Ги де Мопассан, Оноре де Бальзак т.б. шығармашылығы айналасында қызықты сабақтар өткізуіне болады. Әсіресе, 5—8-сыныптарда атақты „Робинзон Крузо“, „Гулливердің саяхаты“, Пушкиннің ертегілері, Андерсонның ертегілері туралы сыныптан тыс оқулар өткізуге болады.

Әдебиетті тереңдетіп оқыту мәселелері

Қазіргі таңда, жоғарыда айтылып өткендей, жаңа үлгідегі мектептер қанатын кең жаюда. Гуманитарлық бағыттағы лицей, гимназия, әдебиетті тереңдетіп оқытатын мектеп, сыныптар нәтижелі жұмыс істеуде. Ізденімпаз, шығармашылықпен еңбек ететін ұстаздар әдебиетті тереңдетіп оқытудың айналасында тәжірибелер жинақтауда. Дегенмен, осы мәселе әлі де көп ойлануды, көп ізденуді талап етеді.

Әдебиетті тереңдетіп оқытудың көкейкесті мәселелері ретінде мыналарға көңіл бөлген жөн:

1. Оқылатын авторлар санына әрі олардың қадау-қадау шығармаларына кең жол ашу, көркем сөз иесінің әлемін тұтастай қарастыру. Мысалы:

а) М.Әуезов шығармашылығын тереңдетіп оқытудың барысында (11-сынып) жазушының бұрыннан оқытылып жүрген туындыларымен қатар (роман-эпопеясы, драмалары, әңгімелері), оның ғажайып аудармалары, Абайтану ғылымына сіңірген еңбегі, әдебиетіміздің белді-белді тұлғалары жайындағы ғылыми мақалалары, „Әуезов

және қазақ әдебиеті", „Әуезов және әлем әдебиеті“, „Әуезов және Шығыс әдебиеті“ айналасында арнайы сағаттар бөлініп, сөз қозғау бүкіл Әуезов әлемін танытудың алғашқы қадамдары болар еді (әрине, бұл мәселелерді оқушыларға лайықтап, тұжырымды түрде берген жөн).

Бұдан шығатын қорытынды: оқытылатын автордың көркем туындыларымен қатар, оның әдебиет әлеміне сіңірген қомақты еңбектеріне назар аудару. Ол туралы жан-жақты мағлұмат беру. Әрине, „Әуезов және қазақ әдебиеті“ немесе „Әуезов және әлем әдебиеті“ деген тақырыптарды оқушыларға соншама тереңдетіп беру мақсат емес, мақсат — Әуезов деген ұлы тұлға, ұлы жазушыны тұтастай қарастыру, Әуезов әлеміне ұрпақтарын тәнті ету.

ә) Ұрпағына қайтып оралған ақылман, көсем Ахмет Байтұрсыновты „Қырық мысалымен“ немесе оған қоса кейбір өлеңдерімен ғана қарастыру жөн бе? Ахметтің тіл біліміне сіңірген еңбегі, „Әдебиет танытқышы“, қазақ қауымы жайындағы (оның қоғамдық бейнесін ашатын) өткір, өз заманын былай қойып, қазір де маңызын жоймаған мақалаларын, бүкіл Ахмет әлемін тұтастай қарастыру — тереңдетіп оқытудың маңызды бір белгісі болмақ.

б) Бұл жерде ескеретін ерекше бір мәселе бар. Тереңдете оқыту шығарманың саны немесе сол сыныпта оқытылатын авторлардың көптігімен жүзеге аспайды. Берілетін білім мазмұны, оның мөлшері мұнда да педагогика, психология ғылымдарының талаптарына сай сынып, балалар қабілеті, жас ерекшелігіне байланысты болуы керек. Ұзын-сонар дәлелдемелер саны оқушыны қажытатынын, әрі есінде сақталмайтынын ескеру керек. Тереңдетіп оқытуда да нақты, түйінді дүниелерге назар аудару, берілетін білім мөлшерін де нақтылау ең басты мәселелердің бірі екенін ұмытпаған жөн.

в) Тереңдетіп оқытуда да, мысалы, жоғарыда айтылғандай, көркем сөз иесінің барлық бітімін тұтастай қарастыра отырып, мұғалім автордың қай туындыларын шолу керек екенін ойластырғаны дұрыс. Мысалы, „М.Әуезов және Шығыс әдебиеті“ деп қарастырсақ, бұл тақырыптың өзі — әдебиеттану ғылымындағы шетсіз, шексіз бір әлем. Мұғалім шолу жасай отырып, ішінара ең негізгі деген қадау-қадау дүниелерге басты назарды аударып, тұжырымды етіп қана білім беруді ойластыруы

керек. Ал енді Әуезовтің „Абайын“, қазақ прозасын „еуропалық проза дәрежесіне көтерген“ алғашқы әңгімелерін оқыту — даусыз дүние.

2. а) Тереңдетіп оқытудың келесі бір белгісі — көркем туындыны әдебиеттану ғылымы тұрғысынан тереңдей талдау болып табылады. Тереңдей талдауда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлген жөн: көркем туынды негізінде жатқан ой, авторлық көзқарасты, яғни көркем туынды негізінде жатқан идеялық проблематиканы, сөз айшықтарын, тұжырымдап айтқанда, „сырты күміс, іші алтын“ түр мен мазмұн бірлігін жанды бірлікте талдау, көркем сөз иесінің стилі, әдісіне барлау жасау. Мысалы, осы жұмысты төменгі сыныптардың өзінде қалай жүргізуге болады, баланың көркем туындыны талдау дағдыларын қалай қалыптастыру керек, соның бір жолын мына бағандардан көруге болады:

Абай. „Жаз“

Өлең негізінде жатқан идея, авторлық ой	Өлеңдегі негізгі ойды ашатын шумақтар, өлең жолдары	Айшықты, әдемі, образды көркем сөздер	Өзіңе ұнаған жолдар, шумақтар	Ақын стилі, әдісі
---	---	---------------------------------------	-------------------------------	-------------------

Е с к е р т у: Талдауда міндетті түрде осы бағандарды жазбаша толтыру керек деген талап қойылмайды, бірақ бұл үлгі көркем мәтінді жүйелі талдаудың бір тиімді, ұтымды жолдары болып табылады.

М.Әуезовтің „Абай жолы“ эпопеясындағы Құнанбайлар әлемін тереңдете оқытудың кейбір жақтарына тоқталайық.

1. Ең алдымен, автордың Құнанбайлар әлемін көрсетудегі идеялық проблематикасы, не соның айналасындағы ізденістер.

Әкелер мен балалар проблемасы.

Абай — Құнанбай, Тәкежан — Әзімбай, Абай — Әбіш т.с.с.

2. Құнанбайлар әлемі. Құнанбайға жеке тоқталмай, эпопеядағы ол типтестерді сұрыптап, жинақтап, топтап алу, талдауды да мына проблемалар айналасында топтап, жинақтап талдау.

— Құнанбайлар — феодалдық қоғамның, оның әдет-салтының, дала заңының қатал сақшысы.

— Құнанбайлар және даладағы рулық-патриархалдық тартыс.

- Құнанбайлар және халық.
- Құнанбайлар және Абай бастаған жаңа буын.
- Ескі мен жаңа арасындағы тартыс.
- Құнанбайлар және әйелдер бостандығы, махаббат.

Е с к е р т у: Бұл жерде бүкіл эпопеяны, тіпті осы Құнанбайлар әлемін тереңдете оқытудың барлық жолы ұсынылып отырған жоқ, мақсат та ол емес, тек мысалдар арқылы тереңдете оқытудың басты белгілерінің теориялық жағын сөз ете отырып, оның іс жүзіндегі көрінісінен үлгі беру ғана.

Көріп отырғанымыздай, тереңдете оқытуда Құнанбай бейнесі жалғыз алынып отырған жоқ, төрт томдық бұл күрделі эпопеяда оның ізбасарлары көп, сондықтан „Құнанбайлар әлемі“ деп, көпше алынып отыр және Құнанбайлар жаңа заман, жаңа ұрпақ, прогресс иелері, оның бастаушысы Абаймен қатар қарастырылып отыр. Сабақтың тақырыбын да сол себепті „Феодалдық қоғам — Құнанбайлар және Абай“ деп алса, мұғалім көптеген мәселелердің басын тұжырымды түрде, топтай, жинақтай отырып, ашар еді.

„Абай жолындай“ күрделі шығарманы тереңдете оқыту оның әр образы, әр бетін санамалай оқыту емес, керісінше, нақты бір проблемалар негізінде жинақтап алып, тұжырымдай, топтай оқыту болып табылады.

3. Тереңдете оқытудың тағы бір белгісі — тақырыпты қосымша материалдармен, ғылыми еңбектермен байыту (яғни оқушыға берілетін білім мазмұнын байыту).

Бұл жерде де еске ұстайтын екі мәселе бар:

а) Мұғалім қосымша материалдар мен ғылыми еңбектерді тақырыпқа сай сұрыптап, қадау-қадау түйінділерін ғана алады.

ә) Ғылыми еңбектерді тұтастай оқытады.

3. Пәнаралық байланыс, интегративтік оқытуды басшылыққа алу да тереңдетіп оқытудың жолына жатады.

Пәнаралық байланыстың бірнеше түрі бар:

1. Туыстас пәндер арасындағы байланыс, мысалы тарих, әдебиет, тіл т.с.с.

2. Пәнішілік байланыс, яғни бір тақырып пен екінші тақырып арасындағы байланыс. Пәнаралық байланыс мұғалімнің алдына қойған сабақ мақсатымен, сабақ мазмұны, құрылымымен қабысып жатуы керек. Сабақтың бір кезеңінде ғана „жылт“ ете түсетін, сөз арасында ғана мысал ретінде айтыла салатын деректерді (басқа пәндер бойынша) пәнаралық байланысқа

жатқызуға болмайды. Мысалы, 9-сыныпта Бұхар жырау шығармашылығын оқыту, өту барысында Абылай туралы өлеңдері де талданады.

Білім беру мақсаттарының бір түйіні, дәні „Тарихтағы Абылай бейнесін Бұхар жырау өз толғауларында бере алған ба, Абылай бейнесінің негізінде жатқан тарихи шындық“ деген проблемалардан тұрмақ. Сабақтың өн бойында мұғалім тарихтағы Абылай мен толғаудағы Абылайды қатар ала отырып, түсіндіруі керек. Оқушылардың тарихтан алған білімдерін жаңалау, қайталау арқылы әдебиеттен берілетін жаңа білімдерді толықтыру, байыту, кеңейту мәселелерімен айналысады.

3. Пәнішілік байланыстың да тереңдете оқытуда өзіндік орны бар. Мысалы, көркем шығарма тілі, ақын-жазушының стилі туралы сөз қозғағанда, оқушыларға шығарма жаздырғанда т.б. қазақ тілі пәнімен байланыстың тиімділігі, маңызы зор.

Пәнаралық байланысқа сүйеніп оқыту берілетін білім мазмұнын тереңдету, байытуда өзіндік рөл атқарады. Бір мезгілде екі, не үш пән мұғалімінің бірлесе сабақ өтуі, „білімді қосарлана“ беруі соңғы кездерде тәжірибеге жиі енуде, әрі мұғалімдер сол арқылы біршама жақсы нәтижеге жетуде. Жалпы, жоғары оқу орнын былай қойып, мектептерде өзектес пәндерді қосып оқыту сияқты тәжірибелер кеңінен қанат жаюда.

Оның тиімділігі, маңызы не?

Ең бастысы, пәндерді біріктіре отырып оқытуда уақыт үнемделеді, білімді жинақтап береді. Мысалы, астрономия сияқты пәнге аптасына бір-ақ сағат беріледі. Келесі сабаққа дейін алған білімдерді ұмытып қалу мұндайда жиі кездеседі. Екіншіден, білімді жан-жақты беруде, бір-бірімен байланыста беруде бұл оқытудың өзіндік маңызы бар.

Әдебиеттен білімді тереңдете беруде пәнаралық байланысқа қандай жағдайда жүгінген дұрыс?

1. Өтілетін білім мазмұны басқа пәндердегі біліммен үндесіп жатқанда;

2. Өтілетін білім мазмұны толықтыруды, байытуды қажет еткенде;

3. Бір мезгілде бірнеше пәндердегі ұғымды бір жерге топтап, жинақтап беру мақсатында.)

Абай шығармашылығын өткенде, әсіресе, табиғат, махаббат лирикаларын оқыту барысында бейнелеу өнері пәнінің, музыка пәнінің мұғалімдерімен бірігіп, сабақ-гар-

мония (немесе үйлесім сабағы деп те аталады) өткізіп, білім мазмұнын жан-жақты байыта отырып, беруге болады. Бұл сабақта бейнелеу пәні мұғалімі суретшілердің табиғат көрінісін әр түрлі бояулармен жеткізетін құдіреті туралы сыр шертсе, музыкада сиқырлы әуен, саздың маңызын; ал әдебиетте сөз өнерінің, сөздің қасиетін мұғалімдер оқушылардың көзін жеткізе отырып, түсіндірер еді. Бұндай жағдайларда баланың ой өрісі, дүниетанымы, эмоциясы, эстетикалық сезімі дамиды, әрі әдебиет сабағының өнер сабағы, әдебиеттің өнердің бір саласы екені туралы оқушылар түсінігі де байиды. Осы мәселелерде тереңдете оқыту оқытудың тиімді бір түрі болып табылады.

Оқушылардың танымын дамыту, белсенділігін арттыру, пәнге деген қызығушылығына әсер ету тереңдете оқытудың негізгі мақсаттарының бірінен саналады.

Мысалы, Абайдың „Желсіз түнде жарық ай“ өлеңі біз сөз етіп отырған үйлестікті, гармонияны еріксіз талап еткендей.

Айлы түн сұлулығы, махаббат сұлулығы, оған қоса осыларды жыр етіп отырған ақын сезімінің, ол көріністі кестелеп салған тілінің сұлулығы ғажайып бір үйлесім емес пе?! Осы үйлесім, осы гармония — білімді тереңдете, жан-жақты берудің тиімді бір көзі.

4. а) Әдебиетті тереңдете оқытудың тағы бір өнімді, ұтымды жолы — оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талапты жетілдіру. Танымдық іздендіруші, ғылыми сипаттағы тапсырмалар, өз беттерімен жүргізетін әр түрлі мақсат, мазмұндағы жұмыс түрлері балалардың білімін ғана тереңдетпейді, іскерлік дағдыларға да баулиды.

ә) Мысалы, ғылыми еңбектер бойынша реферат жазғызу, әрі оны қорғату, көркем туындыға рецензия-пікір жазғызу, өзекті мәселелер айналасында ғылыми сипаттағы шағын әдеби айтыстарға баулу оқушылардың іскерлік дағдысын дамытудың тиімді тәсілдері болып табылады.

б) Оқушылардың іскерлік дағдыларын дамытуда өз беттерінше орындауға берілетін салыстырмалы жұмыстардың да маңызы ерекше. Мұндай жұмыстарға әр түрлі жанрдағы туындылар аудармаларының сапасы (орысша, қазақша мәтіндерді қатар алып салыстыру) жатады.

„Сәкен, Ілияс, Мағжан поэмаларындағы “Көкше көріністері. Қай образ көңіліңе жақын?” т.с.с.

тақырыптарға жүргізілетін салыстырмалы тапсырмалар білімді өз саралауы, өз белсенділігі, өз еңбегімен алуға ғана дағдыландырмайды, сонымен бірге талдауға, ойлауға, өз бетінше қорытынды жасауға да баулиды.

в) Оқушылардың іскерлік дағдыларына қойылатын талаптарды төменгі сыныптардан бастап, сынып жоғарылаған сайын, жүйелі түрде дамыта, күрделендіре түскен дұрыс. Мысалы, төменгі буында көбіне оқыған шығарманы мазмұндай білу, мазмұнын айта білу талап етіледі. Жай мазмұндаумен қатар, өзіне ұнаған эпизодтарды ғана теріп алып, мазмұндау, сондай-ақ көркем шығарманың ең негізгі, түйінді эпизодтарын ғана мазмұндату сияқты жұмыстарға қарапайымнан күрделіге қарай бірте-бірте дағдыландырған дұрыс.

Оқыған шығармалары туралы өз әсерлерін, өз пікірлерін айтқызудан бірте-бірте оны дәлелдей айтуға, көркем мәтінінен үзінді ала отырып, өз пікірлерін дәлелді түрде қорғай айтуға дағдыландыру да әдебиетті тереңдете оқудың тиімді жолдарына жатады.

5. Білімді тереңдете берудің тәсіліне төмендегі мәселелер де жатады.

Әдебиет пәні — ойлаудың, ойлантудың да пәні. Ең алдымен, оқушы ол — оқырман. Әр оқушының көркем шығарма туралы өз пікірі, ойы, әсері болады дедік. Өз ісінің ойлы шебері, яғни ойлы әдебиетші ұстаз алдындағы шәкірттерін біреудің пікірін, ойын қайталау сияқты жұмыстардан босатады да, ең бірінші етіп оның өз пікірі, әсері, түсінігін қояды. Мысалы, Абайдың „Сегіз аяқ“ өлеңі туралы оқушылар неге оқулықтан оқығанын мазмұндап, мұғалім түсінігін қайталауға міндетті?! Бала ең алдымен өз пікірі, түсінігін айтуға талаптансын, оның осы балаң пікірін оқулық толықтырсын, ғылыми еңбектер байытсын, мұғалім түсінігі ары қарай жетілдірілсін. Өз пікірі, оқулық білімі, мұғалім түсінігі, ғалымдар еңбегі — осы төртеуі қабысып келгенде ғана, терең білім беріледі.

Мұғалім білімді тереңдете берудің күрделі, қиын әдістемелерімен емес, жеңіл жолын іздеуі керек. Тұжырымдап айтқанда, білімді тереңдете бере отырып, оны оқушыға қабыдатудың жеңіл жолын іздену. Бұл орайда көмек-нұсқаулар жазылған дидактикалық материалдар, тақырыптың түйінді дәнін даралап, саралап көрсетіп тұратын үлестірме тапсырмалар, кесте-сызба сияқты көрнекіліктердің де маңызы ерекше. Мысалы,

М.Әуезовтің „Абай жолын“ санаулы сағаттар ішінде барлық қасиетті ұлттық бояуымен, терең мәні, сәнімен тұтастай қарастырудың қаншалықты қиын екені барлық ұстаздарға аян. Ал оны жеңілдетіп берудің жолы бар ма, бар болса, ол қандай жол? Бірер мысал келтірейік.

„Абай жолы“ төрт кітаптан тұрады. Қандай зерделі оқушы болмасын, ондағы басты-басты оқиғаларды, көріністерді еске сақтаулары қиынға түседі. Соңдықтан төмендегі үлгіде кесте-плакатқа әр кітаптың тараулары бойынша негізгі, өзекті оқиғалары сұрыпталып жазылып қояды.

Ү л г і:

N	Тараулар	Негізгі оқиғалар
1	„Қайтқанда“	а) Семейден Абайдың елге оралуы. ә) Қодар мен Қамқа өлімі.

Образдарды ашатын эпопеядан нақты мысалдар көрсетілген үлестірме-көмектер жасау.

Ү л г і:

а) Нұрғаным туралы пікірің қандай? Оның жетпістегі Құнанбайға тоқалдыққа келісуі, Базаралымен қарым-қатынасын негізге ал.

Мына беттерге қара:

1. „Қияда“ бөлімі, 350—беттен бастап...

2. „Еңісте“ бөлімі, 517—520 беттер.

Е с к е р т у: осы үлгіні, көмекті басшылыққа ала отырып, оқушылар ары қарай ізденеді.

Мына үлгіні басшылыққа алып; Әбіш пен Дәрмен, Шұбарлардың ой өрісі, өмір, қоғам жайындағы, өз орталары туралы көзқарастарын бағдарлаңдар.

1. Өмірдегі мақсаттары 2. Жалпы кедейлер туралы көзқарастары 3. Өнер, білім, болашақ туралы ойлары 4. Абайға деген көңілдері	Әбіш	Дәрмен	Шұбар
---	------	--------	-------

Сабақ үлгілері мен түрлері

Сабақ түрлері өтілетін тақырып ерекшелігі, сынып оқушыларының құрамы, жас ерекшелігі, білім дәрежесі, сондай-ақ сабақ мақсатына байланысты болып келеді. Таптаурын болған сабақ түрлері, ең алдымен, оқушының ынтасы, пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Ойлау белсенділігін тежейді, танымын сұйылтады. Бір сарындылық оқушының тек сол пән емес, жалпы білімге, оқуға деген көзқарасын өзгертеді. Оқушылардың таным белсенділігін арттырудың бір жолын әдіскер-ғалымдар, тәжірибелі, ізденгіш ұстаздар „сабақты түрлендіріп беру“ деп дәлелдейді. Еліміздегі түбірлі өзгеріс, жаңалық сәулесі мектеп, оқушы, ұстаздар арасына да кеңінен енуде. Ең басты, маңызды мәселе — ұстаздар қауымына шығармашылық жолдың ашылуы. Міне, осыған байланысты, қазір сабақтың көптеген тиімді түрлері тәжірибеге кеңінен енуде. Әр сабақты мүмкіндігіне қарай түрлендіре жүргізу бүгінгі сабақ, бүгінгі оқытудың да басты белгілері болып табылады.

Қазір тәжірибеде дәстүрлі сабақтармен қоса, мынадай сабақ түрлері жиі пайдаланылуда:

1. Дәріс сабақ.
2. Семинар сабақ (семинар сабақтың өзінің бірнеше түрі бар).
3. Пәнаралық байланыста оқытуға негізделген (қос) үштік сабақтары.
4. Конференция сабағы.
5. Сот сабақтары (не билер тартысы сабағы).
6. Жәрмеңке сабағы.
7. Пресс-конференция сабағы (баспасөз сабағы).
8. Концерт сабағы.
9. Пікірталас сабағы.
10. Айтыс сабақтары.
11. Композициялық сабақ.
12. Әдеби монтаж сабағы.
13. Көзқарас сабағы (урок „Взгляд“)
14. Брифинг сабақтары.
15. Ерлік сабағы.
16. Іздендіру сабағы (урок „Поиск“).
17. Кездесу сабақтары.
18. Практикалық сабақтар.
19. „Ұлылар мінбесі“ сабағы.
20. Емтихан, есеп-сынақ сабақтары.

21. Реферат қорғау сабақтары.
22. Пікір қорғау сабақтары.
23. Көкпар сабағы.
24. Жарыс сабағы.
25. Ойын сабақтары (әдеби ойындар).

Е с к е р т у: Бұл сабақтардың көпшілігі тәжірибеге соңғы кезде тереңірек еніп, нәтиже беріп жүр. Бұлардың барлығын міндетті сабақ түрлері деуден аулақпыз. Ең бастысы – ұстаздардың сабақты түрлендіріп өткізуде біршама алға басуы, ізденісін көрсету үшін, беріліп отыр.

Ал енді осы сабақ түрлері қай жағдайда тиімді, қай кезде нәтижелі, оны қай уақыттарда пайдалану керек? Мына кесте сол мәселелерге тоқталады.

(Кесте 272-бетте көрсетілген.)

Сабақ түрлері	Негізгі әдіс-тәсілдері, белгілері	Қай сабақтарда пайдалануға болады (әсіресе)	Тиімділігі
Дәріс сабақ	Сөздік әдісі, оның ішінде лекция (сұрақ-жауап, пікірлесу де болуы мүмкін)	Жаңа білім беруде материал мол, күрделі, қосымша хабарламаларға бай, әрі көп деректер берілетін сабақтарда	1. Мол материалды беріп үлгереді. 2. Оқушы әрі тыңдайды, әрі тыңдай отырып, конспект жазады. 3. Оқулықтан тыс хабарлар, деректер беріледі.
Семинар сабақтары	1. Семинар сұрақтары 2. Сұрақ-жауап 3. Баяндама, хабарлама 4. Ғылыми, қосымша материалдармен өздік жұмыс	Қорытынды, қайталау сабақтары, шолу тақырыптарында	1. Өздік жұмыстарға баулиды. 2. Баяндама жасауға дағдыландырады. 3. Қосымша материалдар іріктеуге, үзінділер оқуға баулиды. 4. Ең негізгі мәселелерді сұрыптауға, жинақы, тұжырымды сөйлеуге дағдыландырады.
Қос, үштік сабақтар	Диалогиялық әңгіме, баяндау, пікірлесу, түсіндірмелі әдіс	Екі немесе бірнеше пәндерге байланысты материалдар тоғысып келгенде (Бұхар жырау	Бір мезетте бірнеше пәндер бойынша білім алады, білім тереңдетіп беріледі.

		толғауларындағы Абылай) бірнеше пәндер бойынша деректерді біріктіріп беру мүмкін болған тақырыптарда	
Конференция сабақтары, баспасөз сабағы	1. Баяндама, лекция а) Қосымша баяндама 2. Сұрақ-жауап 3. Сұхбат түріндегі сұрақ-жауап 4. Пікірталас (проблема айналасындағы)	Үлкен, маңызды тақырыпты қорытындылағанда немесе саяси мәні бар тақырыптарға (мысалы Қазақстан өз еркімен қосылды ма? т.б.)	Пікір айта білу, айтыса білу, қосымша материалдардан іздене білу, сұрақтар қоя білу, қысқа, нақты, дәлелді пікір айту, толықтыра білу дағдыларын жетілдіреді.
Сот сабағы	1. Сұрақ-жауап түсіндірмелі әдіс (қаралаушы, куә, күнәкар арасындағы). 2. Тартыс, айтыс, дәлелдеу т.с.с.	Әсіресе, туындағы ұнамсыз кейіпкерлерді, шығармалардан кейін кеткен қателерді „жазалау“ мақсатында ойын элементі бар сабақ 5—8-сыныптар үшін қызықты	Әсіресе, 5—8-сыныптар үшін тиімді қызықтыру, ынтасын арттыру мақсатында, әрі сауаттылыққа баулуда ең бастысы, Я.Коменский айтқандай, „Білімді жеңіл, әрі қызықты етіп беруде“ әділеттілікке баулу, жаманнан жирендіру.
Жәрмеңке сабағы	1. Концерт, инсценировка элементі бар көріністер. 2. Халықтық педагогика, әдет-дәстүрді сабаққа пайдалану	Бекіту, дағдыларын дамыту, қайталау сабақтарында (тақырып күрделі емес кездерде) оқушыларды шығармашылыққа баулу мақсатында	Сатылатын „заттарды“ бастауыш, баяндауыш т.с.с. білімдерімен сатып алу. Ойын арқылы білімдерін қайталау, бекіту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту (5-8-сыныптар үшін өте тиімді)
Концерт сабақ, монтаж-компо	1. Мәнерлеп оқу. 2. Жатқа оқу.	Қорытынды, қайталау сабақтарында жаңа	Дарынын, қабілетін дамыту.

зициялық сабақтар	3. Рөлге бөліп оқу. 4. Ән айту, көріністер көрсету. 5. Инсценировка, монтаж жасай білу.	тақырыпты игерту, үй тапсырмасын сұрау т.б. Сабақтарда тақырып ерекшелігіне байланысты алынады (мысалы „Абай әндері“ немесе „Абай жолы“ эпопеясы т.б.) Ақын-жазушы шығармаларның барлығына байланысты өтуге болады (драмалық шығармалар т.б.). Әрине, тақырып мазмұны осы мәселелерді сұрап тұрғанда концерт монтажды, инсценировканы т.с.)	Әдебиет сабағын „өнер“ деп танып білу, әсіресе, шығармашылық жұмыстарға баулу, көркем мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру, ынтасы, танымын, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, т.с.с. Мәнерлеп оқу, жатқа оқу, есте ұстау қабілеттеріне әсер ету. Әдеби кейіпкерлерді, іс-әреңдерді, көз алдыға келтіру, көркем туынды жанрларының ерекшелігін жете білу, эмоциясына әсер ету, эстетикалық сезімдерін, сұлулық, әдемілік, өнерді бағалау, түсіне білу сезімдерін дамытуда үлкен маңызы бар.
Диспут, айтыс сабақтары	Сұрақтар, проблемалық сұрақтар, пікірлесу. Қосымша материалмен, кітаппен жұмыс т.б.	Қайталау, қорытынды сабақтар. Проблемалық туған кезде. Материал негізінде (жаңа тақырыптық) қарама-қайшы пікірлер туғанда.	Оқушылардың ойлау, таным белсенділігін арттыру, әдеби-көркем тілін дамыту, пікір айта білу, дүниетанымын кеңейту, өз беттерімен іздену т.с.с.
Көкпар, жарыс сабағы	1. Топтық, жұптық, жеке жұмыстар. 2. Сұрақ-жауап. 3. Білім жарысына түсу. 4. Білім сынағы	Білім сайысы, кез келген тақырыптарда өтуге болады. Алған білімдерін бекіту, қорытындылау кездерінде тиімді. Бала білімнің тексеруде қолайлы.	Алғырлық, ептілік, шапшаңдық, тапқырлыққа баулиды. Ұлттық ойын „Көкпар“ туралы түсініктерін тереңдетеді. Ойнай отырып, ойлау іс-әрекетін жетілдіреді.

Реферат қорғау, пікір қорғау, іздендіру сабақтары	<p>1. Проблемалық сұрақтарға негізделген тапсырмалар.</p> <p>2. Проблеманы шешу, сол мақсатта іздену.</p> <p>3. Салыстыру, қорытынды жасау.</p> <p>4. Материалды, проблеманы баяндау.</p> <p>5. Қосымша материалдар, ғылыми материалдармен жұмыс.</p> <p>6. Проблемалық әңгіме.</p> <p>7. Проблемалық зерттеу әдісі.</p> <p>8. Пікір айту, оны нақты мысалдармен дәлелдеу, қорғау.</p>	Ерекше маңызды, қызықты тақырыптарда оқушылардың өзіндік ойлауы, ізденуін, тақырыпқа шығармашылық бағытта қарау керек жағдайларында аса тиімді.	Ғылыми жұмыстарға баулу, зерттеу, ізденуге жетелеу, өз беттерімен қорытынды жасай білуге, пікірлерін дәлелдей, қорғай білуге дағдыландыру. Реферат жаза білуге баулу, ғылыми еңбектермен, қосымша материалдармен жұмыс істеуге үйрету, көркем тілін дамыту (жазбаша).
Практикалық сабақтар	<p>1. Көркем мәтінмен жұмыс.</p> <p>2. Ғылыми материалдар, қосымша материалдармен жұмыс (іріктеу, негізгі мәселелерді бөліп ала білу, конспекті жазғызу).</p> <p>3. Сұрақ-жауап</p> <p>4. Проблемалық тапсырмалар.</p> <p>5. Көркем дидактикалық материалдармен жұмыс.</p> <p>6. Проблемалық зерттеу әдісі.</p>	Поэтикалық талдау, жұмыс істеу, жазушы стилін, көркемдік ерекшелігін анықтауды керек ететін сабақтарда, ғылыми материал, қосымша материалдармен жұмыстарда да тиімді. Сондай-ақ мұғалім дидактикалық материал, көрнекі құралдарды көп пайдаланған кездерде пайдалы.	Алған теориялық білімдерін практикалық пайдалана білу, әдеби талдау, жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру; жеке өздік жұмыстарға баулу. Көрнекілік, дидактикалық материалдармен жұмыс істеу, машығып жетілдіру.

Абайдың табиғат лирикасы (пәнаралық байланыста оқытуға негізделген дуэт сабақ)

Ұлы Абай халық тұрмысының, халық тағдырының жыршысы, жоқтаушысы, қамқоршысы болды. Елдегі, қоғамдағы кемшіліктерді, үстемдік етушілерді аяусыз сынап отырып, Абай өз халқының даналығы, тазалығы, қарапайымдылығын, ар-ождан биіктігі, асыл қасиеттерін де көре, түсіне біледі. Ол шын мәніндегі халық ақыны, азамат ақын болды. Бір сәт те елінің, халқының ауыр тұрмысын, үстін басқан қараңғылығын ұмытпайтын ақын тіпті табиғатты аса көркем, поэтикалық тілмен өрнектей отырып, оны халық тұрмысы, тіршілік тынысымен бірлестікте алады. Осы мәселеде де ақын орыс әдебиетін өзінің жемісті мектебі ете отырып, олардың жетістіктерін ары қарай өзіндік ізденіс, табыстармен байытады. Орыс әдебиетінің дәстүріндегідей табиғатты тіршілікпен, жанды дүниемен бірлестікте суреттей отырып, халықтың ауыр тұрмысы, таптық жігі сияқты әлеуметтік мәселені де көтереді. Міне, осы мәселелердің барлығын оқушыларға жан-жақты терең, әрі ғылыми түрде жеткізу үшін, интеграциялық оқуды басшылыққа алдық. Орыс әдебиеті мұғалімімен бірлесе отырып, үйге зерттеу, іздену сипатындағы проблемалы тапсырмалар бердік (топтық тапсырмалар).

Бүкіл сынып мына бір проблема айналасында жұмыс істейді: „Табиғат — Адам—Қоғам проблемалары Абай лирикасында. Ақынның осы мәселедегі идеялық-эстетикалық табысы. Орыс мәдениетінің озық үлгісі“. Барлық топ (әр топтың өз тапсырмасы бар) осы проблеманы шешу айналасында жұмыс істейді.

I топ:

Абайдың „Жаз“, „Күз“ өлеңдерінің идеялық-эстетикалық мәні.

Тапсырма: „Күз“ өлеңін Пушкиннің „Болдинская осень“ өлеңімен салыстыра талдау (екі өлеңнің стиліндегі өзіндік ерекшеліктері).

II топ:

Абайдың „Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай“ өлеңі. Өлеңнің өзіндік ерекшелігі табысы.

Тапсырма: 1. Өлеңдегі замана проблемасы.

2. Стильдік, поэтикалық ерекшеліктері.

3. Пушкиннің „Күз“ өлеңімен салыстыру.
Абайдың жаңалығы неде?

III топ:

Абайдың „Күз“ өлеңі. Өлеңнің жаңашылдық рухы.

Тапсырма: 1. Өлеңнің поэтикалық тіліне талдау.

2. Некрасовтың „Мороз — красный нос“ поэмасымен салыстыру.

3. Абайдың өзіндік жаңалығы, табысы.

IV топ:

С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, М.Мақатаев, Қ.Аманжолов шығармашылықтарындағы табиғат лирикасы. Абай мектебінің әсері.

Ескерту: Өздеріңе ұнаған басқа да ақындар өлеңдерін сөз етуге болады.

Тапсырма: Қазақ әдебиеті, оның ішінде қазіргі әдебиетте Абай дәстүрі, Абай үлгісінің әсері бар ма? Жеке оқушыларға тапсырма:

а) Гёте — Лермонтов — Абай: „Кезбенің түнгі әнінің“ тарихы.

б) Есениннің Рязань табиғаты туралы өлеңдерін оқу. Пушкин әсері бар ма? Осы мәселе айналасында пікір-болжау жасау. Топтық жұмысты орындауға мына ғылыми материалдар ұсынылды: 1. М.О.Әуезов „Абай Құнанбаев“ (монография), 136—137, 150—152, 155-беттер.

2. Традиции русского реализма и казахской литературы XX в., 172-бет.

3. „Народность и реализм Абая“, 55-бет.

4. Х.Сүйіншәлиев. „Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері“.

Әр топтың жұмысына көмек ретінде төмендегідей үлестірме-нұсқау тараттық. (Бұл, әсіресе, көмекті керек ететін оқушыларға өте тиімді болып келеді.)

I топқа.

1. „Күз“ өлеңі. Мына мәселелерге ерекше көңіл бөл:

— Өлеңдегі күз табиғаты, оның тіршілік әлемімен астаса алынуы. Ақынның көңіл-күйі, жүрек лүпілі.

— Өлеңнің поэтикалық тілі, сұрғылт күз, сұр тіршілік. Эпитеттердің өлең идеясын ашудағы рөлі, маңызы.

— Күз неге осынша көңілсіз, сұрықсыз жырланады?

(Өлеңдегі ақынның жабырқаңқы көңіл күйі, оның табиғатпен, көшпелі халықтың тұрмысымен бірлікте көрінуі.)

— Пушкиннің „Күзі“ (Дождливая осень, т.б.) мен отырықшы елдердің тұрмысындағы күздің өзіндік ерекшеліктері.

2. „Жаз“ өлеңі.

— Жадыраған көңілді жаз. Сұрғылт, сүреңсіз күз. Бір қоғам, бір дәуірдегі адамдар өмірі, тірлігінің екі түрлі жырлануы. Себебі? (Көшпелі халық үшін жаздың тиімділігі.)

— Өлеңдегі динамика, қозғалыс, жанды сурет (табиғат — адам — тіршілік).

II топқа

1. „Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай“ өлеңі.

— Күздің сұрғылт, ауыр суреті.

— Халық тұрмысы. Кедей өмірінің жанды картинасы (бай баласы, кедей баласының іс-әрекеттері).

— Осы өлеңдегі ақын жаңалығы (табиғат арқылы таптық жік, әлеуметтік жағдайдың көрінуі).

— Өлеңдегі ақын шешіміне қосыласың ба? (ақырғы шумаққа қара).

— Пушкиннің „Алтын күзі“: ақынның да, халықтың да жарқылдаған көңіл-күйі. Абайдың „Күзі“: ақынның да, халықтың да жадау сезімі. Себебі не?

III топқа.

1. „Қыс“ өлеңі.

— Өлең мазмұнын ашып тұрған суреттемелерге назар аудар. Теңеу, эпитет, метафоралардың бұл өлеңдердегі орны, ақынның шеберлігіне талдау жасаңдар. Әсіресе, қыстың қатал, нысапсыз „кәрі құда“ бейнесінде алынуы. Қыс пен „құда“ арасындағы жақындық...

— Некрасов қысы — „Мороз — красный нос“. Екі ақында да қыстың жан иесі ретінде алынуы...

IV топқа.

1. С.Сейфуллиннің „Нұра“ өлеңі мен „Көкшетау“ поэмасындағы табиғат көріністерін алуға болады. Илияс Жансүгіровтің „Ақсу“, т.б. өлеңдеріне назар аударыңдар. Осы ақындарда Абай әсері бар ма? Қазіргі ақын-

дардан осы тақырыпқа көп жазатын кімдер көңіліңе жақын?

2. Пушкиннің деревня, орыс қысы туралы өлеңінің Есениннің осы тақырыптағы өлеңіне үндестігі бар ма? Осы мәселеде өз пікір, болжамдарыңды жинақтаңдар.

Сабаққа төмендегідей көрнекіліктер пайдаланылды. Жұмыс істеп, бір-біріне түсіндіреді. Яғни бір еңбек екіге бөлініп беріледі. 1-бөлімі бірінші балаға, екінші бөлімі 2-балаға бөлінеді. Әрқайсысы өз жұмысын оқыған соң, кезектесе отырып, мазмұнын бір-біріне айтып, түсіндіреді (бәсең дауыспен сыбырласа сөйлей отырып).

Бұл жұмыстың осы сабақтағы маңызы, тиімділігі неде? Үйден оқушылар жаңа сабаққа өз беттерімен дайындалып, проблемалық тапсырмалардың сұрағына жауап, болжам іздейді. Енді мына жұптық жұмыс олардың алдындағы негізгі сұрақтарды шешуге, білімдерін тереңдетуге, өз ойлары, пікірлерін ортаға салуға түрткі, алғы шарт, көмек болады. Енді бірер үлестірме тапсырма үлгісін келтірейік.

Оқушылар жұптың жұмысын аяқтаған соң, оны қорытындылау, негізгі мәселелерді саралау мақсатында бүкіл сынып болып мына сұрақтар айналасында пікірлесіп, жауап қайтарады:

1. Ғалымдар Абайдың табиғат лирикасына орыс әдебиетінің әсері туралы қандай пікірлер айтады?

2. Екі ғалым пікірінде үндестік, жақындастық бар ма? Ерекшеліктері қандай?

3. Өздеріңе кімдердің қай пікірі ұнайды? Ұнау себебін дәлелдеуге тырыс.

Оқушылар пікірі, ойын тыңдап, олардың кем соғып жатқан жерлеріне көңіл бөлінеді, ғалымдар еңбегінің басты мәселелеріне нақты, тұжырымды қорытынды жасалады. Ары қарай топтық жұмыстар жүргізіледі. Оқушылар топ-тобымен бөлініп отырады. Әр топтың микросабағын топ жетекшілері — консультанттар жүргізеді. Бір топ өзінің жұмыстарын ортаға салып жатқанда, басқа топ оларды тыңдап, қатысып, сұрақтар қойып отырады. (Олардың қысқа, нақты, тұжырымды сөйлеуі талап етіледі.) Енді бір-екі мысал келтірейік.

V топ

Н.: „Абай қыстың, қаһарлы қыстың шынайы суретін

береді. Көз алдыңа боранды, аязды, аяусыз қыс келеді. Абай қысты “кәрі құда” деп, өте орынды балама тапқан. Кәрі құда, кәрі шал мінезі шатақ, тырысқақ, әрі қатал, қытымыр болып келсе, қыстың да адам баласы үшін қауіпті жайын соған ұқсастыра алады. Құданы құдайдай сыйлаған қазақ. Соған сүйенетін қазақ құдалары да ерке болып келеді. Ол ұрса да, ашулана да, ызғарлана да алады. Қыс та солай...

Топ жұмыстары, оқушылар пікірі, болжамдары, шағын сабақтар аяқталған соң, енді қорытындылау, бір түйінге келу мақсатында мына төменгі сұрақтар айналасынан әңгіме жүргіздік.

— Сонымен, Абай мен Пушкин күзінен, жазынан, жалпы табиғат лирикасынан қандай үндестік таптыңдар? Ақындар көңіл-күйіне де назар аударыңдар.

— Абай лирикаларына орыс әдебиетінің жемісті әсерін, сондай-ақ Абайдың өзіндік табысын немен дәлелдер едіңдер?

— Адам — Табиғат — Қоғам. Осы үш мәселе Абай лирикасында қалай шешім тапқан?

Бірінші сұраққа оқушылар былай жауап берді:

Л.: „Менің тапқаным: Абайда да, Пушкинде де күз суреті ұқсас. Сұр бұлт, жаңбыр, түсіп жатқан сары жапырақтар екеуіне де ортақ. Екеуі күзді адамдар өмірімен байланыстыра алады“.

Сұрақ: — Ал өзіндік ерекшеліктері туралы не айтасыңдар?

Т.: „Абайдан “жылауық күзді”, “сүреңсіз күзді” көрсек, Пушкиннен “алтын күзді” көреміз. Абайдан қайыршы тірлікті, халықтың ауыр тірлігін көрсек, Пушкиннен қарны тойған, егінін орып, нанын жинап, көңілі қуанышқа толған адамдарды көреміз... Осы ерекшеліктер екі ақынның екі қоғамда өмір сүруінен туып отыр ғой...“

Сұрақ:

— Өлеңдердегі ақындар көңіл күйін аңғардыңдар ма? Ол туралы не айтар едіңдер?

А.: „Меніңше, Абай күзді суреттегенде, өзі де көңілсіз, жүдеу күйді кешеді. Себебі, ол азамат ақын ғой. Ал жазды, көктемді жырлағанда, жайнап кететін сияқты. Себебі, бұл айда халқының арқасы кеңіп, мал тойынып, ақ шығады ғой...“

Осындай пікірлесу кезінде сабаққа арнайы шақырылған орыс тілі мұғалімі де, біз де өз ойымызды,

көзқарасымызды айтып отырдық. (Сабақ түсіндірген сияқты емес, пікір айтушы, пікір қосушы дәрежесінде.)

Ары қарай оқушылар оқулықпен жұмыс істейді. Олар оқулықты оқи отырып, өз пікірі, ғалымдар пікірі, мұғалімдер пікірі, оқулықтағы түсініктерді саралайды. Себебі, оқулыққа дейін олар өздеріне алдын ала берілген топтық жұмыстар арқылы ой, пікір жинақтады, ары қарай ғалымдар пікірімен, талдауларымен кездесті, енді оқулық арқылы тағы да білімдерін кеңейтеді. Осы жұмыс үстінде олар ғалымдар не дейді, оқулықта не айтылған, өз пікірі қалай еді — осылардың барлығына ой жүгіртеді. Оқулықпен жұмыстан кейін оқушылар осы мәселелер айналасында сөз қозғайды.

Сабақтың ара-арасында, яғни, бір кезеңнен екінші кезеңге өтерде, Абай әндерін тыңдап отырдық (ақын сөзіне жазылған композиторлар әндері). Мысалы, „Желсіз түнде жарық ай“, „Қараңғы түнде тау қалғып“ әндерін. Сондай-ақ жеке тапсырма бойынша „Гёте — Лермонтов — Абай“ тақырыбына оқушының қысқаша хабарламасын тыңдадық. (Хабарламашы оқушы неміс тілі, орыс әдебиеті мұғалімдерінің көмегімен дайындады.) Гёте шығармашылығы, оның „Кезбенің түнгі әнінің“ тарихы туралы неміс тілі мұғалімі айтып берді. Сабаққа арнайы шақырдық. „Қазақ әдебиеті“ газетіндегі жазушы Қ.Шабаеттың Абайдың аудармасын неміс ағайындары білетінін, „Гёте — Абай“ атты стендінің бар екендігін баяндайтын мақаласын қысқаша айтып, суретін (сол стендтің) көрсеттім. Орыс тілі мұғалімі Лермонтовтың Гётеден аудармасын оқып, өлеңге түсінік берді. Өлеңді оқушылар немісше, орысша, қазақша оқыды. Сабақтың ең соңында әлем алыптарының қатарынан орын алатын Шығыстың ұлы шайыры, ұлы гуманист-демократы, ғажайып ақыны, қазақтың данышпан перзенті — ұлы Абайды дүниеге әкелген, ал бүгін қасиетті қабірі жатқан жердің 40 жыл бойы полигонға, ядролық жарылысқа айналғанын күйіне айттық. (Әрине, бұл мәселе оқушыларға жаңалық емес еді.)

Осы сұмдықтың ауыздықталу тарихына байланысты қазақ даласының бүгінгі Шоқанындай болып, ел құрметіне бөленген асыл перзенті — Олжас туралы сөз қозғадық.

Еліміз тап бүгінгі таңдағыдай қиын-қыстау кезде тұрғанда, ұлы ақынды үлгі етпеу, оның айтқандарын көңілге медеу тұтпау тағы да мүмкін емес сияқты, жас

өрендерге, ұрпақтарға бұл мәселелер ауадай қажет те! Біз күні бүгінге дейін „коммунизм елесін“ құдық, марксизмнен бақыт іздедік. Сөйтіп жүріп, балаларымызды, ұрпағымызды бесік жырымен, Абайлар әнімен әдилеуді, балалар өсиетімен „тәй-тәйлеуді“, халықтық тәрбиемен ауыздандыруды, кішіпейілділік, инабаттылық, имандылықпен қаруландыруды ұмыттық. Сондықтан да әдебиеттің әр сабағы имандылық пен ізгілік рухына құрылу керек. Бұл — менің өз пікірім, өз мақсатым. Қала берсе, азаматтық борышымды ақтауға талпынысым. Ұлы Абай өзінің өлмес-өшпес мұрасын әлем әдебиеті мен даналарының бүкіл адамзат баласына жат емес үлгілерін поэзиялық қабылдау арқылы жасады. Абайдың бір ұрпағы — мен де қара көз сіңді-інілеріме, шәкірттеріме беретін тәрбие мен білімді ана сүті, туған халқымның бар жақсылығы, әдебиеті, тіл, мәдениеті, әдет-дәстүрі арқылы беруді негізге ала отырып, бүкіл адамзат баласындағы асыл мұра мен асыл қасиетке, тәрбие мен білім берудің озық үлгілеріне де жүгінемін. Сол себептен де қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетімен де шәкірттерімді таныстырып отырамын. Қазақ балаларына жан-жақты білім, әрі тағылым, ізетті тәрбие беру жолында ізденіп келемін.

Адам баласы өз бойындағы барлық асыл қасиетін әдебиет арқылы бере білген, әдебиетінде қалдырған. Туған әдебиетімен қоса, әлем әдебиетінен, мәдениетінен аз болса да хабар алса, үлгі алса, ой-өрісін кеңейтсе, ол зиян болмас еді. Сабақтың соңында үйге шығарма-эмоция бердім. Тақырыптары:

1. „Адам ұлы бола біл!“
2. „Адам — Табиғат — Қоғам — Ақын жайында толғансам...“

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Мектепте әдебиеттен білім беру мақсаттары	7
Мектептегі әдебиет пәні, оның маңызы мен негізгі міндеттері	9
Әдебиетті оқыту — ғылым	12
Шығармашылық құбылыс, әдебиетті оқыту әдістері	14
Әдебиет сабақтарында әдіс-тәсілдерді таңдап алу жолдары ..	14
Көркем шығарманы оқыту барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру	16
Көркем шығармаларды оқып-үйренудің әдіс-тәсілдері ..	23
Әдеби талдаудың негізгі тәсілдері, бағыттары	24
Ауызша суреттемелер, бейнелемелер, кескіндемелер жасату ..	32
Инсценировка, киносценарийлер құрастыру	33
Көркем шығармалармен жұмыстың негізгі кезеңдері, басты бағыттары	39
Көркем туындыны оқу — әдебиетті оқытудың ең негізгі мәселесі	41
Көркем мәтінді оқып-үйрену және талдау жұмыстары	44
Көркем мәтінді талдау жолдары	45
Көркем шығармалармен жұмыстың қорытынды кезеңдері ..	49
Әдеби шығармаларды, көркем мәтінді оқыту, талдау жолдары	54
Автор ізімен талдау, оның негізгі мақсаттары	61
Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдау жолдары ..	64
Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары	67
„Абай жолындағы“ Абай бейнесін проблемалап оқыту ..	73
Эпикалық шығармаларды оқыту (теориясы)	79
Көркем туындының сюжеті, композициясы	81
Әңгіме жанрын оқыту	102
Мысал жанрын оқыту	104
Ертегілерді оқыту	110
Публицистикалық шығармаларды, эпистолярлық жанрды оқыту	121
Хаттарды оқытудың негізгі ерекшеліктері	122
Пікірлесу сұрақтары. Кітаппен жұмыс	125
Батырлар жырын оқыту	131
Лириканы оқыту	137
Поэманы оқыту	149
Драмалық шығармаларды оқыту	155
Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту	166
Шөлу тақырыптарын оқыту	177
Әдеби сын-зерттеу еңбектерін оқыту	185
Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту	200
Әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жолдары	203
Үй тапсырмасын беру және бала білімін есепке алу жолдары ..	209
Оқушыларды тіл мәдениетіне, ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу	215
Сабақ үлгілері мен түрлерінде тіл дамыту, сөйлеу мәдениетіне баулу жолдары	218
Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру	232

Шығарма, оған қойылатын талаптар. Шығарманың негізгі түрлері	238
Оқушыларды шығарма жазуға даярлау	242
Әдебиет сабағындағы көрнекілік	244
Көрнекіліктерді пайдаланудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері	246
Сыныптан тыс жұмыстар	252
Әдебиетті тереңдетіп оқыту мәселелері	263
Сабақ үлгілері мен түрлері	271